Оседание как казахов, так и русских происходило как в сельской местности приграничных районов, так и в городах Дурбульджин, Чугучак, Шихо, Кульджа. В структуре занятости доминировали аграрное производство и промыслы. Широко представлена также работа по найму у частных лиц, в том числе долговременного характера. В автобиографиях встречаются такие ответы о трудовой деятельности: «работал по найму в людях», «наемный работник у бая», «жил по найму», «работал по найму у китайца», «занимался черной работой», «работала на людях няней», «работала у бая в качестве прислуги», среди самых распространенных профессий – крестьянин, чернорабочий, извозчик, грузчик, сапожник, пимокат. Незначительный процент казахов, можно объяснить тем фактом, что в первую волну репатриации попало именно городское население.

Особое внимание уделялось участию как русских, так и казахов в военных действиях на территории Синьцзяна. Для некоторых русских – это значительный временной период, иногда пять-семь лет. Русских эмигрантов провинциальное правительство активно мобилизовало в китайскую армию, они участвовали в подавлении восстаний мусульманских народов (казахов, дунган, уйгуров). Массовую мобилизацию среди белоэмигрантов и перебежчиков из СССР китайские власти провели в начале 1930-х гг. Так, численность мобилизованных только в 1931 г. превысила 1,7 тыс. чел. (Комиссарова, 2007:262). О мобилизации и участии в подавлении восстания немало свидетельств. В автобиографиях нескольких русских есть информация о мобилизации в китайскую армию вскоре после перехода границы и отправке на «дунганскую войну» (СГА ДКНБ по Павлодарской обл. Ф. 9. Оп. 40. Арх. № 01916/19. Л. 63). Мобилизация среди русских проводилась в Чугучаке и в Дурбульджине, мобилизованным пришлось воевать два года, и только после окончания «дунганской войны» их демобилизовали (СГА ДКНБ по Павлодарской обл. Ф. 9. Оп. 40. Арх. № 01916/19. Л. 50). Одна из русских женщин в автобиографии отмечала, что она перешла границу в 1932 г. вслед за ней прибыл в 1933 г. ее супруг, но он вскоре погиб «во время дунганской войны». В протоколах допроса русских женщин встречается вопрос «Где Вы находились во время мусульманского восстания?» (СГА ДКНБ РК по Павлодарской обл. Ф. 9. Оп. 40. Арх. № 1964. Л. 6 и об.).

Есть свидетельства об участии русских в военных действиях в Синьцзяне и в 1940-е гг. Если вплоть до 1943 г. в провинции сохранялось значительное влияние СССР, то в 1944 г. Гоминдану удалось взять мятежную провинцию под контроль. Но уже с ноября 1944 г. в трех округах Синьцзяна – Илийском, Тарбагатайском и Алтайском началось новое мощное национальное восстание.

Первые упоминания об участии в повстанческих формированиях, воевавших против Национально-революционной армии Гоминдана, относятся к 1944 г. Одна из русских женщин указывала, что ее мужа расстреляли китайцы в Чугучаке за участие в «партизанском движении». Что касается участия русских и казахов в «Национальной армии освобождения трех округов», т. е. в национальной армии Восточно-Туркестанской Республики (ВТР), куда весной 1945 г. вошли повстанческие формирования трех округов, воевавшие против китайских войск, то таких свидетельств довольно много. Судя по автобиографиям, численность казахов, служивших в армии ВТР, как минимум втрое выше, чем русских. Несмотря на прекращения активных военных действий в провинции с осени 1945 г. и самороспуск правительства ВТР в 1946 г., призыв в армию осуществлялся вплоть до 1947–1948 гг. Довольно любопытным является и тот факт, что ряд бывших военнослужащих напрямую связывают получение советского гражданства со службой в армии ВТР, что лишний раз свидетельствует о значительной роли СССР в событиях в регионе.

Информации о включенности в жизнь советской колонии достаточно много. Одним из элементов социализации и советизации были казахские школы. Среди автобиографий казахов есть сведения о наличии у авторов 7–10-летнего образования, полученного в городах Кульджа, Урумчи, Чугучак. Казахи с таким солидным для того времени образованием работали учителями начальной казахской школы (Ктатов Касымхан, Джакыпов Кызыркан, Джундыбаев Канапья) (СГА ДКНБ по Павлодарской обл. Ф. 9. Оп. 40. Арх. № 01916/19. Л. 156–157, 167–168; Арх. № 01916/46. Л. 223, 163). Часть из них оказалась занятой на производстве, в том числе и в советских акционерных обществах, служащими в муниципальных отделах прокуратуры, таможни, банка, в сфере просвещения, издательском деле, переводчиками. Как национальные кадры, такие специалисты оказались востребованы в начале 1950-х гг. в ходе создания органов национального самоуправления, реформы национально-территориального строительства и землеустройства. Но несмотря на создание в ноябре

1954 г. Или-Казахской автономии, именно национальная интеллигенция приняла решение о выезде в СССР. Среди прибывших были студенты института городов Урумчи, Сиань – административного центра провинции Шэньси.

Репатриантов из Китая в середине 1950-х гг. власти идентифицировали как особую группу «советских граждан, возвращающихся из-за границы». Возвращение на историческую родину обычно сопровождалось восстановлением или приобретением еще за границей статуса советского гражданина, хотя на практике среди реэмигрантов находилось значительное число тех, кто не имел никаких советских документов, то есть являлся, фактически, лицом без гражданства или даже иностранцем. Как следует из анкет и автобиографий репатриантов, прибывших в Павлодарскую область в 1955 г., массовый прием в советское гражданство проходил в 1946–1948 гг. Единичные факты восстановления советского гражданства зарегистрированы и в более ранний период: 1938, 1943, 1945 гг. При этом на момент въезда только у 54 человек, что составляло 59% от общего числа попавших в выборку, имелись на руках советские заграничные виды на жительство (совзагранвиды), что наглядно свидетельствует о незавершенности процесса советизации эмиграции в Синьцзяне.

Реэмигранты 1955 г. в качестве официальной причины возвращения в СССР применяли стандартную формулировку: «на постоянное место жительства, в районы освоения целинных и залежных земель», что соответствовало политике приема репатриантов в качестве трудовых мигрантов. Крайне редко реэмигранты подчеркивали свою причастность к советскому народу и энтузиазм по отношению к реализуемой в стране политике, хотя и в формате шаблонной формулировки «желаю вложить свои силы в общее дело трудящихся СССР». Подобные формулировки говорят об успешном усвоении реэмигрантами риторики официального советского языка, что выражалось в умении «говорить по-большевистски».

Значительная часть эмигрантов начала 1930-х гг. заявила, что не имеет родственников в Советском Союзе или не знает их судьбу и место проживания. При этом для казахов характерно знание родословной и мест исхода, они хорошо ориентировались в семейной генеалогии, знали названия местности Казахстана (раньше аулы имели лишь номера), где родились их родители, старшие братья и сестры, мужья. Среди мест исхода назывались местности: Тебеске, Акшоки, Каракус, Сарыбулак, также нередко указывались районы – местности Баканас, Акшаул Аягузского района, Манрак, Жеменей, Хабар-Асу, Жорга, Ойчелек, Базар и город Зайсан Зайсанского района, местности Егинсу, Каракол, Чинрау, Кокжота, Сарытерек Урджарского района, с. Маканчи, Кара-Агаш, Узунбулак, Емел, Конуртай, Ойран Маканчинского района, Кокпекты, Кызылтас, Каргабазар Кокпектинского района, Узунбулак, Терисайрык, Сарулен Тарбагатайского района, а также местность Кумколь Аксуатского района Семипалатинской области. Родственные связи зачастую были утеряны, и родовая память прервана в силу младенческого возраста будущего репатрианта или ранней смерти родителей и родственников. При этом высказывалось пожелание отыскать последних и узнать их судьбу.

Репатриация представляла собой плановое переселение и осуществлялось без учета пожеланий самих репатриантов, что исключало учет этнической специфики. Зачастую данное обстоятельство приводило к вторичной миграции. В целом, если русские-реэмигранты через два года начали массово уезжать из Казахстана, то у казахов-репатриантов обозначилась тенденция к переезду в те места, где их родители или родственники проживали до эмиграции.

Заключение. Учетные дела репатриантов позволяют расширить представление о русском / советском присутствии в Синьцзянской провинции, более полно изучить коллективные и индивидуальные стратегии этнических и нелегальных переселенцев. Для казахов реинтеграционные процессы прошли быстрее в силу как этнокультурной близости принимающего социума, так и наличия родовых связей, не утерянных за период эмиграции. Повзрослевшие представители «полуторного» поколения, особенно прибывшие в Синьцзян в подростковом возрасте, оказались там лишь формально интегрированными, а их жизненные установки оставались по-прежнему связанными с Казахстаном, когда каждый третий хотел вернуться на родину предков. По сравнению с поколением «отцов», приоритетом которых было выживание, дети эмигрантов не только хотели жить в этнически однородной среде, но реализовать собственные жизненные стратегии, условием реализации которых оказывался переезд в СССР.

Источники

ГА РФ – Государственный архив Российской Федерации

История сталинского Гулага, 2004 – История сталинского Гулага. Конец 1920-х – первая половина 1950-х годов: Собрание документов в 7-ми томах. Т. 1: Массовые репрессии в СССР / отв. ред. Н. Верт, С.В. Мироненко. М.: РОССПЭН, 2004. 728 с.

Материалы Государственной комиссии, 2022 – Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50-е годы XX века) Т. 5: Вынужденные беженцы: Сборник документов и материалов / сост.: К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева, Ш.Б. Тлеубаев [и др.]; под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана: Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова; Проектный офис Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий, ТОО «Литера-М», 2022. 640 с.: табл., илл.

СГА ДКНБ РК по Павлодарской обл. – Специальный государственный архив Департамента КНБ РК по Павлодарской области

СЗ СССР – Собрание законов и распоряжений Рабоче-Крестьянского правительства СССР за 1936 г. № 32–65. Отдел первый. М.: Гос. изд-во «Сов. законодательство», 1936.

СУ РСФСР – Собрание узаконений и распоряжений Рабочего и Крестьянского правительства РСФСР.

ЦГА РК – Центральный государственный архив Республики Казахстан

Литература

Аблажей, 2014, 2015 – *Аблажей Н.Н.* Казахский миграционный маятник «Казахстан – Сынцзян». Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганда: Болашақ-Баспа, 2014. 273 с.; 2 изд. Новосибирск, 2015. 255 с.

Аблажей, Маркдорф, 2012 – *Аблажей Н.Н., Маркдорф Н.М.* Специфика персонального фильтрационно-учетного делопроизводства на иностранцев-репатриантов и лиц без гражданства в Кузбассе: 1945–1956 годы // Вестник НГУ. Серия: История, филология. 2012. Т. 11. Вып. 8: История. С. 114–119.

Бармин, 2015 – *Бармин В.А.* Политический цинизм или реальная политика: о мотивах отказа советского руководства от поддержки Восточно-Туркестанской республики в 1945-1946 гг. // Вестник Сургутского государственного педагогического университета. 2015. № 5 (38). С. 177–185.

Вертилецкая, 2004 – *Вертилецкая Е.Н.* Репатрианты в Свердловской области в 1944 – начале 1950-х гг.: Дис. ... канд. ист. наук. Екатеринбург, 2004. 235 с.

Калыбекова, Кубик, Кабульдинов, 2024 – *Калыбекова М.Ч., Кубик Н.А., Кабульдинов З.Е.* О хозяйственном устройстве, трудоустройстве и адаптации бывших советских граждан, переселившихся в плановом порядке из КНР в Казахстан в 1954–1963 гг. // *Bylye Gody*. 2024. 19(1). С. 480-491 DOI: 10.13187/bg.2024.1.480

Камалов, 2021 – *Камалов А.К.* Миграция 1950–1970-гг. из Китая в Казахстан: факторы и основные этапы // *Отан тарихы*. 2021. № 3 (95). С. 144–152. DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_144.

Кожирова, 2017 – *Кожирова С.* Миграция из Китая в Казахстан: история и современность. Алматы: Мир, 2017. 304 с.

Комиссарова, 2007 – *Комиссарова Е.Н.* Военные операции советских и белоэмигрантских подразделений в Сынцзяне в первой половине 30-х годов XX века // Чтения по военной истории. СПб.: Изд-во С.-Петербургского ун-та. 2007. С. 262–266.

Мендикулова, Атантаева, 2008 – *Мендикулова Г.М., Атантаева Б.Ж.* История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860–1960-е гг. Алматы: «Са-Ға», 2008. 232 с.

Панарина, Астафьева, 2023 – *Панарина Д.С., Астафьева Е.М.* Восточные ветви российской диаспоры – 2023 // *Юго-Восточная Азия: актуальные проблемы развития*, 2023. Том 3. № 2 (59). С. 284–304. DOI: 10.31696/2072-8271-2023-3-2-59-284-304

Sheng Mao. More than a Famine: Mass Exodus of 1962 in Northwest Xinjiang // *The China Review*. 2018. Vol. 18. № 2. May. Pp. 155–183.

Sources

CGA RK – Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstan [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]

GA RF – Gosudarstvennyj arhiv Rossijskoj Federacii [State Archive of the Russian Federation]

Istoriya stalinskogo Gulaga. Konets 1920-h – pervaya polovina 1950-h godov SSSR [The History of Stalin's GULAG Late 1920s – Early 1950s.]: Sbranie dokumentov v 7-mi tomah. T. 1: Massovyie repressii v SSSR [Vol. 1: Mass Repressions in the USSR]. Vert N., Mironenko S.V. (eds). M.: ROSSPEN, 2004. 728 s. (in Rus.)

Materialyi Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii jertv politicheskikh repressiy (20–50-e godyi XX veka). [Materials of the State Commission for the Complete Rehabilitation of Victims of Political Repression in the 20–50 years of the twentieth century]. Karin E.T. (ed.). T. 5: Vyinuždennyye bejentsyi T. 5: Vyinuždennyye bejentsyi [Vol. 5: Forced Refugees]: Sbornik dokumentov i materialov / sost.: K.N. Baltabaeyva, R.K. Aydarbaeva, Sh.B. Tleubaev [i dr.]. Astana: In-t istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova; Proektnyyiy ofis Gosudarstvennoy komissii po polnoy reabilitatsii jertv politicheskikh repressiy; TOO «Litera-M», 2022. 640 s.: tabl., ill. (In Kaz., Rus.)

SGA DKNB RK po Pavlodarskoj obl. – Special'nyj gosudarstvennyj arhiv Departamenta KNB RK po Pavlodarskoj oblasti [Special State Archive of the Department of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan for the Pavlodar region], Pavlodar

SU RSFSR – Sobranie uzakonenyj i rasporyajenij Rabochego i Krestyanskogo pravitelstva RSFSR [A Collection of Laws and Orders of the Workers' and Peasants' Government of the RSFSR]

SZ SSSR – Sobranie zakonov i rasporyajenij Rabochego i Krestyanskogo pravitelstva SSSR za 1936 g. № 32-65. Otdel pervyj. [A Collection of Laws and Orders of the Workers' and Peasants' Government of the USSR for 1936. No 32–65. Section 1]. M.: Gos. izd-vo «Sov. zakonodatelstvo», 1936. (in Rus.)

References

Ablazhey, 2014, 2015 – *Ablazhey N.N.* Kazakhskij migratsionnyy mayatnik «Kazakhstan – Sin'tszyan». Emigratsiy. Repatriatsiya. Integratsiya (Kazakh Migration Pendulum “Kazakhstan – Xinjiang”. Emigration. Repatriation. Integration). Karagandy: Bolashak-Baspa, 2014. 273 s. 2 izd. Novosibirsk, 2015. 255 p. (in Rus.)

Ablajey, Markdorf, 2012 – *Ablajey N.N., Markdorf N.M.* Spetsifika personalnogo filtratsionno-uchetnogo delo-proizvodstva na inostrantsev-repatriantov i lits bez grajdanstva v Kuzbasse: 1945–1956 gody [Specifics personal filtration and the discount paperwork' for foreigners, repatriates and stateless persons in Kuzbass: 1945–1956] / *Vestnik NGU. Seriya: Istorija, filologiya*. 2012. T. 11. Vyip. 8: Istorija. PP. 114–119. (In Rus.)

Barmin, 2015 – *Barmin V.A.* Politicheskij tsinizm ili realnaya politika: o motivah otказа sovetskogo rukovodstva ot podderjki Vostochno-Turkestanskoy respubliki v 1945-1946 gg. [Barmin V.A. Political cynicism or real politics: about the motives of the refusal of the Soviet leaderships to support the East Turkestan Republic in 1945–1946] / *Vestnik Surgutskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta*. 2015. № 5 (38). Pp. 177–185. (In Rus.)

Kalyibekova, Kubik, Kabul'dinov, 2024 – *Kalyibekova M.Ch., Kubik N.A., Kabul'dinov Z.E.* O hozyaystvennom ustroystve, trudoispolzovanii i adaptatsii byyvshih sovetskikh grajdan, pereselivshihsy v planovom poryadke iz KNR v Kazahstan v 1954-1963 gg. [On the Economic Structure, Labor Use and Adaptation of Former Soviet Citizens Who Moved in a Planned Manner from the PRC to Kazakhstan in 1954–1963] / *Bylye Gody*. 2024. 19(1). Pp. 480-491 DOI: 10.13187/bg.2024.1.480 (In Rus.)

Kamalov, 2021 – *Kamalov A.K.* Migratsiya 1950-1970-gg. iz Kitaya v Kazahstan: faktory i osnovnyie etapy [Migration of the 1950 – 1970-s from China to Kazakhstan: factors and main stages] / *Otan tarihy*. 2021. № 3 (95). PP. 144–152. DOI 10.51943/1814-6961_2021_3_144 (In Rus.)

Komissarova, 2007 – *Komissarova E.N.* Voennyye operatsii sovetskikh i beloemigrantskikh podrazdeleniy v Sintszyane v pervoy polovine 30-h godov XX veka [Military operations of Soviet and White emigrant units in Xinjiang in the first half of the 30s of the 20th Century] / *Cheniya po voennoy istorii*. SPb.: Izd-vo S.-Peterburgskogo un-ta, 2007. Pp. 262–266. (In Rus.)

Kozhirova, 2017 – *Kozhirova S.* Migratsiya iz Kitaya v Kazahstan: istoriya i sovremennost' (Migration from China to Kazakhstan: History and Modernity). Almaty: Mir, 2017. 304 p. (in Rus.)

Mendikulova, Atantayeva, 2008 – *Mendikulova G.M., Atantayeva B.Zh.* Istorija migratsiy mezhdu Kazahstanom i Kitayem v 1860-1960-ye gg. [The History of Migrations Between Kazakhstan and China in the 1860–1960s.]. Almaty: «Sa-Ga», 2008. 232 p. (in Rus.)

Panarina, Astafieva, 2023 – *Panarina D.S., Astafieva E.M.* Eastern Branches of the Russian Diaspora – 2023 [Eastern Branches of the Russian Diaspora – 2023] // *Yugo-Vostochnaya Aziya: aktual'nyye problemy razvitiya*, 2023, T. 3. № 2 (59). Pp. 284–304. DOI: 10.31696/2072-8271-2023- 3-2-59-284-304 (In Rus.)

Sheng Mao, 2018 – *Sheng Mao*. More than a Famine: Mass Exodus of 1962 in Northwest Xinjiang // *The China Review*. 2018. Vol. 18. № 2. May. Pp. 155–183.

Vertiletskaya, 2004 – *Vertiletskaya E.N.* Repatrianty v Sverdlovskoy oblasti v 1944 – nachale 1950-h gg.: Dis. ... kand. ist. nauk. [Repatriates in the Sverdlovsk region in 1944 – early 1950s: Dis. ... Candidate of Historical Sciences]. Ekaterinburg, 2004. 235 p. (In Rus.)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikh
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 29–40
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_29-40

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ АУЫР ТРАГЕДИЯ

Сайын Молдағалиұлы Борбасов¹, Қуаныш Мәдиұлы Мурзаходжаев², Жомарт Жеңісұлы Жеңіс³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш. 28, Алматы, Қазақстан)

Бас ғылыми қызметкер, с.ғ.д., профессор

<https://orcid.org/0000-0002-3105-3696>. E-mail: Borbasov54@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көш. 28, Алматы, Қазақстан)

Ғылыми қызметкер, магистр

<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: kuka_ist@mail.ru

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (Шевченко, 28, 050010, Алматы, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: zhozhengis@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., Жеңіс Ж.Ж., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Кеңестік биліктің социализм құру экспериментіндегі өрескел қателіктер, халыққа күш көрсету саясаты табиғат факторларымен ұласып, Қазақстанда бірнеше мәрте қайталанған ашаршылық зұлматына әкелді. *Мақсаты мен міндеттері.* Мақалада қазақ жерінде XX ғасырдың 1-жартысында орын алған үш ірі ашаршылықтың тарихы, ауқымы мен салдары талданған. Қарапайым халықтың басына түскен қасіретті жылдардың шындығы әлі күнге шейін ашылмай, қзінің нақты бағасын алмаған жайы бар. Авторлар осы тақырып аясында зерттеушілердің жариялаған еңбектеріне талдау жасап, әсіресе соңғы жылдары ғылыми айналымға түскен архив құжаттарына баса назар аударған. *Нәтижелер.* Ашаршылықтың әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, демографиялық салдарлары бүгінгі күнге дейін созылып отыр. Сондықтан ашаршылық тақырыбы тарих ғылымының ерекше назарында. *Қорытынды.* Коммунистік идеология салтанат құрған Кеңес Одағы кезеңінде ашаршылық тақырыбы жабық болды. Компартия өз қателіктерін еш уақытта ашық айтып, мойындаған емес. Қазақстанда ашаршылықтан миллиондаған халықтың қырылуын айту кеңестік жүйенің зұлымдығын әлемдік қауымдастықтың алдына әшкерелеп берген болар еді. Империяның отаршылық ниетінің көрсеткіші болар еді.

Түйін сөздер: Социалистік эксперименттер, ашаршылық, күштеп жаңарту, отаршыл империя, табиғат факторы, этностың қорғану механизмі, ұжымдастыру, салықтар, асыра сілтеу, көмек комиссиясы.

Дәйексөз үшін: Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., Жеңіс Ж.Ж. Кеңестік кезеңдегі ашаршылық – қазақ тарихындағы ең ауыр трагедия // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 41-51-бб. (қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_29-40

Алғыс. Мақала IRN: AR196780056 «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктер топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы аясында жарияланып отыр.

ГОЛОД В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД - САМАЯ СТРАШНАЯ ТРАГЕДИЯ В КАЗАХСКОЙ ИСТОРИИ

Сайын Молдағалиевич Борбасов¹, Қуаныш Мадиевич Мурзаходжаев², Жомарт Женисулы Женис³

¹ Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Шевченко, 28. г. Алматы, Казахстан)
Главный научный сотрудник, д.полит.н., профессор
<https://orcid.org/0000-0002-3105-3696>. E-mail: Borbasov54@mail.ru

² Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Шевченко, 28. г. Алматы, Казахстан)
Научный сотрудник, магистр
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: kuka_ist@mail.ru

³ Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко, 28, 050010, г. Алматы, Казахстан)
кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: zhozhengis@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., 2025

Аннотация. *Введение.* Грубые ошибки советской власти в эксперименте по построению социализма, политика насилия над народом и природные факторы привели к неоднократному страшному голоду населения в Казахстане. *Цель и задачи.* В статье проанализирована история, масштабы и последствия трех крупных голода, произошедших на казахской земле в 1-й половине XX века. Историческая правда страшных рецидивов голода, обрушившихся на простых людей, до сих пор не раскрыта и не получила своей реальной оценки. Авторы провели анализ опубликованных исследователями работ в рамках данной темы, уделяя особое внимание архивным документам, которые в последние годы вошли в научный оборот. *Результаты.* Социально-экономические, психологические, демографические последствия голода ощущаются и по сей день. Поэтому тема голода находится в центре внимания исторической науки. *Заключение.* В период Советского Союза, когда торжествовала коммунистическая идеология, тема голода была закрыта. Компартия ни разу открыто не признавала своих ошибок. Научные исследования, дающие объективные оценки масштаба и последствия голода в Казахстане, от которого погибли миллионы человек, разоблачили бы зло советской системы перед мировым сообществом, став показателем колониальных намерений империи.

Ключевые слова: социалистические эксперименты, голод, насильственное обновление, колониальная империя, фактор природы, механизм защиты этноса, коллективизация, налоги, преувеличение, комиссия по оказанию помощи.

Для цитирования: Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., Женис Ж.Ж. Голод в советский период – самая страшная трагедия в казахской истории // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 29-40. (на каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_29-40

Благодарность. Статья опубликована в рамках проекта IRN: AR196780056 «Подготовка и издание серии воспоминаний очевидцев массового голода 1931–1933 гг. в Казахстане и их потомков».

FAMINE DURING THE SOVIET PERIOD – THE WORST TRAGEDY IN KAZAKH HISTORY

Borbasov Sayin Moldagalievich¹, Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich², Zhomart Zhenisuly Zhenis³

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str. Almaty, Kazakhstan)
Chief Researcher, Doctor of Political Sciences, Professor
<https://orcid.org/0000-0002-3105-3696>. E-mail: Borbasov54@mail.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str. Almaty, Kazakhstan)
Researcher, Master's in History
<https://orcid.org/0000-0002-7223-2439>. E-mail: kuka_ist@mail.ru

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko Str., 28, 050010, Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading researcher
<https://orcid.org/0000-0001-7556-6939> E-mail: zhozhengis@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2025

© Borbasov S.M., Murzakhodzhayev K.M., Zhenis Zh.Zh., 2025

Abstract. *Introduction.* The gross mistakes of the Soviet government in the experiment of building socialism, the policy of violence against the people and natural factors led to repeated terrible famine of the population in Kazakhstan. *Goals and objectives.* The article analyzes the history, scale and consequences of three major famines that occurred on Kazakh steppe in the 1st half of the XX century. The historical truth of the terrible famines that struck ordinary people has not yet been revealed and has not received its real assessment. The authors conducted an analysis of the works published by researchers on this topic, paying special attention to archival documents that have entered scientific circulation in recent years. *Results.* The socio-economic, psychological, and demographic consequences of hunger are still being felt today. Therefore, the topic of hunger is in the center of attention of historical science. *Conclusion.* During the Soviet Union, when communist ideology prevailed, the topic of hunger was closed. The Communist Party has never openly admitted its mistakes. Scientific studies providing objective assessments of the scale and consequences of famine in Kazakhstan, which killed millions of people, would expose the evil of the Soviet system to the world community, becoming an indicator of the empire's colonial intentions.

Keywords: socialist experiments, famine, forced renewal, colonial empire, natural factor, mechanism of ethnic protection, collectivization, taxes, exaggeration, relief commission.

For citation: Borbasov S.M., Murzakhodzhayev K.M., Zhenis Zh.Zh. Famine during the soviet period – is the worst tragedy in kazakh history // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 29-40. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_29-40

Gratitudes. This article was published as part of the project IRN: AR196780056 "Preparation and publication of a series of memoirs of eyewitnesses of the 1931-1933 mass famine in Kazakhstan and their descendants".

Кіріспе. Ашаршылық қазақ этносының тарихи кеңістікте сақталуына зор қауіп әкелген құбылыс болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрын «ақтаңдақ» болып келген ашаршылықты жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туды. Кеңестік жүйедегі тыйым салу, құпия жасаудың алынуы ашаршылыққа қатысты тарихи шындықты ашық көрсетуге жағдай жасады. Архивтік документтерге куәгерлер естеліктеріне т.б. құжаттарға негізделген жаңа зерттеулер шықты. Көптеген публицистикалық материалдар жарық көрді. Жаңа ақпарат ашаршылық тақырыбының шынайы тарихи картинасын жасауға кірісті.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2021 жылы жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ашаршылық тақырыбына ерекше маңыз берді. «Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-

ұрпаққа берілуі тиіс», - деп жазды. Президент «1921-1922 жылдардағы аштықтан бері 100 жыл өтті. Зұлматтар кесірінен миллиондаған қазақ қазаға ұшырап, жан сауғалап босқын болып кетпесе, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді», - деп өкінішін білдіреді. Мақалада Президент «ғалымдар арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Сондықтан барлық құжаттарды мұқият зерделеп, күрделі мәселеге жауапкершілікпен, таза ғылыми ұстаныммен баға беру керек», - деп ел тарихшыларының міндеттерін нақтылайды (Тоқаев, 2021:2).

Қазақ халқының ересек ұрпағы, зиялы қауымы Кеңес Одағы кезінде болған ашаршылықтар туралы білді. Алапат зұлмат салдары елдің тарихи жадында сақталып, жас ұрпаққа жеткізілді. Көркем әдебиетте, поэзияда арақидік мәселелер көтерілді, жазылды. Өкінішке орай кәсіпқой тарихшыларға ашаршылық тақырыбын кешенді зерттеуге коммунистік билік мүмкіндік бермеді. Тақырып құлыпталып, құпия мәселе ретінде қалдырылды.

Қазақстанның белгелі ақыны Жұбан Молдағалиев «Мың өліп, мың тірілген қазақ», - деп бекер күңірінген жоқ. Қазақ этносы өзінің ұлттық территориясын, шаруашылығын, болмысы мен тілін сақтау жолында перманентті күрес жүргізумен өмір кешті. Батыс пен Шығыстағы басым державалар қазақ халқын мемлекеттігінен айырып, жоқ қылып жіберудің айла-шарғыларын жасап бақты. Көшпенді Жоңғар империясымен екі ғасыр тайталас күрес жүрді. Қытай мен Ресей екі хандықты аямай қырқыстырып, Еуразияның ұлан-ғайыр жерін басып алуды мақсат тұтты. Ол мақсаттарына қол да жеткізді. XVIII ғасырдың басында жоңғар шапқыншылығынан қазақ халқы «ақтабан шұбырынды» трагедиясына ұшырап, 1 млн. адамынан айрылды. Бұл оқиға қазақ халқының алғашқы аса ауыр демографиялық трагедиясы болды. Алайда осы жағдай екі көшпелі империялардың соғысуы нәтижесінде орын алғаны ақиқат. Қазақ халқының тәуелсіз мемлекеті болды. Халық соның басшылығымен Жоңғар хандығын XVIII ғасырдың ортасына таман жеңуге қол жеткізе алды. XX ғасырда қазақ тоталитарлық кеңестік жүйенің саяси эксперименттерінің құрбаны болды.

Қазақ халқы ешбір соғыссыз өз тарихындағы теңдесі жоқ демографиялық трагедияны XX ғасырда КСРО құрамында болғанда бірнеше мәрте басынан кешірді. Ол 1917-1933 жылдары үш рет қайталанған ашаршылық зұлматы болатын. Кеңестік тарихнамада Қазақстанда болған ашаршылықтар жайында айтылмады. Мысалы 1977 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» 5 томдығында «социалистік ауыл шаруашылығын нығайту жолында Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі аудандарында ұжымдастыруды және отырықшылықты жүргізу барысындағы асыра сілтеулер мен қателіктерді жою шаралары қабылданды. Алайда олар баяу, мардымсыз іске асырылды. Қалыптасқан жағдайға сәйкес, 1933 жылдың ақпанында Казкрайком пленумы республиканың партия ұйымының басшылығын жаңартты. БКП(б) Казкрайкомының бірінші хатшысы болып Л.И. Мирзоян сайланып, бұл қызметтен Ф.И. Голощекин босатылды. Крайкомның секретариаты мен бюросы да жаңартылды», - деп қана жазылды (История Казахской ССР, 1977:510).

Бұл бағаны Кеңес Одағын билеген КОКП-ның идеологтарының Қазақстан тарихын өрескел бұрмалауы деп есептеу дұрыс. 1925 жылы Қазақ өлкесін басқаруға келген Ф.Голощекиннің «Кіші Октябрь» революциясын Қазақстанда жасауының ауыр салдарларынан ондаған миллион мал қырылып, оның соңы адам айтқысыз ашаршылыққа ұласқанын кеңестік тарих айтқысы келмеді. Миллиондап қырылған қазақ социализмнің салтанат құруының қасында сөз етуге тұрмайтын құбылыс ретінде қабылданды. Тарихи шындық социализм идеясымен үндескен жоқ. Жазықсыз қырылған халық трагедиясы ұлттың санасы мен генофондында сақталды.

Талқылау. Ашаршылықтың Қазақстанға әкелген аса ауыр демографиялық салдарлары жайында белгілі ғалымдар М.Тәтімов пен Т.Омарбеков 1998 жылы жарық көрген «Қазақстан. Ұлттық энциклопедияда» өздерінің нақты, тұжырымды пікірлерін айтады. Олар Қазақстандағы жерге орналастыру экспедициясын басқарған профессор С.П. Швецовтың мәліметтері бойынша 1921 жылғы ашаршылықта ел халқының 30 % дейін азайғанын айтады. Кейбір елді мекендерде нәубет халықтың 100 %-ын қамтып, олар жолдарда босып, біразы ауылдарында қырылған. 1920-1922 жылдарда Батыс Қазақстанда шаруалар иеліктері 23,8 % қысқарған. Ғалымдар 1926, 1937, 1939 жылдардағы санақтар материалдарын салыстырмалы талдай келе, Қазақстанның ауыл халқы 1930 жылдың 1 маусымынан 1933 жылдың 1 маусымына дейін 3 млн. 379,5 мың адамға кеміп кеткен, - деп есептейді. Бұл саннан 1 млн. болған босқындарды алып тастасақ, ашаршылық құрбандарының 2 млн. 200 мың адамнан асып түскен, - деген пікірлерін білдіреді. Яғни сол кездегі «Қазақстандағы қазақтардың 48 % қырылып, елде олардың үштен бірі ғана қалды, - деген 1992 жылы осы мәселені арнайы зерттеген ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы комиссиясының қорытындыларын мысалға келтіреді. Ашаршылықта негізінен балалар мен әйелдер қырылғандықтан, оның демографиялық

салдарлары тіптен ауыр болды», – деп жазады М. Тәтімов пен Т. Омарбеков (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 1998:582).

Соңғы жылдарда тарихшылар жинақтаған архив материалдары Қазақстандағы ашаршылықтың адамзат тарихындағы ең ауыр қырғын екендігін дәлелдей түсуде. Қазақ этногенезін зерттеуші, тарихшы М.Б. Ақынжанов та 1971 жылы студенттерге шамамен 2,2-2,5 млн. қазақ халқы өкілдері қырылды деген пікірін айтқан. Мақала авторы Ақынжановтың лекциясын тыңдаған еді.

Зерттеу нәтижелері. 1991 жылдан бері қарай Қазақстанның тарих ғылымы мыңдаған жаңа құжаттармен толықты. «Мәдени мұра», «Қазақстан тарих толқынында» бағдарламаларын игеру ірі көлемді жаңа тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізді. Осы жаңа нарративті 2010 жылы басылған «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)». 5 томдық ғылыми басылымнан көреміз. Бес томдықтың 4-томында елде болған 1921-1923 жылдардағы және 1931-1933 жылдардағы аштыққа жеке тараушалар арналады. Тәуелсіз Қазақстанда жарық көрген бес томдықта 1921-1922 жылдары ашаршылық болды делінген. Алайда соңғы ашылған деректерде ашаршылық 1923 жылы да жалғасқаны көрсетіледі. Осы еңбекте 1922 жылы республикада 4781268 адам болса, солардың 2832000 ашаршылыққа ұшыраған. 1921 жылғы 1 желтоқсанда 128 мың бала аштыққа ұшыраса, 1923 жылы 1 наурызда 408 мың бала аш болды. Халықтың жалпы санының 50,3 % – қазақтар, 31,2 % – орыстар, 14,4 % – украиндықтар құраған, – деген мәліметтерді ҚазОАК-нің Төрағасы С. Мендешев ҚазОАК III сессиясындағы баяндамасында айтады (Қазақстан тарихы, 2010:186). Аштық негізінен Орынбор, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Бөкей губернияларында болған. Аштықтың себебі ұзаққа созылған қуаңшылық кесірінен егіс алқаптарының күйіп кетуі, жем-шөпсіз малдың қырылуы. Аштықпен қоса түрлі індет аурулары өршіді. Оған қосымша қатаң жүргізілген «әскери коммунизм» саясаты шаруалардың барлық азық-түлігін күшпен сыпырып алуы. Табиғат апаты мен билік зорлығы нәтижесінде аса көп адам қырылды. Бұл еңбекте 1921-1922 жылдары Қазақстандағы аштықтан қанша адам құрбан болғаны туралы нақты деректер айтылмайды. Тек 4,8 млн. Қазақстан халқының 2,8 млн. аштыққа ұшырады, – деп қана көрсетіледі. Ашаршылықтың себептері талданып, жергілікті биліктің көмек ұйымдастыру шаралары баяндалады.

Осы көптомдықта соңғы жиналған жаңа архивтік құжаттар негізінде 1932-1933 жылғы голощекиндік биліктің күштеу саясаты салдарынан болған аштық құрбандарының сандары көрсетіледі. Авторлар бұл мәліметтердің әлі де толық еместігіне назар аударады. Қазақстандағы жаппай ашаршылықтың 1931 жылы басталғаны белгілі. Бірақ та 2010 жылы шыққан көптомдықта ашаршылық 1932-1933 жылдарды қамтыды делінген. Соңғы деректер мен құжаттар ашаршылықтың 1931-1933 жылдарда болғандығын айғақтайды. Ашаршылық құрбандары 1926 жылғы 17 желтоқсанда және 1939 жылы 15 қаңтарда өткізілген халық сынақтарының мәліметтеріне сәйкес салыстырмалы көрсетіледі. Қазақ АКСР 1926 жылы 3 млн. 628 мың тұрғылықты халық мекендеген. 12 жыл өткеннен кейін 1939 жылы санаққа 1 млн. 321 мың ғана қазақ есепке алынған. Демек, тұрғылықты қазақ халқының саны 36,7 %-ке азайып кеткені тіркелген (Қазақстан тарихы, 2010:271-272).

Ресми халық санағының деректерінде 1926-1939 жылдар аралығында халық санының 2,3 млн. адамға азайып кеткені көрсетіледі. Кеңестік большевиктік билік елде орын алған ашаршылықтың демографиялық және экономикалық салдарларын азайтып көрсетуге, тіптен жасырын сақтауға мүдделі болғандығы ақиқат. Себебі, көшпелі экстенсивті мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күштеп күйрету саясатының аштыққа негізгі триггер болғандығы ақиқат еді. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», – деген ұранның өзінде ақылға сымайтын қайшылық тұрды. Қазақ шаруалары мен байларының барлық малы тартып алынды. Бірақ бұл асыра сілтеу емес. Қазақ малсыз, күйсіз болып қырыла берсін деген нарратив басымдық алды. Осындай ұстанымды көрген кейбір зерттеушілердің большевиктік партия қазаққа қарсы геноцидтік саясат жүргізді деп айтулары бекер емес. Кеңестік тарих ғылымы қазақ этносының тоталитарлық-әміршіл жүйе саясатынан аса ауыр демографиялық дағдарысқа ұшыраған әлемдік қауымдастықтан жасырып келді. Қазақ тарихы фальсификацияланды. Тарихи шындық, отаршыл империя саясатының ауыр салдарлары туралы 1991 жылы Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналған соң ғана айтыла бастады. Қазақ публицистикасы отаршылдықты қазақ этносына жасалынған геноцидтік саясат деп бағаласа, кәсіпқой тарихшылар КОКП қазақ халқына қарсы арнайы геноцид ұйымдастыру мақсатын ұстанбағанымен большевиктер партиясының күштеп модернизациялау саясаты қазақ халқын ауыр ашаршылыққа алып келді деген пікірде.

Ашаршылықта қырылған халықтың дәл санын деп басып айту қиын. Тарихшылар мен демографтар түрлі ақпарат айтады. Академик Б. Төлепбаев пен В. Осипов аштықтан 1,1 млн. қазақтар

және 250 мыңдай өзге ұлт өкілдері өлді деп есептейді. Академик М. Қозыбаев 2,1 млн. адам опат болды. Олардың 1 млн. 750 мыңы қазақтар, 350 мыңдайы басқа ұлттар өкілдері деген мәлімет береді. Тарихшы демографтар М. Асылбеков пен Ә. Ғали осы пікірмен келіседі. Демограф М. Тәтімов 2,1-2,3 млн. адам шығын болды десе. Бұл пікірді белгілі тарихшы Т. Омарбеков қолдайды. Жазушылар Б. Нұржекеев пен С. Елубаевтар 2 млн. мен 3 млн. арасында қазақтар опат болды деп есептейді. Түрлі мәліметтерді салыстыра келе этнодемограф С. Айымбетов құрбан болған қазақтар 2,5 млн. жетті деп есептейді (Қазақстан тарихы. Энциклопедия, 2019:254-260).

Қазақстан тарихының көптомдықтарында, энциклопедиялар мен тарихи зерттеулерде кеңестік кезеңде болған 1917-1918, 1921-1923, 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтар жөнінде әртүрлі мәліметтер берілетініне көз жеткізілді. Соңғы жылдары ашаршылық тақырыбы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары, академик З.Қабылдиновтың жетекшілігімен белсенді зерттелінуде. Республика Парламенті басшысы М.Әшімбаев пен депутат Б.Әбдіғалиұлы жетекшілігімен 2021 жылы айналымға «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника» құжаттар жинағы енгізілді. ҚР Орталық архиві директоры С. Шілдебайдың басшылығымен 2021 жылы «Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане. 1921-1923: Сборник документов и материалов» 2 томдық құжаттар жинағы жарық көрді. Сонымен қатар 2023 жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары «XX ғасырдың 20 жылдарының басындағы Қазақстандағы ашаршылық және оның салдары» атты құжаттар жинағын жариялады. Аталған жаңа құжаттар жинақтарының негізгі ерекшелігі – бұрын жарық көрмеген жүздеген жаңа архив материалдары ғылыми айналымға енді. 2020 жылдан бері «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қ.К.Тоқаевтың жарлығынан кейін ондаған мың құжаттар құпиясыздандырылды. Қазір солар сарапталып, реттеліп, құжаттар жинақтарына енгізілуде. Ұзақ мерзімде жүргізілетін осы архивтік жұмыстар ашаршылық мәселесіне қатысты көптеген тың деректерді ғылыми айналымға енгізетіні даусыз. Маңызды мемлекеттік шараның ойдағыдай іске асырылуы Қазақстанның тарих ғылымының дамуына елеулі ықпал жасауда. Жүздеген жаңа құжаттардың ғылыми айналымға енгізілуі ашаршылық тақырыбы әлі де терең зерттеуді талап ететіндігін дәлелдейді.

Біз осы зерттеуімізде соңғы жарияланған құжаттар жинақтарына сүйене отырып ашаршылыққа байланысты өз пікір-пайымдауымызды ортаға саламыз. 1917-1918 жылдары Түркістан аймағында болған ашаршылық жайында әлі де жаңа құжаттар іздестірілуде. Сондықтан мақалада 1921-1923 жылдардағы, 1931-1933 жылдардағы алапат ашаршылықтар туралы сөз қозғалады.

Кеңестік кезеңде ашаршылық тақырыбының жабық болуы трагедияға тікелей жауапты КОКП-ның басқарушы партия болып тұруына байланысты. Кеңестік жүйе қателіктерді, қайшылықтарды ешуақытта ашық айтпайтын. «Социалистік құрылыс өрге басып келеді. Ол әлемдік капитализмге өзінің ең озық қоғамдық құрылыс екендігін дәлелдеуде», - деген нарратив бірінші орынға қойылатын. Мұндай әділетті қоғамда халықтың аштан қырылуы болмайды, - деген қағидат ұсталынатын. Сондықтан кеңес халықтарына зұлмат әкелген қасіретті оқиғалар жасырылып, социалистік эксперименттер мен реформалар біржақты, позитивті жетістіктер тұрғысынан ғана бағаланатын.

1917-1991 жылдарды қамтитын кеңестік кезеңде Қазақстанда аса ауыр ашаршылық үш мәрте орын алды. Оның біріншісі 1917-1918 жылдарда Түркістан аймағын қамтып, 1 млн. жуық адамның өмірін алды. Екінші ауыр ашаршылық Батыс Қазақстанда 1921-1923 жылдары болып, тағы да 1 млн. астам адамды құрбан етті. Үшінші алапат ашаршылық бүткіл Қазақстанды жайлап, 1931-1933 жылдары 2,2-2,3 млн. астам адамды опат қылды.

Кеңестік саяси жүйенің асыра сілтеушілік, зорлық саясаты мен табиғи апаттар осы жылдарда қазақ этносына аса ауыр демографиялық соққы жасады. Әрине, бұл соққының негізгі себебі – қазақ халқының шаруашылық өмірімен мүлдем қауышпайтын, күшпен таңылған социалистік эксперименттер екендігі ақиқат. 1917-1933 жылдар аралығында қазақ халқы өз жерінде 6 млн. адамнан 2,5 млн. дейін азайып, азшылыққа айналды. 10 жылда қазақтар саны 50 % азайып кетті.

1921-1923 жылдардағы ашаршылықтың негізгі тригері азық-түлік салықтарының ауырлығы болды. 1921 жылғы РКП(б) ОК X съезінің азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешімі шыққанымен қазақ шаруалары салықтан босамады. Азық пен жем-шөп тапшылығына карамастан тек Жетісу облысында 1652645 пұт астық, 293040 пұт тары, 2876 пұт кептірілген жеміс, 77458 пұт тұқым, 520864 мал басы жинап алынған. Мұндай салықтық қысымды Қазақстанның барлық аймақтары басынан өткерді. Республиканың 5 губерниясы мен 1 уезіне ауыр аштық келді.

Аштық тек Қазақстанда ғана емес, Украина мен Ресейдің 35 губерниясында болып, 5 млн. астам адамның өмірін қиды (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:11).

1920-1923 жылдарда ҚАКСР халық саны 4998838 адамнан (Статистико-экономический обзор, 1923:62), 3786910 адамға дейін азайған. 3 жылда халық саны 1151473 адамға кеміген (Қазақстан тарихы, 2010:638). 100-200 мыңдай адам босқын болған деп есептесек, аштан өлгендер саны 1 млн. адамға жетеді, - деп есептеуге болады. Әрине, Кеңес билігі қол қусырып қарап отырды деуге болмас. 1921 жылы 9 тамызда ВЦИК-тің «Барша ашыққандарға көмек комиссияларына үндеуі» жарияланды (Құжаттар жинағы, 2023:1-22).

ВЦИК төрағасы Калинин мен ВЦИК секретары Енукидзе қол қойған бұл құжатта Әлеуметтік қамсыздандыру наркоматына жан-жақты көмекті күшейтіп Наркомсобес аштық жайлаған губернияларда халыққа өз көмегін көрсетуге тиісті болды. Алайда, Кеңес билігінің Ресейдің орталық аймақтарында іске асырылған шаралары Қазақстанға жеткен жоқ. Жергілікті билік негізінен қолда бар ресурстарына иек артты. Аштық жайламаған губерниялардағы артық астық пен мал басы қиындық туған губерниялар үшін көмекке бағытталды.

Қазақстанда ашыққандарға көмек комиссиясын КазЦИК төрағасы С. Мендешев басқарды. Құрамына Әлеуметтік қамсыздандыру (Ә.Жангельдин), Азық-түлік (И.Шлейфер), Жер-су (В. Харламов) халкомдары кірді. 1921 жылы 6 қазанда ҚАКСР Кеңестерінің II съезінде «Аштықпен күрес туралы мәселе жөніндегі қарар қабылданды» (Резолюция и постановления, 1922:14-17). Құжатта ашаршылықтың басталуына 1921 жылғы шілде айында болған құрғақшылық, одан кейін шегірткенің қаптауы себеп болды делінеді. Астық толығымен күйіп кеткен. Сонымен қатар екі жыл бойын жұт болып мал қырылған. Үшінші себеп Кеңес Одағындағы соғыс коммунизм саясаты шаруалардың табысын түгелге жуық сыпырып алуы олардың еңбекке деген ынтасын азайтты. Егістік көлемі 1917 жылы 5840000 десятина болса, 1921 жылы 2098000 десятинаға дейін қысқарды. Осы мерзім ішінде мал басы 29700000-нан 6200000 дейін азайған. 4 жылда егіс алқабы 47 %, мал басы 83 % кеміп кеткен (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 252-іс. 129-п.).

Аштықтан әлсіреген адамдар түрлі індет ауруларына ұшырап, тағы да қырылды. Ресми деректерде 60 мыңға тарта адам ауырып, оның 32201 қайтыс болған (РФ МА. Р-1064-қ. 2-т. 123-іс. 204-а.п.).

1921 жылдың соңына таман Қазақстандағы аштыққа ұшырағандар саны 1558927 адамға жеткен (Қазақстан тарихы, 2010:185). Зұлмат аштық кезінде Орынбор, Ақтөбе, Орал, Бөкей, Қостанай губерниялары мен Адай уезі бойынша 841043 бала панасыз, аш-жалаңаш қараусыз ретінде тіркелген (Отчет Совета Труда и Обороны, 1921:30-31).

1921-1923 жылдарда болған ашаршылық Қазақстанда ғана емес, Ресейдің 30-дан астам губернияларын қамтыды. Самара, саратов, Қырым, Башқұртстан, Еділ бойында, Оңтүстік Украина, Орал өңірінде 33 млн. адам ашаршылыққа ұшырап, 5 млн. астам аштан өлді (Қазақстандағы ашаршылық, 2021:11). Сондықтан аштықпен күрес мәселесіне Кеңестік билік ерекше мән беруге мәжбүр болды.

Өкінішке орай қазақ даласына Кеңестік биліктің көмектері дер кезінде жетпеді. Қазақ байлары өздерінің шаруашылық потенциалын аштық жайлаған өңірлерге көмектесуге толыққанды жұмсауға мүмкіндігі болмады. Себебі жергілікті жерлердегі биліктің барлығы большевиктік кеңестерге өтті. Ал большевиктік партия қазақ халқын 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтан құтқарудың кешенді шараларын іске асыруға қауқарсыз болды.

1921 жылы 18 маусымда Бүкілресейлік ашыққандарға көмек Орталық комитеті құрылып, оның төрағасы болып БОАК төрағасы М. Калинин тағайындалды. Осындай Ашыққандарға көмектесетін төтенше комиссия (АҚТК) ҚАКСР ОАК жанынан 1921 жылы 8 шілдеде құрылды. Оны КазЦИК төрағасы С.Мендешев басқарғанын айттық.

Ашаршылықпен күресте осы комиссияның айтарлықтай жұмыс жасағаны анық. Әлеуметтік қамсыздандыру органдары мен Азық-түлік халық комисиариаты 173 тамақтандыру пунктерін ұйымдастырды. 225466 аштықтан зардап шеккен балалар үшін 425 асхана ашылды. Американдық әкімшілдік көмек (АРА) 1922 жылы 25 қаңтардан бастап 66380 балаға тамақ беріп, 15 ақпаннан бастап 130000 баланы күн сайын тамақтандырды (ҚР ПА. 139-қ. 1-т. 252-іс. 129-131-пп.).

Өкінішке орай көмек шараларын ашаршылыққа ұшыраған халықтың басым көпшілігі көре алмады. Кеңестік күштеу саясаты қазақ шаруаларының оналуына қажетті мүмкіндіктер бермеді. Кеңестік билік халықты аяусыз қанауын тоқтатпады.

1923-1930 жылдарда Қазақстанда шаруалардың жағдайы тіршама түзеліп, ауыл шаруашылығының негізгі салалары өнімдерін көбейтті. Оған 1921 жылы РКП(б)-ның X съезінде қабылданған жаңа экономикалық саясат ықпал етті. Салық 70%-дан 30%-ға дейін азайтылды (Қазақстан тарихы. Энциклопедия, 2019:792). Соның нәтижесінде Қазақстанда 1925 жылы мал саны 1922 жылмен салыстырғанда 2 есе өсті (Қазақстан тарихы. Энциклопедия, 2019:794).

Алайда большевиктер партиясы елді жедел индустрияландыру мен ұжымдастыру саясатына бетбұрыс жасап, 1928 жылдан бастап байлар мен қонды шаруаларды кәмпелескелеуді қолға алды. 1928 жылы 9 тамызда ВКП(б)ОК «Ірі мал иелерінің шаруашылықтарын кәмпескелеу және жер аудару туралы» қаулысын қабылдады (Ашаршылық. Т.1, 2021:252-254). Ондағы мақсат – ірі байлардың елді кеңестендіруге бөгет болуынан құтылу, - деп есептелді. Осы шарадан қазақ шаруаларын аяусыз қанау қайтадан басталды. Байлар әлеуметтік тобының күйретілуі қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық тәртіптерінің бұзылуына жол ашты. Кеңестік жер реформалары қазақ шаруаларын тығырыққа тіреді. Ұжымдастыруға ұшыраған азық-түлік іске аспай бүлінді, жем-шөпсіз мал қырылды. Осындай күшпен жүргізілген кеңестік саясат және табиғат қуаңшылығы 1931 жылдан бүткіл Қазақстанда қамтыған, қазақ тарихында болмаған аса ауыр ашаршылыққа алып келді. Кеңестік билік 1921-1923 жылдардағы ашаршылықтан сабақ алған жоқ. Кәмпелескелеуден қорыққан байлар малдарын сатып ақшаға айналдырды, туыстарының атына жазып бөліп берді. Мүмкіндігі барлар Қытайға т.б. елдерге малдарын өткізіп жіберуге тырысты. Малға қарап отырған қазақ ауылдары өздерінің экономикалық тірегінен айрылды.

Қазақстанда күштеп ұжымдастыру белең алғаннан бастап қазақ шаруаларының жағдайы нашарлай берді. Себебі, қазақ халқының басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұратын. Жұрт үшін күнкөрістің негізгі көзі көшпелі экстенсивті мал шаруашылығы болды. Қазақ халқы XX ғасырдың 20-жылдарының аяқ шенінде урбанизациялану үдерісіне әлі қосылмады. Оңтүстік өңірдегі диханшылардың да жағдайы мәз болмады. КСРО индустриализациялау саясатына сәйкес шаруалардан барлық астық өнімдері тартып алынды. Мысалы, 1928 жылғы 7 қаңтардағы Сырдария губкомының астық дайындау мәселесі жөніндегі резолюциясында: «Қуаңшылық салдарынан астық бағасы жоғары... Мемкооперативтік астық дайындаушылар ішкі тұтыныстың өзіне өнім таба алмауда. Астық нарығындағы мемкооператившілердің белсенділігі нанды одан әрмен қымбаттатуда. Кедей шаруаларда тұқымдық бидай алуға мүмкіндік жоқ», деп көрсетіледі (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1726-іс. 31-п.).

Құжаттан Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру шаруалардың жағдайын мүлдем мүшкіл халге жеткізгенін нақты көреміз. Сырдария губерниясындағы шаруалардың асытығын, тұқымына дейін астық дайындаушы мемлекеттік кооперация белсенділері жинап әкеткен. Жұтқа қарсы беріледі деген 232000 көлеміндегі кредит берілмеген (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 1726-іс. 31-п.). Демек большевиктік билік өлкеде жұт болуы ықтимал екендігін жақсы білген. Соған қарамастан ОК астық дайындау туралы директивасы міндетті түрде орындалуы тиіс деп есептеген.

Ұжымдастыру науқанын Ф.И. Голощекин қазақ қоғамын трансформациялаудың жан-жақты жоспарының катализаторы ретінде қарастырғандығын зерттеуші И. Огайон атап өтеді. Олардың қатарында отырықшыландыру, дәнді дақылдар шаруашылығына өту, рулық байланыстырдың жүйесін бұзу сияқты жоспар алға қойылды деп көрсетеді. Отырықшыландыру мен рулық биліктің бұзылуының арасындағы іс жүзіндегі нақты байланыстардың Қазақ өлкелік комитетінің седентаризация бағдарламасы мен жобалары бұл науқанның басты стратегиясын айқындап береді. Ол жалпыхалықтық отырықшыландыру, көшпелілер мен жартылай көшпелілердің жылдамдығы (мобильность), халықтың саяси құрылымына бағыну саясатына ғана емес, сонымен қатар экономикалық негізі болып табылатын мал шаруашылығы мен саяси билігі ретіндегі рулық құрылымды жою жолымен қоғамды радикалды түрде трансформациялау көзделді деп қорытындылайды (Огайон, 2009: 104). Қазақ даласының дәстүрлі ежелгі ғасырлардан қалыптасқан рулық құрылымын бұзу және отырықшыландыруды ұжымдастырумен қатар жүргізу арқылы қазақ қоғамын трансформациялау аграрлық әлемді кеңестендіру жоспарының негізгі құралына айналғандығын көрсетеді (Огайон, 2009: 109).

Зерттеуші С. Смағұлова қазақ мерзімді басылымдарындағы жарияланымдарды сараптай келе «халықтың күрделі өзгерістерге мүлдем дайындығының жоқтығына қарамай, өлкелік партия мен үкімет заң орындарының қолдауы нәтижесінде шаруаларды отырықшылыққа көшіруде күш қолдануға ашық бағыт алды» деп атап өтеді. Сонымен қатар «ауылшаруашылығының барысы, тәркілеу мен ұжымдастыру ісінің барынша өріс алуы, ұжымдастырудың әдістері мен жолдары, бұрынғы бай-кулак тап өкілдерінің қарсылық барысы мен оларға қарсы жүргізілген іс-шаралар, колхоз, совхозға тарту, көшпелі аудандарды отырықшылыққа айналдыру, жерге отырықшыландыру, мәшине-трактор станцияларын құру барысы кеңес идеологиясымен берік қаруланған партия [коммунистер] басшылығымен жүзеге асырылып жатқандығын ашық жазды» (Смағұлова, 2011: 242).

БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті бюросының «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы» 1929 жылғы 12 наурыздағы хаттамасында: «Жер бөлу нормаларын дайындауға, жер-су реформасы мәселелерін әзірлеуге, Жер ісі халық комиссариаты жергілікті халықтың отырықшылық жағдайына көшуіне байланысты мәселелер бойынша Өлкелік комитеттің жоспарында белгіленген мерзімде негізделген баяндамалар дайындай алмайтындығын ескере отырып, Жер ісі халық комиссариатына дайындау мерзімін 1929 жылдың тамызына дейін ұзартуды ұсынады» деп көрсетті. Сонымен қатар төмендегідей ұсыныстарды жасады:

Біріншіден, «Қолда бар материалдар негізінде өлкелік комитетке мынадай мәселелер бойынша әзірленген қорытындылар беру: а) аудандар бойынша көшпелі жолдар мен радиустардың өзгеруі; б) отырықшылыққа көшкен шаруашылықтар саны; в) әртүрлі аудандардағы отырықшыландыру қарқыны (отырықшыландыру ошақтары); г) отырықшылыққа көшкен және қазірдің өзінде отырықшы шаруашылықтардың экономикалық сипаттамалары (отырықшыландыру белгілері); д) отырықшылану себебі; е) жүргізілген реформаның отырықшыландыру жағдайына көшкен халықтың шаруашылығының дамуына әсері».

Екіншіден, «Отырықшыландыру процесінің сипаттамалары бойынша неғұрлым толық материалдар (1926 ж. демографиялық санақ бойынша қосымша формулярлар және 1926 ж. қазақ ауылын зерттеу материалдары) қазіргі уақытта Қазақ статистика басқармасында аяқталмаған өңдеу сатысында тұрғанын ескере отырып, Қазақ статистика басқармасына оларды өңдеуді тез арада аяқтауды ұсыну, әзірлеу бағдарламасын Жер ісі халық комиссариатымен келісу» қажеттігін көрсете отырып ұсыныстар жасалды.

Жер ісі халық комиссариаты мен Қазақ статистика басқармасындағы статистикалық деректерді ескере отырып қойылған мәселелердің орындалуының жеткіліксіз екендігі білініп тұр, Орал, Ақтөбе, Қостанай, Петропавл, Ақмола, Павлодар, Семей, Сырдария және Алматы округтік комитеттеріне отырықшыландыруға қатысты мәселелерді тексеру материалдары шілдеден кешіктірмей берілетіндей

етіп, аудандарды таңдап, ұялық зерделеуді жүргізуді тапсырды. Жер ісі халық комиссариаты тексерілетін аудандарды таңдау, тексеру және әзірлеу бағдарламаларын дайындап, бір аптаның ішінде Қазақ өлкелік комитетіне ұсыну қажеттігі айтылды («Совершенно секретно», 2021: 136, 137).

БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті бюросы мәжілісінің 1929 жылғы 6 қарашадағы хаттамасы «Қазақ шаруаларын отырықшыландыру туралы» баяндамасы жөніндегі қарарын бекіту туралы шешім қабылдады. Төрағасы Ф. Голощекин мен хатшы Ряднин қол қойған құпия құжатта жер ісін дамытуға мүмкін болатын барлық аудандарда қазақ шаруаларын отырықшыландыру Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласындағы жуық арадағы міндетіне жататындығын атап көрсетті. «... отырықшыландыру партияның Қазақстандағы ұлттық саясатының ең үлкен жетістігі болып табылады, өйткені ол нақты ұлттық теңсіздікті жоюға ықпал етеді және кейбір жерлерде сақталған ұлттық алауыздықтың бірқатар алғышарттарын жояды. Отырықшыландыру рулық байланыстардың қалдықтарын жоюға жағдай жасайды және ауылдағы байларға аяуыз сокқы береді, оны көшпелі шаруашылықтан туындайтын кедейлікті пайдалану мүмкіндіктерінен айырады. Осының салдарынан отырықшыландыру үдерісінің өзі шиеленіскен таптық күреспен қатар жүретін болады және отырықшыландыру ісіне әсіресе осы іс-шарамен көшпенділердің енбекшілерін одан әрі пайдалану мүмкіндіктеріне айтарлықтай нұқсан келтірілетін байлар қарсы тұратын болады; б) шаруашылықтың отырықшы нысандарына көшу де қазақ халқының жылдам мәдени өсуі үшін негіз болып табылады. Тек толық отырықшы жағдайда ғана қазақтарға мәдени-ағартушылық, агро-өндірістік және басқа да іс-шаралармен қалыпты қызмет көрсету мүмкін болады. Отырықшыландыру жұмысында Колхоз Одағының жүйесі ерекше рөл атқаруы керек. Отырықшыландыру проблемасы кең қоғамдық пысықтауға және бұқарада танымал етуге шығарылуы керек. Сондықтан, отырықшыландыру жөніндегі ведомстволық іс-шаралар жоспарларын құрумен және оларды жүзеге асыруға дайындаумен бір мезгілде Қазақ өлкелік комитеті бюросы ауылдағы қазақ халқының шаруашылығының және тұрмысының жаңа нысандарына көшу үшін жергілікті жерлерде барынша үгіт-насихат науқанын ашуды кейінге қалдырмай, қоршаған орта комитеттеріне ұсынады. Осы мақсатта әр округте ең жақсы партиялық күш жұмылдырылуы керек. Науқанды басқару үшін аудандарға жауапты округ қызметкерлері жіберілуі керек. Бұл науқанға ең белсенді қатысуды аймақтық және жергілікті баспасөз хабарлап отыруы керек. Науқан тек отырықшыландырылатын аудандарының қазақ халқын ғана емес, сонымен бірге көршілес орыс халқын да қамтуы керек, олардың арасында, әсіресе оның ұжымдастырылған бөлігі арасында, колхоздарына қамқорлықты (совхоздар, колхоздар) қабылдау үшін үгіт-насихат кеңінен жүргізілуі керек.

Отырықшыландыру бойынша жұмысқа нақты мазмұн беру үшін Қазақ өлкелік комитетінің бюросы осы жұмысқа тартылатын әрбір Орталық органның: а) осы мәселеге назар аудару және оны алдын ала пысықтау қажеттігі жөнінде дереу орындарға тиісті директивалық нұсқаулар беруі қажет деп есептейді; б) екі ай мерзімде, яғни 1930 жылдың 1 қаңтарына қарай 1929/30 жылдарға арналған нақтыланған сметалық жорамалдармен отырықшыландыру жөніндегі іс-шаралардың операциялық жоспары ұсынылды және бесжылдыққа тиісті бақылау цифрлары белгіленді; в) сол мерзім ішінде жергілікті жерлерде отырықшыландыру бойынша жұмысты практикалық жүргізуге техникалық нұсқаулықтар жасалды. Аудандық органдардың 1929/30 операциялық жоспарлары орталыққа 1930 жылдың 1 наурызынан кешіктірілмей ұсынылуы керек» деген талап қойды («Совершенно секретно», 2021: 172, 176).

Билік басындағылар жүргізілетін жұмыстарды жан-жақты құжат жүзінде нақтылап бергенімен, жұмыстың жүз пайыз орындалуы ақсап жатты. Жұмысшы шаруа инспекциясының бастығы Богдановтың атына жазылған ауыл шаруашылық тобының инспекторы Күсепқалиевтың 1930 жылғы 10 маусымда жазған баяндама жазбасы біраз олқылықтардың бетін ашып береді. Құжат 1930 жылға арналған көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшыландыру жөніндегі практикалық іс-шаралардың орындалуын бақылау мәселесі бойынша деректерді көрсетеді.

Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру жөніндегі іс-шаралар туралы Қазақ Орталық атқару комитетінің қаулысының орындалуын тексеру туралы ағымдағы жылғы 14 сәуірдегі аудандық бақылау комиссиясы мен аудандық бақылау инспекциясы Халық комиссариатының алқасы төралқасының біріккен мәжілісінің қаулысын орындау барысы тексерілген. Күсепқалиев тексеруінің қорытындысын төмендегіше белгілеп көрсетеді:

«Отырықшылық жағдайына көшірілген шаруа қожалықтарының контингенті бойынша» деп ерекшелеп қарастыра отырып аталған кезеңдегі орын алған олқылықтар мен кемшіліктерге тоқталады. «Қазіргі уақытта Халық Комиссарлары Кеңесі ағымдағы жылғы 19 наурызда қабылдаған

отырықшыланатын шаруашылықтардың контингенті шындыққа сәйкес келмейтіні және қабылданған аудандардағы отырықшылануы тиіс халықтың аумағының дайындалмауы және осы аудандарға қатысты жер органдарының қарамағында кез келген жоспарлы-экономикалық материалдардың болмауы себебінен біршама нақтылауды талап ететіні анықталды.

Жер ісі халық комиссариаты Батпаққара, Торғай (бір бөлігі), Қостанай округінің Наурызым сияқты бірнеше аудандарды алып тастауы керек. Отырықшыланатын шаруашылықтың санын қайта топтастыру қарастырылған болатын. Атап айтқанда Ақтөбе округінде 10 415 шаруашылықтың орнына 11 356 шаруашылық, Петропавлда 19 мыңның орнына 22 мың, Семейде 6 473 шаруашылықтың орнына 4382, Қарқаралыда 2500 шаруашылықтың орнына 300 шаруашылық, Қостанайда 21350 шаруашылықтың орнына 13000 болуы тиіс еді. Бұл жағдай аудандардың механикалық түрде жоспарланғанын көрсетеді. Жер ісі халық комиссариатының тарапынан отырықшыландыру сияқты үлкен саяси іс-шараға қатысты қылмыстық немқұрайлылық пен салғырттыққа жол бергендігі үшін айыптау қажет, ал Отырықшыландыру жөніндегі комитет орын алған кемшілік жайында өтірік ақпарат берді» (ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 393-іс. 49–52-п.).

Аталған есепте мекемелер мен ұйымдардың да жұмысына сын айтылған. Коопхлебсоюз ұйымы көлікпен жабдықтауға 3 120 мың сом жоспарласа, Жер ісі халық комиссариатының Машиналандыру бөлімі оны 4 197 мың сомға жобалайды, Крайколхозсоюз өзінің операциялық қаржылық жоспарымен бұл соманы 4 569 мың сомға көтереді. Отырықшыланатын шаруашылықтарды көлікпен нақты жабдықтауды жоғарыда аталған үш мекеменің бірі де білмейді.

Агроқызмет көрсету мәселелерінде Жер ісі халық комиссариаты өз жоспарында 1860 шаруашылыққа бір агроном мен 2 көмекшіге қызмет көрсету есебіне сүйене отырып, отырықшылану аудандары үшін 144 бірлік агроқұрылымды жоспарлайды Коопхлебсоюз бір агроном мен 4 агротехниктің 15 мың гектарға қызмет көрсетуіне сүйене отырып, 63 бірлік белгілейді. Колхоз одағының жоспары бойынша отырықшыландыру аудандары әр пунктке бірлік есебінен 98 агро персоналды қажет етеді. Комитеттің өндірістік жоспарына келетін болсақ, ол отырықшылану аудандарының әрқайсысына 3 бірлік, барлығы 75 бірлік жеткілікті деп санайды.

Отырықшыландыру жұмысымен айналысатын мекемелерде мал қораларын салу үшін қажетті қаржыландыруға байланысты әр түрлі мәліметтер береді. Жер ісі халық комиссариаты – 4 792, 4 мың сом Өлкелік колхоз одағы (Крайколхозсоюз) – 4.439, 8 мың сом, Отырықшыландыру комитеті бұл құрылыстың құнын 2 782 0 мың сом деп белгілейді. Тұрғын үй құрылысына Халық Комиссариаты 12 660 сом, Өлкелік колхоз одағы 9 928 сомды жеткілікті деп санайды. Мұндай алшақтық операциялық-өндірістік жоспардың барлық басқа бөлімдерінде де бар. Бұл жағдайды отырықшыландыру мәселесіне мүлдем қылмыстық көзқарас деп санау керек. Нәтижесінде қазақ халқын отырықшыландыру жұмыстарының жеткілікті деңгейде жүргізілуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Ведомстволарды жоспарлаудағы келіспеушіліктер мен түсінбеушіліктер туралы Отырықшыландыру комитеті білмеді және көрмеді деп нақты айту керек, ал жекелеген ведомстволардың жұмыс жоспары түріндегі ұсынылған материалдары қазынашылық бойынша мөр басылады және нәтижесінде барлық ведомстволар желісі бойынша нақты немесе болжалды практикалық нұсқалардың жоқтығын айтпағанда, жергілікті жерлерде әртүрлі сандар пайда болады осы іс-шараларды өткізу жолдары туралы нұсқаулар түрленіп беріледі».

Күсепқалиевтің жасаған баяндау жазбасы көптеген кемшіліктердің бетін ашып көрсетеді. Жан-жақты талдау жасалған құжатта Отырықшыландыру комитетінің икемді басшылығының, ведомстволық органдармен байланыстың болмауы нәтижесінде кім не істеп жатқаны, не істегені және не істеу керектігі белгісіз деп көрсетеді. Мекемелердің барлығы отырықшыландыру мәселелерімен айналысқанымен ешнәрсе жасалмаған. Неліктен мұндай позиция құрылды? деп сұрақ қоя отырып, Отырықшыландыру комитеті өз ісімен айналыспайтындықтан, жедел органға және жоспарлаушы және директивалық органға айналды, ведомстволар мен нақты іске жауапты адамдар белгісіз болғандықтан көптеген қарарлар мен шешімдер уақытында жүзеге асырылмайтын болды.

«Артта қалған» көшпелі қазақ шаруашылығын қайта құрудың жоспарлы процесі ретінде отырықшыландыру жұмысы жерге орналастыру, машинамен жабдықтау, тұрғын үй құрылысы, мал қоралары мен ауыл шаруашылығы құрылыстарын салу, мелиоративтік-жол құрылысы, агрономиялық, зоотехникалық, ветеринариялық, мәдени-ағартушылық, медициналық-санитариялық және т. б. қызмет көрсету сияқты бірқатар іс-шаралар кешенімен тығыз байланысты. Бірақ осы

уақытқа дейін бұл ұстаным ешкімнің қаперіне кіріп шықпайды, барлық отырықшыландыру жұмыстары жүзеге асырылмай қалу қаупінде екендігін айтып дабыл қағады.

Ауыл шаруашылық тобының инспекторы Күсепқалиевтың дайындаған баяндау жазбасынан өңірлерде жүргізілген жұмыстардың мардымсыз, нақты жоспарсыз, қорытындылаушы есепсіз жүргізілгендігі анықталып отыр. Асығыс жасалған жүйесіз жүргізілген іс-шаралар кешені жергілікті тұрғындардың талайсыз тағдырына себепші болды (ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 393-іс. 49–52-п.)

Тексеру цифрларына түсіндірме ескертуде 1931 жылы елді мекендерде тұтыну кооперациясының дамуына қатысты мынадай жоспарлар жасалған. КАССР халық шаруашылығының бесжылдық жоспарында 576 мың шаруашылықтың жалпы санының 384 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты отырықшы өмірге көшіру көзделген. Сонымен бірге отырықшы өмірге көшкен кезде жаңа қоныстардың қалыптасуымен толық ұжымдастыру болжанады (ҚР ОМА. 44-қ. 11-т. 451-іс. 2–5-п.).

ХКК жанындағы Отырықшыландыру комитеті төрағасының орынбасары Н. Сырғабеков пен жауапты орындаушы Семерскийдің ХКК төрағасы О. Исаевтың атына жолдаған есебінде отырықшыландыруға қатысты жұмыстарда орын алған кемшіліктер талданып, тиісті шара қолдануды сұрайды. «Отырықшы қазақ халқын өнеркәсіпке, көлікке және совхоз құрылысына тарту жұмыстарын жер-жерде іс жүзіне асыруды нақтылау үшін Отырықшыландыру комитеті Орталық Халық шаруашылығы кеңесінен, Түрксіб басқармасынан және совхоз жүйелерінің өлкелік кеңселерінен отырықшыландыру жоспарларының орындалуы туралы ақпарат алу үшін мәліметтер сұратты. Комитетке келіп түскен материалдар бұл ұйымдардың барлығында отырықшыландыру мәселесіне аса мән берілмейтінін көрсетеді, өйткені олардың ешбірі жергілікті жерлерде отырықшыландыру жұмысының барысы туралы нақты ешнәрсе білмейді». Отырықшыландыру жөніндегі жұмыстарға салғырттықпен қарау және тәжірибеде саяси маңызға ие болатын жұмысқа мән бермеу элементтерін көрсету деп есептей отырып, басшыларға жаза қолданып, қажетті қорытынды жасауды сұрайды (ҚР ОМА.1179-қ. 1-т. 2-іс. 60-п.).

1930 жылғы 10 тамыздағы Қазақ АКСР МСББ (ОГПУ) Уәкілетті Өкілдігінің БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Жұмысшы-бақылау инспекциясы Халық комиссариатының атына жолдаған Қарқаралы округіндегі отырықшыландыру жөніндегі жұмыстардағы кемшіліктер туралы аса құпия түрде жолдаған мәліметінде төмендегідей деректер келтіріледі. «Қарқаралы ауданына отырықшыландыру жұмыстары барысында ақпарат ретінде бірқатар келеңсіз фактілер тіркелді. Округтік ұйымдарда отырықшыландыруға дайындық жұмыстары жүргізілмегені айтылды. Отырықшыландыру учаскелері мәселесі пысықталмаған, нәтижесінде таңдап алынған отырықшыландыру орындары сараптамасыз қалды. Өткен жылы Шұбартау ауданында, Бақанастағы 1500 гектар аумақта мелиоративтік жұмыстар жүргізілді. Суару құрылыстары әлі күнге дейін пайдаланылмайды және отырықшыландыру орындарының мәселесін пысықтау кезінде ескерілмейді. Отырықшыландыру жоспарланған бірқатар жерлерде құрылыс материалдары, жұмыс күші, азық-түлік жетіспеуінен құрылыс жұмыстары тоқтап тұр. Жерді қалпына келтіру жұмыстары бұзылуда. Оның басты себептерінің бірі – Округтік жер басқармасының жер-жердегі материалдық базасы мен алғышарттарын іздеп таппауынан туындап отыр. Балқаш және Берқара [Берікқара] аудандарында 11 мал шаруашылығы фермасының, 2 астық сақтау қоймасының, 2 машина сарайының, 2 ұстахананың және 1 ауыл шаруашылығы орталығының құрылыс жұмыстары жоспардағыдан алшақтап отыр. Дайындық-түсіндіру жұмыстары жүргізілмегендіктен тұрғындар отырықшыландыруға дайын емес. Егістік немесе шабындық жерлер қарастырылмаған; Балқаш ауданы № 8 ауылда бай туыстардың ықпалымен 108 колхозшы шабындық пен егістік жердің жоқтығын айтып, отырықшыландырудан бас тартты. Халыққа теріс ықпал жасағандарды оқшаулағаннан кейін колхоз отырықшы өмір салтына көшу туралы қаулы шығарды. Берқара [Берікқара] ауданында тұрғындардың отырықшылыққа көшу үрдісінің ауыртпалығы байқалады. Түрлі ауылдарда отырықшылыққа көшуге ниет білдірген 973 шаруашылық бар» деп көрсетілді (Саяси қуғын-сүргін, 2022: 166).

Ресейдегі деревняның кеңестік бағытта қалыптастырылуы жайында жазылған құжаттар жинағында көрсетілген жәйттер де қазақ даласында жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың ұқсастығын, бір бағытта жүргізілгендігін көрсетеді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру КСРО тарихындағы маңызды оқиға ретінде қарастырылды. Коммунистік партияның тарапынан бұл кең көлемдегі әлеуметтік инженерияның алғашқы талпынысы және сталиндік жаппай террордың басы болып табылды. Ұжымдастыру дәстүрлі шаруа общинасын және шаруа

автономиясының басқа институттарын бұзып оның орнына түрі жағынан ғана социалистік, аграрлық өндірістің мәжбүрлі құрылымын орнатты. Жаңа колхоз жүйесі мемлекетке шаруаларды ауыл шаруашылық өнімдерін міндетті түрде өткізу түріндегі салық салуға және селодағы бюрократиялық үстемдікке негіз салды (Трагедия советской деревни, 1999: 7).

А. Жаманқұловтың еңбегінде көрсетілген Жер ісі жөніндегі Халық комиссариатының 1937 жылы жасаған кестесі отырықшылықтың 1930–1936 жылдары жүргізілгені жайында, аудандар бойынша нақты саны туралы мәлімет береді. Бұл кестеде отырықшылыққа көшкен шаруашылықтардың саны, көшпелі, дақылды, мақта, қызылша шаруашылықтарының әр жылдардағы саны көрсетілген.

№ 1 кесте. Жер ісі жөніндегі Халық комиссариатының отырықшылықландыру барысы туралы 1937 жылы жасаған кестесі

Table number 1. On the progress of settlement of the people's Commissariat for land affairs Table made in 1937

Жылдар	Отырықшылыққа көшкен шаруашылықтардың саны	Аудандар бойынша			
		Көшпелі	Дақылды	Мақта шаруашылығы	Қызылша шаруашылығы
1930	77,4	1,0	76,4	–	–
1931	57,5	22,5	31,8	1,5	1,7
1932	47,7	8,7	34,5	2,0	1,0
1933	11,3	21,0	85,3	4,0	1,0
1934	31,9	5,4	21,4	3,2	1,9
1935	6,0	2,7	-	1,9	1,4
1936	6,9	1,6	1,4	35,	0,4
Барлығы	378,7	62,9	250,8	16,1	8,9

Зерттеуші одан басқа «отырықшылыққа көшпеген 41 мың көшпелі шаруашылық қалған. 1930-жылдардың ортасында көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың отырықшылануы аяқталған жоқ. Ол екінші бесжылдықтың соңына дейін жалғасты» деп атап өтеді (Жаманқұлов, 1969: 6).

Қазақ АКСР ХКК жанынан құрылған Отырықшыландыру жөніндегі республикалық комитет өлке бойынша отырықшылыққа көшірілетін шаруашылықтар контингенті мен аудандарын айқындап, сол аудандарда жүргізілетін құрылыс жұмыстарына басшылық ету және жоспарланған қожалықтарды өнеркәсіп органдарына тарту жүктелді. Республикалық комитеттің жоспары бойынша отырықшыландыру жүргізілетін 34 ауданның 7-і батыс аймақтардан қамтылуы тиіс болды. 1930 жылға жобаланған 84 300 көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 9877-і Ақтөбе округінде, 1000-ы Гурьев округінде орналастырылуы тиіс болды. Биліктің жоспарсыз, алдын-ала зерделеусіз жүзеге асырған науқанның асығыстығы мен шалағайлығы, бөлінген қаржының мардымсыздығы да аталған науқанның нәтижесіз аяқталуына әкеп соқтырды. Жоғары билік өкілдері мен жергілікті тұрғындар арасындағы қақтығыстар, директивалық нұсқаулардың өңірлерге кеш жеткізілуі, отырықшылануы тиіс шаруашылықтардың нақты есебінің болмауы жайындағы архив деректері кеңінен талданады (Таңатарова, 1999: 32).

Отырықшылыққа көшіру барысындағы кемшіліктерді кеңестік кезеңде атап өткен еңбектер де кездесті. «Отырықшылыққа көшкен шаруаларды ұжымдастыру үшін олардың тұрақты жем-шөп базасы, өздерін астықпен қамтитындай егістіктері болуы керек еді: осы шараларды жүзеге асырғанда ғана көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда мал шаруашылығын социалистік жолмен ілгері бастыру мүмкін еді. Отырықшыландыру ауылды әлеуметтік және техника жағынан жаңа жолға түсіріп, қайта құратын жұмыс еді» (Юсупов, 1957: 5).

Отырықшыландыру мен байларды тәркілеу мәселелері жөнінде партия-кеңес қайраткерлері өз пікірлерін білдіріп жатты. О. Исаев, Ұ. Құлымбетов, Е. Ерназаров және т. б. жиындарда, мәжілістерде баяндама ретінде, жарыссөздерге шығып сөйлеу, мерзімді баспасөз беттерінде жариялау арқылы білдірген пікірлері сарапталды. Шаруаларды отырықшылыққа көшіру жұмысы әлі қағаз жүзінде тұрған кезінде-ақ дәстүрлі ата салтын бұзбауды, егіншілік пен мал шаруашылығын қатар алып

жүруді ұсынғандар болғандығы белгілі. Қазақ ОАК 5-шақырылымының 3-сессиясының 1926 жылғы 5 желтоқсанда өткен кешкі мәжілісінде Н. Нұрмақовтың баяндамасы бойынша сөйлеген сөзінде С. Меңдешев ауылдағы шаруаларға салынатын салық жөнінде айта келе «мал шаруашылығына баса назар аудару негізсіз, егістік пен өндірісті дамытпай кеңестік халық шаруашылығын дамыту мүмкін еместігіне» назар аудартады. Тікелей экспроприацияға баруға әлі ерте екендігін алға тартты, салық салу жолының дұрыс жүргізілмеуі де қателіктерге соқтыратынын көрсетті. Байларды тәркілеу науқанының алдында сөйлеген сөзінде кеңес қайраткері халықтың негізгі күнкөрісіне айналған дәстүрлі шаруашылығын бұзбай, оларды шаруашылық түрлеріне біріктіруді ұсынды (Сейітқали Меңдешев, 2021: 370, 371).

Ресейлік зерттеуші А. Козлов «Қазақ даласында орын алған қасірет көп жағдайда өлкенің егіншілікпен айналысатын аймақтарына байырғы ұлтты топтастыруды көздеген, ойластырылмаған отырықшыландыру саясатының салдары болды» деп қорытындылайды. «1920-жылдардың басынан бастап республика басшылығының дәйекті түрде жүргізген отырықшыландыру саясаты, жер қорын титулдық ұлт пайдасына қайта бөлу деген желеумен 1929 жылы жаппай ұжымдастыруға көшумен ол күштеп жүзеге асырыла бастады» деп отырықшыландыру науқанына басқа қырынан баға беруге тырысады. «Ал егер орталық басшылық жағдайға араласпаса, «Қазақстан трагедиясы» бұдан да ауыр болып, оның салдары орны толмас қасіретке алып келуі мүмкін еді» деп атап өтеді (Козлов: 2015).

Осылайша отырықшыландыру идеологиясы большевиктердің басшылығымен қазақтардың дәстүрлі шаруашылық-әлеуметтік тәжірибесін толығымен өзгерту жолымен тығыз байланысты жүргізілді. Қазақ «шаруашылығының» прогрессивті дамуы мал шаруашылығынан егіншілікке немесе әкімшілік бағытталған стационарлық мал шаруашылығына көшуді, сондай-ақ рулық құрылымдардың дәстүрін жоюды ұсынды.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған алғашқы кезеңдерде жүргізілген ғылыми-зерттеулерде отырықшылық қалыпқа түсіру мәселесі жан-жақты сараланды. Шетелдік, отандық зерттеушілер аталған кезеңдегі әлеуметтік, экономикалық, саяси салдарын зерделеуге назар аударды. Зерттеуші Б. Ахметтің пікірінше: «Отырықшыландыру, ең алдымен, қазақтардың көпшілігін жаңа мал шаруашылығы колхоздарына біріктіруді білдіреді, ол үшін ғылыми-техникалық қызметкерлер «социалистік мал шаруашылығы-жайылымдық мал шаруашылығы» деп аталатын будандастыру түрін – теориялық тұрғыдан табын болатын шаруашылық түрін ойлап тапты. Жайылымға шыққан мал соңынан кәсіпқой бақташылар ілесіп жүреді. Ал елді мекеннің қалған тұрғындары өз мекен-жайларында, орнында қалып, шаруашылықтың басқа түрлерімен айналысады. Қоғамдық тепе-теңдікті түбегейлі бұзылды. Рулық топтарды көрсетілген аумақтарға көшіру, ата дәстүрдің сақталуы, ұрпақтар сабақтастығы мен ұлт зердесіне кері әсерін тигізді. Күштеп отырықшыландыру қазақ қоғамы үшін түбегейлі бетбұрыс және белгілі бір дәрежеде мәжбүрлі декультурация болды». Ол қазақтардың көшпелі өмірмен қоштасуына өкініш білдірудің қажеті бар ма деген сауалға жауап іздейді. Көшпеліліктен отырықшылыққа көшу әлемдік өркениеттің бір қырына қол жеткізу екендігін атап өтеді (Ахмет, 2018).

Шетелдік зерттеуші Р. Киндлер қазақ даласындағы отырықшыландыру үдерісін Сталиннің «жоғарыдан жүргізген революциясы» деп атап, толық отырықшылыққа көшу 1935 жылы аяқталды деп көрсетеді. Зерттеуші Ресей, Қазақстан архивтерінің дереккөздері мен жарияланған әдебиеттердегі мәліметтерге сүйене отырып, халықтың жаппай ашаршылыққа ұшырауы отырықшылыққа көшуді жеделдеткендігін атайды. Қолындағы малынан айырылған халық бір жерге тұрақтап отырықшылыққа көшуге мәжбүр болды деп көрсетеді (Киндлер, 2017).

Отырықшыландыру жұмысына баға берілген зерттеу еңбектердің бірінде «Қалай болғанда да, отырықшыландыру ісін біртіндеп, орындалып жатқан шаралар негізінде құрбандықсыз іске асыруға болатын еді. Алайда бұған мүмкіншілік болған жоқ. Себебі индустрияландыру жоспарын орындау шараларына байланысты шұғыл түрде іске асырыла бастаған ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру науқаны бұл эволюциялық жолды бұзып жіберді. Отырықшыландыру жұмысы шаруаларды жаппай ұжымдастырудың құрамдас бөлігіне айналып, сол негізде іске асырыла бастады» деген қорытындымен келісу қажет (Махмұтов, 2008).

Қорытындылар. Отырықшыландыру үдерісінің басталуы 1930 жылы ресми түрде биліктің заңды актісімен белгіленді. Ресми деректер көрсеткендей бұл үдеріс толығымен 1937 жылы аяқталды деген қорытынды жасалды.

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ бұқаралық ақпарат құралдары науқанның барлығы Коммунистік партияның басшылығымен жүзеге асырылып жатқандығын баяндады.

ҚР Президентінің Архиві мен ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі кеңестік билік кезең құжаттары науқанның асығыс жүргізілгендігін, жергілікті жерлерге нұсқаулықтар мен ережелердің, бұйрықтар мен өкімдердің кеш жеткізілуінен уақытында орындалмағандығын көрсетті. 1930 жылы қаңтарда жарияланған үкімет қаулысы жергілікті жерлерге түсіндіріліп, жетемін дегенше көктемгі егіс жұмысының уақыты өтіп кетті. Жаздың ортасында бір ауылға қаз-қатар тізілген киіз үйлер қалашығына жинақталған халық егістік жұмысынан кеш қалды. Үкімет бөлген қаржының игерілмеуі, мал қоралар мен машина-мотор станцияларының салынбауы да бұл жұмыстың есепсіз, жоспарсыз жасалғанын көрсетті.

Қазақстанда XX ғасырдың 30-жылдары жүргізілген отырықшыландыру науқаны Кіші Қазан революциясының құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік трагедия деп қарастырылуы тиіс.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві.

ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві.

Әдебиеттер

Ахмет, 2018 – Ахмет Б. Пинком – в цивилизацию. Стоит ли сожалеть об уходе казахов от кочевой жизни? 25 августа 2018 г. URL: Новости Центральной Азии на Camonitor.kz. (дата обращения 1 февраля 2025 г.).

Бадмаева, 2023 – Бадмаева Е. Животноводство Калмыкии в природно-климатических условиях региона и переход на оседлость кочевого населения в 1930-е гг. 2023 URL: <https://www.nomadic-kalmsu.ru/jour/article/download/95/106>. (қаралған уақыты 30 қаңтар 2025 ж.).

Ерназаров, 1931 – Ерназаров Е. Оседание казакского трудящегося кочевого и полукочевого населения (доклад на VIII Всеказакском съезде Советов. Москва-Алма-Ата: ОГИЗ, 1931. 32 с.

Жаманкулов, 1969 – Жаманкулов А. Опыт перехода казахских шаруа к оседлости (1917–1937 гг.): Автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алма-Ата, 1969. 32 с.

Киндлер, 2017 – Киндлер Р. Сталинские кочевники: Власть и голод в Казахстане. Пер. с нем. Л.Ю. Пантиной. М. Политическая энциклопедия, 2017. 382 с. (История сталинизма) URL: <https://e-history.kz/media/upload/7405/2018/02/22/.pdf> (дата обращения 1 февраля 2025 г.).

Козлов, 2015 – Козлов А.П. Проблемы седентаризации казахского аула в аграрной политике советской власти 1920–1930-х гг. URL: https://www.gramota.net/article/hss_20151223/pdf. (дата обращения 1 февраля 2025 г.).

Махмұтов, 2008 – Махмұтов С.Қ. Қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекет саясаты (XX ғ. 20–30-шы жж.) 07.00.02 – Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы): Тар. ғыл. канд. дисс. ... автореф. Алматы, 2008. 16 б. URL: https://IE.kz/?page_id=419 (қаралған уақыты 26 қараша 2024 ж.).

Огайон, 2009: – Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.). Пер. с франц. А.Т. Ракишева, Сост. Б.М. Сужиков. Алматы: Санат, 2009. 368 с.

Сахаров, 1934 – Сахаров М. Оседание кочевых и полукочевых хозяйств Киргизии. М.: Центральное бюро Краеведения, 1934. 220 с.

Саяси қуғын-сүргін, 2022 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 13: Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим кампаниям. Сборник документов и материалов. Составители тома: Е.А. Әбіл, С.А. Жакишева, М.М. Козыбаева, А.М. Смағұлова. Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 296 с.

Сейітқали Меңдешев, 2021 – Сейітқали Меңдешев: құжаттары мен материалдар жинағы – Сейітқали Меңдешев: сборник документов и материалов. Құраст. автор: С.Қ. Шілдебай: Құраст.: А.Б. Ордаханова. Алматы: Полиграфия-сервис и К, 2021. 590 б.

Смағұлова, 2011 – Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20–30 жж.). Алматы: Елтаным баспасы, 2011. 432 б.

«Совершенно секретно ...», 2021 – «Совершенно секретно»: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сб. док. Т.1. Под общ. ред. К.Е. Кушербаева. Нур-Султан, 2021. 622 с.

Таңатарова, 1999 – Таңатарова Ж.Т. Қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және босқындарды шаруашылықтық орналастыру (Батыс Қазақстан және оған көрші аймақтардың материалдары негізінде (1930–1937 жж.): Тар. ғыл. канд. дисс. ... автореф. Алматы, 1999. 32 б.

Трагедия казахского аула, 2013 – Трагедия казахского аула. 1928–1934: сборник документов. Сост. А.С. Зулкашева (ответств.), Г.Т. Исахан, Г.М. Каратаева. Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928 – апрель 1929. 744 с.

Трагедия советской деревни, 1999 – Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927–1939. Документы и материалы. В 5-ти тт. Т.1. Май 1927 – ноябрь 1929. Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН), 1999. 880 с.

Юсупов, 1957 – Юсупов Ш. Көшпелі қазақ шаруашылығын отырықшыландыру (1930–1934 жж.). Алматы: 1957. 260 с.

Sources

KR OMA – Қазақстан Respublikasy Ortalyk Memlekettik arhivi [Central state archive of the Republic of Kazakhstan]

KR PA – Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң Arhivi [President of the Republic of Kazakhstan]

References

Akhmet, 2018 – *Akhmet B. Pinkom – v tsivilizatsiyu. Stoit li sozhalet' ob ukhode kazakhov ot kochevoi zhizni?* [Kick – into civilization. Is it worth regretting the Kazakhs' departure from nomadic life?]. *Novosti Tsentral'noi Azii na Camonitor.kz*. 25 avgusta 2018 g. (accessed February 1, 2025). (In Rus.)

Badmaeva, 2023 – *Badmaeva E. Zhivotnovodstvo Kalmykii v prirodno-klimaticheskikh usloviyakh regiona i perekhod na osedlost' kochevogo naseleniya v 1930-e gg.* [Livestock breeding in Kalmykia in the natural and climatic conditions of the region and the transition to the settlement of the nomadic population in the 1930 s.]. 2023. URL: <https://www.nomadic-kalmsu.ru/jour/article/download/95/106>. Qaralğan uaqyty 30 qantar 2025 zh. (accessed January 30, 2025) (In Rus.)

Ernazarov, 1931 – *Ernazarov E. – Osedanie kazakskogo trudyashchegosya kochevogo i polukochevogo naseleniya (doklad na VIII Vsekazakskom s"ezde Sovetov* [The settling of the Cossack nomadic and semi-nomadic working population (report at the VIII All-Kazakh Congress of Soviets]. Moskva-Alma-Ata: OGIZ, 1931. 32 p. (In Rus.)

Zhamankulov, 1969 – *Zhamankulov A. Opyt perekhoda kazakhskikh sharua k osedlosti (1917–1937 gg.)* [The experience of the transition of the Kazakh Sharua to settlement (1917–1937)]: abstract for the degree of Candidate of Historical Sciences. Alma-Ata, 1969. 32 p. (In Rus.)

Kindler, 2017 – *Kindler R. Stalinskie kochevniki: Vlast' i golod v Kazakhstane* [Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan]. Per. s nem. L. Yu. Pantinoi. Moscow: Political Encyclopedia, 2017. 382 p. URL: <https://e-history.kz/media/upload/7405/2018/02/22/4cb4dd249218e3b37685d64a12cd8d99.pdf> (accessed: February 1, 2025). (In Rus.)

Kozlov, 2015 – *Kozlov A.P. Problemy sedentarizatsii kazakhskogo aula v agrarnoi politike sovetskoi vlasti 1920–1930-kh gg.* [Problems of sedentarization of the Kazakh village in the agrarian policy of the Soviet government in the 1920s and 1930 s.]. URL: <https://www.gramota.net/article/hss20151223/pdf>. (accessed: February 1, 2025). (In Rus.)

Makhmutov, 2008 – *Makhmutov S. Q. Qazaq sharualaryn otyryqshylyqqa koshirudegi memleket sayasaty (XX g. 20-30-shy zhzh.)* [State policy in the resettlement of Kazakh peasants (20–30s XX century.)). 07.00.02 – abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of Historical Sciences in the history of the Fatherland (history of the Republic of Kazakhstan). Almaty, 2008. 16 p. URL: https://iie.kz/?page_id=419 (accessed: February 1, 2025). (In Rus.)

Ogayon, 2009: – *Ogayon I. Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928–1945)* [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928–1945)]. Translated from French by A.T. Rakishev, Comp. by B.M. Uzhikov. Almaty: Sanat, 2009. 368 p. (In Rus.)

Sakharov, 1934 – *Sakharov M. Osedanie kochevykh i polukochevykh khozyaistv Kirgizii.* [Settling of nomadic and semi-nomadic farms in Kyrgyzstan]. M.: Tsentral'noe byuro Kraevedeniya, 1934. 220 p. (In Rus.)

Seitkali Mendeshev, 2021 – *Seitqali Mendeshev: quzhattary men materialdar zhinagy – Seitkali Mendeshev: sbornik dokumentov i materialov* [Seitkali Mendeshev: collection of documents and materials Seitkali Mendeshev: sbornik documents and materials]. Qurast.: A.B. Ordakhanova. Comp. Author: S. K. Shildebay: Comp.: A.B. Ordakhanova. Almaty: Polygraphy-service and K, 2021. 590 p. (In kaz., rus.)

Smagulova, 2011 – *Smagulova S. Qazaq merzimdi baspasozı: shygu tarikhy men derektik manyzy (XX g. 20– 30 zhzh.)*. [Kazakh Periodical Press: history of origin and historical significance (20–30 XX centuries.)). Almaty: Eltanym publishing house, 2011. 432 p. (In Kaz.)

«Sovershenno sekretno»..., 2021 – *«Sovershenno sekretno»: rassekrechennyye normativnye pravovyye akty i dokumenty* [«Top secret»: declassified regulatory legal acts and documents. Collection of documents]. Sb. dok. T.1. /Pod obshch. red. K.E. Kuserbaeva. Nur-Sultan, 2021. 622 p. (In Rus.)

Sayasi qugyn-surgin..., 2022 – *Sayasi qugyn-surgin qurbandaryn tolyq aqtau zhonindegi Memlekettik komissiyany materialdary (XX gasyrdyn 20 – 50 zhyldary) = Materialy Gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhtv politicheskikh repressii (20–50 gody KhKh veka)* [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20 – 50 years of the XX century)]. T. 13: Gosudarstvennye akty i dokumenty po nasil'stvennoi kollektivizatsii, prinuditel'nomu osedaniyu, zagotovitel'nyim i drugim politicheskim

kampaniyam. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli toma: E.A. Abil, S.A. Zhakisheva, M.M. Kozybaeva, A.M. Smagulova. Pod obshch. red. E.T. Karina. Astana, 2022. 296 p. (In Rus.).

Tanatarova, 1999 – *Tanatarova Zh.T.* Qazaq sharualaryn zorlap otyryqshylandyru zhane bosqyndardy sharuashylyqtyq ornalastyru (Batys Qazaqstan zhane ogan korshi aimaqtardyn materialdary negizinde (1930–1937 zhzh.) [Rape resettlement of Kazakh peasants and economic resettlement of refugees (based on materials from western Kazakhstan and neighboring regions (1930–1937).)]. Abstract of the dissertation prepared for the degree of candidate of historical sciences. Almaty, 1999. 32 p. (In Kaz.).

Tragediya kazakhskogo ayla, 2013 – *Tragediya kazakhskogo ayla*. 1928–1934: sbornik dokumentov /sost. A.S. Zulkasheva (otvetstv.), G.T. Isakhan, G.M. Karataeva. [The tragedy of the Kazakh village. 1928-1934: collection of documents] Almaty: Raritet, 2013. T.1. 1928 – aprel' 1929. 744 p. (In Rus.).

Tragediya sovetskoi derevni, 1999 – *Tragediya sovetskoi derevni*. Kollektivizatsiya i raskulachivanie. 1927–1939. Dokumenty i materialy [The tragedy of the Soviet village. Collectivization and dispossession. 1927–1939. Documents and materials]. V 5-ti tt. T.1. Mai 1927 – noyabr' 1929. Pod red. V. Danilova, R. Manning, L. Violy. M.: Rossiiskaya politicheskaya entsiklopediya (ROSSPEN), 1999. 880 p. (In Rus.).

Yusupov, 1957 – *Yusupov Sh.* Koshpeli qazaq sharuashylygyn otyryqshylandyru (1930–1934 zhzh.) [Settlement of nomadic Kazakh economy (1930–1934)]. Almaty: 1957. 260 p. (In Kaz.).



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 105–123
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_105-123

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА АЛМАТЫ В 1854-1939 гг.

Гульнар Алимбековна Омарова^{1*}, Алтын Слямкайдаровна Уалтаева², Маргулан Аида Сериковна³

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Магистр гуманитарных наук, научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-0583-1113> E-mail: Gulnara_78@mail.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD-докторант, научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099> E-mail: aida.1@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., 2025

Аннотация. Введение. В статье рассмотрены социально-демографические процессы, происходившие в городе Алматы с конца XIX - начала XX веков. Проанализированы исторические этапы становления города от крепости Верный до конца 30-х годов XX века. **Цель и задачи исследования.** Основной целью статьи является исследование динамики демографического состояния городского населения по данным переписей населения 1897, 1926 и 1939 годов. **Материалы и методы.** Авторы руководствовались принципом историзма, а также основами теории познания. Методолого-теоретической основой исследования стало выявление диалектических закономерностей историко-демографического развития. В исследовании применены методы статистического анализа, сравнения, обобщения, системный подходы и др. **Результаты.** По хронологическому и тематическому принципам рассмотрено три периода. Первый берет свое начало от основания крепости Верный (1854 г.) до Первой Всероссийской переписи населения 1897 года. Второй охватывает тяжелое в социальном плане время до Всесоюзной переписи населения 1926 года. Третий затрагивает межпереписной промежуток с 1926 года по 1939 год. В этот момент город Алма-Ата приобретает первые очертания будущей столицы Казахстана. **Выводы.** В результате исследования была прослежена динамика роста населения города Алматы. На численность жителей города повлиял перенос столицы, который произошел вследствие в первую очередь политических факторов и

состоялся несмотря на отдаленность от других жизненно важных центров республики, частые землетрясения и селевые потоки, неопределенность промышленного профиля города, на тот момент труднодоступность железнодорожных путей, и др. Как и другие города республики Алматы несколько раз пережил демографическую катастрофу. Город был вовлечен во все государственно-политические преобразования в 20-30х годах XX века. Такие как индустриализация, коллективизация, НЭП, ликвидация безграмотности. Факторами, сказавшимися на городе в начале века, стали рост профессиональных навыков и социокультурного уровня населения за счет открытия новых рабочих мест путем строительства фабрик легкой и пищевой промышленности, общеобразовательных и культурных учреждений и др.

Ключевые слова: Верный, Алма-Ата, Алматы, город, демография, перепись, миграция, национальный состав.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках проекта ИРН AP19678056 «Города Казахстана в 20-30-х гг. XX века как социокультурный феномен: этно-демографическое и социально-культурное развитие».

Для цитирования. Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Маргулан А.С. Демографическое и социокультурное развитие города Алматы в 1854-1939 гг. // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 105-123. (на русс.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_105-123

1854-1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУЫ

Омарова Гүлнар Әлімбекқызы^{*1}, Уалтаева Алтын Слямкайдаровна², Марғұлан Аида Серікқызы³

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Магистр, ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-0583-1113>. E-mail: Gulnara_78@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты (28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

PhD-докторант, ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>. E-mail: aida.1@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Марғұлан А.С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада Алматы қаласы халқының XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы әлеуметтік-демографиялық дамуы қарастырылады. Қала тарихының Верный бекінісінен бастап XX ғ. 30-жылдарының соңына дейінгі қалыптасу кезеңдері талданады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Мақаланың негізгі мақсаты 1897, 1926 және 1939 жылдардағы халық санағы мәліметтеріне сүйене отырып, қала халқының демографиялық ахуалын зерттеу. *Материалдар мен әдістер.* Авторлар тарихи, сонымен қатар танымдық теория негіздерін басшылыққа алды. Зерттеудің әдістемелік-теориялық негіздері тарихи-демографиялық дамудың диалектикалық заңдылықтарын анықтауға негізделген. Зерттеу барысында статистикалық талдау, салыстыру, қорыту, жүйелік тәсіл сынды әдістер қолданылды. *Нәтижелер.* Хронологиялық және тақырыптық принциптерге сүйене отырып, зерттеу үш кезеңге бөлінді. Бірінші кезең – Верный бекінісінің негізі қаланған (1854 ж.) уақыттан бастап 1897 жылғы Бірінші Бүкілресейлік халық санағына дейінгі аралық. Екінші кезең – 1926 жылғы КСРО халық санағына дейінгі күрделі әлеуметтік кезеңді қамтиды. Үшінші кезең –

1926 жылдан 1939 жылға дейінгі аралықты қарастырады. Осы кезде Алматы қаласы еліміздің болашақ астанасы болып қалыптасты. *Қорытынды.* Зерттеу нәтижесінде Алматы қаласы халқының өсу динамикасы байқалды. Қала тұрғындарының санына бірінші кезекте, саяси факторлардың салдарынан орын алған, республиканың басқа маңызды орталықтарынан қашық орналасуы, жиі болатын жер сілкіністері мен сел тасқындарына, өнеркәсіп және теміржол қатынасының нашар болуына қарамастан астананың көшуі әсер етті. Алматы да өзге қалалар сияқты бірнеше демографиялық дағдарысты бастан өткерді. Қала XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы барлық ірі мемлекеттік-саяси индустрияландыру, ұжымдастыру, жаңа экономикалық саясат (ЖЭС), сауатсыздықты жою сынды өзгерістерді бастан кешірді. Алматының дамуына халықтың кәсіби біліктілігінің артуы мен әлеуметтік-мәдени деңгейінің көтерілуіне, жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының ашылуы, білім беру және мәдениет мекемелерінің салынуы нәтижесінде жаңа жұмыс орындарының пайда болуы айтарлықтай ықпал етті.

Түйін сөздер: Верный, Алма-Ата, Алматы, қала, демография, санақ, көші-қон, ұлттық құрам.

Алғыс. Ғылыми мақала «XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстан қалалары әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде: этно-демографиялық және әлеуметтік-мәдени дамуы» гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP19678056).

Дәйексөз үшін: Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Маргулан А.С. 1854-1939 жылдарда Алматы қаласының әлеуметтік-демографиялық дамуы // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 105-123-бб. (орысш.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_105-123

DEMOGRAPHIC AND SOCIOCULTURAL DEVELOPMENT OF THE CITY OF ALMATY IN 1854-1939

Gulnar A. Omarova^{1*}, Altyn A. Ualtayeva², Aida S. Margulan³

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Master, researcher

<https://orcid.org/0000-0002-0583-1113>. E-mail: Gulnara_78@mail.ru

*Corresponding author

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of historical sciences, associate professor, leading researcher

<https://orcid.org/0000-0001-9530-352X>. E-mail: altyn.lazzat@mail.ru

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology (28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

PhD doctoral student, researcher

<https://orcid.org/0000-0002-1260-6099>. E-mail: aida.1@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Omarova G.A., Ualtayeva A.S., Margulan A.S., 2025

Abstract. Introduction. The article examines the socio-demographic processes that have been taking place in the city of Almaty since the late XIX-th and early XX-th centuries. The historical stages of the city's formation from the Vernyi fortress to the end of the 30s of the XX century are analyzed. *The purpose and objectives of the study.* The main purpose of the article is to study the dynamics of the demographic state of the urban population according to the population censuses of 1897, 1926 and 1939. *Materials and methods.* The authors were guided by the principle of historicism, as well as the fundamentals of the theory of knowledge. The methodological and theoretical basis of the research was the identification of dialectical patterns of historical and demographic development. The research uses methods of statistical analysis, comparison, generalization, systematic approaches, etc. Results. According to chronological and thematic principles, three periods are considered. The first one originates from the foundation of the Vernyi Fortress

(1854) to the First All-Russian Population Census in 1897. The second one covers the difficult time in social terms before the All-Union Population Census of 1926. The third concerns the inter-census period from 1926 to 1939. At this moment, the city of Alma Ata takes on the first outlines of the future capital of Kazakhstan. Conclusions. As a result of the study, the dynamics of population growth in Almaty was traced. The number of residents of the city was affected by the transfer of the capital, which occurred primarily due to political factors and took place despite its remoteness from other vital centers of the republic, frequent earthquakes and mudflows, the uncertainty of the industrial profile of the city, the inaccessibility of railway tracks at that time, etc. Like other cities of the republic, Almaty has experienced a demographic catastrophe several times. The city was involved in all the state-political transformations in the 20-30s of the XX century. Such as industrialization, collectivization, NEP, and the elimination of illiteracy. The factors that affected the city at the beginning of the century were the growth of professional skills and the socio-cultural level of the population due to the opening of new jobs through the construction of factories in the light and food industries, educational and cultural institutions, etc.

Key words: Vernyi, Alma-Ata, Almaty, city, demography, census, migration, national composition.

Acknowledgments. The scientific article was prepared as part of the project of grant financing «Cities of Kazakhstan in the 20-30s of the XX century as a socio-cultural phenomenon: ethno-demographic and socio-cultural development» (individual registration number: AP19678056).

For citation: Omarova G.A., Ualtayeva A.S., Margulan A.S. Demographic and sociocultural development of the city of Almaty in 1854-1939 // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 105-123 (In Russ.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_105-123

Введение. Город Алматы, имевший на протяжении своего становления и развития статус столицы Казахстана, занимает особое место в исторической демографии. Он является не только крупным мегаполисом, но и крупнейшим городом республики, который развивается по многим направлениям, прежде всего как финансовый и культурный центр страны. Исследование многогранности бывшей столицы становится одной из актуальных вопросов изучения урбанизационных процессов не только в исторической науке, но и в прикладных исследованиях. Для более глубокого осмысления истории города безусловно необходимо изучение его социально-экономического, культурного развития, а также неотъемлемая составляющая исследования состоит в изучении демографического состояния и этнического состава, а также исторических последствий миграции. В настоящее время большое значение имеет исследование особенностей историко-демографического развития Алматы в ретроспективе.

Научная новизна статьи заключается в изучении особенностей динамики становления и развития имеющего почти тысячелетнюю историю города Алматы с демографической точки зрения. Исследуются популяционные изменения в этническом, половозрастном, образовательном, профессиональном, социальном составе населения, естественном приросте, а также миграционные процессы во второй половине XIX – начале XX в. В научный оборот вводятся новые статистические данные по неизученным ранее архивным документам и другим источникам.

- Статистический ежегодник, 1924 – *Статистический ежегодник 1917–1923 гг.* 1924. Т. 1. Ташкент. 451 с.
- Троицкая, 1937 – Троицкая А.Л. Из отчета о командировке 1936 г. в национальные районы Среднеазиатских республик // Советская этнография. 1937. № 4. С. 137–149.
- Фридерикс, 1869 – Фридерикс Н. Туркестан и его реформы. Из записок очевидца // Вестник Европы. Журнал Истории, политики, литературы. Четвертый год. Кн. 6. 1869. Июнь. СПб. С. 691–712.
- Юдин, 1914 – Юдин М.Л. Памяти М.Г. Черняева // Исторический вестник. Историко-литературный журнал. СПб.: Типография Т-ва А.С. Суворина «Новое время», 1914. Т. 137 (CXXXVII). С. 941–956.

Sources

- CGA RK — Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Kazahstana [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]
- CGA RUz — Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Uzbekistan [Central State Archives of the Republic of Uzbekistan]
- NA RK — Nacional'nyj arhiv Respubliki Kazahstan [National Archives of the Republic of Kazakhstan]
- RGAE RF — Rossijskij gosudarstvennyj arhiv ekonomiki [Russian State Archive of Economics]

References

- Akkulov, 1983 – Akkulov M. Almaty nany: [Almaty ondiristik nan pisiru birlestiginin zhumysynan] [Almaty bread: [From the work of the Almaty Industrial Bakery Association] // Soc. Kazakstan. 1983. 27 mart. (In Kaz.).
- Alma-Ata, 1960 – Alma-Ata – stolica Kazahskoj SSR. [Alma-Ata – the capital of the Kazakh SSR.] Almaty, 1960. 123 p. (In Russ.).
- Almaty enciklopediyasy, 1960 – Almaty enciklopediyasy. [Almaty Encyclopedia] Almaty, 1996. 316 p. (In Kaz.).
- Asylbekov, Asylbekova, 2016 – Asylbekov M.-A.H., Asylbekova ZH. M.-A. Social'no-demograficheskoe razvitiye naseleniya Kazahstana v 1926–1939 gg. [Socio-demographic development of the population of Kazakhstan in 1926–1939.] Almaty: Qazaq universiteti. 2016. 146 p. (In Russ.).
- Aupbaev, 1981 – Aupbaev Zh. Ose ber, orlej ber, aru Almaty [Odaktagy million turgyny bar 22-shi kala] [Grow, grow, beautiful Almaty: [The 22nd city in the Union with a million inhabitants] // Leninshil zhas. 1981. 30 dek. (In Kaz.).
- Auelbekuly, 1995 – Auelbekuly K. Astana halky azajyp barady: Demogr. sholu [The population of Astana is decreasing: Demographic survey] // Almaty akshamy. 1995. 25 zheltoksan (In Kaz.).
- Bajpakov, 2004 – Bajpakov K.M. Zhetysu v drevnosti i srednevekov'e: urbanizaciya i srednevekovyj gorod Almaty [Zhetysu in antiquity and the Middle Ages: urbanization and the medieval city of Almaty] // Shygys. 2004. № 1. Pp. 190–208 (In Kaz.).
- Bekmuratuly, 2007 – Bekmuratuly S. Almaty turgyndarynyn sany 1,5 millionga kashan zhetedi? nemese demografiyanyn tilimen soilesek [When will the population of Almaty reach 1.5 million? or, speaking in the language of demography, in Almaty there are five women for every three men] // Almaty akshamy. 2007. 12 mausym. (In Kaz.).
- Dzhusupbekov, 1980 – Dzhusupbekov S. Gorod Vernyj. [City of Faithful.] Almaty: Kazakhstan. 1980. 215 p. (In Russ.).
- Galiev, 2004 – Galiev V.Z. Almaty, ili ukreplenie Vernoe, s ego okrestnostyami. Chlena sotrudnika N.A. Abramova. [Almaty, or the Vernoye Fortress, with its Environs. By staff member N.A. Abramov.] 23 maya 1864 goda. Zapiski IRGO po obshchej geografij S-Peterburg. 1867 // Tugan olke. 2004. № 1. Pp. 51–58. (In Russ.).
- Gins, 1911 – Gins G.K. Taranchi i dungane [Taranchi and Dungane] // Istoricheskij vestnik. Istoriko-literaturnyj zhurnal. T. 125 (CXXV). 1911. SPb.: Tipografiya A.S. Suvorina. Pp. 672–708. (In Russ.).

- Golikov, Dvoskin, Spektor, 1989 – *Golikov N.F., Dvoskin B.YA., Spektor M.D.* Problemy rasseleniya naseleniya Kazakhstana [The problem of settlement of the population of Kazakhstan]. Alma-Ata. 248 p. (In Russ.).
- Goryacheva, 1956 – *Goryacheva A.A.* Istoricheskie predposylki osnovaniya goroda Vernogo. [Historical prerequisites for the foundation of the city of Verny] // *Uchenye zapiski. KarGU*. T.20. Seriya istoriya. Almaty: KazGU: Ucheb.- pedagog. izd., 1956. 156 p. (In Russ.).
- Goryacheva, 1956 – *Goryacheva A.A.* Istoricheskie predposylki osnovaniya goroda Vernogo [Historical prerequisites for the foundation of the city of Verny] // *Uchenye zapiski. KarGU*. T.20. Seriya istoriya. Almaty: KazGU: Ucheb.- pedagog. izd. 1956. 156 p. (In Russ.).
- Goryacheva, Frishman, 1987 – *Goryacheva A.A., Frishman L.S.* Zarya nad Semirech'em. [Frishman L.S. Dawn over Semirechye.] Almaty, 1987. 71 p. (In Russ.).
- Guboglo, 1993 – *Guboglo M.N.* Etnodemograficheskaya i yazykovaya situatsiya v stolicah soyuznykh respublik SSSR v konce 80-h – nachale 90-h godov: [V t.ch. v Almaty] [Ethnodemographic and linguistic situation in the capitals of the union republics of the USSR in the late 80s – early 90s: [Incl. in Almaty] // *Otech. istoriya*. 1993. № 1. Pp. 53-64. (In Russ.).
- Ivanov, 1890 – *Ivanov A.* Russkaya kolonizatsiya v Turkestanskom krae [Russian colonization in the Turkestan region] // *Russkij vestnik*. T. 211. 1890. Noyabr'. M.: Tipografiya tovarishchestva «Obshchestvennaya pol'za». Pp. 226–244. (In Russ.).
- «I vzdrognula zemlya...», 2011 – «*I vzdrognula zemlya...*»: Iz istorii zemletryasenij v Semirech'e. 1885–1912 gg. [«And the earth trembled...»: From the history of earthquakes in Semirechye. 1885-1912] // Sost. I. M. Samigulin. Almaty: Izdatel'stvo LEM. 760 p. (In Russ.).
- Istoriya Almaty v dokumentah, 2008 – *Istoriya Almaty v dokumentah*. [History of Almaty in documents] Almaty: Kazak enciklopediyasy, 2008. T.1. 320 p. (In Russ.).
- Kalitin, 1890 – *Kalitin P.* Ahal-Tekinskaya ekspeditsiya (nachalo) [Akhal-Teke expedition (beginning)] // *Russkij vestnik*. T. 208. 1890. Maj. M.: Tipografiya tovarishchestva «Obshchestvennaya pol'za». P. 79–112. (In Russ.).
- Kazakhstan: Nacional'naya enciklopediya, 2004 – Kazakhstan: Nacional'naya enciklopediya. [Kazakhstan: National Encyclopedia] Almaty: Mädeni myra. T. 1. A – V. 558 p. (In Russ.).
- Kazakstan tarihy, 1994 – Kazakstan tarihy. [History of Kazakhstan] Almaty: Atamura, 1994. 333 p. (In Kaz.).
- Kostenko, 1880 – *Kostenko A.F.* Turkestanskij kraj. [Turkestan region.] T.1. SPb. 1880. 452 p. (In Russ.).
- Kudaibergenova, 2015 – *Kudaibergenova A.I.* Kazakstandagy halyk sanaktary [Population censuses in Kazakhstan] / Kazakhstan halky: enciklopediya. Almaty: Kazak enciklopediyasy, 2015. 484 p. (In Kaz.).
- Ledenev, 1909 – *Ledenev N.A.* Istoriya Semirechenskogo kazach'ego vojska. [History of the Semirechye Cossack Army] Verny: Tipografiya Semirechenskogo oblastnogo pravleniya, 1909. 828 p. (In Russ.).
- Nastich, 1993 – *Nastich V.N.* Almatu – neizvestnyj monetnyj dvor XIII v. [Almatu – an unknown mint of the 13th century] // *Bartol'dovskie chteniya, god desyatij: Tezisy dokladov i soobshchenij*. M., 1993. Pp. 50-51. (In Russ.).
- OSO, 1889 – *Obzor Semirechenskoj oblasti za 1889 gg.* [Review of the Semirechensk region for 1889.] Verny: Tip. Semirech. obl. pravleniya, 1883-1915. Za ryad let: Pril. k vsepodd. otchetu voen. gubernatora. za 1889 god. 1890. 83 p. (In Russ.).
- Pervaya Vseobshchaya perepis', 1897 – *Pervaya Vseobshchaya perepis'* naseleniya Rossijskoj imperii 1897 g. [The first General Population Census of the Russian Empire in 1897]. LXXXV. Semirechenskaya oblast'. 1905. Pp. 52-53. (In Russ.).
- Potanin, 1868 – *Potanin N.G.* O karavannoj trgovle s Dzhungarskoj Buhariej v XVIII stoletii [On the caravan trade with Dzungarian Bukhara in the 18th century] // *Chteniya v Imperatorskom obshchestve istorii i drevnostej Rossijskikh pri Moskovskom universitete*. 1868 (aprel'-iyun'). M.: Universitetskaya tipografiya. Pp. 21–113. (In Russ.).
- PVPNRI, 1905 – *Pervaya Vseobshchaya perepis'* naseleniya Rossijskoj imperii 1897 g. [First General Population Census of the Russian Empire 1897]. LXXXV. Semirechenskaya oblast'. 1905. 149 p. (In Russ.).
- Rabinovich, Shmeleva, 1981 – *Rabinovich M. G., Shmeleva M. N.* K etnograficheskomu izucheniyu goroda [Towards an Ethnographic Study of the City] // *Sovetskaya etnografiya*. 1981. № 3. Pp. 23-34. (In Russ.).
- Rotchev, 1870 – *Rotchev A.G.* Ocherki trgovli Semirechenskoj oblasti. 1868-1869 [Essays on Trade in the Semirechye Region. 1868-1869] // *Russkij vestnik*. T. 90. 1870. Noyabr'. M.: Universitetskaya tipografiya (Katkov i Ko). Pp. 407–428. (In Russ.).
- Satenova, 2014 – *Satenova M.* Iz istorii g. Vernogo [From the history of the city of Verny] // *Vestnik AN RK*. 2014. № 2. Pp. 219-226. (In Russ.).
- Savel'eva, 2016 – *Savel'eva T.V.* Osedlaya kul'tura severnykh sklonov Zailijskogo Alatau. [Sedentary culture of the northern slopes of the Zailiyskiy Alatau] Almaty: Gylym, 1994. 216 p. (In Russ.).
- Semenov Tyan-SHan'skij, 1946 – *Semenov Tyan-SHan'skij P.P.* Puteshestvie v Tyan'-SHan' v 1856-1857 godah. [Semenov Tyan-Shansky P.P. Journey to the Tien Shan in 1856-1857.] Memuary. M., 1946. T. 2. 256 p. (In Russ.).
- Sorokin, 1886 – *Sorokin N.V.* In the mountains and valleys of the Russian Tien Shan (beginning) [In the mountains and valleys of the Russian Tien Shan (beginning)] // *Historical Bulletin*. Historical and literary magazine. SPb.: A.S. Suvorin Printing House, 1886. Vol. 24 (XXIV). Pp. 360–386. (In Russ.).

Statisticheskij ezhegodnik, 1924 – *Statisticheskij ezhegodnik* 1917-1923 gg. [Statistical Yearbook 1917-1923]. 1924. T. 1. Tashkent. 451 p.

Troitskaya, 1937 – *Troitskaya A.L.* From the report on the 1936 trip to the national regions of the Central Asian republics [From the report on the 1936 trip to the national regions of the Central Asian republics] // *Soviet Ethnography*. 1937. No. 4. Pp. 137–149. (In Russ.).

Friedrichs, 1869 – *Friedrichs N.* Turkestan and its reforms. From the notes of an eyewitness [Turkestan and its reforms. From the notes of an eyewitness] // *Bulletin of Europe. Magazine of History, Politics, Literature*. The fourth year. Book 6. 1869. June. SPb. Pp. 691–712.

Yudin, 1914 – *Yudin M.L.* Pamyati M.G. Chernyaeva [In Memory of M.G. Chernyaev] // *Istoricheskij vestnik*. Istoriko-literaturnyj zhurnal. SPb.: Tipografiya T-va A.S. Suvorina «Novoe vremya». T. 137 (CXXXVII). Pp. 941–956. (In Russ.).

Velikaya Oktyabr'skaya, 1967 – *Velikaya Oktyabr'skaya socialisticheskaya revolyuciya v Kazahstane. Letopis' sobytij* (27 fevralya 1917 g.- 30 iyulya 1918 g.). [The Great October Socialist Revolution in Kazakhstan. Chronicle of Events (February 27, 1917 – July 30, 1918).] Alma-Ata, 1967. 440 p. (In Russ.).

Vershinin, 1936 – *Vershinin N.* Pasport goroda. 2. Pravo na obrazovanie [City passport.] // *Socialisticheskaya Alma-Ata*. 1936. 19 dekabrya. (In Russ.).

Vsesoyuznaya perepis' naseleniya, 1928 – *Vsesoyuznaya perepis' naseleniya 1926 g.* [All-Union Population Census] Alma-Ata. 164 p. (In Russ.).

Zabirova, 2005 – *Zabirova A.T.* Migraciya kazahov v g. Almaty i Astanu: zhilishchnye usloviya i zanyatost' [Migration of Kazakhs to Almaty and Astana: Housing Conditions and Employment] // *Realii i prognozy demograficheskogo razvitiya Erazijnskogo prostranstva: Materialy Mezhdunar. nauch.-prakt. konf.* Almaty, 2005. Pp. 96-108. (In Russ.).

Zarubin, 1879 – *Zarubin I.* Po goram i stepyam Srednej Azii. Putevye zametki ot Moskvyy do Kul'dzhi (okonchanie) [Across the Mountains and Steppes of Central Asia. Travel Notes from Moscow to Kuldja (end)] // *Russkij vestnik*. M.: Universitetskaya tipografiya (M. Katkov), 1879. T. 144. Dekabr'. Pp. 627–683. (In Russ.).



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 124–138
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.31.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_124-138

ОСМАН БИЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ ҚАЖЫЛАРҒА ҰСТАНҒАН САЯСАТЫ (XIX аяғы – XX ғғ. басы)

Нуржигит Момынбекович Абдукадыров,¹ Акнур Смаиловна Кобесова²

¹ Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ.)

Ph.D. доцент

<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871> E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

² М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті (Тараз қ., Қазақстан)

Аға оқытушы

<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазіргі кезде Қажылық тарихын зерттеу мәселесі отандық ғылымда жаңа және өзекті тақырыптардың қатарында саналады. Осындай тақырыптардың бірі Осман империясының әлем елдерінен келетін мұсылмандарға ұстанған саясатымен байланысты болды. Ғылыми мақалада, XIX ғ. соңғы ширегі мен XX ғ. басында Осман билігінің түркістандық қажыларға ұстанған саясаты қарастырылады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеу жұмысының мақсаты осман билігінің түркістандық және жалпы Орта Азиядан келген қажыларға қарым-қатынасын тарихи тұрғыдан зерттеу болып табылады. Сондай-ақ, мақалада қойылған ғылыми міндеттер Осман билігі тарапынан түркістандық қажыларға көрсеткен әлеуметтік көмегі мен рухани қолдауына ғылыми талдау жасаумен сипатталады. *Материалдар мен әдістер.* Ғылыми жұмыста тарих ғылымының қалыптасқан дәстүрлі әдістері мен принциптері негізге алынды. Зерттеу жұмысында архив материалдары, құжаттар жинақтары және қажылардың естеліктері мен осы іспеттес материалдар қолданысқа тартылды. *Нәтижелер.* Осман билігінің Орта Азия мұсылмандарына деген ыстық ықыласы мен жоғары құрметі әр түрлі факторлармен сипатталды. Осман империясының түркістандық қажыларға ұстанған саясаты мен мақсаты айқындалды. Анадолы мен Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары арасында өзара ынтықмақтастықтың дамуында Қажылықтың рөліне баға берілді. *Қорытынды.* Ғылыми мақаланың зерттеу нәтижелері Түркістан өлкесі мен жалпы Орта Азиядан шыққан мұсылмандардың Қажылық сапары мен оған Осман мемлекетінің билігінің ықпалын тарихи тұрғыдан терең түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қажылық, ислам, Осман империясы, Түркістан, Орта Азия, халықаралық қатынастар, панисламизм.

Дәйексөз үшін: Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С. Осман билігінің түркістандық қажыларға ұстанған саясаты (XIX ғ.аяғы – XX ғ.басы) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 124-138-бб. (қаз.).

DOI: [10.51943/2788-9718_2025_28_1_124-138](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_124-138)

ПОЛИТИКА ОСМАНСКОЙ ВЛАСТИ В ОТНОШЕНИИ ТУРКЕСТАНСКИХ ПАЛОМНИКОВ (конец XIX - начало XX вв.)

Нуржигит Момынбекович Абдукадыров,¹ Акнур Смаиловна Кобесова²

¹ Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Ph.D. доцент

<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871> E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

² Таразский университет им. М.Х. Дулати (г. Тараз, Казахстан)

Ст.преподаватель

<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С. 2025

Аннотация. *Введение.* В настоящее время изучение истории хаджа считается одной из новых и актуальных тем в отечественной науке. Одна из таких тем была связана с политикой Османской империи в отношении мусульман со всего мира. В научной статье рассматривается политика османских властей в отношении туркестанских паломников в последней четверти XIX и начале XX века. *Цель и задачи.* Целью исследования является изучение исторического отношения османских властей к паломникам из Туркестана и Средней Азии. Также научные задачи, поставленные в статье, характеризуются анализом социальной помощи и духовной поддержки, оказываемой туркестанским паломникам османскими властями. *Материалы и методы.* Научная работа основывалась на устоявшихся традиционных методах и принципах исторической науки. В научной статье использованы архивные материалы, сборник документов, воспоминания паломников и тому подобные материалы. *Результаты.* Теплая привязанность и высокое уважение османских властей к мусульманам Средней Азии характеризовались различными факторами. Разъяснены политика и цели Османской власти в отношении туркестанских паломников. Оценена роль хаджа в развитии взаимопонимания между тюрко-мусульманскими народами Анатолии и Средней Азии. *Заключение.* Результаты исследования научной статьи дают глубокое историческое понимание паломничества-хаджа мусульман Туркестанского региона и Средней Азии и влияния на него Османской империи.

Ключевые слова: хадж, Османская империя, Туркестан, Средняя Азия, международные отношения, панисламизм.

Для цитирования: Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С. Политика османской власти в отношении туркестанских паломников (конец XIX в. - начало XX в.) // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 124-138. (на каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_124-138

OTTOMAN POLICY TOWARDS TURKESTAN PILGRIMS (LATE 19TH CENTURY - EARLY 20TH CENTURY)

Nurzhigit M. Abdukadyrov ¹, Aknur S. Kobesova ²

¹ Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Ph.D, ass.prof.

<https://orcid.org/0000-0002-6811-9871>. E-mail: nurjigit.85.kanuni@mail.ru

² Taraz University M.Kh. Dulati (Taraz, Kazakhstan)

Senior Lecturer

<https://orcid.org/0009-0007-8861-6633> Email: kobesovaa@bk.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Abdukadyrov N.M., Kobesova A.S. 2025

Abstract. Introduction. Currently, the study of the history of the Hajj is considered one of the new and relevant topics in Russian science. One of these topics was related to the policy of the Ottoman Empire towards Muslims from all over the world. The scientific article examines the policy of the Ottoman authorities towards Turkestan pilgrims in the last quarter of the 19th and early 20th centuries. **Purpose and objectives.** The purpose of the study is to research the historical attitude of the Ottoman authorities towards pilgrims from Turkestan and Central Asia. Also, the scientific objectives set in the article are characterized by a scientific analysis of social assistance and spiritual support provided to Turkestan pilgrims by the Ottoman authorities. **Materials and methods.** The scientific work was based on established traditional methods and principles of historical science. The scientific article uses archival materials, a collection of documents, memoirs of pilgrims and similar materials. **Results.** The warm affection and high respect of the Ottoman authorities for the Muslims of Central Asia were characterized by various factors. The policy and goals of the Ottoman government towards Turkestan pilgrims are explained. The role of Hajj in the development of mutual understanding between the Turkic-Muslim peoples of Anatolia and Central Asia is assessed. **Conclusion.** The results of the research of the scientific article provide a deep historical understanding of the Hajj pilgrimage of Muslims of the Turkestan region and Central Asia and the influence of the Ottoman Empire on it.

Key words. Hajj, Islam, Ottoman Empire, Turkestan, Central Asia, International relations, Pan-Islamism.

For citation: Abdukadyrov N.M., Kobesova A.S. Ottoman policy towards Turkestan pilgrims (late 19th century - early 20th century) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 124-138. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_124-138

Қысқашы. Ислам дінінде бес парыздың бірі болған Қажылық сапары қай кезеңде де Орта Азия мұсылмандарының басты діни міндеті саналды. Қасиетті Меккеге аттанатын қажылық жолдардың үлкен, бөлігін өз бақылауында ұстаған Осман империясы бұл кезде қажылардың келуіне ерекше ықылас танытты. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басы Осман мемлекеті мен Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарының арасындағы байланыстардың негізгі бір кезеңі саналды. Тілі мен діні, мәдениеті мен дәстүрі бір болған халықтардың бұл кезеңдегі өзара ынтымақтастығының негізгі бір бағыты – Қажылық болды. Қажылық сапарда Осман билігі түркістандық мұсылмандарға ерекше жылы көзқарас танытып, бұл жағдай Орта Азия мен Анадолы халықтарын жақындата түсті.

Қажылық мұсылмандық міндет болып, бұл туралы зерттеу жұмыстары негізінен дінтанушылар мен дін саласының мамандарының назарын аударып келді. Соңғы жылдары Қажылық сапардың тек діни ғана емес, сонымен қатар басқа да қырлары мен мазмұны ашылып, бұл тақырыптың зерттеу қажеттілігі арта түсті. Зерттеуді қажет ететін Қажылықтың мазмұны ол халықаралық ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынастар тарихы мен түркі-мұсылман халықтарының жақындығы болды. Қазіргі кезде шетелдік және отандық ғылымда Қажылық сапарының тарихы әр түрлі қырынан көрсетіліп келеді. Сонымен бірге, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Ресей империясының құрамында болған Орта Азияның түркі-мұсылман халықтарынан жыл сайын Қажылық сапарға аттануын тарихи тұрғыдан зерттеу ғалымдардың назарын өзіне аудара бастады. Себебі, Қажылық мәселелерін кеңестік ғылымда көтеріге мүмкін болмады. Ал, тәуелсіздік жылдарынан бастап, ол діни тақырыптардың аясында қарастырылды. Ендігі кезекте, осы бір рухани тақырыптың саяси және тарихи астарының болуы мәселені тарихи аспектіде зерттеу қажеттігін көрсетіп отыр.

Түрік сұлтандарының түркістандық қажыларға деген көзқарасы мен ұстанымдары әрқашан оң болды және қажыларға ерекше құрмет көрсетті. Қажылыққа келген түркістандық мұсылмандар мен осман билігі арасындағы саяси және әлеуметтік байланыстар дамыды. Мұндай ұстанымдар мен көзқарастардан туған өзара қарым-қатынастар тарихы да зерттеуді қажет ететіні даусыз. Атап отырғанымыздай, Қажылықты зерттеудің сан түрлі аспектілері бар. Соның бір бағыты ретінде Қажылықтың халықтар арасында саяси және әлеуметтік байланыстардағы ролін зерттеумен көрсетуге болады.

Түріктердің түркістандық, яғни ортазиялық қажыларды қолдауы ерте кезден басталған және ол осы кезеңде де жалғасты. Осман билігі Орта Азияны әрқашан «Түркістан» деп атап ол географиялық және саяси-әкімшілік тұрғысынан да солай аталған. Ал, Ресейде жүргізілген реформалар бойынша Орта Азия аумағында Дала және Түркістан генерал-губернаторлықтары құрылған еді және онда Хиуа мен Бұхара сияқты протекторат хандықтар болды. Дегенмен түркиялық және шетелдік зерттеушілер Орта Азияны өз ғылыми зерттеулерінде әлі де «Түркістан» деп жалпылама көрсетіп жүр. Қарастырылып отырған зерттеу жұмысында да Түркістан мен Орта Азия ұғымдарын кей жағдайда жалпы бірге көрсету басшылыққа алынды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тақырыбының методологиялық негізін айқындауда қазіргі кезеңде отандық және шетелдік ғылымда қалыптасқан заманауи методология мен ғылыми әдістер негізге алынды. Заманауи методологияға негізделген әдістер мен принциптер және жаңарған теориялар мен ұстанымдар басты назарда болды. Атап айтқанда, қазіргі тарих ғылымында дүниежүзілік тарихты зерттеудің макро және микротарих сияқты жаңашыл бағыты мен дәстүрлі емес тәсілдер қажылардың әлеуметтік өмірі мен олардың Осман империясының аумағындағы жағдайын суреттеуге көмектеседі. Қажылықта әлеуметтік алмасу немесе тұлғааралық әрекеттестіктерді көрсетуде микротарихтың теориясы мен әдістеріне сүйенеді. Сондай-ақ, Қажылық тақырыбы әлеуметтік және мәдени тарихпен байланысты болғандықтан пәнаралық ғылымдардың қазіргі теорияларын басшылыққа алуға болады. Мысалы, Коллингвуд бастаған ғалымдардың теориялы аясында жеке адамдардың, яғни қажылардың іс-әрекеттерін айқындауға болады (Collingwood, 1999).

Зерттеу тақырыбы шетелдік тарихпен байланысты болғандықтан, онда түркиялық және шетелдік зерттеушілердің теориялары мен тұжырымдарына назар аударылды. Солардың бірі ретінде Айлин Кейн және басқа да ғалымдардың тұжырымдамалары талдауға түсті (Eileen, 2015:15-20). Олардың пікірінше, Осман мемлекетінде ортаазиялық қажыларды тарту мен оларға қолдау көрсетуде діни идеология және мәдениет теория ретінде қарастырылған. Қарастырылып отырған ғылыми жұмыстың теориялық-методологиялық негізі ретінде Қажылықтың мән-мазмұны әр қырынан зерттеуі, сондай-ақ оның тілі мен діні, руханияты мен мәдениеті жақын болған халықтардың арасында тұрақты қарым-қатынастың орнауы мен осман билігінің түркістандық мұсылмандарға көзқарасы мен ұстанымдары таңдап алынды.

Тақырыпты зерттеуде Түркия Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік архивтер басқармасына қарасты Османлы архивінің материалдары пайдаланылды (BOA, HR. SYS). Келесі кезекте, осы Османлы архивінің материалдары негізінде жинақталған құжаттар жинақтары қолданылды. Оның ең негізгісі Осман мемлекеті мен Түркістан арасындағы байланыстарға арнаған құжаттар жинағы болып табылады (Osmanlı Belgelerinde. Cilt 1-2.). Олардың деректік құндылығы әртүрлі және олардың әрқайсысы қажылық мәселесінде белгілі бір дәрежеде айтарлықтай жан-жақты қарауға мүмкіндік берді. Бұдан тыс, түркістандық мұсылмандардың Қажылық сапары мен «киелі жерлерге» зиярат етуі туралы деректік материалдар қатарында империялық кезеңдегі Түркістанның мерзімді басылымдары ерекше материалдық құндылыққа ие (Туркестанские ведомости. 1894). Мерзімді басылымдар мұсылмандардың діни жағдайы туралы мәлімет береді.

Талқылау. Зерттеу тақырыбы отандық ғылымда аз зерттелген тақырыптар қатарынан орын алады. Зерттеу объектісіне қатысты ғылыми мәселелер бойынша шетелдік ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылды. Түркістандық қажылар мен оларға түріктердің ықпалы туралы мәселелер түркиялық тарихшылардың еңбектерінде талқыға түскен. Атап айтқанда Мехмет Алпаргу, Юсуф Сарынай және басқа да тарихшылардың еңбектерінің ғылыми мазмұны Орта Азиялық қажыларға қатысты Осман империясының саясаты туралы мәліметтер қарастырылған. Юсуф Сарынайдың айтуынша саяси үзілістерге қарамастан, Осман империясы мен Түркістан аймағы арасындағы қарым-қатынастар мәдени және діни байланыстар мен тарихи жағдайларға байланысты жалғасты (Sarıнай, 2019: 5-10). Мехмет Алпаргу түркістандық қажылар мен осман билігі қарым-қатынастарының маңызды көрсеткіші Түркістан өлкесінен қажылыққа барған мұсылмандардың Халифаттың орталығы Ыстамбұлда аялдап және сол жолмен жүруінде өзара байланыстардың орын алғанын көрсетеді (Alpargu, Yazıcı, 2014: 410-415).

Қажылық әлемдік тарихтағы құбылыс ретінде, оның дәстүрлері мен аймақтық алуан түрлілігі, мемлекетпен байланысы туралы ресейлік зерттеушілер ғылыми жұмыстар жүргізгенін көрсетуге болады. Зерттеу тақырыбына тікелей қатысты зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми тақырыпқа негізделген мәліметтер мен тұжырымдар берілген. Олар көбінесе империялық факторды басшылыққа алады. Түркістандағы мұсылмандардың қажылықтары дамыған халықаралық жағдайды қалпына келтіруге мүмкіндік беретіні туралы мәселелер тарихшы В.П. Литвиновтің еңбектерінде кездеседі (Литвинов, 2006:10-15).

Сондай-ақ, қажылық мәселесінде Д.Ю. Араповтың ғылыми зерттеулері (Арапов, 1999: 3-10), мен Түркістан тарихы бойынша маман С.Абашин сынды тарихшылар қалам тартты (Абашин, 2003:5-9). Орта Азиядан келген мұсылмандардың қажылық мәселелеріне қызығушылық танытқан ресейлік ғалымдар А.Д. Васильев, Ю.Н. Гусева қажылық мәселелерін зерттеу ғылымда ең аз қарастырылған мәселелердің бірі деп есептейді (Васильев, 2020: 215-220). Аталған ғалымдар өз зерттеулерінде

түркістандық қажылардың Ыстамбұл арқылы қажылыққа аттануы мен оларға деген осман билігінің саясаты туралы мәселелер бойынша жаңа тұжырымдар жасаған (Гусева, 2013:123-125).

Нәтижелер. *Осман мемлекетінде түркістандық қажыларды әлеуметтік қолдау.* Жаңа замандағы Қажылық процестер Орта ғасырларда басталған Қажылық парызды орындаудың заңды жалғасы іспеттес болды. Сан ғасырлар бойына Исламның Қасиетті орны Меккеге Қажылық сапарға аттану Осман мемлекетінің ішкі-сыртқы саясатына ықпал етті. Осман империясының құрамында болып, Ислам әлемінің рухани орталығы саналған Қасиетті орындарға Қажылық парызын өтеу мақсатында Орта Азиядан келетін мұсылмандардың саны XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап арта түсті. Осман билігі әдетінше түркістандық қажыларға «Атажұрттан» келген қонақтар ретінде жағдай жасады.

XIX ғасырда Осман империясының сұлтандары мұсылман халықтарының діни бірлігіне назар аударды. Мұндай саясат негізінен Танзимат реформаларының екінші кезеңінен, яғни Қырым соғысы аяқталғаннан кейінгі кезде күшейді деуге болады. Ғасырлар бойына Ислам дінінің халифтері болып келген түрік сұлтандары Осман империясының құрамында болған арабтар мен Балқандағы мұсылмандардан бөлек Орта Азия, Шығыста Ауғанстан, Шығыс Түркістан, Үндістан және Иран елдеріндегі мұсылмандарға жылы көзқараспен қарап, оларды өз жанына тартып отырды. Осының негізінде Ислам діні аясында түрік сұлтандары мұсылман әлемімен жаңа қарым-қатынастар орнатты. Ислам елдерінің басын біріктірген түрік сұлтандарының мақсаты бірінші кезекте мұсылман халықтарының арасында өзара ынтымақтастықты арттырып, сонымен бірге олардың бір-біріне саяси, әлеуметтік және мәдени қолдау көрсетуін қамтамасыз ету болды (Васильев, 2020: 218-220).

Тарихи шегініс жасасақ, Осман империясының әкімшілігі Орта Азиядан келетін қажыларға әрқашан оң көзқараста болған. Қажылардың жол-жөнекей кездесуі мүмкін болған барлық кедергілерге түріктер көмектесуге тырысып отырған. Бұл көбінесе сапарын Ыстамбұл арқылы жасаған қажылар үшін тиімді болды. Түркістандықтар қажылық сапарын Ыстамбұл арқылы өтеуге тырысып, түрлі қиындықтар мен қауіп-қатерге төтеп берді. Олар Ыстамбұлға келгенде әдетте шатыр тігіп, осман билігі оларға тынығатын арнайы тегін орын берген. Мұндай орындар Ыстамбұлдың Эюб Сұлтан аймағынан берілген. Сондай қажылық маусымының бірінде сұлтан III Мұстафа (1757-1774 жылдары билік құрған) бетперде киіп саяхаттап жүріп Түркістаннан келген қажылардың шатырларына барады, олардың көпшілігі өзбектер, басында накшбанди шейхтары болды (Eğahin, 1999: 233). Халифа-сұлтанның келуіне дән риза болған қажылар өздерінің дәстүрлі қонақжайлықтарын көрсетіп, сұлтанды қарсы алды. Сұлтан бұл ықылас пен құрметке қатты тәнті болып, Түркістаннан келген қажылар келген-кеткен кезде қонатын үй салуға уәде берді. 1757 жылы «Өзбек теккесі» деп аталатын ғимараттың құрылысы аяқталып, оның басшысы болып өзбек текті накшбанди шейхы тағайындалды. Теккелер қажыларға қызмет атқаратын тынығатын орын болып саналды. Сонымен қатар, Өзбек теккесінен бөлек Бұхара теккесі салынып жұмыс істеді. Өзбек теккесінде тұрғандардың көпшілігі Ташкент, Қоқан, Самарқан, Бұхара, Қашғар, Маргилан, Әндіжан, Ферғана және Ош қалаларынан келген. Бұл мәліметтер қажылыққа барушылардың басым бөлігінің аталған жылдарда осы қалалардан келгенін көрсетеді (Smith, 1980:130-132).

Мәселен, Осман империясының сұлтаны Абдулазиз (1861-1876 жж.) таққа отырған кезден бастап Түркістаннан Осман еліне келген молдалар мен зиялы азаматтарға барынша қолдау көрсету қажеттігін кеңінен насихаттап отырған. Мұндағы басты мақсат, Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарымен жақын болу, олармен байланысты мүмкіндігінше нығайту және сол арқылы тұрақты байланысты орнату болды. Аталған дәстүрді Абдулазиз сұлтанның кейін таққа отырған II Абдулхамит сұлтан да жалғастырды. Сұлтан және халиф II Абдулхамит (1876-1909 жж.) осман үкіметіне (Порта) Орта Азия мен Ресейден келген қажыларға ыстық ықылас пен бауырмалдық ілтипат көрсетуді тапсырды. Осының негізінде түріктер түркістандық қажыларға мейлінше қолдау көрсетіп, қонақүйлерден орын беріп, қамқорлық танытты, қажылардың ризашылығын алды (Şakir, 2009:15-22).

Зерттеу тақырыбының хронологиясы көрсетіп тұрғандай, XIX ғасырдың соңғы ширегі Осман империясы мен Орта Азияның түркі-мұсылман халықтарын жақындастырған кезең болып, ол 1877-1878 жылдары болған орыс-түрік соғысынан кейін күшейді деуге болады. 1877-1878 жж. орыс-түрік соғысына байланысты Ресей билігі тарапынан қажыларға әр түрлі қысым көрсетілді. Мұнда тек соғыс кезінде емес, тіпті бұдан кейін де Қажылардың сыртқа шыға алмайтын жағдай орын алады деп көрсетілді. Бұл туралы Ресейдің Қазан, Орынбор, Ташкент және басқа да қалалардағы мұсылмандардан шағым түсірілді. Петербургтегі осман елшілігі бұл бойынша хабарлама таратты (BOA, HR. SYS, 4/32).

Соғыс аяқталған соң осман билігі келісімшарттарда ресейлік мұсылмандардың да мүддесіне қатысты пікірлер айтып, ол бойынша Қажылыққа рұқсат етілді.

Панисламизмнің басты дәріптеушісі саналған сұлтан II Абдулхамит өзін Ислам әлемінің халифі ретінде сақтай отырып, барлық мұсылмандарды одан сайын жақындастыра түсті. Осман сұлтаны Ислам дінінің жанашыры болып қана қоймастан, әлемнің әр бұрышынан келетін мұсылмандарға көмек көрсетуші ретінде танылды. Ол бойынша жол білмегенге жол көрсету, түрлі қиындықтардың алдын алу, қажылықта қаржылай қиындыққа ұшыраған қажыларға көмектесу және осы секілді жағдайлардың алдын алуды басшылықта ұстады. Сұлтан II Абдулхамиттің қажыларға көрсеткен мұндай қолдауы мен көмегі туралы сол заманда Хижазда болып, сұлтанның қажыларға көмегін көзімен көрген Шакир бейдің естеліктері өте құнды саналады. (Sarıyıldız, 2009:54-64).

1877-1878 жылғы орыс-түрік соғысы аяқталған соң, Ресей мен Осман мемлекеті арасындағы саяси жағдай реттелген соң XIX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қажылардың келуі саны жағынан еселеп артты деуге болады. Бұған бірінші кезекте Орта Азияда халықтың рухани санасының жаңғыруы мен қажылыққа баруға деген әлеуметтік мүмкіндіктің артуы себеп болған болса, екіншіден Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси, әлеуметтік байланыстардың жақсаруы септігін тигізді. Ең маңыздысы – Ресей билігі XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап қажылыққа баруға ниет еткен мұсылмандарға кедергі келтірмей, керісінше жағдай жасады. Соның негізінде жыл санап қажылардың саны артты. Бұл әсіресе XX ғасырдың алғашқы онжылдығында анық байқалды. Тек ауру-сырқау мен вирустардың таралуы және тыңшылар мен көтеріліс жағдайлары орын алған кездері ғана белгілі бір уақытқа тыйым салынды (Ахмадуллин, 2023:18-19).

Айта кететін маңызды жәйттердің бірі, бұл кезде жыл сайын барып отырған қажылардың санын нақты анықтау қиын болды. Себебі, Дала өлкесі мен Түркістаннан барған қажылардың аймақтар бойынша шыққан қажылардың саны нақты белгісіз. Орта Азияның әр аймағынан барған қажылардың саны әр түрлі болы. Қажылардың қатары XIX ғ. 90-жылдары көп болды. Бұл кезеңде олардың дені Түркістан өлкесінен барды. Шамамен Түркістан өлкесінің өзінен қажылыққа жыл сайын бес-алты мыңнан астам адам барып отырған. Қажылыққа баратын адамдардың санының артуы Түркістанда діни жағдайдың дамуы мен Исламды терең ұстанушылардың қатарының көбеюімен байланысты болды (Туркестанские, 1894. 13 с.).

Осман мемлекетінің түркістандық қажыларға қатысты саясатының ең негізгі бағыты ол жоғарыда аталғандай әлеуметтік жағдаймен, дәлірек айтқанда қаржылай қолдаумен байланысты болды. Бір айта кетерлігі Түркістаннан барған қажылар арасынан Қажылық сапарға шығуда тек жолға жетерлік қаражат алып, әр түрлі транспорт түрлерін қолданды. Тамақ, жатын орын сияқты шығындарды қажылар көбінесе есепке алмады. Бұл жағдай айдалада бір дәруіштің өмірі сияқты жағдайды көзге елестетті. Әрине, осы тұста қажылардың жолында әр түрлі әлеуметтік факторлардың орын алғанын атап өткен орынды.

Осман империясының аумағында болған түркістандық қажыларға осман билігі тарапынан тек моральдық, әкімшілік тарапынан емес, сонымен қаржылай, әлеуметтік көмек көрсетті. Бұл туралы XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында түркістандық қажыларға қатысты материалдар дәделдейді. Мысалы, 1977 жылы Османлы жеріне қажылық парызын өтеу үшін келіп, алайда жокшылықтан айдалада қалып қойған Бұхара мен Қытайдан келген қажыларға Одесса жолымен Жидда жеткізу үшін қаржылай көмек көрсетілді. Осы сияқты жол-жөнекей әр түрлі жағдайларға байланысты жолда қалып қойған қажыларға отыз мың куруш қаражат бөлінді (BOA, MV, 163/36).

Уақыт өте Түркістанда діни фанатизмнің күшеюі мұсылмандардың арасында Қажылыққа бару қажылардың санын арттырды. Орта Азияда Түркістан өлкесінен, Бұхара мен Хиуадан қажылыққа әйелдер мен жас балалар баратын болды. Сонымен қатар, Қажылардың қатарының артуына XX ғасырдың басында теміржол және су жолдары арқылы қатынаудың дамуы ықпал етті. Алайда, көліктің дамуы жол жүруді оңайлатқанымен ол үлкен қаражатты талап етті. Мысалы, көптеген түркістандық қажылар әйелдері мен балаларымен қажылыққа барды. Әсіресе әйелдер мен жас балалардың кемедегі жағдайы қиындау болды, өйткені көлік түрлеріне көп адам сыймады. Мұның барлығы үлкен ауыртпалықтар тудырды (Seyfettin, 1999:239).

Атап отырғанымыздай, қажылардың сапары мен Қажылық жолдағы ауыртпалықтары туралы сапарды өз көзімен көрген қажылардың мәліметтерне сүйене отырып талдаған орынды. Түркістандық қажылардың жолда үлкен қиындықтарға тап болғаны туралы түркістандық жәдитшілердің ірі өкілі Махмұтқожа Бехбудийдің естеліктерінен көруге болады. 1899 жылы 25 жасында Бехбуди қасиетті жерлерге алғашқы қажылығын жасады. Қажылық кезінде ол көп жағдайды көзімен көрді және түсінді.

Бехбудийдің сөзінше Қажылықтың сапар кезіндегі жазбаларынан түсінгеніміз, «Қажылар қалтасында көп қаражаты болмағандықтан тойып тамақ іше алмайды. Карантин кезінде өзін кедей етіп көрсетеді». Бехбудийдің естеліктерінде түркістандық қажылар қиын жағдайға душар болғаны айтылады. Оның айтуынша әсіресе әйелдердің қажылық сапары қиынырақ болды (Алимова, Рашидова, 1998:6-8).

Бұрынғы керуен сапарларында белгілі бір жерлерде дәстүрлі орналастыру орындары мен қауіпсіздік жүйелері болған. Теміржол көлігінде мындаған қажылар пойыздарға уақытында отыру үшін сыйымдылығы жеткіліксіз болып саналатын станцияларға жиналды. Мұнда қажылардың өміріне қауіп төндіретін денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері туындады. Қажылардың көбі халық арасында тазалыққа жете мән бере алмағандықтан ауырып, көбінің ақшасы ұрланған. Мұндай жағдайға тап болған қажылар Хиджазға немесе Ыстамбұлға жеткенде қайыр сұрауға немесе Ресей консулдықтарына жүгінуге мәжбүр болды. Егер жағдайы қиын болса, Османлы мемлекетінің билігіне жүгініп, көмек алатын болды (Абашин, 2016: 368-370).

Сонымен қатар, осман билігі Орта Азиядан келетін билеушілер мен мәртебелі қонақтарды да күтіп алу мен олардың қажылық зияратын өтуіне жағдай жасады. Солардың бірі 1887 жылы қажылық парызын өтеу ниетімен Осман империясына келген Хиуа билеушісінің елшісі болған Иса Тұра хан осында болған кезінде оған лайықты құрмет көрсетіліп, ол жоғары мәртебелі мемлекет мейман ретінде қабылданды. Барлық діни рәсімдер орындалған соң сұлтанның қолымен белгіленген Құран Кәрімнің бір нұсқасы берілді. Зиярат кезінде тиісті міндеттер мен рәсімдер орындалып біткен соң, Мысырға бару жоспарланды және онда үлкен қошеметке ие болды. Сондай-ақ Каирге әкелініп, мұндағы қасиетті жерлерді зиярат етіп, өзінің жақтастарымен бірге қонақ болатын арнайы зал әзірледі. Ол да шапағат ету рәсімін орындағаннан кейін, Мысыр Хидиві (Мысыр провинциясының билеушісі) тарапынан да оған ерекше құрмет көрсетілді (Osmanlı Belgelerinde I cilt, 2011: 293-294).

Қажылардың Осман мемлекетіне баруы мен Ыстамбұлда тұрақтауы көбінесе түріктер үшін тиімді бола түсті. Себебі, түріктер түркістандық мұсылмандармен барынша жақын болудың қажеттігін және болашақта оның маңызды болатынын алға тартты. Осы тұста айта кетерлігі, түркістандықтар мен түрік билігі арасындағы байланыстар мен аймақ халықтарының арасындағы көзқарастар өте жақын болған. Қажылық түркістандықтар үшін Ташкент пен Ферғананы айтпағанда бұхаралықтар, қокандықтар және хиуалықтар болып бұрынғы үш ортаазиялық хандықтың кезінде қызу жүргізілген байланыстың жалғасы секілді болды.

Өз кезегінде, Осман билігі тарапынан қолдау көрген түркістандық қажылардың қатарында ұзақ уақытқа Осман империясының аумағында қалып, осы елде ұзақ уақыт тұрақтауға мүмкіндік алған азаматтар болды. Мысалы, 1904 жылы Бұхарадан Қажылыққа келген Мұхаммед Омар мен оның серігі Мирза Рахим және олардың он шақты достары алдымен қажылық парызын өтеу үшін Хижазға барып, кейін осында ұзақ уақыт тұрақтауға тілек білдірген. Аталған азаматтардың өтініші бойынша олардың Османлы азаматтығын алғысы келетіні айтылған. Осман билігі тарапынан Ресей азаматы болған Мұхаммед Омар мен Мирза Рахим және олардың жақтастарына Османлы азаматтығын алуға рұқсат етілді (Osmanlı Belgelerinde II cilt, 2011: 159-160). Сонымен бірге олардың Хижазға жол шығындары өтелді және сонда қоныстандырылды. Бұл қажылардың қайтып оралуына рұқсат етілмегендіктен, олардан қайтып оралған кезде Османлы елінде қалаған жерлеріне орналасуларын сұрап, Сыртқы істер және Ішкі істер министрліктерінен нұсқаулық хат жіберілді. Меккеден қажылық парызын өтеп, Ыстамбұлға оралған Мырза Рахимнің тоғыз адамнан тұратын отбасымен Бурсада тұруы туралы өтініші билік тарапынан (Meclis-i Vâlâ) қаралып, бұл тоғыз адам Османлы мемлекетінің азаматтары ретінде қабылданды және Османлы куәліктері берілді (Osmanlı Belgelerinde II cilt, 2011: 162-163).

Осман билігі тарапынан түркістандық қажыларға әлеуметтік және қаржылай қолдау немесе көмек көрсету фактілері өте көп кездесті деуге болады. Бұларды жеке-жеке санап көрсету мүмкін емес. Бұл туралы түрік тарихшылары Осман империясы мен Ресей арасындағы саяси факторларға байланысты Түркістаннан келетін қажылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді (Sarınay, 2019: 5-15) және олардың Ыстамбұлда тұруы мен қажылық кезіндегі қажетті қаржылық шығындарын жабуды мемлекеттік саясатқа айналдырды. Себебі, ресейлік мұсылмандардың қажылыққа келуінде әлеуметтік мәселелер жиі туындап отыратын болған. Дегенмен, XIX ғ. 90-жылдары Түркістан мұсылмандары арасында діни бірлік пен Исламды терең игеру жағдайы орын алғандықтан, билік тиісті шараларды қабылдауды күшейткен (Туркестанские, 1894. 14 с.).

Қасиетті Меккеге зияратқа келген түркістандық мұсылмандардың ең басты мәселесі ол жеке бастың қауіпсіздігі, қарақшыларға алданып қалмау, сан түрлі аурулар мен індеттер және осы секілді мәселелер болды. Осман билігі қажылардың денсаулығын қорғауға күш салып, оларды материалдық

жағынан қолдауды да ұмытпады. Қажылықты ұйымдастыру туралы Құрбан айт мерекесіне бір жарым ай қалғанда хабарланды. Қажылардың қауіпсіздігі туралы қазақстандық қажылардың мәліметтерінде де кездеседі. Онда барлық жерден келген мұсылман қажыларды кез келген бәле-жаладан, зорлық-зомбылық пен қысым көрсетуден қорғалатыны және оның тек Рахман сақшы халиф (Ұлы мәртебелі Сұлтан) атымен кепілдік берілетіні айтылған (Қазақстандағы ислам, 2009:309-311).

Осман империясының ең жоғарғы мемлекеттік мекемесі қабылдаған шаралар осы киелі елге шариятпен белгіленген қажылық парызын өтеу үшін белгіленіп, оның мақсаты басқа да аймақтардан және Орта Азиядан келетін қажылардың қауіпсіздігі болды. Расында да осман билігі барлық жағдайды бақылауға алды. Түрік билігі қажылардың өз аумағы арқылы өтуіне ешқандай кедергі жасамады, керісінше, кейбір жағдайларда олар үшін, атап айтқанда, арзанырақ, тіпті тегін тасымалдау, моральдық қолдау көрсету арқылы қамқорлық көрсетті.

Қажылар арасында, қоғамда ресейлік мұсылмандарға тек осман билігі қолдау көрсететіні және оның басты себебі, оларға Ресей билігі тарапынан ешбір қолдау көрсетілмейтіні айтылған. Мысалы, Мекке мен Хижазда Үндістан қажыларын британ консулдары, африкандық қажыларды француз консулдары қарсы алып, олардың тыныштығы мен әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін болған. Ал, Ресей билігі Хижазда өз консулдығын 1891 жылы ашты. 1891 жылы Ресей консулдығы ашылғанға дейін түркістандық қажылар өз еркімен қалып отырды және тек түрік билігінің ықыласы мен қорғанысына сене алды. Осман билігінің қолдауына үйренген түркістандық мұсылмандар осман сұлтанының жақсылығын өте жиі дәріптейтін болды. Сұлтанның есімі мен оның жомарттығын айту Ресей билігіне ұнамады. Сондықтан, бұл жағдай тез арада Хижазда ресейлік өкілдіктің ашылуына түрткі болған еді (Байдакова, 2006: 404).

Осылайша, Осман империясы аталған кезеңде қажылыққа барған түркістандық қажылардың саяси, әлеуметтік тұрғыдан толық қолдауға тырысып отырды. Айта кетерлік ең маңызды жәйттердің бірі, Қажылық үдерісіндегі Осман билігінің түркістандық қажыларды қолдау мен оларға қажетті жағдайда көмек көрсетуде өзіндік мақсаты мен мүддесі болды. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен I Дүниежүзілік соғыс жылдарына дейінгі кезеңде Осман билігінің мақсаты мен мүддесіне сай жасалған мұндай жұмыстарға және Қажылық кезінде болып өткен процесті ғылыми талдаудың нәтижесінде бірнеше факторлар бойынша қорытынды шығаруға болады. Олар:

1. Осман империясы өзінің империялық қуатын көрсете отырып, өзімен жақын болған халықтарға өзін Ислам әлемінің лидері екенін көрсете алды. Түркістандық мұсылман халықтарына барынша қолдау көрсете алатын негізгі орталық ретінде сипаттай алды.

2. Анадолы түріктері мен Орта Азия түркі халықтарының бірнеше ғасыр бойына ажырап қалған мәдени-рухани байланыстарын қайта жаңғыртты. Орта Азия халықтары өзінің Осман билігін түркі-мұсылман халықтарының жанашыры ретінде тани алды.

3. Панисламизм идеологиясының аясында түркістандық мұсылмандарды түріктермен барынша жақындаса түсті. Дала өлкесі мен Түркістаннан Осман империясына оқуға немесе діни білім алуға барғысы келетін азаматтардың қатары көбейді.

4. Осман билігі Қажылыққа келген Орта Азияның мұсылмандарына әлеуметтік қолдау көрсете отырып, оларды әр түрлі саяси мақсаттарда (тыңшылық, барлау т.б.) пайдаланды. Негізгі әрекеттер Ресей билігіне қарсы бағытталды.

5. Қажылардың санын арттыра отырып, олардың арасынан болашақта стратегиялық мақсаттарға пайдалануға мамандар тәрбиелеу жұмыстары да жүргізілді.

Осман мемлекеті түркістандық қажылардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, жатақхана, тамақ, қаржылай көмек көрсету, бюрократиялық мәселелерді шешу және бюрократиялық процедураларды жеңілдету, тіпті қажыларды қасиетті жерлерге тегін және олар жасаған жағдайда мемлекет қаражаты есебінен тасымалдауды қамтамасыз етті (Toshova, 2021:404). Ыстамбұлдан кейін сапарларын жалғастыру үшін қаржылық мүмкіндіктері жоқ жандарға арнайы көмек көрсетілді. Осының негізінде, яғни қажыларға мұндай жан-жақты қолдау мен көмектің арқасында осман билігі түркістандық қажылардың санасында аса жақын, жомарт, бауырмал кейпінде сақталды.

Қажыларды қолдау саясатының халықаралық мәні мен маңызы. Исламның қасиетті орындарын өз қоластында ұстаған Осман империясы әлемдегі мұсылман елдері мен халықтарының лидері болып, ал осман сұлтаны халиф болғаны белгілі. Тек XIX ғ. екінші жартысынан бастап Осман империясының Еуропада беделінің түсуіне байланысты кейбір мұсылман халықтары түріктерге құрметі азайған еді. Дегенмен халиф ретінде осман сұлтаны Исламды ұстанатын тәуелсіз мемлекеттермен діни тұрғыдан тікелей қарым-қатынасты бұзбады, керісінше арттырды. Олардың қатарында Персия,

Ауғанстан және басқа да мемлекеттерді атауға болады. Өкінішке орай бұл кезеңде мұсылман халықтарының басым бөлігі еуропалық империялардың қоластында еді. Атап айтқанда қазіргі Үндістан, Бангладеш, Пәкістан және Оңтүстік Шығыс Азиядағы Индонезия, Малайзия т.б. мұсылман халықтары Британ, Француз және Голланд империяларына бағынышты болды. Ал Орта Азиядағы және Еділ мен Оралдағы түркі-мұсылмандар Ресей империясының құрамында болды. Осыған қарамастан, осман сұлтаны II Абдулхамит Ислам елдерін бір орталыққа біріктіру саясатын күшейтті. Мұндай саясатты жүзеге асыруға, Орта Азиядан келген қажылардың ықпалы мен мүмкіндігі көп болды (Zarcone, 1991: 139-145).

Мұндай саясат түріктер тарапынан бұған дейін де басшылыққа алынған болатын. Сұлтан II Абдулхамит тұсында осман билігі мұсылман халықтарының бірлігіне белсене кірісті. Осман билігі қолға алынған Ислам дінінің аясында бірігу саясаты Панисламизм идеологиясының аясында жүргізілді. Ал Қажылық сапары осы бір діни бірлік пен идеологияның негізгі құралдарының бірі саналды. Мұсылман халықтарының арасындағы ынтымақтастық пен өзара байланысты арттыру және бірігу мақсатында осман билігі Қажылық сапарды пайдаланды. Ыстамбұлдан сонау Орта Азия, Персия, Үндістан, Малайзия мен Индонезияға дейінгі мұсылман қауымдастықтары арасында Қажылық арқылы саяси-идеологиялық байланыс және ең маңыздысы діни салаға негізделген бір жақындық пайда болды. Осман сұлтандарының қажыларға жақындығы мен оларды қолдауы орта ғасырлардан басталып, ол әр сұлтанның кезінде әр түрлі болған (Farooqi, 1994:27-33).

Сол сияқты, осман билігі Қажылық кезінде Орта Азиядан келген түркі-мұсылман қажыларын өзіне мейлінше тартты. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей Осман империясы түркістандық және жалпы ортаазиялық қажыларды қабылдауда және олармен тығыз қарым-қатынас жасауда өзіндік көздеген саяси мақсат-мүдделері де бар еді. Қажылардың арасынан өзіндік әр түрлі саяси-идеологиялық жұмыстарды жүргізуге бейім болған адамдардың қызметін пайдалануға тырысты. Соның салдарынан түркістандық қажылар арасынан осман элитасымен тығыз байланыс орнатқан саяси тұлғалар, Осман мемлекетіне тұрақты түрде барып отыратын діни адамдар, молдалар, болашақта тіпті барлаушылар мен агенттер шығып отырды.

Қажылық сапарда осман билігінің ортаазиялық түркі-мұсылмандарға қатысты ұстанған саясаттың өзіндік белгілі бір маңызды себептері болып, оның ең негізгілері Панисламизм және Пантүркизм идеологиясымен байланысты болды. Сол арқылы түркі халықтарын саяси, әлемуметтік, мәдени салаларда жақындастырып, бірлікті арттыру болды. Әрине, кез-келген империяның сыртқы саясатта өзінің стратегиялық жоспарлары, көздеген мақсаты мен ұстанымдары болатыны анық. Сондықтан, Осман империясы Орта Азия мұсылмандарын өз назарынан тыс қалдырғысы келген жоқ. Әр түрлі жолдар арқылы түркістандық түркі-мұсылман халықтарын өзінің жанында ұстауға тырысты. Қажылық – осындай жолдардың бірі еді (Yalçınkaya, 1997:139-145).

Жалпы, ғасырлар бойына түріктердің Орта Азияға деген саясаты тек Қажылық жолмен жүргізілген жоқ. Орта Азия хандықтары, (Хиуа, Бұхара, Қоқан) осман сұлтандарымен бұған дейін де тығыз қарым-қатынаста болған. Ыстамбұлда бұл хандықтардың арнайы елшіліктері болған. Осман империясы мен Түркістан хандықтары арасындағы қарым-қатынастардың тарихымен айналысушы тарихшы Мехмет Сарай осман сұлтандарының ортаазиялық хандықтармен орта ғасырлардан бері және Жаңа заманда да байланыста болғанын айтады (Saray, 1994:165-169). Демек, түріктердің мұндай халықаралық стратегиясы бұрыннан қалыптасқан. Бұл туралы тарихшы А.Д. Васильев өз зерттеулерінде көрсетіп, онда негізгі байланыстар елшілердің баяндамалары мен есептік жазбалары арқылы ашылған (Васильев, 2014: 260-264). Мұндай жағдайлар біздің қарастырып отырған кезеңде күшейтілген. Қажылық осындай процестердің бір тармағы ретінде саналғанымен, ол іс жүзінде ең негізгі байланыс жолы болды.

Қажылық кезінде Осман мемлекетінің ресейлік Түркістан немесе бүкіл Орта Азия халықтарымен байланыстары мен жалпы түріктердің бұл аймақтың саяси өміріне әсер ететін негізгі элементтерін бірнеше бағыт бойынша қарастыруға болады. Олар:

Біріншіден, Османлы мемлекетінің дүниетанымы да, мемлекет-қоғам қарым-қатынасы да түріктердің Орта Азия тарихымен тығыз байланыста болуынан туындайды. Бұл тұрғыдан алғанда Түркістан саясатын жай ғана бір алыстағы шетелдік мұсылмандық қоғамға бағытталған саясат ретінде емес, керісінше тереңде жатқан тарихи тамырдан нәр алған ұқсас тарихи-мәдени элементтердің қарым-қатынасы ретінде қарастырған жөн.

Екіншіден, осман билігі бұл аймақтың халқымен этникалық тегінің бірлігін, сонымен бірге діни және мәдени тамырластығын өте терең ұғына отырып оны пайдалануға тырысты. Осы себепті

Османлылар Түркістанның осы ерекшелігін ескере отырып, жаңа саяси көзқарастар мен ұстанымдарды анықтап алды. Тарихи, мәдени, рухани жаңғыртуды алға тарта отырып, олар саяси байланысты алдыңғы қатарға шығарды. Бұл үшін қажылардың жүрген жолы мен олардың қызметі тиімді деп қабылданды және ол пайдаланылды.

Үшіншіден, Орта Азияның түркі-мұсылман халықтары осы кезеңде әуелде Ресейдің бодандығынан құтылуда және бұдан бөлек сыртта анталап тұрған Қытай, Англия сияқты империялардың қысымына ұшырап кетпес үшін Осман империясының күшіне арқа сүйеді. Бұл кезеңде Осман мемлекеті Германияның әскери тәртібі мен тактикасын игеріп, Еуропада қуатты армиялардың біріне айналып келе жатыр еді. Аталған сыртқы факторларды ескере отырып осман билігі түркістандықтарға қандайда бір саяси көмек беруге дайын болды. Қажылық өз кезегінде осындай саяси байланыстарды қалыптасуы мен оның дамуына ықпал ете алды.

Қазіргі кезде В. Литвинов сынды тарихшылардың еңбектерінде, Осман империясының мұсылман халықтарының басын біріктіріп, оларды өзіне тартуда түріктердің үлкен күшке ие болу мақсатының болғаны айтылады. Мұндай ғылыми еңбектерде Осман билігінің Қажылық арқылы түркістандық мұсылмандармен байланысын сақтап, олардың арасында сұлтанның мұсылман бірлігі туралы хаттары мен хабарламаларын таратқаны туралы сілтемелерді үнемі кездестіреміз (Литвинов, 2006: 235-236). Әрине, түріктер мұндай саясатты бұрыннан ұстанған болатын және ол сыртқы саясатта еуропалық империяларға қарсы бағытталған османдық реваншистік саясаттың бір бағыты ретінде танылды. Әлем мұсылмандарынан бөлек Орта Азияның түркі-мұсылман халықтарымен бірігу, болашақта кез-келген саяси мәселеге тізе қосып қарсы тұру жоспарлары негізгі стратегиялық жоба іспеттес болды.

Дегенмен, Осман империясының Орта Азияның түркі-мұсылман халықтарының басын біріктіріп, қандай да бір стратегиялық жоспарларды жүзеге асыруға тырысты және сол үшін қажыларды өзіне тартып тыңшылық жұмыстар жүргізді деп біржақты тұжырым жасау орынсыз саналады. Сөз жоқ, түбі бір, діні бір халықтардың бірлігі белгілі бір стратегиялық мақсаттарды терең айқындауға мүмкіндік береді. Бірақ, түріктер бірінші кезекте түркістандық және жалпы ресейлік түркі-мұсылмандардың басын біріктіріп қандай да бір үлкен соғысқа дайындады немесе саяси мәселелерді шешу үшін әрекет етті деу жаңсақ пікір (Kanlidere 2013: 92). Себебі, түріктердің бірінші кезекте Ислам дінінің және оның ілімінің даму жағдайын ойластырғанын ұмытпаған дұрыс. Ол үшін араб, түрік және бүкіл мұсылман әлемінің ғұламалары Ыстамбұлға жиналып, Ислам дінінің ілімі мен қағидаларын берік ұстану мен оның ілімін дамытуды ойластырған.

Осман мемлекеті мен саяси элитасының сырт аймақтардағы түркі халықтарына деген жақындығы, қызығушылығы және Османлы қоғамдық пікірінде түркістандықтарға деген бауырластық сезімнің оянуы туралы Дэвид Кушнердің еңбегінде де осындай жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Яғни түркі халықтарының саяси жақындасуымен шектелместен, сондай-ақ негізінен Осман мемлекеті мен сырт жерлердегі түркілердің бірлігіне және олардың өзара мәдени, рухани жақындығы мен оның сақталуы туралы мәселелерге назар аударылған (Kushner, 1977:91-106). Мұндай тұжырымдар түркі халықтарының жақындығына қатысты мәселелердің шынайылығын барынша аша түседі.

Сонымен, XIX ғасырдың 70-жылдары ресейлік мұсылмандарды, оның ішінде әсіресе түркістандық мұсылмандарды қолдауға белсендірек кірісті. Бұған сыртқы факторлар мен ірі империялық күштердің ықпалы өте жоғары болып, олар осман билігі түркістандық мұсылмандарды өзіне одан сайын жақын тартты және Қажылық жолы оның негізгі жолдарының бірі болды. Осман билігі нақты істерге көшіп, Орта Азиядағы мұсылман халықтарды діни тұрғыдан қолдап, оларға мүмкіндігінше жан-жақты қолдау көрсетуді көздеді.

Қажылық діни парыз болғандықтан, ол діни фактор болып табылатыны анық. Жоғарыда аталғандай, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Осман империясы Ислам мемлекеттерінің біріктірушісі мен Панисламизмнің жаршысы болғандықтан ол Қажылық процесін белгілі бір халықтар мен ұлттар арасындағы байланыстарды біріктіруге пайдаланғысы келетіні айтпаса да түсінікті еді.

XIX ғ. 70-80 жылдары Осман билігі көптеген мұсылман елдерінің басшыларымен, тайпа көсемдерімен, ғұламалармен және элита өкілдерімен қарым-қатынаста болды. Сұлтан II Абдулхамиттің олармен байланыс жасау үшін тікелей елшілерін жіберуі және елдің жалпы және нақты мәселелерін талқылау үшін сарай төңірегіне лайықтылардың орналастырылуы барлық мәліметтерде Панисламизмнің ең нақты дәлелі ретінде келтірілген (Deringil, 1998: 37-48). Одан да ең маңыздысы Осман империясынан басқа аймақтардағы мұсылмандармен қарым-қатынас жасауы болды. Сұлтан II Абдулхамит Түркістанның көрнекті діни білім адамдарымен және басқа да да өлкелер мен мемлекеттердің

мұсылмандармен өте жақсы қарым-қатынаста болуда мұқият болды және бұл істе сәтті қадам жасай алды.

Бұл дегеніміз – XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Панисламизм идеологиясының аясында Анадолы мен Орта Азия мұсылмандарының ынтымақтастығы күшейді. Түркістан халықтары түріктерге тек діни тұрғыдан ғана емес, тілдік және мәдени тұрғыдан жақын екені өз алдына бөлек тақырыпты құрайды (Alyılmaz, 2009:120-124). Осман империясының әлем мұсылмандары, соның ішінде Түркістан мұсылмандарына ерекше назар аударуына сыртқы факторлар да ықпал етіп, оның ең негізгісі Ресей империясының Балқан мен Шығыс Еуропадағы діні мен тілі бір болған славян халықтарын басын бір арнаға тоғыстырып, өзін славян әлемінің лидері санауы түрткі болды. Керісінше түріктер де Ресейдің қоластында өмір сүріп жатқан миллиондаған мұсылмандарды да өзіне тартты (Абдукадыров, Мулдахметова, 2022:164-166).

Бұлай деп топшылаудың басты себебі, Осман империясының әлем мұсылмандары арасында Панисламизм идеологиясы мен саясатын жүргізуі сол кездегі әлемдік империялардың назарында болды. XIX-XX ғғ. тоғысында осман билігінің мұсылман әлеміне және соның ішінде түркістандық мұсылмандарға Қажылық пен басқа да қатынастарда бейбіт қимыл жасауына Батыс империялары оң көзқарас танытты. Батыс билеушілері осман сұлтанын Ислам әлемінің лидері екенін қайта мойындады. Өйткені, XIX ғасырда Англия мен Франция арабтарды, Үндістан мен Персия мұсылмандарын Ыстамбұлдан ажыратуға тырысқан еді. Мұны Германия да қолдап, герман кайзері II Вильгельм осман сұлтанымен жеке достық қарым-қатынас орнатты. Бұл достық қатынас әскери және сыртқы саясат салаларында өз жемісін берді, кайзер Вильгельм өзін 300 млн. мұсылманның «жақын досымын» деп көрсетті. Ал, Ресей билігі өзінен баратын мұсылмандардың Қажылық сапарын бақылауда ұстады. Себебі, түркістандық қажылардың арасынан осман билігін мойындайтын және оның саясатын азаматтар шығып отырды. Мұндай жағдайлар Ресей мен Осман мемлекетінің арақатынасына сызат түсіріп, кейіннен ол халықаралық проблемаға айналды (Buyar, İdikurt, 2022: 136-140).

XIX ғ. 70-80 жылдарынан бастап әлем мұсылмандарының үлкен бөлігі отаршыл империялардың бодандығында болды және олардың дербестігі мен бірлігі халықаралық қатынастарда ірі тақырыптардың біріне айналды. Соның ішінде осы Қажылық және қажылардың әрекеттері саяси-әлеуметтік мәнге ие бола бастады. Қажылар Меккеге әр жылдарда жиналған мұсылмандардың саяси дербестік мәселелерін талқыға салды. Осыдан барып Қажылықтың Панисламизм идеологиясын дамытудағы ролі айрықша көрінді.

Меккеден өз отандарына панисламистік ағымдарды тасыған қажылардың мүдделері көп жағдайда еуропалық империялардың отаршылдық мүдделеріне қарама-қайшы келеді. Сол сияқты түркістандық қажылардың да осындай қимылдары Ресей билігіне ықпалы өте жоғары болуы мүмкін деп күтілді. Ал, бұл жағдай Осман империясы үшін өте тиімді бола түсті. Себебі, жоғарыда аталғандай, Осман империясы әлемдік империялар арасында реваншистік әрекеттерді жүзеге асырғысы келді және ол үшін әлем мұсылмандарының көмегі мен қатынасы өте қажет саналды.

Айта кетерлігі, Қажылықтың осындай бір халықаралық істерде мән-маңызы ғылымда белгісіз болып келді. Соңғы жылдары жүргізіген зерттеулер оның мазмұнын ашуда. Дегенмен, Қажылық парызды орындаушылардың болашақта халықаралық қатынастарда бірқатар істерді атқарғаны туралы көптеген фактілер анықталды. Оның негізгі бөлігі атап отырған діни-саяси бірлікпен байланысты еді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қажылықтың Анадолы және Орта Азия мұсылмандарының бірлігінде алар орны туралы атақты исламтанушы, шығыстанушы Христиан Снук-Хюргронье өз заманында жазып қалдырған. Ол Қажылықты көзімен көріп, Осман империясының Панисламизм идеологиясы мен саясаты туралы мәлімет берген (Hurgronje, 1886: 33-38). Христиан Хюргроньенің Меккедегі жинақтаған мәліметтерін (жазба және фото) талдай отырып, XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Қажылықта өзге аймақтың мұсылмандарының өте көп болғанын және Осман мемлекетінің оларды асқан шеберлікпен ұйымдастырғанын көруге болады (Hurgronje, 1889: 3-8).

Снук Хюргронье өзінің еңбектерінде мұсылман қажылары туралы былай дейді: «Қажылар жанғыш элемент сияқты, олардың мүдделері негізінен христиандық үкіметтердің мүдделеріне қайшы келеді, өйткені қажылар кейде Арабиядан өз отандарына панисламистік идеяның ықпалы мен күшін әкеледі, олар оңай фанатизмге айналады» (Қазақстандағы Ислам, 2009:318).

Осман билігінің түркістандық қажыларға деген ұстанымының өте жоғары болуының келесі бір маңызды себебі, түркістандық қажылар Нақшбандия және Ясауи ілімін ұстанды және олар түріктерге жақын саналды. Бұл кезде түріктер арасында Нақшбандия мен Ясауи ілімі өте маңызды еді. Ислам мемлекеті болған Осман империясы үшін түркі-мұсылман халықтарының арасында осы бір діни

мектептердің орны маңызды болды. Ыстамбұлдағы ресейлік түркілердің теккелерінде осы аталған Нақшбандия мен Ясауи ілімдерін оқытты. Теккелерде түркістандық қажылар өзінің діни білімдерін жалғастырды. Түркістан түркілері мен Осман түріктері арасындағы достық пен толеранттылықтың жалғасуында маңызды рөл атқарды (Найт, 1999:4-5).

Қорытынды. Зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде бірқатар ғылыми қорытынды жасалды. Зерттеу тақырыбына қатысты басты қорытындылардың бірі – Осман империясы мен түркістандық мұсылмандардың арасындағы байланыстарда Қажылықтың орны ерекше болды. Қажылық – тек мұсылмандық парыздың бірі ғана екені көрсетілмей, келесі кезекте ол аймақ халықтарын мәдени-рухани тұрғыдан жақындастыруда маңызды салалардың бірі болды. Осман империясының түркістандық қажыларға ұстанған саясатының нәтижелері кейіннен өзінің саяси, әлеуметтік жемісін берді. Тарихи тамыры, мәдениеті мен діні бір түркі халықтарының бір-бірімен жақындығы арта түсті.

Қажылық сапардың нәтижесінде Осман империясы мен Орта Азия мұсылмандарының арасында бұрын-соңды болмаған жақындық күшейді. Діні мен мәдениеті бір болған халықтар арасында бір-біріне деген көзқарас өзгерді. Түркістандық қажылар түріктерді өзіне жанашыр ретінде қабылдады және олармен барынша тығыз байланыста болуға тырысты. Діні бір, түбі бір халықтар ретінде ортаазиялық түркі-мұсылман халықтары да түріктерге қиын жағдайда көмек көрсетуге дайын болды. Мұның нақты мысалдары XX ғ. басында түріктердің халықаралық соғыстарға қатысуы кезінде көрінді. Түркістандық және жалпы ортаазиялық мұсылмандар түріктерге Балқан соғыстары мен Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында жан-жақты моральдық, әлеуметтік және қаржылай қолдау көрсетті.

Қажылықтың басты қызметі Панисламизм болды. Панисламизмнің халықаралық рөлі өте күшті болып, ол бойынша бүкіл әлемдегі мұсылмандарға рухани тұрғыдан бірлесу туралы үндеу тасталды. Діні бір халықтардың Христиан әлеміне қарсы бірлігін құру идеясы алға тартылды. Қажылық арқылы тек халықтар арасындағы байланыстар ғана емес, сонымен бірге діни-идеологиялық факторлар орын алды. Ол бойынша Осман империясынан Түркістан өлкесіне, қазақ даласына діни кітаптар әкелініп, ол бойынша Исламның құндылықтары мен діни білімді тарату жұмыстары қолға алынды. Қажылықтың Орта Азия халықтарында діни білім саласында да қызметі мен маңызы өте жоғары болды. көріп отырғанымыздай Қажылық қызметтің әр түрлі салада қызметі болған және оны осман билігі барынша пайдалануға тырысып отырған. Қажылықтың мұндай қызметтерін алдағы уақытта одан да терең зерттеуді қажет етеді. Ол бойынша болашақта ғылыми жұмыстар өзінің жалғасын табатын болады...

Деректер

BOA – Başbakanlık Osmanlı Arşivi

Әдебиеттер

Абашин, 2003 – *Абашин С.Н.* Ислам в бюрократической практике царской администрации Туркестана (вакуфное дело дахбитского медресе) // *Сборник Русского Исторического Общества*. М., 2003. № 7 (155). С. 180-186.

Абашин, 2016 – *Абашин С.Н.* Туркестан в имперской политике России. Монография в документах. М.: Кучково поле, 2016. 667 с.

Абдукадыров, Мулдахметова, 2022 – *Абдукадыров Н.М., Мулдахметова Ж.И.* Осман империясының Орта Азиядағы саясатының рухани-идеологиялық бағыттары. (XX ғ. басы). // *Bulletin of history*. №1 (104). 2022. 160-170 б. <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.18>.

Алимова, Рашидова, 1998 – *Алимова Д., Рашидова Д.* Бехбудий и его исторические воззрения / Отв. ред. Б. Касымов. Ташкент: Маънавият, 1998. 40 с.

Арапов, 1999 – *Арапов Д.Ю.* Первый российский указ о паломничестве в Мекку // *Россия в средние века и новое время*. М.: РОССПЭН, 1999. 348 с.

Ахмадуллин, 2023 – *Ахмадуллин В.А.* Паломничество мусульман: от Российской империи до Российской Федерации. Москва: ИД «Читай», 2023. 468 с.

Байдакова, 2006 – *Байдакова Н.Н.* Хадж и миграционные процессы среди мусульман России в XIX в. // *Вестник ТГУ*. Вып. 3 (43). 2006. С. 261-265.

Васильев, 2014 – *Васильев А.Д.* «Знамя и меч от падишаха». Политические и культурные контакты ханств Центральной Азии и Османской империи (середина XVI – начало XX вв.). М.: Институт Восток. РАН; Пробел-2000, 2014. 354 с.

Васильев, 2020 – *Васильев А.Д.* Панисламизм и политика Османской империи в Центральной Азии в последней трети XIX в. // *Центральная Азия на перекрестке европейских и азиатских политических интересов: XVIII–XIX вв. Сборник научных трудов*. 24-28 августа. 2020. Санкт-Петербург, 2020. С. 215-228.

Гусева, 2013 – Гусева Ю.Н. Хадж мусульман Волго-Уральского региона в первой трети XX в.: к постановке проблемы. // *Известия Уфимского научного центра РАН*. 2013. № 2. С. 123-129.

Қазақстандағы ислам, 2009 – Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы) = Ислам в Казахстане: паломничество (XIX-начало – XX в.): материалдар жинағы / Құрас. Г.Р. Мухтарова. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 592 б.

Литвинов, 2006 – Литвинов В.П. Внерегиональное паломничество мусульман Туркестана (эпоха Нового времени). Елец: ЕГУ им. И.А. Бунина, 2006. 311 с.

Туркестанские, 1894 – *Туркестанские ведомости*. 1894. № 3. 13 январь

Alyılmaz, 2009 – *Alyılmaz Cengiz*. “Valeh Hacılar”ın Türklük Bilimine Katkıları Ve Yeni Kitabı: Heste Hasan” // *Karadeniz Araştırmaları*. 2009. Sayı 23. Cilt: 6. Pp.117-129.

Alpargu, Yazıcı, 2014 – *Alpargu Mehmet, Serkan Yazıcı, Fikrettin Yavuz*. Arduous Journey to Hedjaz: Turkestani Pilgrims, the Caliph and Istanbul (16th -20th Centuries). // *Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi*. 2014. 54. Pp. 401-416.

Buyar, 2022 – *Buyar Cengiz, İdikurt Derya*. Türkistanlıların Hac Yolculuğunun Osmanlı-Rus İlişkilerindeki Yeri. / XIX. Türk Tarih Kongresi 3-7 Ekim 2022. Ankara. Pp. 135-149.

Collingwood, 1999 – *Collingwood Robin George*. The Principles of History: And Other Writings in Philosophy of History. Oxford University Press, 1999. 293 p.

Deringil, 1998 – *Deringil Selim*. The Well-Protected Domains: Ideology and the Legitimation of Power in the Ottoman Empire, 1876–1909. London and New York: I. B. Tauris, 1998. 272 p.

Eileen, 2014 – *Eileen Kane*. Russian Hajj: Empire and the Pilgrimage to Mecca. Ithaca: Cornell University Press, 2014. 241 p.

Faroghi, 1994 – *Faroghi Suraiya*. Pilgrims and Sultans: The Hajj Under the Ottomans. Bloomsbury Academic, 1994. – 256 p.

Hayit, 1999 – *Hayit Baymirza*. Türkistan' dan Osmanlı Devletine: Türk-İslam Kültürü Üzerine. Bazı İzahatlar. // *Akademik Araştırmalar Dergisi*. 1999. № 3. Pp. 1-6.

Hurgronje, 1886 – *Hurgronje Ch. Snouck*. Mekkanische Sprichwörter und Redensarten, gesammelt und erläutert von Dr. C. S. Hurgronje. Haag 1886. 144 p.

Hurgronje, 1889 – *Hurgronje Ch. Snouck*. Bilder Aus Mekka. Mit Kurzem Erläuterndem Texte. von C. Snouck Hurgronje. Leiden, E.J. BRILL. 1889. 29 p.

Kanlidere, 2013 – *Kanlidere Ahmet*. XIX. Yüzyıl Türk Dünyası. Editör: Ahmet Kanlidere. Eskişehir: Anadolu Üniversitesi Basımevi 2013. 219 p.

Koloğlu, 1987 – *Koloğlu Orhan*. Abdülhamid Gerçeği. İstanbul: GÜR Yayınları, 1987. 440 p.

Kushner, 1977 – *Kushner David*. The Rise of Turkish Nationalism, 1876–1908. London: Frank Cass, 1977. 126 p.

Norihito, 2012 – *Norihito Naganawa*. The Hajj Making Geopolitics, Empire, and Local Politics: A View from the Volga-Ural Region at the Turn of the Nineteenth and Twentieth Centuries.168-198 / Central Asian Pilgrims. Hajj Routes and Pious Visits between Central Asia and the Hijaz (Eds. Alexandre Papas / Thomas Welsford / Thierry Zarcone.). Berlin, Klaus Schwarz, 2012. 331 p.

Osmanlı Belgelerinde I cilt, 2011 – Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt I. Politik ve Diplomatik ilişkiler. Ed: Şahin Mustafayev, Mustafa Serin. Semerkand. IICAS, TAD. 2011. 310 p.

Osmanlı Belgelerinde II cilt, 2011 – Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt II. Manevi ve dini bağlar. Ed: Şahin Mustafayev, Mustafa Serin. – Semerkand. IICAS, TAD. 2011. 222 p.

Saray, 1994 – *Saray Mehmet*. Rus İşgali Devrinde Osmanlı Devleti İle Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875). Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. 1994. 188 p.

Sarınay, 2019 – *Sarınay Yusuf*. Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul // *Bilig*. 2019. №. 88. Pp. 1-18.

Sarıyıldız, 1994 – *Sarıyıldız Gülden*. II. Abdülhamid'in Fakir Hacılar İçin Mekke'de İnşa Ettirdiği Misafirhâne, // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Enstitüsü Dergisi. 1994. sayı:14. Pp. 121-145.

Sarıyıldız, 2009 – *Sarıyıldız, G*. Halife II. Abdülhamid'in Hac Siyaseti Dr. M. Şakir Bey'in Hicaz Hatıraları. İstanbul. Timaş Yayınları, 2009. 364 p.

Erşahin, 1999 – *Erşahin Seyfettin*. Osmanlı Devleti ve Türkistan Müslümanlarının Hac Seferleri (Çarlık Döneminden Günümüze). // *Diyanet İlmî Dergisi* 1999 Sayı:1 cilt № 35. Pp. 231-248.

Smith, 1980 – *Smith G.M*. The Özbek Tekkes of Istanbul // *Der Islam*. 1980. 57 (2). P. 130-139.

Şakir, 2009 – *Şakir Mehmed*. Halife II. Abdülhamid'in hac siyaseti. İstanbul: Timaş Yayınları, 2009. 364 p.

Toshova, 2021 – *Toshova Sharifa*. Türkistanlı Hacı ve Seyyahların Gözüyle İstanbul // GTTAD, 2021. Cilt: 3ю. Sayı: 6. Pp. 401-408.

Yalçınkaya, 1997 – *Yalçınkaya Alâeddin*. Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. İstanbul: Timaş Yayınları 1997, 477 p.

Zarcone, 1991 – *Zarcone, Thierry*. “Histoire et Croyances des Derviches Turkestanais et Indiens à Istanbul.” Anatolia Moderna/Yeni Anadolu, II: Derviches et Cimetières Ottomans (Bibliothèque de l'Institut Français d'Études Anatoliennes d'Istanbul, XXXIV). Paris: Adrien Maisonneuve, 1991. Pp. 137-200.

Sources

BOA – Başbakanlık Osmanlı Arşivi [Prime Ministry Ottoman Archives]

References

- Abashin, 2003 – *Abashin S.* Islam v byurokraticheskoy praktike tsarskoy administratsii Turkestana (vakufnoe delo dahbitskogo medrese) [Islam in the bureaucratic practice of the tsarist administration of Turkestan (waqf case of the Dagbit madrasah)] // *Sbornik Russkogo Istoricheskogo Obschestva*, M., 2003. № 7 (155). Pp. 180-186. [In Rus.]
- Abashin, 2016 – *Abashin S.N.* Turkestan v imperskoy politike Rossii. Monografiya v dokumentah. [Turkestan in the Imperial Policy of Russia. Monograph in documents]. M.: Kuchkovo pole, 2016. 667 p. [In Rus.]
- Abdykadyrov, Mýldahmetova, 2022 – *Abdykadyrov N.M., Mýldahmetova J.I.* Osman imperiasynyń Orta Aziadaǵy saiasatynyń rýhani-ideologıalyq baǵyttary. (XX ǵ. basy). [Spiritual and Ideological Directions of the Politics of the Ottoman Empire in Central Asia (early XX c.)] // *Bulletin of history*. 2022. №1 (104). Pp. 160-170. URL: <https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.18> [In Kaz.]
- Alimova, Rashidova, 1998 – *Alimova D., Rashidova D.* Behbudiy i ego istoricheskie vozzreniya [Behbudiy and his historical view] / *Otv. red. B. Kasyimov*. Tashket: Maynavyat, 1998. 40 p. [In Rus.]
- Ahmadullin, 2023 – *Ahmadullin V.A.* Palomnichestvo musulman: ot Rossiyskoy imperii do Rossiyskoy Federatsii: monografiya [Muslim Pilgrimage: from the Russian Empire to the Russian Federation]. V.A. Ahmadullin, R.R. Abbasov, V. V. Ahmadullin. Moskva: ID «Chitay», 2023. 468 p. [In Rus.]
- Alyılmaz, 2009 – *Alyılmaz Cengiz*. “Valeh Hacılar’ın Türklük Bilimine Katkıları Ve Yeni Kitabı: Heste Hasan” // *Karadeniz Araştırmaları*. 2009. Sayı 23. Cilt: 6, Pp.117-129.
- Alpargu, Yazici, 2014 – *Alpargu Mehmet, Serkan Yazici, Fikretin Yavuz*. Arduous Journey to Hedjaz: Turkestani Pilgrims, the Caliph and Istanbul (16th -20th Centuries) // *Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi Dergisi*. 2014, 54. Pp. 401-416.
- Arapov, 1999 – *Arapov D.Yu.* Pervyy rossiyiski ukaz o palomnichestve v Mekku [The first Russian decree on pilgrimage to Mecca] // *Rossiya v srednie veka i novoe vremya*. M.: ROSSPEN, 1999. 348 p. [In Rus.]
- Baydakova, 2006 – *Baydakova N.N.* Hadj i migratsionnyie protsessy sredi musulman Rossii v XIX v. [Hajj and migration processes among Muslims of Russia in the 19th century] // *Vestnik TGU*. Vyipusk 3 (43). 2006. Pp. 261-265. [In Rus.]
- Buyar, 2022 – *Buyar Cengiz, İdikurt Derya*. Türkistanlıların Hac Yolculuğunun Osmanlı-Rus İlişkilerindeki Yeri. / XIX. Türk Tarih Kongresi 3-7 Ekim 2022. Ankara. Pp. 135-149.
- Collingwood, 1999 – *Collingwood Robin George*. The Principles of History: And Other Writings in Philosophy of History. Oxford University Press, 1999. 293 p.
- Deringil, 1998 – *Deringil Selim*. The Well-Protected Domains: Ideology and the Legitimation of Power in the Ottoman Empire, 1876–1909. London and New York: I. B. Tauris, 1998. 272 p.
- Eileen, 2014 – *Eileen Kane*. Russian Hajj: Empire and the Pilgrimage to Mecca. Ithaca: Cornell University Press, 2014. 241 p.
- Faroghi, 1994 – *Faroghi Suraiya*. Pilgrims and Sultans: The Hajj Under the Ottomans. Bloomsbury Academic, 1994. 256 p.
- Guseva, 2013 – *Guseva Yu.N.* Hadj musulman Volgo-Uralskogo regiona v pervoy treti XX v.: k postanovke problemyi. [Hajj of Muslims of the Volga-Ural region in the first third of the twentieth century: towards the formulation of the problem] // *Izvestiya Ufimskogo nauchnogo tsentra RAN*. 2013. № 2. Pp. 123-129. [In Rus.]
- Hayıt, 1999 – *Hayıt Baymirza* Türkistan'dan Osmanlı Devletine: Türk-İslam Kültürü Üzerine. Bazı İzahatlar // *Akademik Araştırmalar Dergisi*. 1999. № 3. Pp. 1-6.
- Hurgronje, 1886 – *Hurgronje Ch. Snouck*. Mekkanische Sprichwörter und Redensarten, gesammelt und erläutert von Dr. C. S. Hurgronje. Haag 1886. 144 p.
- Hurgronje, 1889 – *Hurgronje Ch. Snouck*. Bilder aus Mekka. Mit kurzem erläuterndem Texte. von C. Snouck Hurgronje. Leiden, E.J. BRILL. 1889. 29 p.
- Kanlidere, 2013 – *Kanlidere Ahmet*. XIX. Yüzyıl Türk Dünyası. Editör: Ahmet Kanlidere. Eskişehir: Anadolu Üniversitesi Basımevi. 2013. 219 p.
- Koloğlu, 1987 – *Koloğlu Orhan*. Abdülhamid Gerçeği. İstanbul: GÜR Yayınları, 1987. 440 p.
- Kushner, 1977 – *Kushner David*. The Rise of Turkish Nationalism, 1876–1908. London: Frank Cass, 1977. 126 p.
- Qazaqstandaǵy Islam, 2009 – *Qazaqstandaǵy Islam dini: qajylyq (XIX-XX ǵ. basy) [Mátin] = Islam v Kazahstane: palomnichestvo (XIX-nachalo – XX v.): materialdar jınaǵy.* [Islam in Kazakhstan: pilgrimage]. (19th-early – 20th century) / *Qurast. G.R. Mýhtarova*. Almaty: Baspalar úii, 2009. 592 p. [In Kaz.]
- Litvinov, 2006 – *Litvinov, V.P.* Vneregionalnoe palomnichestvo musulman Turkestana (epoha Novogo vremeni) [Extra-regional pilgrimage of Muslims of Turkestan (New Age)]. *Elets: EGU im. I.A. Bunina*, 2006. 311 p. [In Rus.]
- Norihiro, 2012 – *Norihiro Naganawa*. The Hajj Making Geopolitics, Empire, and Local Politics: A View from the Volga-Ural Region at the Turn of the Nineteenth and Twentieth Centuries. 168-198 / *Central Asian Pilgrims. Hajj Routes and Pious Visits between Central Asia and the Hijaz* (Eds. Alexandre Papas / Thomas Welsford / Thierry Zarcone). Berlin, Klaus Schwarz, 2012. 331 p.

- Osmanlı Belgelerinde I cilt, 2011 – Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt I. Politik ve Diplomatik ilişkiler. Ed: Şahin Mustafayev, Mustafa Serin. Semerkand. IICAS, TAD. 2011. 310 p.
- Osmanlı Belgelerinde II cilt, 2011 – Osmanlı Belgelerinde Merkezi Asya Tarihi. Cilt II. Manevi ve dini bağlar. Ed: Şahin Mustafayev, Mustafa Serin. Semerkand. IICAS, TAD. 2011. 222 p.
- Saray, 1994 – *Saray Mehmet*. Rus İşgali Devrinde Osmanlı Devleti İle Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875). Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları. 1994. 188 p.
- Sarınay, 2019 – *Sarınay Yusuf*. “Türkistanlı Hacıların Ziyaret Merkezi Olarak İstanbul” // *Bilig*. 2019. № 88. Pp. 1-18.
- Sarıyıldız, 1994 – *Sarıyıldız Gülden*. II. Abdülhamid'in Fakir Hacılar İçin Mekke'de İnşa Ettirdiği Misafirhâne, // İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Enstitüsü Dergisi. 1994. sayı:14. Pp. 121-145.
- Sarıyıldız, 2009 – *Sarıyıldız, G.* Halife II. Abdülhamid'in Hac Siyaseti Dr. M. Şakir Bey'in Hicaz Hatıraları. İstanbul. Timaş Yayınları, 2009. 364 p.
- Erşahin, 1999 – *Erşahin Seyfettin*. Osmanlı Devleti ve Türkistan Müslümanlarının Hac Seferleri (Çarlık Döneminden Günümüze). // Diyanet İlmi Dergisi 1999 Sayı:1 cilt № 35. Pp. 231-248.
- Smith, 1980 – *Smith G.M.* The Özbek Tekkes of Istanbul // *Der Islam*. 1980. 57 (2). P. 130-139.
- Şakir, 2009 – *Şakir Mehmed*. Halife II. Abdülhamid'in hac siyaseti. İstanbul: Timaş Yayınları, 2009. 364 p.
- Toshova, 2021 – *Toshova Sharifa*. Türkistanlı Hacı ve Seyyahların Gözüyle İstanbul // GTTAD, 2021. Cilt: 3ю. Sayı: 6, Pp. 401-408.
- Vasilev, 2014 – *Vasilev A.D.* «Znamya i mech ot padishaha». Politicheskie i kulturnye kontaktyi hanstv TSentralnoy Azii i Osmanskoy imperii (seredina XVI – nachalo XX vv.). ["The Banner and Sword from the Padishah." Political and Cultural Contacts of the Khanates of Central Asia and the Ottoman Empire (mid-16th – early 20th centuries)]. M.: Institut Vostok. RAN; Probel-2000, 2014. 354 p. [In Rus.]
- Vasilev, 2020 – *Vasilev A.D.* Panislamizm i politika Osmanskoy imperii v TSentralnoy Azii v posledney treti XIX v. [Pan-Islamism and the Policy of the Ottoman Empire in Central Asia in the Last Third of the 19th Century]. // TSentralnaya Aziya na perekrestke evropeyskih i aziatskih politicheskikh interesov: XVIII–XIX vv. Sbornik nauchnykh trudov. Sankt-Peterburg, 24-28 avgusta. 2020. Pp. 215-228. [In Rus.]
- Yalçinkaya, 1997 – *Yalçinkaya Alâeddin*. Sömürgecilik-Panislamizm Işığında Türkistan, 1856'dan Günümüze. İstanbul: Timaş Yayınları 1997. 477 p.
- Zarcone, 1991 – *Zarcone, Thierry*. “Histoire et Croyances des Derviches Turkestanais et Indiens à Istanbul.” Anatolia Moderna/Yeni Anadolu, II: Derviches et Cimetières Ottomans (Bibliothèque de l'Institut Français d'Études Anatoliennes d'Istanbul, XXXIV). Paris: Adrien Maisonneuve, 1991. Pp. 137-200.



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 139–151
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_139-151

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ

Бақыт Серікқызы Тұрлыбай¹, Ғабит Қанезұлы Кенжебаев²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті (050010 Алматы қ., Жамбыл 25, Қазақстан, Алматы қ.)
PhD докторант

<https://orcid.org/0009-0008-7782-0791> E-mail: t.bakyt94@mail.ru

² Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті (050010 Алматы қ., Жамбыл 25, Қазақстан, Алматы қ.)
Тарих және құқық факультетінің деканы, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д.,

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. e-mail: kgabit62@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2025

© Тұрлыбай Б.С., Кенжебаев Ғ.Қ. 2025

Андатпа. *Kіріспе.* XX ғасырдың басындағы Қазақ қоғамының ағартушылық мәселелері және оның «Қазақ» газетінің беттерінде көрініс табуы мәселесін зерттеу ұлттық тарихымыздың белгісіз беттерін ашуға мүмкіндік беріп, ұлттық тарихи сананы дұрыс қалыптастыруға септігін тигізуімен құнды. Әрине, әр ғылымның өзіне ғана тән методологиялық ұстанымы болатыны ақиқат. Мәселен, тарих ғылымында, уақыт пен кеңістіктің, саяси идеологиялық, фактордың рөлі мен ықпалы қашан да жоғары болған. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:* Ағартушылықтың әлемдік тәжірибесін зерделей отырып, XX ғасыр басындағы «Қазақ» газеті арқылы Алаш қайраткерлерінің бұл үдеріске қосқан үлесін бағалау. Қазақ жеріндегі ағартушылықтың пайда болуы мен даму кезеңдерін анықтау; Қазақ газетінің қалыптасуына ықпал еткен факторларды анықтау; Қазақ газетіндегі алға қойылған ағартушылық, білім беру және сауатсыздықты жою мәселелеріне қатысты көзқарастарды талдау; Қазақ газетіндегі оқу-ағарту мәселелеріне қатысты еңбектерді саралау. *Материалдар мен әдістер.* Қазіргі кездегі зерттеулердің маңыздылығы, мәселенің ауқымды және дерек көздерінің кеңейюінде. Мақалада зерттеудің негізгі бағыттары көрсетілген. *Бірінші бағыт,* «Қазақ» газеті бетіндегі білім мәселесінің тарихы бойынша жұмыстардың ерекшелігі. Ағартушылықтың мәні мен тарихи формасының алғашқы даму кезеңдеріне шолу жасалынып, теоретиктер мен философтардың ой-пікірлері қарастырылды. *Екінші бағыт,* «Қазақ» газетіндегі баспасөз бен кітап мәселесі бойынша жұмыстарға зерттеу жасалынды. Сонымен қатар, Қазақтың тұңғыш ағартушыларының философиялық ойларына, көзқарастары мен шығармаларына талданды. Қазақ ағартушылығы: Абай, Шоқан, Ыбырай есімдерімен тығыз байланыстылығы сараланды. *Нәтижелер:* «Қазақ» газеті бетінде жарияланған ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар кеңінен пайдаланылды. Оларды ғасыр басындағы қоғамдық ой-сананың айнасы ретінде бағалауға болады. «Қазақ» газеті ағартушылыққа анықтама берумен, оның мәнін арнайы талдаумен айналысқан жоқ. Дегенмен, білім мен тәрбие, әдебиет пен өнер, ғылым жетістіктері мен саясат туралы айтқандары қазақ қоғамындағы ағартушылық идеясының басты-басты бағытын мазмұнын және ерекшелігін зерделеуге мүмкіндік береді. Мәселен, сол замандағы өзекті мәселенің бірі кітап шығару мен тарату еді. «Қазақ» ұлт тілінде жарияланған басылымдардың саны, шыққан баспасы, сатылым бағасы, кітап дүкені, тапсырыс беру жәйінен жиі ақпарат беріп тұрған. Сол мақалалар арқылы А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың,

Ш. Құдайбердіұлының, Қ. Халидтің, Ш. Маржанидің т.б. ойшылдардың еңбектерімен танысуға болады. Тек 1913 жылы ғана ұлттық бас газет қазақ жеріндегі мектептердің саны мен жағдайы туралы 40-тан астам мақала жариялағандығына салыстыру жұмыстары жасалынды. *Қорытынды:* «Қазақ» газетінің шығу тарихы мен шығармашылық қызметі біршама зерттелген. Алайда, «Қазақ» газетінің ағартушылық қызметі арнайы зерттелген жоқ. Сондықтан осы бағыттағы зерттеулер аса қажет.

Түйін сөздер: ұлт зиялылары, алаш, оқу-ағарту, ағартушылық, білім беру, тарих, медресе, мектеп, мұғалім, XX ғасырдың басы, «Қазақ» газеті, кітап шығару.

Дәйексөз үшін: Тұрлыбай Б.С. Кенжебаев Ф.Қ. «Қазақ» газетінде оқу-ағарту мәселесінің көтерілуі // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 139-151-бб. (каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_139-151

THE RISE OF THE PROBLEM OF EDUCATION IN THE NEWSPAPER "KAZAKH"

Bakyt S. Turlybay¹, Gabit K. Kenzhebaev²

¹ Abay Kazakh National University (25, Dzhabula str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

PhD student,

<https://orcid.org/0009-0008-7782-0791> E-mail: t.bakyt94@mail.ru

² Abay Kazakh National Pedagogical University (25, Dzhabula Shevchenko str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences

of the Republic of Kazakhstan, Dean of the Faculty of History and Law

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. e-mail: kgabit62@mail.ru

© Valichanov IHE, 2025

©Turlybay B.S., Kenzhebaev G.K. 2025

Abstract. Introduction. The study of the educational problems of the Kazakh society at the beginning of the 20th century and its reflection on the pages of the "Kazakh" newspaper is valuable as it allows us to open the unknown pages of our national history and contributes to the correct formation of national historical consciousness. Of course, it is true that each science has its own methodological position. For example, in the science of history, the role and influence of time and space, political and ideological factors have always been high. *Goals and objectives:* The purpose and objectives of the research: to evaluate the contribution of Alash figures to this process through the newspaper "Kazakh" at the beginning of the 20th century, while studying the world experience of enlightenment. Determining the stages of emergence and development of enlightenment in the Kazakh land; Identify the factors that contributed to the formation of the Kazakh newspaper; Analysis of views on the issues of enlightenment, education and elimination of illiteracy put forward in the Kazakh newspaper; Differentiation of works related to educational issues in the Kazakh newspaper. The importance of modern research lies in the scope of the problem and the expansion of data sources. The article shows the main directions of research. *Materials and Methods.* The first direction is the peculiarity of works on the history of the issue of education on the pages of "Kazakh" newspaper. The essence and historical form of the Enlightenment was reviewed, and the views of theorists and philosophers were considered. In the second direction, a study was made of works on the issue of press and books in "Kazakh" newspaper. In addition, the philosophical thoughts, views and works of the first Kazakh educators were analyzed. Kazakh education: the close connection with the names of Abay, Shokan, Ybrai is differentiated. *Results:* scientific and public scientific articles published on the page of "Kazakh" newspaper were widely used. They can be evaluated as a mirror of the public mind at the beginning of the century. "Kazakh" newspaper was not engaged in providing a definition of enlightenment and specifically analyzing its meaning. However, what they say about education and upbringing, literature and art, scientific achievements and politics allows to study the content and features of the main direction of the idea of enlightenment in the Kazakh society. For example, publishing and distributing books was one of the pressing issues of that time. "Kazakh" often provided information about the number of publications published in the national language, publishing house, sales price, bookstore, place of order. Through those articles, A. Baitursynov, M. Dulatov, Sh. Kudaiberdiuly, K. Khalid, Sh. Marjani, etc. you can get acquainted with the works of thinkers. Only in 1913, the main national newspaper published more than

40 articles about the number and condition of schools in the Kazakh territory. *Conclusion:* the history of the origin and creative activity of "Kazakh" newspaper has been studied to some extent. However, the educational activities of "Kazakh" newspaper have not been specifically studied. Therefore, research in this direction is very necessary.

Key words: National intellectuals, Alash, education, enlightenment, education, history, madrasa, school, teacher, the beginning of the 20th century, "Kazakh" newspaper, book publishing.

For citation: Turlybai B.S., Kenzhebaev G.K. The rise of the problem of education in the newspaper "Kazakh" // Otan tarikhy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 139-151 (In Kaz). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_139-151

ПОДНИМАНИЕ ВОПРОСА ОБ ОБРАЗОВАНИИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ»

Бакыт Сериковна Турлыбай¹, Габит Канезович Кенжебаев²

¹ Казахский национальный университет имени Абая (д. 25, ул. Жамбула Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

PhD докторант,

<https://orcid.org/0009-0008-7782-0791> Электронная почта: t.bakyt94@mail.ru

² Казахский национальный университет имени Абая (д. 25, ул. Жамбула, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

д.и.н., Академик НАН РК, декан факультета истории и права

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603>. e-mail: kgabit62@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

©Турлыбай Б.С., Кенжебаев Г.К., 2025

Аннотация. *Введение.* Исследование образовательных проблем казахского общества начала XX века и их отражение на страницах газеты «Казах» ценно, так как позволяет открыть неизведанные страницы нашей национальной истории и способствует правильному формированию национального исторического сознания. Конечно, верно, что каждая наука имеет свою методологическую позицию. Например, в исторической науке всегда были высоки роль и влияние времени и пространства, политических и идеологических факторов. *Цель и задачи исследования:* оценить вклад деятелей Алаша в этот процесс через газету «Казах» в начале XX века, изучая мировой опыт просветительства. Определение этапов зарождения и развития просвещения на казахской земле; Выявить факторы, которые способствовали становлению казахской газеты; анализ взглядов на вопросы просвещения, образования и ликвидации неграмотности, высказанных в казахской газете; дифференциация работ, связанных с вопросами образования в казахстанской газете. Значимость современных исследований заключается в масштабах проблемы и расширении источников данных. *Материалы и методы.* В статье показаны основные направления исследований. *Первое направление* – это особенность работ по истории вопроса образования на страницах газеты «Казах». Рассмотрены сущность и историческая форма просвещения, рассмотрены взгляды теоретиков и философов. *По второму направлению* были изучены работы по вопросам печати и книги в газете «Казах». Кроме того, были проанализированы философские мысли, взгляды и труды первых казахских просветителей. Казахское образование: дифференцируется тесная связь с именами Абая, Чокана, Ыбрая. *Результаты:* получили широкое распространение научные и общественно-научные статьи, опубликованные на странице газеты «Казах». Их можно оценить как зеркало общественного сознания начала века. Газета «Казах» не занималась определением просвещения и конкретным анализом его значения. Однако то, что они говорят об образовании и воспитании, литературе и искусстве, научных достижениях и политике, позволяет изучить содержание и особенности основного направления идеи просвещения в казахском обществе. Например, издание и распространение книг было одной из актуальных проблем того времени. Газета «Казах» часто предоставляла информацию о количестве изданий, вышедших на национальном языке, издательстве, цене реализации, книжном магазине, месте заказа. Благодаря этим статьям А. Байтурсинов, М. Дулатов, Ш. Кудайбердиулы, К. Халид, Ш. Марджани и др. можно познакомиться с

произведениями мыслителей. Только в 1913 году в главной республиканской газете было опубликовано более 40 статей о количестве и состоянии школ на казахском крае. **Вывод:** история возникновения и творческой деятельности газеты «Казах» в определенной степени изучена. Однако просветительская деятельность газеты «Казах» специально не изучалась. Поэтому исследования в этом направлении очень необходимы.

Ключевые слова: Национальная интеллигенция, Алаш, образование, просвещение, просвещение, история, медресе, школа, учитель, начало XX века, газета «Казах», книгоиздание.

Для цитирования: Турлыбай Б.С., Кенжебаев Г.К. Поднятие вопроса об образовании в газете «Казах» // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 139-151 (на каз.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_139-151

Кіріспе. 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған «қазақ»газетінде, оқу-ағарту мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Себебі, дәл осы кезеңде қазақ қоғамындағы күн тәртібіндегі, ең өзекті мәселелер ағартушылық, оқу-білім болған еді. Өз заманындағы оқу-білім туралы мәселелерді көтеріп, халық арасында барынша насихаттаған маңызды басылымдардың бірі осы «Қазақ» газеті болды. Оның шығу тарихы тереңінен бастау алады.

«Қазақ» газетін ұйымдастырушы Ахмет Байтұрсынұлы да қазақ қоғамындағы оқу-ағарту мәселесіне белсенді араласты. Ол да өзіне дейінгі Абай, Ыбырай, Шоқан іспетті ағартушылар сияқты үлкен еңбек сіңірді. Өйткені, осындай «Қазақ» сияқты ірі газеттің жарыққа шығуы білім мен ғылымның, баспасөздің, түптеп келгенде оқу-ағарту ісінің дамуына елеулі үлес қосты. Осылайша, «Қазақ» газеті 1913 жылы 2-ақпанда ұзақ дайындалып, қажетті келісімдерден кейін бірінші нөмірі басылып шықты. Газеттің басылуына Ахмет ишан Оразбаев тікелей қаржылық көмек көрсетті. Алғашқы газет сандары Хусаинов Карим баспаханасында басылып тұрды. Ал, 1918 жылғы газеттің сандарында редакторлық қызметті Жанұзақ Жәнібеков атқарды. Сол тұста газеттің барлығы 265 нөмірі жарыққа шықты. Бар болғаны 5 жылды қамтыған уақытта, газет Орынбор, Торғай, Ақмола, Жетісу, Семей облыстарына кеңінен таратылған (Нұсқабайұлы, 2018: 63-65).

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында автор XX ғасырдың басындағы қазақ тілінде шыққан алғашқы «Қазақ» газеті, Алаш қайраткерлерінің ағартушылыққа қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік беретін еңбектері пайдаланылды. Өйткені ұзақ жылдар бойы басқа елдің бодандығында болған, тәуелсіздікке қол жеткізген ұлт үшін зиялы қауымымызды ұрпаққа танытып, олардың жүріп өткен жолдарымен таныстыру рухани тұрғыда үлкен маңызға ие. Себебі олар ұлт үшін, жер үшін аянбай қызмет етіп, үлкен күрес жолынан өтті. Ал оны заман талабына сай қайта жандандыру зерттеушінің алға қойған міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл тұрғыда зиялы қауымның алатын орны үлкен.

Мақала, проблемалық-хронологиялық принципке негізделі отырып, тарихнамалық талдау көздері үш тақырыпқа бөлінген. Бірінші тақырып, «Қазақ» газеті бетіндегі білім мәселесінің тарихы бойынша жұмыстармен байланысты. Екінші тақырып, «Қазақ» газетіндегі баспасөз бен кітап мәселесі бойынша жұмыстарды қамтиды. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушылығының тәжі А. Байтұрсынұлының шығармашылығы арқылы өмірге келген қазақ алфавиті, қазақ тілінің грамматикасы мен теориясы еді, сол арқылы оның тарих және ғылым тіліне айналуы болды. Сондықтан, үшінші тақырып, «Қазақ» газетіндегі ғылымға байланысты жұмыстар қатарын қамтиды.

Мақалада қолданылған негізгі әдіс- сапалы жалпылау әдісі – Qualitative data synthesis. Бұл әдіс, ағартушылықтың әлемдік тәжірибесін зерделей отырып, XX ғасыр басындағы «Қазақ» газеті арқылы Алаш қайраткерлерінің бұл үдеріске қосқан рөлі мәселесіндегі жұмыстарына сапалы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмыстары арасында аналитикалық байланысын құру мақсатында, қазақстандық авторлардың жарияланымдарын тақырыптық тұрғыда талдауды көздейді. Және де жазылған еңбектер жиынтығына, сапалы түрде зерттеу нәтижелерін шығаруға мүмкіндік береді.

Талқылау. Қазақ оқығандарының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Қоғамдық дамуда алдыңғы елдермен салыстырғанда қазақ қоғамының кешеуілдеп қалуы, сондай-ақ отарлық тәуелділікке түсуінің себеп-салдарын анықтау, төніп келе жатқан қауіп жағдайында бұл күйден шығудың жолын іздеу, қазақ оқығандарының алдында тұрған негізгі мәселеге айналды. Қазақ елі саны жағынан империя құрамындағы үлкен елдердің қатарында емес еді, сонымен қатар аз және әлсіз елдердің де санатына жатпайтын.

Дегенмен, оның халық ретінде жүріп өткен жолы, ерлік тарихы, ең негізгісі ғасырлар бойы қанды күрес арқылы қалыптасқан атамекен жері бар. Осы және басқа да сауалдарға жауап іздеу, заман сұранысына лайық шаруашылық құру, күні өткен өмір салтын қайта қарап, жаңа талаптарға бейімдеу екендігін олар жақсы түсінді. Аталмыш тұжырымға тоқтаған ұлт оқығандары қоғамдық қызметін ағартушылықтан бастады. Ендігі уақытта халық арасына білім нұрын себу арқылы оларды өз тағдырын шеше алатын белсенді субъектіге айналдыру басты міндетке айналуға тиіс. Олар нағыз білім, осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды.

Міне, сондықтан да ұлт оқығандары қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, бұл межені жақындата түсу үшін қазақ тілін білім және ғылым тіліне айналдыру, осы мақсатта оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, ұлтқа арнап кітап, газет журналдар шығару ісін қолға алды. Қорыта айтқанда, ағартушылық ісі ұлт оқығандарының жұмылып атқаратын негізгі ортақ жобасына айналды.

Газет халық арасына кеңінен танылып, өзіндік маңыздылыққа ие болды. Маңыздылығы сол, оның оқырмандары 3 мыңға дейін, ал таралымы 8 мың данаға жетті. Қалың оқырманға кеңінен танымал газеттің таралуы: Днепрден бастау алып, Қытай мен Шыңжаңға дейінгі аумақты қамтыды. Редактор Ахмет Байтұрсынұлы газет материалдарын басып шығару, және шығару фактісін халықтың тағдырына алаңдаулы саясат екенін айқындап берді.

Әр дәуірдің өзіндік ерекшелігі бар. Заман талабы – өмір талабы. Қараңғылықтың шырмауында, ескіліктің, әдет-ғұрпымыздың зиянды жақтарын басынан кешірген халқымыздың тағдыры көңілімізге үлкен ой салды. Осы орайда тұяғымен кең даланы дүбірге бөлеп, талай тұлпарлар өткен, ел бірлігін ойлаған даналар туған өлкенің көгін қаламның ұшымен ұштаған есімдері тарихымызда алтын әріппен жазылған. «Халқымыздың бай мұрасы, ұмытылмас тарихы бар», – деп мақтаныш еткен тарихи мұралары еліміздің болашағына жол көрсетті. Бүгінгі тақырыбымызға арқау болған «Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газетін 1913-1918 жылдар аралығында жаңа өріс алған азаттық күрестің ұйытқысы болды.

Алаш зиялыларының ағартушылық қызметі осы уақытқа дейін әр түрлі бағыттарда қарастырылып келді. Өйгілі тарихшы М. Қозыбаев «Алаш қозғалысы XIX ғасырдағы ағартушылар қозғалысының жалғасы, оның жоғары сатысы. Абай заманында ағартушылық ұлтымызды өркениетке таныстыру кезеңі болды. Ыбырай Алтынсарин бұлағынан бастау алған Ахмет заманасы – ағартушылықты ұлтымыздың болмысын сақтап, оны өркениетті халықтармен жарыстыруға қажет алғышарттар үшін жүргізілген күрес заманасы еді» (Қозыбаев, 2009: 189) деп, XIX ғасыр мен XX ғасырдағы ағартушылық қозғалыстың бір-бірімен тығыз байланысты екенін негіздейді. Ал ҚР ҰҒА академигі М. Қойгелдиев: «Алаштық қазақ ағартушылары, әрине халықты білім алуға үндегені рас, дегенмен олар осы міндетті ғана атқарумен шектелген жоқ» (Қойгелдиев, 2004:235-236) деп көрсетеді. Олардың түсінігінде қазақ жастары алған жаңа сападағы білім қазақ халқының өмірін заман сұранысына лайық мазмұн және бағытта өзгертуге тиіс еді. «Бүгінгі адамзат қоғамында - А. Байтұрсынұлы, өміршең мәдениет салтанат құрмақ, ал мәдениеттер теңдігін қуатты мәдениет арқылы ғана орнатуға болады, олай болмаған күнде жоғары сатыдағы мәдениеттер төменгі деңгейдегі мәдениеттерді қанамақ» (Байтұрсынұлы, 2013:110), – деп тұжырым жасады. Басқаша айтқанда, жаңа сападағы білім қазақ қоғамын феодалдық мешеуліктен және отарлық тәуелдіктен құтқара алатын бірден-бір құралға айналуға тиіс еді. Қазақ қоғамының өзекті мәселелерін анықтау ісінде «Қазақ» газеті шешуші рөл атқарды. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ жерінің одан әрі отарлану тарихынан бастап, бүгінгі тәуелсіз мемлекет құру тарихына дейінгі қазақ халқының жүріп өткен жолын «Қазақ газеті» бетінен көруімізге болады (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009 :10).

Біріншіден, мерзімді басылымды ұйымдастыру арқылы жүзеге асыруы тұрғысынан. Осы орайда, «Қазақ»газетінің алғашқы нөмірінде «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», -дей отырып, «газет- халыққа білім таратушы, олай дейтініміз газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, іс те жеттікпекші»деп жазды Ахмет Байтұрсынов (Қозыбаев, 2009: 9).

Екіншіден, адамға көз құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа да дәл сондай маңызды еді. А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің алғашқы оқырмандарына арнап «Құрметті оқушылар» атты мақаласында, газеттің қоғам өміріндегі атқарар қызметі мен рөлін айқындап, халқы үшін бағалы төрт қасиетін көрсеткен: «Бірінші, әуелі газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі, екіншіден газет

халыққа қызмет ететін нәрсе, олай дейтініміз себебі жұрттың білімді пікір, оқығаны көп адамдар газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасына іс істеп, жол сілтеп отырған; үшіншіден газет халыққа білім таратушы. Жұрт газет арқылы қоғам өміріндегі күнделікті жаңалықтардан хабардар болып отырды. Бірте-бірте халықтың білімі молайып, зейіні оянып, пікірі ашылып, парасатқа жетпекші. Ал төртіншіден газет халықтың даушысы. Яғни, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпаққа қарсы тырысады». Жоғарыда айтылғандардан ой түйер болсақ, «Қазақ» газеті халық дертінің себебін, емін түсініп, қазақты оятуға бар күшін жинап, патша саясатына қарсы қызмет атқарды.

Ағартушы, ұлт көсемі А. Байтұрсыновтың айтуы бойынша «Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеда не болып жатқанынан көру жоқ, не сөйлеп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ», дей келе, қайраткер «жұртым деп халықтың арын арлар, зарын зарлап, газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарына қарсы тұруды» мақсат етті.

Газет беттерінде Әлихан Бөкейханның ақын және философ ретіндегі Абай туралы ой-пікірін дамыта отырып, Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы Абай шығармашылығы туралы үлкен мақала жариялайды. Ол Абайды қазақ даласының бас ақыны деп атады. Мақалада Абайдың «Поэзия – сөз иесі» өлеңі толық келтірілген. Бұл мақалада ұлы ойшылдың жалпы поэзияға, оның қоғам мен жеке адам өміріндегі гуманистік рөліне деген көзқарастарына талдау жасалған. Мақала авторы алғаш рет өзі туралы әдебиеттанушы ретінде мәлімдеді. Бүгінде, Ұлы ағартушы, философ Абай Құнанбайұлының туғанына 179 жыл. Адам жанының барлық қырын өлеңмен жырлаған Абай шығармалары әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ халқымен мәңгі жасамақ.

Осы мәселеге қатысты тарихшы М. Қозыбаев «...1864 ж. патшаның жазалаушы әскери қосыны Түркістанды басып алды. Қазақ елі, түркі тілдес халықтар жері патшалық басыбайлық империяның табанына түсті. Азғана уақытта отаршыл жүйе қалыптасып, қазақ жері әскери қорғандардың торына қамалды. ...Міне, осы бір тұста қазақ елінің зиялы қауымының жаны егілді, көз жасы төгілді, іргесі сөгілді. Замана сол бір шақта ағартушылық қозғалысты тудырды. Өркениетті дамыған елге көз салып, ағартушы қауым қайткенде қазақ елі іргелі ел болады, қайткенде қазақ жері талан-тараждан аман қалады, ұлттық сана көтеріледі? – деген стратегиялық мәселелерге жауап іздеді де ізденді, құлшынды да, бұлқынды. Сол Шоқан, Ыбырай, Абай заманасында ұлттық мүддені қорғау ағартушылықтың еншісіне тиді» (Қойгелдиев, 2004: 93) деп түйіндейді.

XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірдің маңызды мәселелеріне қазақ шаруашылығы жағдайына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды. Газет ұлт тілінде басылғандықтан қазақтың ой-пікірінің жаңаша қалыптасуына белгілі дәрежеде әсер еткені сөзсіз. Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне бес жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті. А. Байтұрсынов Кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қайраткерлік пен ағартушылық қызметі «Қазақ» газетімен тығыз байланысты болғаны бізге мәлім. «Қазақ» газеті алғашқы сандарынан бастап ел өміріндегі ең күрделі де, өзекті Қазақтың тарихы, Дін таласы, Ұры тию, Қазақтан солдат ала ма? Земство не нәрсе? атты мәселелерді көтерді. Оларға жауап іздеді.

«Қазақ» тігінділеріне зер салсақ сол кездегі қазақ қоғамы тұрмысында оның қандай маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Әр облысқа таратылып отырған газет беттерінде хабар-ошарлар, елдің жағдайы, әр өңірде болып жатқан оқиғалардан хабар алатын мүмкіндікке ие болды.

Нәтижелер. Халқымыздың әдеби, мәдени ой- пікірін оятып, қалыптастыруға септігін тигізген ұлттық тарихымыздың рухани шежіресі «Қазақ» газеті екені бәрімізге мәлім. XX ғасырдың басындағы «Қазақ» ұлттық төл энциклопедиямыз. Алаш қайраткерлері ұлтының теңдігі үшін қаламмен, күреске түскен. Қазақ зиялылары еуропалық деңгейдегі білім алғандықтан, халықтың өркениетке жетуін қалады. Олардың көрнекті өкілдері ұлттық баспасөзде қазақтар дәстүрлі өмір салтында қалса, білімі дамымай қалатынын айтып отырды. Ал білімсіз халық білімді халықпен қатар жүріп, болашаққа сенімін жоғалтып, ұлт ретінде жойылып кететінін айқындады.

Жалпы баспасөз материалдарын тарихта дерек ретінде қолдану, үстемдікке ие болып отырғандығын қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші С. Смағұлова: «мерзімді баспасөзі қоғамдық өмірдің маңызды бір саласы болып табылады. Баспасөз халық ағартудың, қоғамдық ой-пікірді дамытудың маңызды құралы. Бұдан біздер әсіресе, XX ғасырдың басында шыға бастаған биресми ұлттық басылымдарда әдет-ғұрып, оқу-тәрбие мәселелерінің бірте-бірте алдыңғы қатарға шығып,

халықтың рухани байлығын бұрынғыдан да байыта түсуге, отарлықтың кесірінен барынан айырылғандардың санасын оятуға барынша күш салғандығын байқаймыз. Адамзат өркениеті тарихында тіл мен жазудың пайда болғанынан кейінгі үшінші орында кітап шығару тұр. Кітап уақыт пен ұрпақтар сабақтастығын сақтап қалған алтын көпір», - деп жазды (Байтұрсынұлы, 2013: 7-8).

Адамзат тарихындағы тұңғыш бұқаралық ақпарат құралы кітап. Оның шығуы, дамуы жазу мәдениетімізбен тығыз байланысты. Ежелден тас кітаптан, одан ғана қағаз бетіне түсе бастады. Біздің алғашқы қолжазбаларымыз Әл-Фарабидің, М. Қашқаридің шығармалары дәлел. Алаштықтар өздерінен бұрынғы ұлы ағартушылар секілді ұлттық дамуда шешуші орынды білімге сүйене отырып тәрбие берді. Олардың дәйектеулерінше нағыз білім жолындағы мақсатты ағартушылық қызмет пен тәрбие халықты өзгертетіндігіне кәміл сенді. Алайда, алаштық ағартушы буын қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, тек онымен шектелмей, бұл мақсатты жақындата түсетін нақты істер атқарды. Нәтижесінде кітап бастыру, оқулықтар жазу, газет-журналдар шығаруға белсене кірісті. Бұл қазақ ұлтының өміріндегі жаңа толқын болатын. Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов бастаған ұлт зиялылары бала оқытуды қазақ қоғамы үшін күнделікті өмірлік қажеттілікке айналдыру жолын іздеді. Оқулық жазуды ғылым-білімнің алғашқы баспалдағы деп санаған. Олар жоспарлы түрде әр саланы, бірінші кезекте қоғамдық ғылымдарды дамытуға күш салды. 1913–1918 жылдар аралығында, екі миллионға жуық басылған қазақ кітаптарының жарық көруі осы атқарылған істер тұжырымға негіз болды. XX ғасырдың бірінші жартысында кітап шығару ісі алға басып, қарқынды дамыды. Алғашқы жиырма бес жылда бес жүзге жуық кітап жарыққа шықты. Келесі кезекте кітап ісіндегі Алаш зиялыларының ғылыми мұраларын, тәжірибелік, тұжырымдарын, қызметін мынадай жеті салаға жіктеді:

- Өздерінің қаламынан туған, жарыққа шыққан төл туындылары;
- Қазақ тілінде немесе басқа тілде жарияланған кітаптарды таныстыруы, жарнамалауы;
- Рецензиялары;
- Алыс-жақын елдерде жарық көрген кітаптарды қазақ тіліне аударуы; - Кітап шығару ісінің ережелері мен талаптарын тиянақтауы;
- Кітап авторы жайлы ой-пікірін білдіру, мәлімет тарату;
- Кітаптың қазақ тағдырындағы, ұлттық тілін сақтаудағы, миссиясын ашуы.

«Қазақ» газетінде «Жаңа шыққын кітаптар», «Жақын арада басылып шыққан һәм шығатын кітаптар» айдарымен берілген материалдардан Алаш зиялыларының қолтаңбасын байқау қиын емес. Мысалы, 1913 жылы «Қазақ» газетінің 12 нөмірінде басылған «Оқшау сөз» айдарымен Ә. Бөкейханұлы, Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі» атты кітабына пікірін білдірген. Онда «...Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкәрімнің кітабын әбден білмей қадам баспасын» дей отыра, Ә. Бөкейханов кітаптың кемшін тұстарын көрсетуді де назардан тыс қалдырмаған. Қазақ авторлары жайлы сөз қозғағанда, дәлдік пен ұқыптылықтың айқын көрінісін көрсетеді. Мысалы, Алаш зиялылары кітап басу ісіне жауапкершілікпен қараған. Олай дейтініміз оқыған кітаптарға келтірген шолудан, рецензиядан, айқын көрініс тапқан. Кітап шығару ісімен қатар, жаңа басылған кітаптарды насихаттап жарнамалап отырған.

Газеттің әр санында кітапханалар мен кітап дүкендерін таныстыруды ұмытпаған. Мысалы, Орынбордағы «Білік» кітапханасы жайын атты мақалада: «Қазақша һәр бір түрлі өлеңдер, қиссалар һәм мектеп кітаптарының қайсы бір түрі де бар. Үлкен һәм уақ арабша уа түрікше дәріс кітаптарының ең мол һәм жақсы орны да «Білік» кітапханасы» - деп жарнамалайды (Қозыбаев, 2009:30). Газеттің 1913 жылғы нөмірінде қазақ және түркі тілдерінде жарық көрген кітаптарды Орынбордағы «Білік» кітапханасынан сатып алуға болатындығы жайлы, хабарлама басылды (Қозыбаев, 2009:29). Газет беттерінде жарияланған жарнама бойынша кітаптар тез арада сатылып отырған. Алайда, кейбір кітаптар сатылымда жоқ болуына орай кей уақыттарда «ол кітап сатылмайды» немесе «сатылымда жоқ» деген айдармен жарияланып тұрған.

Газеттің № 42 санында жарияланған, «Алаш азаматтарына» атты мақалада А. Байтұрсынов, М. Дулатов «халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі баспасөз, иәғни газета, журнал, кітаптар екендігі шексіз». Баспасөздің әуелі керектігін түсініп ілу қажет, екінші білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап іс қылу керек деп, ой тұжырымдады (Қозыбаев, 2009: 418-419).

Газеттің №12 санында жарияланған, Жапония мақаласында Әлемдік баспасөз тәжірибелеріне сүйене отырып, 1908 жылы шыққан кітаптар: Англияда 9 мың, Францияда 8 мың, ал Жапонияда 29 мың. 1910-ншы жылы Еуропа жұртының бәрінен ең көп кітап басып шығарған Германия 31 мың, ал Жапония 1910-ыншы жылы 41 мың 620 атты кітап басып шығарды (Қозыбаев, 2009:126).

1915 жылы Уфа қаласындағы «Тұрмыш» баспаханасынан Көлбай Төгісовтің «Надандық құрбаны» атты пьесасы жарыққа шықты. Пьесса үш бөлімнен тұрды. Кітап басылып шыққан соң, бірден сынға ілінді. М. Дулатов пьесаның мазмұнын жіті талдап, мазмұнына мүлде келіспейтіндігін айтып қарсы шықты.

Баспахана құру, газет-журнал шығарудың қиындығын, М. Дулатов «Қазақ» газетіне жариялаған «Қазақ баспаханасы» мақаласында: «Газет шығару, баспахана ашу секілді істер көлденең адамға сауда-саттық ісі секілді көрінсе ғажап емес, ақшаң болды – алдың, қаламың болды – жаздың, бірақ бізге олай емес» дей келе, газет шығарудың өз қиыншылығы барлығын, оны көпшілік түсіне бермейтіндігін және үнемі сынға тап болатындығын, бұл күнделікті қайталанып отыратындығын айта отырып, осындай кедергілерге қарамастан баспахана ашу, газет шығару, кітап басу халық игілігі үшін істелінетінін алға тартты (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009: 37). Келесі кезекте, қазақ тіліндегі шығатын кітаптар мен олардың бағасы жайындағы хабарлар «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланып тұрды.

1913-1918 жылдары «Қазақ» газеті, басылып шыққан кезінен бастап кітаптар мен оларға жазылған сын, пікірлер жайында үзбей жарияланып отырды.

Әр жылдарға бөліп қарастырсақ, нәтижесінде 1913 жылы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердиев, М.Малдыбаев, «Медресе Ғалия» шәкірттерінің «Әліппесі», Ғ.Қарашев кітаптары жайлы хабарламалар берілсе, ал 1914 жылы А.Құнанбаев, М.Дулатов, «Қара қыпшақ Қобыланды» және Ғ. Қарашев, А. Байтұрсынов, С. Көбеев кітаптары жайлы жазылып, кітаптарға сын жазылған. 1915 жылы баспаханадан шыққан А. Байтұрсынов, М. Тұрғанбаев, М. Малдыбаев, Н. Күзенбаевтың кітаптары жайында, сондай-ақ 1916 жылы жарыққа шыққан А.Байтұрсыновтың оқу құралдары, К. Көпеевтің басылған кітаптары мен оқулықтарына, М. Дулатов, Ж.Темірбековтің және басқа да авторлардың кітаптары мен оқу құралдарына сындар айтылып мақалалар мен қысқаша жарнамалар жарияланып тұрған. Алайда, қазақ жерінде елеулі өзгерістер болды (Қозыбаев М., 2009:82). Қазақ қоғамының XX ғасырдың бірінші жартысында жаңа серпіліс жергілікті хабарлар газет беттерінде жариялана бастады. Кітап әлеміне қатысты жаңа үлгідегі мектеп оқулықтарын жасау мәселесі қолға алынып, күн тәртібіне қойылды. Сонымен қатар, ұлт мектептерінде ана тілін оқытуға байланысты төл әліппе мен хрестоматия құралдарын жасауға үлкен мән берілді.

Қазақ баспасөзі халықтың сауатты, көзі ашық, оянуына жәрдемдесті. Ә. Бөкейхановтың ағартушылық қызметі көп қырлы болды деп айтуымызға толық негіз бар (Смағұлова С., 2011:11-13). Алайда, қазақ ұлттық баспасөзінің қарлығашы «Қазақ» газетін дүниеге әкелуде, газеттің ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірген қайраткер. Қазақ баспа тарихында «Қазақ» газетінің алатын орыны ерекше. Алаш зиялыларының көтерген ағартушылық идеясы ұлт-азаттық идеясына ұласты. Қараңғы қазақ халқына ағартушылық жүргізу мақсатында жазылған көп еңбектері, баспа ісіндегі құнды мұралар қатарында. Олар кітап басу ісін ұйымдастырумен айналысты. Осы жерде «Алаш» партиясының бағдарламасында кітап бастыруға еркіншілік негізгі құқтардың бірі ретінде қарастырылғанын да айта кеткеніміз жөн. Бұл мәселені қарастырғанда Алаш қайраткерлері жазған және, олардың бастамасымен жарық көрген кітаптарды да жатқызамыз. Мысалы, А. Байтұрсыновтың 1909 жылғы «Қырық мысал», 1911 жылы басылған «Маса», М. Дулатовтың 1909 жылы жарыққа шыққан «Оян, қазақ!», М. Жұмабаевтың 1913 жылғы «Шолпан» атты кітаптары айғақ. Нәтижесінде, осы кезеңде жарық көрген Абайдың өлеңдер жинағы, Ш. Құдайбердіұлының кітаптары дәлел. Олар мұндай кітаптарды шығарып қана қоймай, «Қазақ» газетінің әрбір нөмірінде жарық көрген кітаптар туралы хабарлама беру арқылы кітаптарды оқырманға жеткізіп отырды (Смағұлова, Әнес, Замзаева, 2009:124).

Осы жерде тоқталатын тағы бір мәселердің бірі - Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаевтың және тағы басқа жарық көрген кітаптарға қатысты өздерінің сын-пікірлерін білдіріп, жан-жақты талдап отырғаны. Тәуелсіздік алғаннан кейін «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» ағдарламалары аясында әлемдік үздік авторлардың кітаптарының, қулықтарының қазақ тіліне аударылғаны белгілі, ал осы істің бастауында Алаш ағартушылары тұрды. Атақты «Маса» атты шығармасы 1911 жылы Орынборда «Дин уә мағишат» баспасынан 2000 дана тиражбен жарық көрді. А. Байтұрсынұлының халық ағарту ісіндегі маңызды еңбектерінің бірі араб графикасын

қазақтарға ыңғайлап жетілдірді. Оқылуы, жазылуы қиын әліппеге қазақ тілінің ерекшеліктеріне қарай өзгерістер енгізді. Осылайша жазылған оқулықтар халық арасында үлкен сұранысқа ие болды. 1912-1916 жылдар ішінде Орынборда осы қазақ тілі жөніндегі оқулық бес мәрте басылып шықты. 1911 жылы революцияға дейін, А. Байтұрсынов «Қырық мысалын», ал 1914, 1916 жылдар аралығында тіл жөніндегі оқулық «Оқу құралын» жазды. Ол баспа ісінің дамуында өшпес із қалдырды. Халықты ағарту жолында тынбай еңбек еткен алаш зиялысы (Нұрғалиева, 1998: 258).

Қазақ мектептерін қандай оқулықпен оқыту қажеттігі жөнінде талқылауда А. Байтұрсыновтың «Оқу құралының» мектеп, медреселерде қолданудың маңыздылығы нақтыланды. «Қазақ» газетінде жарияланған Абдолла Шоқаевтың «Қазақ мұғалімдері! Қазақ шәкірттері!» атты мақаласында: «Осы күні шығып жатқан Ахмет Байтұрсыновтың жаңа емлемен жазылған «Баянышы», «Оқу құралдары» бар, мұны қаншамыз қабыл етіп жатырмыз» (Қозыбаев, 2009: 407). – деген, пікір айта келе, нағыз мектепке қажетті оқулық екендігін анықтаған.

Ордалық «Ш.Б.» деген бүркеншік атпен мақала жариялаған азамат: «Бірінші, бұл кітаптар қазақтың жалпақ тілімен жазылған, сондықтан қазақ балалары тез түсінерлік оңай. Екінші, мүмкін қадыр бір әріпке екінші әріпті қосқан уақытта бір мағыналы сөз шығарылып жазылған. Үшінші, «Баянышы» деген кітап қосқан. Бұл кітапта «Оқу құралы» мен қалай пайдалану, баланы қалай оқыту һәм жаздыру керек екендігі көрсетілген. Шу дегенде көпке бірдей жазу оңай емес. Сондықтан, А.Б.-ның әліппесін ұнатпайтын да кісілер бар шығар, сонда да олардың қолдарында да осы жолмен оқытуға керек деп ұстап тұрған мінсіз кітаптары болуы қиын болар» (Қозыбаев, 2009: 409). – дей тұрып, бала оқытуға лайықты оқулық ретінде бағалады.

Сонымен, А. Байтұрсыновтың барлық оқулықтары, оқу құралдарына жақсы пікірлер айтылды. Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейханов кітап, газет, журнал шығаруды елдің дамығанын көрсеткіш ретінде дәйектеді. Бұл пайым-тұжырымдарын ірі зерттеулерінде ғана емес, балаларға арналған шағын суреттемелерінде де қағазға түсірген. Әсіресе Ә.Бөкейханның 1915 жылы «Қобыланды» кітабына жазған сынының тағылымы мол. «Қолға не түсті соны баса бермей, жақсы, көркем қылып басуды көздеу керек», – дейді. Кітап авторларының талант көзін ашуда ұлт зиялылары тынбай қызмет етті. Ауызша үгіт-насихатымен, газет-журналдардағы сөзімен, кітаптарымен, қажымас қайраткерлігімен қазақты оятқан, өшпес мұралары – оқулықтары мен оқу құралдары, көркем шығармалары. Осы тұста қазақ авторларының ұқыптылығын көрсетеді.

Міржақып Дулатұлы өзі ақын бола тұра, арифметикадан қазақ тілінде тұңғыш «Есеп құралын» жазады. Жарыққа шыққан тағы бір кітабы – «Оқу құралы. Оқу кітабына А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин, Ғ. Қарашев, А. Ғалимовтардың өлең, әңгімелері және орысшадан аударма шығармалары енгізіледі. Сол қиын кезеңдерде басылып шыққан кітаптар қазақ қоғамын оқуға шақырып, санасын оятып, халықты білімді болуға, сонымен қатар сауаттылыққа шақырды. Аталған оқулық, оқу құралдары қазақ баспа тарихында өзіндік орыны болды. «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!» деп ұрандатқан Міржақып, қараңғылықтың шырмауында жатқан еліне ес болуға өз-өзіне серт берген және сол сертін орындады. Міржақып Дулатұлы жайлы сөз етпеу мүмкін емес. Еңбек жолында 1917 жылға дейін жеті басылымды төрт аталым кітап шығарды. 1914 жылы «Бақытсыз Жамал», сонымен бірге «Азамат» атты өлеңдер жинағы да екінші рет басылып, жарық көреді. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы жасөспірім ұрпақ үшін оқу құралы, оқулық жазуды өздерінің азаматтық борышы санаған. Газет беттерінде тек жарнамалар ғана жарияланбаған сондай-ақ кітаптарға сыни пікірлер мен қорытындылар жасады.

1916 жылы Орынборда М. Дулатовтың Ғ. Құсанов баспасынан бастауыш мектепке арналып тұңғыш «Қирағат» оқу құралы басылып шықты (Бексұлтан, 2005:45). Кітап авторларының мұғалімдерге арнап жазған алғы сөзімен басталады. Алғы сөзде қазақ даласында екі түрлі (орысша, мұсылманша) оқыту тәртібіне талдау жасайды да, ескі мұсылманша хадим оқуының кемшіліктеріне тоқталады. Ескі араб әрпімен жазылған кітаптарды мұсылман мектептерінде шәкірттердің түсінбей, құрғақ жаттауы салдырынан 5–6 жыл оқысада хат танымай қалатыны айтылады. М. Дулатұлы қазақтың оқыған жастарын ана тілін қадірлеуіне үндей келе, оған қолдарында таза қазақша жазылған оқу құралдарының болмауы да есеп болғанын ескертіп, «...міне, сіздер керек еткен қазақ тіліндегі оқу кітаптарының бірі осы-біз ұсынып отырған» «қирағат», кітабы дейді (Бексұлтан, 2005:194). «Қазақ» газетінің әрбір нөмірінде жарық көрген кітаптар туралы хабарлама беру арқылы кітаптарды оқырманға жеткізу жолдарын қарастырып, тиімді шешіп отырған. Осы жерде көңіл бөлетін тағы бір мәселе бар. Ол Ә. Бөкейханұлының, А. Байтұрсынұлының, М. Жұмабаевтың және тағы басқа жарық көрген кітаптарға қатысты

өздерінің сын-пікірлерін білдіріп, оң-теріс жақтарын жан-жақты талдап отырғаны. Мысалы, 1913 жылы «Қазақ» газетінің 12 нөмірінде «Оқшау сөз» айдарымен Ә. Бөкейханұлы Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі» атты кітабына пікірін білдірген. Онда «...Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкәрімнің кітабын әбден білмей қадам баспасын» дей отыра, Ә. Бөкейхан кітаптың кемшін тұстарын көрсетуді де назардан тыс қалдырмаған.

Ал, Орынборда өткен жалпы қазақ-қырғыз съезінде оқу мәселесіне айырықша көңіл бөлінді. Оқу мәселесі жөнінде М. Дулатұлы баяндама жасап, ұлт мектебін көркейтуге оқытушымен оқу құралының тапшылық көрсетіп отырғанын баса айтты. Съезд делегаттары М. Дулатұлы пікірін қызу қолдап, оқу құралдарын дайындауға мұрындық болатын оқу комиссиясын құруға шешім қабылдады. Съезд оқу комиссиясына мынадай міндеттер жүктетілді: ұлт мектептеріне бағдарлама жасау; мұғалімдерге жолбасшы кітаптар жазу; тәрбие жайынан кітаптар жазу; бүкіл қазақ-қырғызға оқу ісін жүргізу жайлы жоба шығару; «қазақ емілесін тексеріп, түзету, қазақ тіліне пайдалы кітаптарды аудару. Оқу комиссиясы құрамына А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенов, Т. Шонанұлы сайланды. Комиссия 1918 жылдың басынан бастап іске кіріседі деп тарасады. «Алаш» партиясының съезінде көтерілген ана тілінде оқулықтар дайындау ісі 1921 жылы қолға алынғаны байқалады.

1914 жылы «Қазақ» газетінің «Басқармадан» айдарында, қазақ тіліндегі сонымен қатар, басқа тілде жазылған кітаптардың, әр қайсысынан бір данадан жинап кітапхана құрмақшы жайында хабар берілген. Газеттің № 47санында, Абай өлеңдері кітабы басылып шыққандығы хабарланған. Ал 1915 жылғы газет тігіндісінде «Школдар ана тілімен оқу» атты мақалада оқу кітаптары ана тілінде басылуына баса назар аударылған.

Қазақ баспа ісінің көркемдеуіндегі біріншілерінің қатарында «Қазақ» газеті болды. «Қазақ» газеті қазақ халқының көзін ашқан, ағартушылық мәселесін сәтті орындаған басылымдар болды. Баспа ісінің дамуына, қазақ ғылымының тууына Алаш зиялыларының тікелей ықпалы тиді. Ахмет Байтұрсынов қазақ тіл білімі мен әдебиеттану бойынша кітаптар жазса, медицина, биология, табиғаттану пәнінен Х. Досмұхамедұлы еңбектерін жариялаған (Суханбердина, 1999: 77). Математика саласы бойынша М. Дулатов пен Ә. Ермеков, психологиядан- Ж.Аймауытов, педагогикадан М. Жұмабаев, ауыл шаруашылығынан Т. Шонанұлы, Қ. Кемеңгерұлы арнайы еңбектер жазып, басып шығарған. Ұлт зиялыларының бұл оқулықтары педагогика, әдістеме ғылымының іргетасын қалады десек те болады. Кеңестік жүйе орнаған кезде ұлт зиялылары оқу-ағарту салаларына өлшеусіз үлес қосты.

Қазақ баспа ісінің дамуына өшпес үлесін қосқан Алаш қайраткерлері отаршылардың арбауындағы ұйқыда жатқан қалың қазақты сілкініп оятты, білім сыйлады. Қазақ қоғамының назарын білім, ғылым бастауы кітапқа аударуды мақсат тұтқан алаш зиялылары басқа да ұтымды жұмыс тәсілдерін қолданды. Ал, революциядан бұрын жазған еңбектердің басым көпшілігінің негізгі идеясы ағартушылық, демократтық, прогрестік биік нысана, олар біздің азаматтық, рухани дамуымыздағы маңызды, мәнді кезеңдер шындығын ашады, әр түрлі ойлар, пікірлер дәл қазіргі уақытқа қызмет ететінін көруге болады. Қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлерінің бірі Әлихан Бөкейхан. Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, дарынды публицист (Қожамжарова, 2014: 12). Әлихан Бөкейханұлының өмірі жолы мен ғылыми-шығармашылық еңбегі және қоғамдық-саяси қызметі халқы үшін, халқының жарқын болашағы үшін атқарылды.

Әлихан Бөкейханұлының «Қазақ» газетіне мақалалар, ғылыми зерттеулері, аудармалары жарияланған. Оның өмірдегі атқарған қызметінен құнды деректер беретін «Қазақ» қоғамдық саяси және әдеби газеті. «Қазақ» газеті қазақтың ұлттық төл басылымы деуге толық негіз бар. Әлихан Бөкейхан қазақ жұрты үшін ең өзекті мәселелерді көтерді. Көркем аудармамен, ғылыми, ғылымтанымдық, саяси әдебиеттер мен қата түрлі пән оқулықтарын, оқу-ағартуға арналған құралдарды аударумен де айналысты (Әнес, 2017: 221).

Мерзімді басылымдарда басылған Әлихан Бөкейханұлының мақалалары бүркеншік есімдермен жариялағандығы белгілі. Ол зерттеуші ғалымдар зерттеулерінен Әлихан Бөкейханұлының бүркеншік есімдермен мақала бергенін байқаймыз. Олар: «Қыр ұғлы», «Қыр баласы», «Ғали хан», «Әлихан», «Ғ.Б», «Ә.Б», «Арыс ұлы», «Түрік баласы», «Қалмақбай» (Дулатов М., 2003:93) бұл аталған есімдер қазақша басылған мақалаларда кездессе орыс басылымдарында бұданда асып

түсетіндігін мерзімді басылымдардан байқаймыз. Әлиханнның бүркеншек есімдерінің осы күнге дейін 30-дан асады.

Алаш зиялылары кітап жазу, кітап басып шығару ісімен шектелген жоқ, Әлемдік әдебиет өкілдерінің шығармаларын аударып, оларды қазақ қоғамына етене таныстырды. «Қазақ» газетінің әр санында жариялап отырды. Деректерге сүйенсек, Ә. Бөйхан «Қыр баласы» деген бүркеншік атпен, А.П. Чеховтың «Хамелеонын», Ги де Мопассанның «Симонның әкесі», «Жарасын алдырған ана», Короленко В.Г. «От» (әңгімесін), Л.Н. Толстойдың «Жұмыртқадай бидай», Н. Маркестен «Керейдің жоғалуы», Қырым сөзі, «Сұлтан Сәли», «Құрбанқия», «Ешкітау» (әңгімесін), Аңыз ертегілері, М. Дулатұлын М.Ю. Лермонтовтың Айтыс (өлеңін), А. Байтұрсынұлы, И.А. Крыловтың «Қырық мысал» аударған. Алаш қайраткерлері Л.Н. Толстойды, А.П. Чеховті, В.Г. Короленконы, И.С. Тургеневті, Г.Д. Мопассанды, Д.М. Мамин Сибиряқты қазақша сөйлетті (Бөкейхан, 1994: 202).

Қорыта келе, жалпы қоғам дамуындағы алдыңғы қатарлы ой-сана баспасөзде көрініс тапты. Жоғарыда аталған зиялылардың көпшілігі өздерінің өркениетті ойларына шығармашылықты серік етті. Олар әр түрлі аудармалары, төл туындылары, публицистикалық шығармалары арқылы халықтың жүрегіне ой салып, көп сұрақтарға жауап берді. Халқына дамуына даңғыл жол жол ашты. Сонымен, Алаш зиялылары оқу-ағарту саласында мектеп, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеу әдістерін жазып, бірін-бірі толықтырып отырған (Атабаев, 2000: 312). «Қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі ұлтты сүюдің, ел мүддесіне қалтықсыз қызмет қылудың нағыз үлгісі болады. Алаш зиялыларының көп салалы қызметінің бағыты ғылыми-педагогикалық іс-әрекетінің тамыры тереңге тарап, бүгінгі қазақстанның зияткерлік ұлт қалыптастырудың түпкілікті негізінен бастау алғандығын байқаймыз.

Қорытынды. XX ғасырдың басындағы Қазақ даласындағы жаңа есім «Қазақ» газеті мәнәсініндегі көрінісі жүйелі түрде сараланып, мәдени құбылыстармен байланыста қарастырылды. XX және XXI ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің, соның ішінде ағартушылардың мақалалары талданып, зерттелді. Ұлттық идеяның шырақшысы, азаттық рухының қоңырауы «Қазақ» газеті. XX ғасырдың алғашында, Ресей империясының қоластындағы қазақ және басқа да түркі халықтары өркениетке ұмытылып, ұлттық сана-сезім күрт өсті. Қазақ даласындағы қоғамдық-саяси өмірге елеулі өзгеріс әкелді. Алғашқы баспасөз, идеологиялық концепциялар, әдебиет нұсқалары дүниеге келді.

XX ғасырдың басында ұлтымыздың жаңа деңгейге көтерілуіне, мәдени, саяси-әлеуметтік ұйысуына негіз болған: қазақ білімділерінің элитасы қалыптасты. Мектеп-медресе, діни бостандық, адам құқығы, оқу, білім, тағы сол сияқты мәселелер алға шықты.

XX ғасырдың басындағы Ахмет Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ә. Бөкейханов сынды ұлт зиялыларының шығармашылығына шолу жасап, мақалаларына талдау барысында әрқайсысының өзіне тән маңызы мен ерекшеліктері айқындалды. Ә.Бөкейхановтың оқу-ағарту тақырыптағы мақалалары ұлттың тарихы мен мәдениетімен тығыз байланыста, олардың рухани маңыздылығы да осында екені анық. М.Дулатовтың шығармаларының ерекшелігі, ұлт басылымдарының қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруда тілі жатық, балаларға түсінікті жазудан алшақтамауы оның өзіндік қолтаңбасын айқындайды.

Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық бағыттағы шығармалары автордың ғылыми, философиялық зерттеулерінің толғауынан туындап, күрделі танымдық көркемдік тілін көрсетті. Оның шығармалары қазақ ағартушылар қатарында үлкен құбылыс ретінде ерекшеленетіндігі анықталды. Сондай-ақ, оқу-ағарту шығармашылығы оның оқулықтары мен оқу құралдары, тікелей ағартушылыққа негізделіп, қазақ халқына газеттің шығу тарихы мен баспасөздің пайда болуын кеңінен зерттеуден пайда болған пайымдарынан туындағанын көрсетеді.

«Қазақ» газеті, XX ғасырдың басында шыға бастаған бейресми ұлттық баспасөз саласында ұзақ уақыттар бойы тарих зерттеушілерінің тарапынан қызығушылық тудырып келді. Соның ішінде, Нұрпейісов К., Қойгелдиев М., Омарбеков Т., Әбжанов Х., Смағұлова С., Сақов Қ., Субханбердина Ү., қазақстан тарихында өзіндік мектеп қалыптастыруға талпыныс жасап, үлкен қолтаңбаларымен құбылыс жасады.

Сонымен бірге, қазақ даласында шешілмей жатқан күрделі мәселелер шаш етекпен болғанымен жетістіктері де, баршылық екендігін «қазақ» газетіндегі баспасөз бен кітап шығарылуы туралы жан-жақты жазылды.

Қазіргі таңда ұлттық тарихымызды қайта жаңғыртып, өткенімізді шынайылық тұрғысынан зерделеу арқылы тарихи тұлғаларымыздың өмірін зерттеу кезек күттірмейтін мәселенің бірі. Жаңа ғылыми ізденістерге, ұмтылу тарих үшін үлкен табыс. Қазақстан тарихы, оның ішінде «Қазақ» газетінің болашағы қажымас қайратпен, үздіксіз еңбек ететін ғалым, зерттеуші тарих еншісінде. Сан ғасырлар бойы патшалық өкіметтің отарлық езгісінде келген қазақ елінің егемендікке қол жеткізуі арқасында Алаш қайраткерлеріміздің өткен өмірі мен олардың шығармашылық мұрасын зерттеп, тарих беттерін қайта парақтап, жаңа заман талабына лайықты зерделеудің маңызы зор.

Әдебиеттер

- Атабаев, 2000 – *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). Ғылыми монография. Алматы: Қазақ университеті, 2000. 358 б.
- Байтұрсынұлы, 2013 – *Байтұрсынұлы А.* Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. 640 б.
- Бөкейхан, 1994 – *Бөкейхан Ә.* Шығармалар. Алматы: Қазақстан, 1994. 384 б.
- Досмұхамедұлы, 2017 – *Досмұхамедұлы Х.* Еңбектері: Бірінші том. Жан саулығы / Құраст. проф. Ғ. Әнес. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. 432 б. + 16 бет суретті жапсырма.
- Дулатов, 2003 – *Дулатов М.* Бес томдық шығармалар жинағы. 4 том. Алматы: Мектеп, 2003. 344 б.
- Жүз тұңғыш, 2005 – *Жүз тұңғыш.* Жинақ. 2-кітап. Құраст. Бексұлтан Нұржекеұлы. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2005. 352 б.
- Қожамжарова, 2014 – *Қожамжарова Д.* Алаш қозғалысының тарихы: Оқулық. Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, 2014. 332 б.
- Қойгелдиев, 2004 – *Қойгелдиев М.* Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). Алматы: Жалын, 2004. 400 б.
- Қазақ, 1913 – *«Қазақ» газеті* 1913 жыл / Репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: Смағұлова С., Әнес Ғ., Замзаева Т. Астана: Арыс, 2009. 480 б.
- Қазақ, 1914 – *«Қазақ» газеті* 1914 жыл / репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры; құраст.: Смағұлова С., Әнес Ғ., Замзаева Т. Астана: Арыс, 2009. 480 б.
- Қозыбаев, 2009 – *Қозыбаев М.* Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлт реформаторы // Тұлғалар тұғыры / Құраст. І. Қозыбаев. Алматы, 2009. 540 б.
- Қозыбаев, 2009а – *Қозыбаев М.* Киелі тәуелсіздік / Құраст. І. М.Қозыбаев. Алматы: Баспалар үйі, 2009. 448 б.
- Нұсқабайұлы, 2018 – *Нұсқабайұлы Ж.* Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар). Алматы: «Білім» баспасы, 2018. 400 б.
- Нұрғалиева, 1998 – *Нұрғалиева Л.* 1917–1937 жылдарда Қазақстан тарихының өзекті мәселелері баспасөзде: тарихнамалық зерттеу: Тар. ғыл. канд. дисс. ... Алматы, 1998. 143 б.
- Смағұлова, 2011 – *Смағұлова С.* Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). Алматы: Елтаным баспасы, 2011. 432 б.
- Суханбердина, 1999 – *Суханбердина Ү.* Қазақ халқының атамұралары. Алматы, 1999. 93–247-бб.

References:

- Atabaev, 2000 – *Atabaev Q.* Qazaq baspasózi Qazaqstan tarihyńyń derek kózi [Kazakh Press source of the history of Kazakhstan] (1870-1918). Ǵylymı monografıa. Almaty: Qazaq ǵnıversiteti, 2000. 358 p. (in Kaz.)
- Baytursınulı, 2013 – *Baytursınulı A.* Qazaq til biliminiń máseleleri [Problems of Kazakh linguistics] / Qurast.: Ğ. Ąnes. Almatı: «Abzal-Ay» baspası, 2013. 640 p. (in Kaz.)
- Bókeihan, 1994 – *Bókeihan Á.* Shyǵarmalar [Works]. Almaty: Qazaqstan, 1994. 384 p. (in Kaz.)
- Dosmuhameduly, 2017 – *Dosmuhameduly H.* Eńbekteri: Birinshi tom. Jan saýlyǵy [Works: the first volume. Health of the soul] / Qurast. prof. Ğ. Ąnes, Almaty: «Arys» baspasy, 2017. 432 p. + 16 bet syretti japsyrma. (in Kaz.)
- Dýlatov, 2003 – *Dýlatov M.* Bes tomdyq shyǵarmalar jınaǵy [Collection of works in five volumes]. 4 tom. Almaty: Mektep, 2003. 344 p. (in Kaz.)
- Júz tuńǵysh, 2005 – *Júz tuńǵysh.* Jınaq. 2-kitap [One hundred firstborn. Collection. Book 2]. Qurast. – Beksultan Nurjekeuly. Almaty: «Jalyn baspasy» JShS, 2005. 352 p. (in Kaz.)
- Nurǵalieva, 1998 – *Nurǵalieva L.* 1917–1937 jıldarda Qazaqstan tarihyńyń ózekti máseleleri baspasózde [Actual problems of the history of Kazakhstan in 1917-1937 in the press: historiographic research]: tarihnamalyq zertteý: t.ǵ.k. ... diss. Almaty, 1998. 143 p. (in Kaz.)
- Nusqabauuly, 2018 – *Nusqabauuly J.* Qazaq jýrnalistikasynyń tarhy [History of Kazakh journalism] (1870-2008 jylдар.). Almaty: «Bilim» baspasy, 2018. 400 p. (in Kaz.)
- Qojamjarova, 2014 – *Qojamjarova D.* Alash qozǵalysynyń tarhy: Oqýlyq [History of the Alash movement: textbook]. –Taraz memlekettik pedagogikalyq institýtı, 2014. 332 p. (in Kaz.)



Qoygeldiev, 2004 – *Qoygeldiev M.* Ulttiq sayası élita. Qızmeti men tağdırı [National political elite. Activity and fate] (XVIII-XX ğğ.). Almatı: Jalin, 2004. 400 b. (in Kaz.)

Qozıbaev, 2009 – *Qozıbaev M.* Axmet Baytursınov – XX ğasırdıñ ult reformatorı [Akhmet Baitursynov-national reformer of the XX century] // Tulğalar tuğırı. / Qurastırğan I. Qozıbaev. Almatı, 2009. 540 p. (in Kaz.)

Qozıbaev, 2009a – *Qozybaev M.* Kıeli táýelsizdik [Holy independence] / Qurast. I.M. Qozybaev. Almaty: Baspalar úii, 2009. 448 p. (in Kaz.)

Qazaq, 1913 – «*Qazaq*» gazeti 1913 jyl [Newspaper "Kazakh" 1913] / repressıağa ushyrağan qazaq zııalylarynyñ murasyn zertteitin «Arys»qory; qurast.: Smağulova S., Ánes Ğ., Zamzaeva T. Astana: Arys, 2009. 480 p. (in Kaz.)


Qazaq, 1914 – «*Qazaq*» gazeti 1914 jyl [Newspaper "Kazakh" 1913] / repressıağa ushyrağan qazaq zııalylarynyñ murasyn zertteitin «Arys»qory; qurast.: Smağulova S., Ánes Ğ., Zamzaeva T. Astana: Arys, 2009. 480 p. (in Kaz.)

Smağulova, 2011 – *Smağulova S.* Qazaq merzimdi baspasózi: shyǵý tarihy men derektik mańyzy [Kazakh Periodical Press: history of origin and source significance] (XX ğ. 20-30 jj.)/ Svetlana Smağulova. Almaty: «Eltanym baspasy», 2011. 432 p. (in Kaz.)

Sýhanberdına, 1999 – *Sýhanberdına Ú.* «Qazaq halqynyñ atamuralary [Heritage of the Kazakh people]». Almaty, 1999. Pp. 93–247. (in Kaz.)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 152–164
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.01.09

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_152-164

КАЗАХСКО-РУССКОЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ Х.А. АРГЫНБАЕВА

Денис Аркадьевич Черниенко¹, Гульнур Атымтаевна Абенова²

¹ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (ул. Шевченко 28, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-1205-0473>. E-mail: denis_chernienko@mail.ru

² Университет имени Шакарима города Семей (д. 20А, ул. Глинки, 071412 Семей, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, старший преподаватель

<https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Черниенко Д.А., Абенова Г.А., 2025

Аннотация. *Введение.* Научная деятельность Х.А. Аргынбаева и ее значение для отечественной исторической науки вызывает все более устойчивый интерес. В связи со 100-летием со дня рождения ученого многие аспекты богатого наследия получили дополнительную актуальность. При этом тема казахско-русских историко-культурных связей, с которой он начинал свой путь в большую науку, до настоящего времени специально не рассматривалась. *Цель статьи* – показать основные вехи в разработке Х.А. Аргынбаевым данной проблематики и ее рецепцию в историографии. *Материалы и методы.* Материалами для настоящей статьи послужили труды Х.А. Аргынбаева, а также работы современных авторов, в которых даются некоторые оценки результатов его работы. Историко-научные факты рассматриваются в контексте конкретных условий, общего состояния научного знания изучаемой эпохи и обстоятельств биографии ученого. Методика исследования основана на синтезе герменевтического, историко-генетического, проблемно-хронологического подходов. *Обсуждение.* В публикациях С.Е. Ажигали, А.Б. Калыша, А.Т. Абдулиной, Е.К. Рахимова и ряда других авторов представлены различные страницы биографии Х.А. Аргынбаева, его творческого пути, дан анализ отдельных исследовательских сюжетов. *Результаты.* Выбор данной темы был обусловлен субъективными и объективными факторами – событиями биографии, профессиональным окружением, потребностями исторической науки того времени. Результаты исследований отражены в кандидатской диссертации, статьях, разделах в тематических сборниках. *Выводы.* Значение научных трудов Х.А. Аргынбаева заключается, во-первых, в обосновании необходимости изучения проблем казахско-русского взаимодействия с точки зрения исторической ретроспективы; во-вторых, в введении в научный оборот уникальных этнографических источников; в-третьих, в актуальности их использования современными учеными для проведения сравнительного

анализа; в-четвертых, в перспективности продолжения подобных исследований для дальнейшего изучения многогранного этнокультурного ландшафта Казахстана.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, историко-культурное взаимодействие, казахи, культура, межэтнический диалог, переселенцы, русские, Халел Аргынбаев, этнография.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта КН МНВО РК АР23487059 «Историческая этнография казахов в научном наследии профессора Х. Аргынбаева: издание трудов в 3-х томах».

Для цитирования: Черниенко Д.А. Казахско-русское историко-культурное взаимодействие в научном наследии Х.А. Аргынбаева // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 152-164 (на рус.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_152-164

Х.А. АРҒЫНБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ТАРИХИ-МӘДЕНИ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

Денис Аркадьевич Черниенко¹, Гүлнұр Атымтайқызы Әбенова²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко көшесі, 28, 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-1205-0473>. E-mail: denis_chernienko@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті (20А-үй, Глинки көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
<https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Черниенко Д.А., Әбенова Г.А., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Х.А. Аргынбаевтың ғылыми қызметі және оның отандық тарихи ғылым үшін маңызы барған сайын тұрақты қызығушылық тудыруда. Ғалымның туғанына 100 жыл толуына орай оның бай мұрасының көптеген аспектілері қосымша өзектілікке ие болды. Сонымен қатар, ол үлкен ғылымға қадам басқан қазақ-орыс тарихи-мәдени байланыстары тақырыбы бүгінге дейін арнайы зерттелмеген. *Мақаланың мақсаты* – Х.А. Аргынбаевтың аталмыш мәселеге қатысты негізгі кезеңдерін және оның историографиядағы қабылдануын көрсету. *Материалдар мен әдістер.* Бұл мақаланың материалдарына Х.А. Аргынбаевтың еңбектері, сондай-ақ оның жұмыстарының нәтижелеріне берілген бағалар көрсетілген қазіргі авторлардың зерттеулері жатады. Тарихи-ғылыми деректер зерттелген дәуірдің нақты жағдайлары, жалпы ғылыми білімнің күйі мен ғалымның өмірбаянының мән-жайлары тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу әдістемесі герменевтикалық, тарихи-генетикалық, проблемалық-хронологиялық әдістердің синтезіне негізделген. *Талқылау.* С.Е. Ажигали, А.Б. Калыша, А.Т. Абдулиной, Е.К. Рахимова және басқа да бірқатар авторлардың жарияланымдарында Х.А. Аргынбаевтың өмірбаянының түрлі беттері, оның шығармашылық жолы, сондай-ақ жеке зерттеу сюжеттеріне талдау жасалған. *Нәтижелер.* Ғалымның осы тақырыпты таңдауына субъективті және объективті факторлар – өмірбаянындағы оқиғалар, кәсіби орта, сол кездегі тарихи ғылымның қажеттіліктері әсер етті. Зерттеулердің нәтижелері кандидаттық диссертацияда, мақалаларда, тақырыптық жинақтардағы тарауларда көрсетілген. *Қорытындылар.* Х.А. Аргынбаевтың ғылыми еңбектерінің маңызы, біріншіден, қазақ-орыс өзара әрекетінің мәселелерін тарихи ретроспективалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігін негіздеуде; екіншіден, бірегей этнографиялық деректерді ғылыми айналымға енгізуде; үшіншіден, оларды қазіргі ғалымдардың салыстырмалы талдау жүргізу үшін қолданудың өзектілігінде; төртіншіден, Қазақстанның көпқырлы этнокультурлық ландшафтын әрі қарай зерттеу үшін осындай зерттеулерді жалғастырудың перспективасында.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, тарихи-мәдени қарым-қатынас, қазақтар, мәдениет, ұлтаралық диалог, қоныс аударушылар, орыстар, Халел Аргынбаев, этнография.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің АР23487059 «Х.Арғынбаевтың ғылыми мұрасындағы қазақтардың тарихи этнографиясы: 3 томдық еңбектердің басылымы» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Черниенко Д.А. Х.А. Арғынбаевтың ғылыми мұрасындағы қазақ-орыс тарихи-мәдени өзара әрекеті // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 152-164-бб. (орысш.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_152-164

KAZAKH-RUSSIAN HISTORICAL AND CULTURAL INTERACTION IN THE SCIENTIFIC HERITAGE OF KH.A. ARGYNBAYEV

Denis A. Chernienko¹, Gulnur Atymtaevna Abenova²

¹ Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Shevchenko str. 28, 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Sciences (History), Leading Researcher

<https://orcid.org/0000-0002-1205-0473>. E-mail: denis_chernienko@mail.ru

² Semey University named after Shakarim (20A, Glinki Str., 071412 Semey, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer

<https://orcid.org/0000-0001-7845-182X>. E-mail: b.gulnur@mail.ru

© Valichanov IHE, 2025

© Chernienko D.A., Abenova G.A., 2025

Abstract. Introduction. The scientific activity of Kh.A. Argynbayev and its significance for the national historical science arouses more and more steady interest. In connection with the 100th anniversary of the scientist's birth, many aspects of his rich heritage have received additional relevance. At the same time, the topic of Kazakh-Russian historical and cultural relations, with which he started his way into the great science, has not been specifically considered until now. *The aim of the article* is to show the main milestones in the development of this problem by Kh.A. Argynbayev and its reception by historiography. *Materials and methods.* The materials for this article were the works of Kh.A. Argynbayev, as well as the works of modern authors, in which some assessments of the results of his work are given. Historical and scientific facts are considered in the context of specific conditions, general state of scientific knowledge of the studied epoch and circumstances of the scientist's biography. The research methodology is based on the synthesis of hermeneutic, historical-genetic, problem-chronological approaches. *Discussion.* The publications by S.Ye. Azhigali, A. Kalysh, A.T. Abdulina, Ye.K. Rakhimov and a number of other authors present various pages of the biography of Kh.A. Argynbayev, his creative path, and analyse individual research subjects. *Results.* The choice of this topic was conditioned by subjective and objective factors – events of biography, professional environment, needs of historical science of that time. The results of the research are reflected in the candidate's thesis, articles, sections in thematic collections. *Conclusions.* The significance of the scientific works of Kh.A. Argynbayev lies, firstly, in the substantiation of the necessity of studying the problems of Kazakh-Russian interaction from the point of view of historical retrospective; secondly, in the introduction of unique ethnographic sources into scientific circulation; thirdly, in the relevance of their use by modern scientists for comparative analysis; fourthly, in the prospect of continuing such research for further study of the multifaceted ethno-cultural landscape of Kazakhstan.

Keywords: East Kazakhstan, historical and cultural interaction, Kazakhs, culture, interethnic dialogue, settlers, Russians, Khalel Argynbayev, ethnography.

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the implementation of the grant project CS MSHE RK AP23487059 «Historical ethnography of Kazakhs in the scientific heritage of professor Kh. Argynbayev: edition of works in 3 volumes».

For citation: Chernienko D.A. Kazakh-Russian historical and cultural interaction in the scientific heritage of Kh.A. Argynbayev // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. _ Pp. 152-164 (In Rus.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_152-164

Введение. В 2024 г. казахстанская наука отметила 100 лет со дня рождения известного историка, этнолога, основоположника национальной школы этнографии Халела Аргынбаевича Аргынбаева (1924–1998). Большая юбилейная дата придала дополнительный импульс для внимания к его богатому научному наследию. Вместе с тем в историографии к настоящему времени многолетняя плодотворная деятельность ученого представлена еще не в полной мере. В середине 1950-х гг., когда Х.А. Аргынбаев пришел в науку, перед зарождавшейся казахстанской этнографией, объективно ощущавшей недостаток кадров, стоял целый комплекс первоочередных задач, среди которых важное место занимало определение наиболее актуальных тематических направлений. По замечанию Э.А. Масанова, охарактеризовавшего состояние этнографической науки того времени, будущие исследования следовало основывать на более широких по территориальному охвату данных, перейти к изучению культуры и быта населения районов и областей со смешанным национальным составом в целях выявления взаимовлияния народов, не забывая при этом изучение казахского народа (Масанов, 1966: 320). С этой точки зрения Х.А. Аргынбаев стоял у истоков не только отечественной этнографии, но и перспективной, значимой в научном отношении проблематики. Особенно важно, что исследование было реализовано на материалах Восточного Казахстана – региона, социально-экономическая история которого во второй половине XIX – начале XX в. отличалась особым динамизмом миграционных и демографических процессов, что обусловило активное этнокультурное взаимодействие. Такая постановка вопроса имеет большое значение и для современного независимого Казахстана, где успешно реализуется модель межэтнического согласия, сотрудничества и межкультурного диалога.

Материалы и методы. Материалами для статьи послужили труды Х.А. Аргынбаева, прежде всего диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук «Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов во второй половине XIX – начале XX веков» (1959), в которых отражены некоторые аспекты межэтнического этнокультурного взаимодействия. Источниками информации являются также публикации современных авторов, анализирующих содержание и научную ценность сочинений Х.А. Аргынбаева по указанной проблематике.

Методологической основой является принцип историзма, в соответствии с которым историографические явления (в данном случае цикл публикаций по определенной теме, историко-научные факты) рассматриваются в контексте и в связи с конкретными условиями, общим состоянием научного знания и обстоятельствами биографии ученого. Для реализации заявленного принципа используются следующие методы: герменевтический (понимание авторского замысла, отраженного в его текстах), историко-генетический (восприятие высказанных идей в их внутреннем логическом развитии и связи с другими научными проблемами), проблемно-хронологический (рассмотрение исследовательской концепции во временной последовательности).

Обсуждение. Впервые историографическую оценку научного вклада Х.А. Аргынбаева дал Э.А. Масанов, который называл его среди тех ученых, кто во второй половине 1950-х – первой половине 1960-х гг. способствовал оживлению этнографической работы в Казахстане, собирал большой и интересный материал в результате экспедиционных обследований в разных районах республики. В тот период в трудах Х.А. Аргынбаева нашли отражение важнейшие проблемы этнографии, в том числе историко-культурные связи казахского и русского народов и их влияние на материальную культуру казахов (Масанов, 1966: 316, 318). В последующем публикации, посвященные научной биографии Х.А. Аргынбаева, появились уже в постсоветский период в связи с 70-летием ученого (Аджигалиев, 1994; Список, 1996). С.Е. Ажигали обращал внимание, что к выполнению достаточно сложной и неоднозначной темы кандидатской диссертации Х.А. Аргынбаев подошел неформально, вскрыв истинные причины и последствия инноваций, происходивших в казахском обществе во второй половине XIX – начале XX в. в условиях перехода к полукочевому-полуоседлому образу жизни. Проблема казахско-русских этнокультурных взаимосвязей названа одним из стержневых направлений научной деятельности ученого (Ажигали, 2000: 170). Позднее в обобщающей статье по истории академической этнографии в Казахстане значение диссертации связывалось с выполненным впервые многоплановым анализом традиционного хозяйства и материальной культуры казахов в дореволюционный период (Ажигали, Муқанов, 2005). А.Б. Калыш, А.И. Исаева отмечали особое место Х.А. Аргынбаева в ряду старшего поколения крупных отечественных этнологов и на основе архивных документов открыли некоторые малоизвестные

страницы его научной биографии, в том числе подготовку кандидатской диссертации (Калыш, Исаева, 2012).

Новый этап историографического интереса был вызван 90-летием со дня рождения ученого, отмечавшимся в 2014 г. В сборнике по итогам II «Аргынбаевских чтений» в ряде статей показана актуальность изучения исторических предпосылок и результатов казахско-русского межкультурного взаимодействия, первенство Х.А. Аргынбаева в указанных вопросах (Материалы, 2014: 6, 11, 33, 155). Важной вехой стала книга о жизни ученого, его разноплановой профессиональной деятельности, в которой также представлены оценки научной значимости подготовленной в конце 1950-х гг. диссертации (Халел Аргынбаев, 2014: 11, 14, 193, 205). Новаторство Х.А. Аргынбаева в части разработки проблем казахско-русского взаимодействия в период, когда этнография Казахстана в научном отношении оставалась еще «terra incognita», подчеркнута и в материалах последующих конференций (Материалы, 2018: 16–18; Рахимов, 2024: 31). Д.Р. Раисов отмечал богатый фактологический материал, колорит традиционной жизни казахов, простой и ясный язык повествований, где через строки читатель чувствует любовь автора к своему народу (Раисов, 2019: 202).

Abstract. Introduction. The population of neighboring Uzbekistan is ahead of the Central Asian countries in terms of population and birth rate. This article examines the demographic situation after independence in the two countries, with special attention paid to population dynamics, fertility rates, and government programs aimed at stimulating family formation and childbearing in Kazakhstan. The strategic object for each state is issues such as population growth, fertility and mortality rates, and socio-structural features. Tracking and studying the population will help prevent many negative events within the state in the future. For example, by counting the number of children born in a certain period of time, it is possible to optimally resolve social issues such as providing children with places in nurseries, kindergartens, providing schools and higher education institutions. **Purpose and objectives.** What factors influenced the high dynamics of population growth in Uzbekistan? Is this due to natural sustainable population growth, or did migration play a decisive role? What is the impact of government programs aimed at supporting families? The article also analyzes the factors that led to a lower population growth rate in Kazakhstan compared to Uzbekistan. The authors provide answers to these questions and share their recommendations. **Results.** In the era of globalization, human capital and human values have gained special importance compared to natural resources. To develop Kazakhstan's economy, achieve political stability, strengthen security and gain true independence, it is necessary to increase the number of healthy, educated and patriotic population. **Conclusion.** As statistics from the period of independence show, the population of our country is comparatively lower than in Uzbekistan, the population density is uneven, and the population growth is lower than that of our neighbors. Therefore it is necessary to discuss and adopt a new systematic national demographic policy at the State level.

Keywords: Uzbekistan and Kazakhstan, demographic situation, population, statistics, state programmes, dynamics, demographic policy.

Acknowledgments. The article has been prepared as part of the project AP22785742 «Modern trends in the demographic development of the Republic of Kazakhstan (1991-2021)».

For citation: Murzakhodzhayev K.M., Apendiev T.A., Kuanbay O.B. Demographic processes in Kazakhstan and Uzbekistan (comparative analysis based on data from the years of independence) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 165-176. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_165-176

Кіріспе. Бүгінгі таңда Өзбекстан республикасы экономикалық салада, өндірісте, демографиялық үрдісте, туризм, т.б. бағыттарда ТМД елдердің ішінде айтарлықтай ілгері қадам басуда. Оның нақты бір дәлелі, халық санының табиғи жолмен тұрақты түрде өсуінде. Халықаралық демографиялық заңдылыққа сәйкес, ел ішіндегі ахуал тұрақты болғанда, халық өзінің ертеңгі күнгі болашағына нық сеніммен қараған кезде, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай артқанда, мемлекет тарапынан балалардың бейбіт өмір сүруіне кепілдіктер болған жағдайда халық саны артып, туу көрсеткіштері ұлғаяды. Жадпы алғанда Қазақстан да, Өзбекстан да кезінде патшалық империяның отары болып, кейіннен Кеңес Одағының құрамдас бөлігінде болған. Екі елдің де өткен тарихы ортақ, десек те географиялық орналасу факторы болашақтағы даму жолдары мен бағытына үлкен ықпал етіп, өз септігін тигізген. Өзбекстан империялық орыстық амбицилиялардан алыс жатып, периферия шекарасында көзден таса қалғандай. Ал Қазақстан Орта Азия елдеріне қалқан ретінде барлық шовинистік реформалар мен тәжірибелерден алғашқы болып қарсы алды. Бұл еліміздің демографиялық дамуына, халық санының өсіміне кері әсерін тигізді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Ұлттық статистикалық агенттігінің жариялаған ресми сандық мәліметтері, аралық және қорытынды есептер, отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Сондай-ақ, ҚР Президентінің ресми порталындағы мәліметтер, Президент жолдаулары мен Үкіметтің қабылдаған бағдарламалары мен заңды күші бар нормалары қолданылды. Жарияланған екі елдің статистикалық көрсеткіштері өзара талданып, ортақ тұстары мен ерекшеліктері көрсетілді. Зерттеу жұмысы барысында демография ғылымында кең таралған статистикалық, математикалық, математикалық моделдеу, сандық көрсеткіштерге негізделген болжам жасау әдістері басшылыққа алынды.

Талқылау. Өзбекстан Республикасындағы демографиялық процестер, туу мен өлім көрсеткіштері (Убайдуллаева, 2011), халықтың миграциялық үрдістері (Максакова, 2020), отбасы мен ажырасулар (Солиев, 2005), халықтың өмір сүруінің ұзақтығы (Тожиева, 2010), т.б. секілді халықтанудың өзекті көрсеткіштері талданған бірқатар еңбектер бар (Мамадалиева, 2022). Қазақстандағы халықтану мәселелерімен белгілі академик, ғалым, демограф Асылбек М.-А.Х. және оның шәкірттері зерттеп, еңбектер қалдырған. Бұл зерттеулерде тәуелсіз Қазақстанның демографиялық даму барысы, халық саны өсімінің көрсеткіштері талданып, оның тарихи сипаты мен ықпал еткен факторлары қарастырылған (Асылбеков, Козина, 2009; Асылбеков, 2000). Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың туу көрсеткіштеріне (Демографиялық процестер және әлеуметтік сала..., 2001), халық санының динамикасына, отбасын құру, көші-қонға, т.б. маңызды үдерістерге ықпалы талданған (Домаев, 2020). Статистикалық мәліметтер әрдайым мемлекеттің назарында. Сондықтан барлық дерлік негізгі сандық мәліметтер мемлекеттік статистикалық агенттіктің ресми сайтында жарияланып отырады (Ұлттық статистика бюросы).

Дегенмен, қазіргі уақыттағы зерттеулерде басты назар көші-қон мәселелеріне, оның мақсаты мен салдарына, т.б. факторларға аударылуда. Алайда, халық саны өсіміне тікелей әсер ететін табиғи өсімнің өзін зерттеу, оған ықпал ететін мемлекеттік демографиялық саясаттың ықпалы, өсімнің не тоқыраудың астарында не жатқанын талдауға арналған еңбектер өте аз. Көп жағдайда табылған статистикалық мәліметтерді баяндаумен шектелуде.

Зерттеу нәтижелері. Өзбекстанның көршілес елдермен салыстырғанда айтарлықтай демографиялық әлеуеті бар. Халық санағы бойынша 2023 жылдың басында халық саны 36 млн адамды құраса, өткен жылы ол 753 мың адамға артқан болатын. Бұл өсім туудың жоғары деңгейіне байланысты болды. Қазіргі уақытта Өзбекстан ТМД-да туу көрсеткіші бойынша рейтингті бастап тұр. Өзбекстан демографиялық өсім бойынша Орталық Азия елдері арасында көшбасшы болып табылады. Мысалы, 2010 жылдан бері Өзбекстан халқының саны 5,4 миллион адамға артқан. Ал сол аралық кезеңде Қазақстанда халық өсімі 2,4 млн адамды, Тәжікстанда – 1,97 млн, Қырғызстанда – 1,05 млн және Түрікменстанда – 0,91 млн адамға өскен. Осылайша, Өзбекстан 2010-2020 жж. аралығында Орталық Азиядағы халықтың абсолютті өсімінің 46%-дан астамы тиесілі (Мамадалиева, 2023:80).

Халық санының өсімі жалпы әлемдік заңдылықтар бойынша жүреді, соның ішінде туу мен өлімнің жоғары және төмен параметрлерінің өзара қатынасына тиесілі. Ғалымдардың пікірінше, 2016 жылға қарай Өзбекстан туу деңгейінің ең жоғарғы көрсеткішіне жетіп, содан кейін төмендеу үрдісіне ұласып, жақын онжылдықта қайта жоғары көрсеткішке жете алмайтындығын болжаған. Алайда, ғалымдардың мұндай болжамдары орындалмады. Мәселен, 2015 жылы дүниеге келген

балалардың саны 734,1 мың баланы құраса, ал 2022 жылға қарай ол 932,2 мыңға дейін өскен, яғни 7 жылда 1,3 есе өсіп отыр (Мамадалиева, 2021:334).

2022 жыл туу көрсеткіші республиканың барлық даму жылдарындағы ең жоғары көрсеткішке ие болды. Нәтижесінде халықтың құрамында жастар басым болып, өлім-жітім деңгейі салыстырмалы түрде төмендеген. Ұзақ уақыт бойы өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 5-6% аралығында болып отырған. Бұған сәбилер, балалар және ана өлімінің тұрақты түрде төмендеуі де ықпал еткен (мысалы, 2-3 есе азайған). Бұл үрдіс өте маңызды. Себебі, өлім деңгейі халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін демографиялық жағдайдың маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Өзбекстан халқының жастық құрылымындағы өзгерістер тек демографиялық ғана емес, сонымен қатар халықтың сапалық құрамына да, өмір сапасына да тікелей әсер ететін экономикалық салдарға ие. Тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылдығында республикада халықтың жастық құрылымында оң өзгерістер орын алған. Балалар мен жасөспірімдердің үлесі бір мезгілде еңбекке қабілетті жастағы халықтың құрылымдық ұлғаюымен біртіндеп төмендесе, ал оның құрылымында 30 жасқа дейінгі жастардың үлесі өскен (Население, рождаемость и семья, 2019).

Халық санының өсіміндегі жаңа тенденциялар мұндай динамиканы біршама бәсеңдетті. 2023 жылғы мәлімет бойынша 0-15 жастағы балалардың үлесі 30% деңгейінде, ал еңбекке қабілетті жастардың үлесі 61%-дан 58%-ға дейін қысқарған. Дегенмен, соңғы 10 жылда экономикалық белсенді халық санының салыстырмалы өсу үрдісі байқалып, яғни 20,4%-ға жеткен. Қазір ол шамамен 15 млн адамды құрайды, ал оның еңбек ресурстарының жалпы құрамындағы үлесі 73,5%-дан 77,3%-ға дейін артқан. Соңғы уақытта әлеуметтік құрылымдық салада балалар мен жасөспірімдердің үлесі қайтадан өсіп, ал еңбекке қабілетті жастағы жастар салыстырмалы түрде төмендеген.

Еліміздің оңтүстігінде орналасқан көршіміз Өзбекстанның халық санының өсу динамикасы үнемі ғалымдар мен зерттеушілердің назарында. Мәселен, экономикалық зерттеулер институтының қызметкері Шынар Төлешованың мәлімдеуінше, өзбек халқы 2024 жылдың басында 36 млн. 799 мың адам болса, жарты жыл ішінде 1%-ға көбейген. Ал соңғы 3-4 жылда жыл сайынғы халық өсімі 21-2,2% құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда ұлғая түскен. Ал Қазақстанда сол жылдары халық санының өсімі 0.63%-ды құрап, орташа есеппен 1,3-1,5% -ға жеткен. Жалпы алғанда Қазақстандағы халық санының өсімі Өзбекстаннан айтарлықтай төмен (Панзабекова, Халитова, 2021:40).

Соңғы уақыттағы Украина мен Ресей арасындағы қақтығыстар салдарынан көшіп келген халықтың есебінен халық санының өзгеруіне өз әсерін тигізген. Өзбекстанда және Қазақстанда 2023 жылғы санақ мәліметтері бойынша көші-қон сальдосы кері нәтижені көрсеткен. Демек, сырттан көшіп келушілерге қарағанда, елден тыс жаққа кеткендер саны басым болған. Жалпы мұндай тенденция дамушы елдерге тән көрініс, яғни күнкөріс қамымен басқа елге көшіп кетушілер мен жалдамалы жұмысқа орналасуға кеткендер саны келушілерге қарағанда едәуір көп. Сондықтан халық санының өсу динамикасы көші-қон факторына емес, табиғи өсімге тікелей байланысты.

Туу мен өлім көрсеткіштерінде халықтың жастық құрылымы басты рөл ойнайды. Мәселен, Қазақстанда 2024 жылы егде жастағы адамдардың үлесі 8.8% құраса, Өзбекстанда бұл көрсеткіш 6%-ға да жетпейді. Демек, көрші елде жастар үлесі біздің елге қарағанда басымырақ, бірақ Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы өзбек ағайындарға қарағанда ұзағырақ. 2017-2023 жж. арасында көршілес елде туу коэффициенті тұрақты түрде өсіп отырып, бір әйелге шаққанда 2017 жылы 2,6 туу болса, 2023 жылы 3,4-ке жеткен. Біздің елімізде де аталмыш жылдар аралығында (2021-2023) орта есеппен әр әйел адамға 3 баладан туу көрсеткіші сай келген (Основные демографические показатели, 2025). Ғалымдардың пікірінше оған ең алдымен әлемдік вирус КОВИД-тің таралуы және жұмысқа шықпай адамдардың ұйқамақта отыруы себеп болуы мүмкін.

Бір қызықты факт, көп бала табу жалпы қазақ халқында кең таралған, құптарлық көретін дәстүр. Алайда еліміздің әр өңірінде бала туу көрсеткішінің айырмасы алшақ. Оған дәлел статистикалық бюроның мәліметтері. Республикамыздың оңтүстік облыстарында баланы дүниеге әкелу коэффициенті салыстырмалы түрде жоғары, (2023 ж. Түркістан облысы бойынша 4-ке жеткен). Ал солтүстік өңірлерде ең төмен нәтиже көрсеткен, яғни 3-ке жетпейді. Зерттеушілердің пайымдауынша ҚР оңтүстік өңірі халық санының өсуіне тікелей ықпал етуде, егер олай болмаса бүгінгі таңдағы өсім динамикасы регресске ұшырауы ықтимал.

Ресми деректерге сүйенсек, Өзбекстанда 1920 жылғы санақ бойынша 4,4 млн адам болса, бүгінгі кезде (01.01.2025ж.) 37,5 млн адамды құрайды. 100 жыл ішінде 8 есе өскенін байқауға болады.

Ал қазақ жерінде 1920 ж. 5,4 млн жуық халық тұрған. Ал соңғы ресми дерек бойынша (01.12.2024 ж.) 20 265 320 адамды құрап отыр. 1 ғасыр ішінде 4 есеге жуық өскен. Әрине оған халқымыздың басынан өткен XX ғ. қасіретті оқиғалары орны толмас шығын әкелген. Ендігі кезекте тәуелсіздік жылдарындағы халық санын салыстырып көрсек. Себебі бұрынғы КСРО одағынан екі ел де бір уақытта, 1991 жылы бөлініп шыққан (Каримова, Цхай, 2024:583-584).

Сонымен, 1989 жылғы жалпыодақтық халық санағы бойынша Қазақстанда 16,2 млн адам болса, 1999 жылы 15,0 млн, 2009 жылы 16,0 млн, 2021 ж. 19,2 млн-ға жеткен Ал Өзбекстанда сәйкесінше 19,8 млн; 24,3 млн; 27,8 млн; 34,0 млн адам. Демек 1989-2021 жыл аралығында республикамызда халық саны 16,2 млн – 19,2 млн-ға жетсе, көршілес елді 19,8 млн – 34,0 млн-ға өскен. Өсім 3 млн және 13,2 млн сәйкесінше құраған (Очилова, 2022:290). Екі бауырлас мемлекеттің тәуелсіздікті алғаннан кейін өзіндік даму жолы мен бағыты қалыптасып, халықтың өсіміне әртүрлі факторлар әсер еткендігін естен шығармаған жөн.

2023 жылы Өзбекстанда халық санының көбеюіне орай халықтың тығыздығы бір шаршы километрге орта есеппен 80 адам келсе, Қазақстанда бір шаршы километрге орта есеппен алғанда 7 адамнан келген. Халқымыздың саны аз, тығыздығы өте төмен. Әлем бойынша 184-інші орындамыз.

Ұлттық Мәжіліс пен Өзбекстан халқына 2022 жылғы 20 желтоқсандағы Жолдауында Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев өткен жылы ел халқының саны 36 миллионнан асып, жыл сайын 900 мыңға жуық жаңа ұрпақпен толығып жатқандығын атап өткен. «Біз үлкен және тату отбасымыздағы – Өзбекстандағы әрбір адамның бейбітшілік пен әл-ауқаты жақсы деңгейде өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз. Халқымыз бізден мектептер, балабақшалар мен ауруханалар салуды, білім беру мен медицинаның сапасын арттыруды, ауыз су мен электр энергиясына, жолдар мен көлікке қатысты мәселелерді шешуді, жұмыс орындарының санын көбейтуді, кәсіпкерлікті дамытудың жаңа мүмкіндіктерін жасауды, әділеттілікті қамтамасыз етуді, бюрократия мен сыбайлас жемқорлықты жоюды күтеді. Сондықтан «ең алдымен – адам, содан кейін – қоғам және мемлекет» қағидаты Жаңа Өзбекстанды қалыптастыруда негізгі түйін болады», – деп түйіндеген. Өзбекстан Президенті И. Кәрімов үнемі отбасылық құндылықтар жөнінде, отбасы институтының маңыздылығы турасында айтып отырады. Отбасы – өмірдің жалғасуын, ұрпақтар сабақтастығын, халықтың қасиетті дәстүрлерін дамытатын және болашақ ұрпақты жетілдіруге тікелей әсер ететін тәрбие ошағы екенін бірнеше рет атап өткен (О демографических процессах..., 2023).

Отбасы заңнамасының негізі 1998 жылы 30 сәуірде қабылданған «Өзбекстан Республикасының Отбасы кодексі» болып табылады. Онда отбасын нығайтуға және отбасы құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға бағытталған ережелер жиынтығы қамтылған. Отбасы Кодексі неке киюға және тоқтатуға байланысты мәселелерді, атап айтқанда неке кию тәртібі мен шарттарын, ерлі-зайыптылардың мүліктік құқықтары мен міндеттерін, олардың жеке құқықтары мен міндеттерін, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін, азаматтық хал актілерін тіркеу тәртібін және отбасылық қатынастардың басқа да мәселелерін реттейтін құжат болып табылады. Бұдан басқа, Республика Президенті мен Үкіметі белгілі бір ережелерді нақтылайтын бірқатар заңнамалық актілерді қабылдаған. Оларға «Отбасы мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі 1998 жылға арналған шаралардың мемлекеттік бағдарламасы туралы» Өзбекстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 9 желтоқсандағы жарлығы; «Өзбекстанның балалар спортын дамыту қорының қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Өзбекстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 тамыздағы жарлығы; шағын бизнесті, фермерлікті және жеке кәсіпкерлікті дамытуға, отбасылық бизнесті және үй шаруашылығын кеңейту жолымен жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал етуге бағытталған «Микрокредитбанк» акционерлік коммерциялық банкін құру туралы Өзбекстан Республикасы Президентінің Жарлығы; «Салауатты ұрпақ» мемлекеттік бағдарламасы туралы Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы; Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2002 жылғы 5 шілдедегі «Отбасында медициналық мәдениетті арттырудың, әйелдердің денсаулығын нығайтудың, дені сау ұрпақты дүниеге әкелу мен тәрбиелеудің басым бағыттарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысы; басқа да заңнамалық-құқықтық актілерді жатқызуға болады. Отбасы институтын нығайту саясатын іске асыру барысында мемлекеттік қолдауға мұқтаж отбасыларды қамтамасыз ету жөніндегі экономикалық шаралардың жиынтығы қабылданған. Өзбекстан әлсіз заматтарға, аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік көмек

көрсетуге мемлекет ел бюджетінің 9-10% құрайтын қаржыны бөліп отырады (Панзабекова, Халитова, 2021:42).

Орта Азиядағы түркі елдері секілді, Өзбекстанда да отбасылық құндылықты сақтауға және дамытуға мемлекет басымдық беруде. Соңғы жылдары республикада тіркелген некелер саны жыл сайын артып келеді, тиісінше, жас отбасылар саны артып, балалар саны өсуде, бұл туралы жоғарыда айтылған болатын. Сондықтан отбасы саясатының басым бағыты жас отбасыларды жан-жақты қолдау әрі көмектесу болып табылады. Отбасы институтын нығайтуға, мықты отбасы жүйесін құруға, оның дені сау, рухани толыққанды және жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеудегі рөлін күшейтуге бағытталған «Отбасы жылы» мемлекеттік бағдарламасында (2012 ж.) жас отбасының мәселелерін қолдау мен шешуге ерекше назар аударылғаны кездейсоқ емес. Өзбекстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы баяндамасында өзбек халқы үшін шынайы демократиялық мемлекетті құру, еркін және гүлденген өмірді қалыптастыру үшін отбасы институтын одан әрі нығайту қажеттілігі айтылды. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстың сапалылық тұрғыда жаңа деңгейге көтеру ерекше маңызға ие екендігі атап өтілді (Мамадалиева, 2022:40-41).

Аталған шаралар Өзбекстандағы отбасылық саясат отбасын әлеуметтік институт ретінде нығайтуға, ана мен баланың денсаулығын жақсартуға, өмір сүру сапасын арттыруға әсер ететін жас ұрпақтың салауатты өмір салтына бағдарлануын насихаттауға бағытталған. Қазіргі Өзбекстан қарқынды даму факторларының күшеюіне негізделген экономикалық өсу қарқынын арттыруда. Экономиканы жаңғырту, адами әлеуеттің сапасын арттыруға негізделген елдің инновациялық даму стратегиясын іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұндай мақсаттар мен міндеттерге мемлекет пен отбасының бірлескен күш-жігерімен ғана қоғамның маңызды бірлігі ретінде қол жеткізуге болады, мұнда жаңа технологияларды игеріп қана қоймай, дамыта алатын сапалы жаңа буынды қалыптастыра алу өте маңызды. Бұл адами ресурстардың сапасын жақсартуға үлкен үлес қосатын бірден бір ошақ – отбасы екендігі анық.

Осы орайда Қазақстан Республикасында да отбасылық құндылықты насихаттайтын, отбасын құруға, дамытуға, отбасы институтын күшейтуге бағытталған ресми мейрам бар. Ол 2013 жылы президент жарлығымен 15-мамырды «Отбасы күні» мейрамы деп бекітілген. Жалпы отбасы ұғымы түркі халықтары үшін аса қастерлі, құрметті, қасиетті сөз. Ол ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға қан арқылы, тәрбие арқылы беріліп келе жатқан генетикалық ақпарат. Әке мен ананың орны, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, әйел баласын сыйлау секілді ізгі қасиеттер отбасында қалыптасатындығы мәлім. Алайда, соңғы уақыттары жаһандану үрдісінің кеңеюінен, ақпараттық технологиялардың, жасанды сананың қарыштап дамуынан, қоғамдағы ұлттық тәрбиеге қарсы жат элементтердің тарауынан «отбасы» сөзі өзінің мағыналық мазмұнынан ауытқып бара жатқандығы барша түркі халықтарына ортақ көрініс болуда. Сондықтан мемлекеттік деңгейде демографиялық саясатты бекітіп, нығайту өте маңызды.

Ғалымдардың пайымдауы бойынша Өзбекстан халқының саны алдағы уақытта тұрақты өсімін жалғастырып, 2030 жылы 41 миллион адамнан, 2040 жылы 46 миллион адамнан, 2050 жылы 50 миллион адамнан асатын болады. Болжамды кезең ішінде ел халқының көбеюінің негізгі факторы оның табиғи өсімі болып қала береді. Яғни, туылғандардың жоғары санымен және қайтыс болғандардың салыстырмалы түрде төмен санымен сипатталатын болады. Халық санында ғана емес, халықтың жас құрылымында да өзгерістер күтілуде. Мәселен, 2022-2050 жылдары 15 жасқа дейінгі халық саны 0,9 миллион адамға артады. Еңбекке жарамды халық саны алдағы үш онжылдықта өсе отырып, 2050 жылы 28,3 миллионға дейін ұлғаяды, яғни 7-8 миллион адамға өседі. Бұл ретте оның үлесі 2025-2050 жылдар кезеңінде жоғары деңгейде (56 %) сақталатын болады және іс жүзінде төмендемейді (Маханов, 2020). Демек, Өзбекстан елінде еңбек ресурстарымен жеткілікті түрде қамтамасыз етіліп, өндіргіш күштерді дамытуға, инвестициялар тартуға және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін негіздерді қалыптастыру үшін берік және ұзақ мерзімді база жасайды.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы сарапшыларының болжамы бойынша, ағымдағы туу коэффициенттері сақталған жағдайда, келешекте жаңа туған нәрестелер саны тұтастай алғанда тұрақты болады. 2028 жылға дейін туылғандардың жиынтық саны жыл сайын 400 мың адамнан аспайды деп болжануда. Тек 2039 жылға қарай бұл көрсеткіш 500 мың адамға дейін өседі деп күтілуде, ал 2050 жылға қарай жыл сайын 600 мың адамға жақындауға мүмкіндік бар. Негізгі есеп бойынша, 2030 жылға қарай халық саны 21,6 млн адамға, 2040 жылға қарай – 24,3 млн адамға жетуі мүмкін, ал 2050 жылға қарай 27,6 млн адамға дейін өсуі мүмкін. Орталықтың есептеулері

бойынша еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесі 2023 жылғы 59%-дан 2050 жылы 57%-ға дейін шамалы ғана төмендейді (Спанкулова и др., 2022: 64-65).

Қазақстан Республикасы халқының 2030 жылға дейінгі болжамды саны демография ғылымында аса танымал когортты-компонентті әдіс немесе «жастарды жылжыту» деп аталатын проекциялық үлгісі өңірлер кескіні бойыша үш нұсқада есептеледі. Бұл әлемдік тәжірибеге сай жүргізіліп, болашақтағы халық саны дамуының қалыпты, прогрессивті және қауіпті шегі бойынша 2014 жылы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің аналитикалық есебінің болжамы жасалған. Қазақстан Республикасы халқының болжамды санын есептеу үшін базалық кезең ретінде ҚР 2012 жылғы демографиялық көрсеткіштері қолданылған. Базалық жылдағыдай есеп жылдарында туудың жиынтық коэффициенті, өмірдің күтілетін ұзақтығы мен халықтың көші-қоны өзгеріссіз болады деген шартпенен 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасы халқының саны мен олардың өзгеріс құрауыштары анықталған.

1 кесте. 2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы халқының болжамды саны және өсім қарқыны (Спанкулова, 2022: 66).

Table 1. Projected number and growth rate of the population of the Republic of Kazakhstan until 2030 (Spankulova, 2022: 66).

Жылдар	Халық саны, адам	Өсім қарқыны, %
2019	18 393 708	1,16 %
2020	18 596 568	1,10 %
2021	18 790 610	1,04 %
2022	18 976 379	0,99 %
2023	19 154 791	0,94 %
2024	19 327 060	0,90 %
2025	19 494 551	0,87 %
2026	19 658 707	0,84 %
2027	19 821 112	0,83 %
2028	19 983 452	0,82 %
2029	20 147 304	0,82 %
2030	20 313 981	0,83 %

Аталған кестедеде 2012 жылғы статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, 2030 жылға дейінгі халық санының динамикасы берілген. Байқап отырғанымыздай, бүгінгі күнгі өсім көрсеткіштері болжамнан гөрі жоғары болып, 2024 жылы 19,3 млн. адамнан асып, желтоқсан айының басына қарай 20 265 320 адамды құраған. Яғни 1 млн. адамға көп. Бұл үрдіске мемлекеттік демографиялық саясат та, қандас бауырлардың елге оралуы да, туу көрсеткіштерінің жоғарылауы, өлімнің азаюы, т.б. секілді факторлардың жиынтығы әсер еткен. Десек те, еліміздің халық саны аз, территорияда халықтың орналасу тығыздығы өте төмен. Бұл белгілі деңгейде еліміздің тұрақтылығына қауіп төндіретін мәселе.

Демография мәселесі мемлекеттік саясаттың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Соған орай 1997 жылы елімізде қабылданған, 30 жылдан аса уақытқа бағытталған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында Ұлттық қауіпсіздіктің басты аспектілері ретінде мықты демографиялық және көші-қон саясаты тұруы керектігі жазылған болатын. Жалпы Қазақстанның отбасылық-демографиялық саясатындағы негізгі реформаларға балаларға арналған жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, көпбалалы аналардың қоғамдағы мәртебесін көтеруге бағытталған «Алтын алқа» мен «Күміс алқа», Отбасы күнін арнайы мейрам ретінде бекітілуі, «Мерейлі отбасы» атты сайысты, т.б. жатқызуға болады. Алайда, еліміздегі демографиялық мәселелерді реттейтін, жүйелі түрде барлық мәселелер камтылған арнайы мемлекеттік реформа жасалуы қажет.

Мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының әр қырларын реттеуге бағытталған бағдарламалардың бірнеше жиынтығы қабылданған, әрі бүгінгі таңда да жалғасып жатқандары бар. Бұл мақалада демографиялық үдерісті басқаруға тікелей қатысы бар ресми құжаттар ғана қарастыруды жөн көрдік. Сонымен қатар, әкімшілік және экономикалық институттардан басқа

әлеуметтік және рухани орталықтар да баршылық. Олар қазақстандықтардың отбасын құруға, бала тууға, көпбалалы болуға, т.б. мәселелерде ынталдырып, ғылыми, ағартушылық, денсаулық сақтау, діни, мәдени, дәстүрлік сипатта ықпал ете алады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік құжаттардың кейбіреме тоқталсақ. Мәселен, «Қазақстан-2050» атты Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын ұзақ мерзімді стратегиялық құжат. Аталмыш құжат мемлекеттің жаңа саяси бағыты туралы түсінік бере отырып, одан кейінгі қабылданатын мемлекеттік бағдарламалар, тұжырымдамалар мен реформалар үшін негіз болады. Бұл құжатта мемлекеттің болашақтағы алға қойған мақсаттарына сүйене отырып, негізгі 7 бағыт бойынша міндеттер көрсетілген. Біз соның ішінде қарастырып отырған тақырыбымызға орай 3-ші және 5-ші бағыттарына арнайы тоқталамыз. Яғни 3) әлеуметтік кепілдіктермен және жеке жауапкершілікпен байланысты әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттарын енгізу; 5) мемлекеттілікті нығайту және қазақстандық демократияны дамыту.

3-ші бағыт ана мен баланы қорғау мәселелерін, сондай-ақ денсаулық сақтаудың кейбір мәселелерін, әсіресе оның сапасы мен қолжетімділігін қамтиды. Ал №5 – бағыт мемлекеттік жоспарлау және болжау мәселелеріне арналған. Құжатта әйелдердің жеке бостандықтарын қорғау, оған өзгелердің қол сұғуынан сақтау, толық емес отбасыларға мемлекет тарапынан көмектесу, адал еңбек етіп, еңбек мансабын дамыту қажеттілігіне үлкен мән берілген. Мемлекет тарапынан балаларға қамқорлық жасау қажеттілігі ерекше айтылып өтілген. 5-бағыт мемлекеттік жоспарлау және болжау процестерін одан әрі жақсарту қажеттілігін айқындайды («Қазақстан – 2050» Стратегиясы, 2012). Жалпы алғанда, «Қазақстан-2050» стратегиялық құжаты елдің демографиялық дамуы үшін неғұрлым ауқымды, тұжырымдамалық негіздерді айқындайды. Осы құжатқа кейінгі барлық дерлік қабылданған заңдар арқа сүйейді.

«Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» құжаттары ұзақ мерзімге арналған құжаттар болса, «Қазақстан-2025» жоспары орта мерзімді мемлекеттің дамуын айқындауға негізделген. Ол ҚР әлеуметтік-экономикалық өмірінің дамуының басты тетіктеріне арналған, нақты мақсаттар мен міндеттер көрсетілген стратегиялық бағдарлама болып табылады. «Қазақстан-2050» тұжырымдамалық жоспарында көрсетілген шараларды нақтылау мақсатында жеті жүйелі аспект пен реформалар көрсетілген болатын.

Келесі бір құжат Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы ҚР халқы үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз етуге арналған (Об утверждении Государственной..., 2020). Бұл «Қазақстан-2025» стратегиясы мен ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында қойылған міндеттермен үндеседі. Бұл ретте бағдарламаның нысаналы индикаторларының арасында «мерзімінен бұрын өлім-жітімнің алдын алу», «ана өлімінің көрсеткіштерін төмендету», «сәби өлімін болдырмау» сияқты тапсырмалар анық көрсетілген. Осылайша, демография ылымы тұрғысынан бұл бағдарлама халық өлімін азайту, баланы дүниеге әкелу мен денсаулық мәселесін күшейтуге бағытталған.

Тағы бір құжат 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы отбасы және гендерлік теңдік институтын дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттарын айқындайды. Тұжырымдама отбасы саясатының келесі салаларын реттеуге бағытталған:

- отбасыларды қолдау, нығайту және қорғау;
- отбасылардың физикалық, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік дамуына жағдай жасау;
- ана, әке және баланы қорғау.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін заңнаманы жетілдіріп, әсіресе оны халықаралық ұйымдардың стандарттарына сәйкес келтіру мәселесі өзекті орын алған. Сондай-ақ, отбасын жоспарлауға көмектесу, оның денсаулығын сақтау; балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, олардың жан-жақты дамуына жәрдемдесу; отбасыларды әлеуметтік қорғау жүйелерін жетілдіру; отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру сынды міндеттер шешу көзделген (Постановление Правительства РК..., 2014).

Жоғарыда келтірілген бағдарлама өз кезегінде мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктерді жақсартуға, демек, отбасыларды бала тууға жанама түрде ынталандыруға бағытталғанын көреміз. 2030 жылға дейінгі әлеуметтік даму тұжырымдамасы демографиялық саясатқа қатысты бірнеше бөлімдерді қамтиды. Атап айтқанда, мемлекет алдына қойылған міндеттердің ішінде мыналар бар:

1. Жүкті және бала емізетін әйелдердің денсаулығын сақтау және нығайту. Бұған тегін медициналық көмек, дұрыс, пайдалы тамақтану кіреді.

2. Жәрдемақы және әлеуметтік сақтандыру жүйесі арқылы ата-аналардың кірістерін қорғау.

3. Барлық жастағы адамдарға қол жетімді медициналық көмек. Мәселен, мүгедек балалар үшін медициналық көмек көрсету, ал зейнеткерлер үшін өмір сүру ұзақтығы мен оның сапасын арттыруға арналған ұзақ мерзімді күтіммен қамтамасыз ету жатады.

Дамыған елдерде мемлекеттік басқарудың негізгі құрылымдарымен бірге азаматтық қоғам институттары демографиялық мәселелерді шешуде үлкен рөл атқарады. Дамыған азаматтық қоғам институттары азаматтарға белгілі бір мәселелерді шешуге жақсы бейімделген орта құра отырып, мәселелерді шешу үшін бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Дамыған азаматтық қоғам мемлекеттің жүргізіп отырған саясатының нәтижелі болуына, нақты мұқтаж адамдарға тиісті көмек көрсетіп, олардың мұң-мұқтаждықтарын үкіметке жеткізіп отыратын дәнекерлеуші көпір іспетті. Демографиялық процестерді мемлекеттік тұрғыда реттеуді жақсартуға мүмкіндік беретін тағы бір институт – бұл отбасы институты. Отбасы – халықтың көбейіп, өсуіне байланысты барлық дерлік процестерді реттейтін нормалардың қоймасы болып табылады. Мемлекеттік саясатты іске асыру, ең алдымен отбасы институтының дамуына тікелей ықпал етеді. Тарихтан белгілі болғандай, мемлекет өзінің қамқорлығындағы халықтың өсуіне не көбеюіне ықпал ететін тетіктері бар. Ол реформалар арқылы, шектеулер немесе ынталандыру көмегімен, мемлекет ішіндегі тұрақтылықпен не болашаққа деген сенімсіздікпен, т.б. Десек те, бала туу – бұл адамның ерікті тандауы және мемлекет азаматтарды бала тууға мәжбүрлей алмайды. Мемлекет тууды шектей алады, бірақ мұндай саясатты жүзеге асырудың нәтижесі қауіпті болмақ. Оған көрші Аспан асты еліндегі демографиялық саясат дәлел бола алады.

Қорытынды. Әр адам мемлекеттің байлығы, қастерлі құндылығы болып табылады. Жаһандану заманында адами капиталға үлкен мән беріліп, әлем елдері «миға» (идеяға) жарысуда. Осы орайда Республикамыз біршама кенже қалуда. Мемлекетіміздің Ата Заңында көрсетілгендей, басты құндылық адам, оның өмірі мен құқықтары. Бүгінгі күні Өзбекстан Республикасы жас әрі тез дамып келе жатқан демографиялық және еңбек әлеуетіне ие. Халық саны бойынша Орталық Азиядағы ең ірі мемлекет болып қала бермек. Өзбекстан мен Қазақстан, басқа да бұрынғы одақтық мемлекеттер секілді соңғы онжылдықтарда демографиялық дамудың күрделі жолынан өтіп келеді. Дегенмен тәуелсіздік жылдарында халық саны динамикасының оң дамуы қалыптасып, демографиялық процестердің тұрақтылығы сақталды. Ал бұл өз кезегінде тұтастай мемлекеттің тұрақтылығына әсер ететін факторлардың бірі. Сонымен қатар, демография саласында көптеген әлі шешімін таппаған, уақыт күттірмейтін мәселелер де баршылық. Соның ішінде ұлттық демографиялық саясатты күшейтетін іргелі құжатты қабылдау, мемлекет ішіндегі тұрақтылықты нығайту (отбасы өзінің тұрып жатқан мемлекеттегі өз болашағына толық сенімді болғанда ғана ұрпақ өрбітуге бел буады), өмір сүру деңгейін тек ірі мегаполистерде ғана емес, барлық өңірлерде жоғарылату, т.б. мәселелер. Сондықтан көршілес, бауырлас екі мемлекетке де тиімді демографиялық саясатты басшылыққа алу өзекті болмақ.

Әдебиеттер

Асылбеков, Козина, 2009 – *Асылбеков М.Х., Козина В.В.* Народонаселение Казахстана в условиях суверенитета. – Алматы: Тарих тағылымы, 2009. 152 с.

Асылбеков, 2000 – *Асылбеков М.Х.* Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов) / Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Алматы: Өркениет, 2000. 102 с.

Демографиялық процестер және әлеуметтік сала..., 2001 – Демографиялық процестер және әлеуметтік сала: 2001 жылдың қаңтар-наурызында Қазақстан Республикасы аймақтарының даму қорытындыларын сипаттайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер // Қазақстан және оның аймақтары. 2001. N 2. 46-53 б.; N 3. 73-82 б.

Домаев, 2020 – *Домаев О.* Рождаемость по плану // Юридическая газета. 2020. 8 сентября (№ 66). С. 1-5. О демографической ситуации в Казахстане. URL: <https://zanmedia.kz/storage/2020/09/yug2020-66.pdf>

Каримова, Цхай, 2024 – *Каримова Д.М., Цхай Л.А.* Демографические аспекты социально-экономического развития Узбекистана // Демоскоп. 2024. С. 583-584. URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2014/0583/analit04.php> (қаралды 15.01.2025).

«Қазақстан – 2050» Стратегиясы, 2012 – «Қазақстан – 2050» Стратегиясы. URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. URL: <https://stat.gov.kz/> (қаралды 10.02.2025).

Максакова Л.П., 2020 – *Максакова Л.П.* Демографическая безопасность как фактор современной стратегии развития Узбекистана // Экономика и финансы. 2020. № 3. С. 135–143.

- Мамадалиева, 2022 – *Мамадалиева Х.Х.* Социально-демографические особенности развития семьи в Узбекистане: монография. Ташкент: ТТЕСИ, 2022. 281 с.
- Мамадалиева, 2021 – *Мамадалиева Х.Х.* Оценка причин и факторов влияющих на динамику рождаемости в разрезе регионов Узбекистана // Иқтисодиёт ва таълим. 2021. № 5. С. 332-338.
- Мамадалиева, 2023 – *Мамадалиева Х.Х.* Демографическое развитие и тенденции миграции населения Узбекистана // ДЕМИС. Демографические исследования. 2023. Т. 3. № 2. С. 78–91. DOI 10.19181/demis.2023.3.2.6. EDN RFOOCJ.
- Маханов, 2020 – *Маханов К.* Краткий обзор демографической ситуации в Узбекистане. ERI. URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/a-brief-review-of-uzbekistans-demographic-profile/?lang=ru>. (қаралды 21.01.2025).
- Население, рождаемость и семья, 2019 – *Население, рождаемость и семья* в Узбекистане – последние данные // Central Asian Analytical Network (Дата публикации 25.04.2019). URL: <https://www.caa-network.org/archives/15946>. (қаралды 01.02.2025).
- О демографических процессах..., 2023 – *О демографических процессах* в Узбекистане. 2023 год. URL: <https://e-cis.info/news/567/107212/>. (қаралды 30.01.2025).
- Об утверждении Государственной..., 2020 – *Об утверждении Государственной* программы развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020–2025 годы. URL: https://tengrinews.kz/zakon/pravительство_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/zdravoohranenie/idP1900000982/
- Основные демографические показатели, 2025 – *Основные демографические показатели* (электронный ресурс) // Демография зарубежных стран. URL: <https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demography> (қаралды 20.01.2025).
- Очилова, 2022 – *Очилова М.С.* Демографические процессы в Республике Узбекистан // Экономика и социум. 2022. № 8(99). С. 287-293.
- Панзабекова, Халитова, 2021 – *Панзабекова А.Ж., Халитова М.М.* Институциональные основы регулирования демографических процессов в Казахстане // Рынок труда и социальная защита. 2021. № 11(147). С. 38-45.
- Постановление Правительства РК..., 2014 – *Постановление Правительства РК* от 24 апреля 2014 года № 396 «Об утверждении Концепции социального развития Республики Казахстан до 2030 года и Плана социальной модернизации на период до 2016 года». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000396>
- Солиев, 2005 – *Солиев А.С.* Демография сельских районов: монография. Ташкент: Университет, 2005. 139 с.
- Спанкулова, 2022 – *Спанкулова Л.С.* и др. Оценка параметров будущей демографической ситуации в Казахстане // Society and Security Insights. 2022. № 4. С. 50-69.
- Тожиева, 2010 – *Тожиева З.Н.* Размещение и рост населения Узбекистана: монография. Ташкент: Fan va Texnologiya, 2010. 304 с.
- Убайдуллаева, 2011 – *Убайдуллаева Р.А.* Демографическое развитие Узбекистана в годы независимости // Демографическое развитие республики Узбекистана в годы независимости: Докл. респ. научно-практ. конф. Ташкент, 2011. 539 с.

References

- Asylbekov, Kozina, 2009 – *Asylbekov M.H., Kozina V.V.* Narodonaselenie Kazahstana v usloviyah suvereniteta [Population of Kazakhstan under sovereignty]. Almaty: Tarih tagylymy, 2009. 152 p. (In Russ.).
- Asylbekov, 2000 – *Asylbekov M.H.* Kazahi (demograficheskie tendencii 80-90-h godov) [Kazakhs (demographic trends of the 80-90s)] / In-t istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova. Almaty: Orkeniet, 2000. 102 p. (In Russ.).
- Demografiyalıq procester, 2001 – *Demografiyalıq procester zhanе aleumettik sala: [Demographic processes and social consequences] 2001 zhyldyng kangtar-nauryzynda Qazaqstan Respublikasy ajmaqtarynyng damu korytyndylaryn sipattajtyн negizgi aleumettik-ekonomikalyk korsetkishter // Qazaqstan zhanе onyng ajmaktary. 2001. N 2. Pp. 46-53; N 3. Pp. 73-82. (Kaz).*
- Domaev, 2020 – *Domaev O.* Rozhdaemost' po planu [Fertility according to plan] // *Yuridicheskaya gazeta*. 2020. 8 sentyabrya (№ 66). Pp. 1-5. O demograficheskoy situacii v Kazahstane. URL: <https://zanmedia.kz/storage/2020/09/yug2020-66.pdf> (In Russ.).
- Karimova, Ckhaj, 2024 – *Karimova D.M., Ckhaj L.A.* Demograficheskie aspekty social'no-ekonomicheskogo razvitiya Uzbekistana (elektronnyj resurs) [Demographic aspects of socio-economic development of Uzbekistan] // *Demoskop*. 2024. № 583-584. URL: <https://www.demoscope.ru/weekly/2014/0583/analit04.php> (қаралды 15.01.2025). (In Russ.).
- Qazaqstan – 2050 – «Qazaqstan – 2050» Strategiysy [“Kazakhstan – 2050” Strategies] / (elektrondyq resurs). URL: https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs_Qazaqstan_Respublikasy_Strategiialyq_zhosparlau_zhanе_reformalar_agenttigi_Ultytk_statistika_byurosy/ <https://stat.gov.kz/> (karaldy 10.02.2025). (Kaz).

Maksakova, 2020 – *Maksakova L.P.* Demograficheskaya bezopastnost' kak faktor sovremennoj strategii razvitiya Uzbekistana [Demographic security as a factor in the modern development strategy of Uzbekistan] // *Ekonomika i finansy*. 2020. № 3. Pp. 135–143. (In Russ.).

Mamadalieva, 2022 – *Mamadalieva Kh.Kh.* Social'no-demograficheskie osobennosti razvitiya sem'i v Uzbekistane: monografiya [Socio-demographic features of family development in Uzbekistan]. Tashkent: TTESI, 2022. 281 p. (In Russ.).

Mamadalieva, 2021 – *Mamadalieva Kh.Kh.* Ocenka prichin i faktorov vliyayushchih na dinamiku rozhdaemosti v razreze regionov Uzbekistana [Assessment of the causes and factors influencing the dynamics of birth rate in the regions of Uzbekistan] // *Iqtisodiyot va ta'lim*. 2021. № 5. Pp. 332–338. (In Russ.).

Mamadalieva, 2023 – *Mamadalieva Kh.Kh.* Demograficheskoe razvitie i tendencii migratsii naseleniya Uzbekistana [Demographic development and migration trends of the population of Uzbekistan] // *DEMIS. Demograficheskie issledovaniya*. 2023. T. 3. № 2. Pp. 78–91. DOI 10.19181/demis.2023.3.2.6. EDN RFOOCJ. (In Russ.).

Mahanov, 2020 – *Mahanov K.* Kratkij obzor demograficheskoy situatsii v Uzbekistane [Brief overview of the demographic situation in Uzbekistan]. ERI (elektronnyj resurs). URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/a-brief-review-of-uzbekistans-demographic-profile/?lang=ru>. (karaldy 21.01.2025). (In Russ.).

Naselenie, rozhdaemost', 2019 – Naselenie, rozhdaemost' i sem'ya v Uzbekistane – poslednie dannye [Population, birth rate and family in Uzbekistan – latest data] // Central Asian Analytical Network (Data publikatsii 25.04.2019). URL: <https://www.caa-network.org/archives/15946>. (karaldy 01.02.2025). (In Russ.).

O demograficheskikh processah, 2023 – O demograficheskikh processah v Uzbekistane [About demographic processes in Uzbekistan] (elektronnyj resurs). 2023 god. URL: <https://e-cis.info/news/567/107212/>. (karaldy 30.01.2025). (In Russ.).

Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj..., 2020 – Ob utverzhdenii Gosudarstvennoj programmy razvitiya zdavoohraneniya Respubliki Kazahstan na 2020–2025 gody [On approval of the State Program for the Development of Healthcare of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. URL: https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/zdavoohranenie/idP1900000982/ (In Russ.).

Osnovnye demograficheskie pokazateli, 2025 – Osnovnye demograficheskie pokazateli (elektronnyj resurs) [Key demographic indicators] // Demografiya zarubezhnyh stran. URL: <https://stat.uz/ru/ofitsialnaya-statistika/demography> (karaldy 20.01.2025). (In Russ.).

Ochilova, 2022 – *Ochilova M.S.* Demograficheskie processy v Respublike Uzbekistan [Demographic processes in the Republic of Uzbekistan] // *Ekonomika i socium*. 2022. № 8(99). Pp. 287–293. (In Russ.).

Panzabekova, Halitova, 2021 – *Panzabekova A.Zh., Halitova M.M.* Institucional'nye osnovy regulirovaniya demograficheskikh processov v Kazahstane [Institutional bases for regulation of demographic processes in Kazakhstan] // *Rynok truda i social'naya zashchita*. 2021. № 11(147). Pp. 38–45. (In Russ.).

Postanovlenie Pravitel'stva RK, 2014 – Postanovlenie Pravitel'stva RK [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan] ot 24 aprelya 2014 goda №396 «Ob utverzhdenii Konceptcii social'nogo razvitiya Respubliki Kazahstan do 2030 goda i Plana social'noj modernizatsii na period do 2016 goda». URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000396> (In Russ.).

Soliev, 2005 – *Soliev A.S.* Demografiya sel'skih rajonov: monografiya [Rural Demography: A Monograph]. Tashkent: Universitet, 2005. 139 p. (In Russ.).

Spankulova, 2022 – *Spankulova L.S. i dr.* Ocenka parametrov budushchej demograficheskoy situatsii v Kazahstane [Assessment of the parameters of the future demographic situation in Kazakhstan] // *Society and Security Insights*. 2022. № 4. Pp. 50–69. (In Russ.).

Tozhieva, 2010 – *Tozhieva Z.N.* Razmeshchenie i rost naseleniya Uzbekistana: monografiya [Distribution and growth of the population of Uzbekistan]. Tashkent: Fan va Texnologiya, 2010. 304 p. (In Russ.).

Ubajdullaeva, 2011 – *Ubajdullaeva R.A.* Demograficheskoe razvitie Uzbekistana v gody nezavisimosti [Demographic development of Uzbekistan in the years of independence] // Demograficheskoe razvitie respubliki Uzbekistana v gody nezavisimosti: Dokl. resp. nauchno-prakt. konf. Tashkent, 2011. 539 p. (In Russ.).



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 177–185
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP/ MPHTI / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_177-185

TURKEY IN THE ATATURK ERA IN SOVIET PUBLICATIONS (BY «PRAVDA» AND «IZVESTIA» NEWSPAPERS)

Kanat Bazarbayev¹, Aidarbek Amirbek*², Murat Kelesh³

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan).

PhD, associate professor.

<https://orcid.org/00000003-0058-2322>. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan).

PhD, associate professor. Corresponding author.

<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (29, B. Sattarkhanov Str., Turkestan, 161200, Republic of Kazakhstan).

PhD doctoral student

<https://orcid.org/0000-0003-0572-6663>. E-mail: murat.keles@ayu.edu.kz

© Valichanov IHE, 2025

© Bazarbayev K, Amirbek A., Kelesh M., 2025

Abstract. Introduction. This study explores the representation of Turkey during the Ataturk era in Soviet publications, focusing on how «Pravda» and «Izvestia» framed Turkish-Soviet relations. The relevance of this research lies in the limited academic examination of the period's media coverage and its role in shaping diplomatic perceptions. The study highlights the geopolitical significance of Turkish-Soviet interactions and their portrayal within the ideological framework of the Soviet press. **Methods and Materials.** The research employs content analysis, event analysis, and discourse analysis to examine Soviet narratives about Turkey. Archival issues of «Pravda» and «Izvestia» (1920–1938) were analyzed alongside secondary sources on Soviet media strategies and Turkish foreign policy. This methodological approach enables a systematic assessment of media-driven representations and their alignment with Soviet ideological priorities. **Results.** The findings reveal a strategic narrative in Soviet newspapers, where Turkey was depicted as an emerging partner in the fight against Western imperialism. However, coverage fluctuated based on geopolitical shifts. «Pravda» emphasized ideological solidarity, while «Izvestia» presented a more pragmatic and diplomatic stance. The study identifies key themes in Soviet discourse, such as Turkey's modernization efforts, its foreign policy alignment, and its role in regional geopolitics. **Conclusions.** This research contributes to a deeper understanding of how media narratives influenced Soviet perceptions of Turkey and vice versa. By analyzing historical press coverage, the study sheds light on the intersection of propaganda, diplomacy, and political ideology.

Keywords: Ataturk, Soviet press, Turkish-Soviet relations, political propaganda, discourse analysis, foreign policy narratives, turkic-speaking countries.

Acknowledgements: This research is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP 19676634).

For citation: Bazarbayev K., Amirbek A., Kelesh M. Turkey in the Ataturk era in soviet publications (by «Pravda» and «Izvestia» newspapers) // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 177–185 (In Engl.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_177-185

АТАТҮРІК ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКИЯ КЕҢЕСТІК БАСЫЛЫМДАРДА («ПРАВДА» ЖӘНЕ «ИЗВЕСТИЯ» ГАЗЕТТЕРІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Канат Базарбаев¹, Айдарбек Амирбек^{*2}, Мурат Келеш³

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
(Б.Саттарханов даңғылы 29, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
PhD, қауым.профессор.
<https://orcid.org/00000003-0058-2322>. E-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
(Б.Саттарханов даңғылы 29, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
PhD, қауым.профессор. Автор корреспондент.
<https://orcid.org/0000-0002-1084-6259>. E-mail: aidarbek.amirbek@ayu.edu.kz

³Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
(Б.Саттарханов даңғылы 29, 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
PhD докторант.
<https://orcid.org/0000-0003-0572-6663>. E-mail: murat.keles@ayu.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Базарбаев К., Амирбек А., Келеш М., 2025

Аңдатпа. *Kıpıçne.* Зерттеу жұмысы Кеңес Одағының баспасөз беттерінде Ататүрік дәуіріндегі Түркияның қалай сипатталғанын жан-жақты талдауға арналған. Атап айтқанда, «Правда» және «Известия» газеттеріндегі жарияланымдар негізінде Түркия мен Кеңес Одағы арасындағы саяси, дипломатиялық және идеологиялық қатынастардың көрініс табу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі – осы кезеңдегі ақпараттық материалдардың жеткіліксіз зерттелуімен қатар, олардың сол дәуірдегі қоғамдық пікірге, дипломатиялық шешімдерге және идеологиялық ұстанымдарға ықпалын анықтауға бағытталады. Мақала Кеңес-Түркия қарым-қатынастарының геосаяси маңыздылығын ашып, олардың Кеңес баспасөзінде қандай тәсілдермен ұсынылғанын көрсетуге тырысады. *Әдістер мен материалдар.* Зерттеу барысында мазмұндық талдау, тарихи оқиғаларды саралау, сөз қолданысын зерттеу әдістері қолданылды. Басты дереккөздер ретінде «Правда» және «Известия» газеттерінің 1920–1938 жылдардағы архивтік басылымдары алынып, Кеңес баспасөзінің ақпарат тарату стратегиясы мен Ататүріктің сыртқы саясатына қатысты қосымша зерттеулер қарастырылды. Мұндай зерттеу әдісі Кеңес ақпарат құралдарының Түркия жайында қалыптастырған бейнесін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері Кеңес басылымдарында Түркия Республикасы Кеңес Одағының Батыс ықпалына қарсы күресетін одақтасы ретінде сипатталуын көрсетеді. Алайда бұл мәселе геосаяси өзгерістерге байланысты үнемі өзгеріп отырған. «Правда» газеті Түркияны Кеңес Одағымен идеологиялық үндестігі ортақ ел ретінде көрсетсе, «Известия» газеті мәселені неғұрлым прагматикалық және дипломатиялық тұрғыдан қарастырады. Кеңес басылымдарында Түркияның жаңғырту реформалары, оның сыртқы саясаттағы орны және аймақтық геосаясаттағы рөлі талқыланды. *Қорытынды.* Зерттеу жұмысы бұқаралық ақпарат құралдарындағы баяндаулардың Кеңес Одағындағы Түркияға деген көзқарасты қалыптастырудағы, сондай-ақ түрік-кеңес қатынастарына ықпал етудегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Кеңес баспасөзіндегі тарихи материалдарды талдау насихат, дипломатия және

саяси идеология арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бұл факторлардың ақпараттық саясат пен сыртқы саяси риториканы қалыптастырудағы маңызын көрсетеді.

Түйін сөздер: Ататүрік, кеңестік баспасөз, түрік-кеңес қатынастары, саяси үгіт-насихат, дискурстық талдау, сыртқы саясаттағы ақпараттық баяндаулар, түркітілдес елдер.

Алғыс: Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырды (Грант № АР 19676634).

Жасыратыны жоқ, жоңғар шапқыншылығы салдарынан халқымыз Ресей империясының отаршылдық саясатының құрбанына айналуға мәжбүр жағдайға келді. Патшалық Ресей әскери бекіністер салу, қазақ хандарын уақытша өз иелігіне бағындыру саясатын ұстанып, «қулығына құрық байлатпас» айла-амалдар құрып, терең жоспарлы құйтырқы саясатын жүзеге асырды.

1738-1741 жылдары жоңғар қонтайшысының әскерлері Қазақстан жеріне жаңа жорықтарын ұйымдастырды. Жоңғар әскері Орта жүз территориясының шекараларына басып кіріп, қазақ

ауылдарына қиян-кескі шабуылдар жасады. Олар аяусыз бейбіт халықты қырып, әйелдер мен балаларды құлдық пен күндікке айдап әкетті. Жоңғарлар орыс шекаралық посттары мен Ор бекінісіне қарай беттеген қазақтарды ресей шекаралық аймақтарына дейін қудалады. Орыс шекаралық билігі жоңғарларға қазақтарды орыс иелігіндегі халықтар ретінде жайына қалдыруды талап етті. Бұл мәлімдемеден соң жоңғарлар кері шегінуге мәжбүр болды. 1742 жылы жоңғарлар Орта жүзге қайта шабуылдарын жалғастырып, Әбілқайыр мен қазақ сұлтандарынан Жоңғар мемлекетіне бағыныштылығын мойындауды талап етті. Алайда, орыс шекаралық билік өкілдерінің араласуынан олар өз талаптарынан бас тартуға тура келді (Казахско-русские отношения..., 1961: 9).

Берілген тарихи фактілерге назар аударсақ, әрине, Жоңғар мемлекетінің XVIII ғасырдың 40-шы жылдардан бастап-ақ, тұтқиылдан бейбіт жатқан қазақ жайылымдарына жойқын шабуылдар жасаған. Осы тұрғыдан қарастырғанда, орыс шенеуніктерінің қазақтарды өздеріне бағынышты немесе жалынышты отар халық етіп көрсету амалдарын байқамау мүмкін емес.

Ресей архивіндегі бұл құжат ойымызды дәлелдейді: «Тамыздың 30-ы күні Орта жүздің Керей руынан Қожаберген батыр ант берді» (РИССА. Қазақ істері қоры, 122-т. 4-іс, 169-п.). Бұл құжаттан батыр Қожабергеннің Керей тайпасының қолбасшысы ретінде әскер бастағаны айтылады.

Халық жадындағы Қожабергеннің образы тек батыр бейнесінде ғана емес, сонымен бірге ол интеллектісі мен кемел ойы, қаһармандығы мен өжеттігі, кекшілдігі мен кең пейілді мінездерімен ерекшеленеді. Оның өмірінде орын алған барша оқиғалар бізге анық-қанығымен белгілі емес, батырдың өмірі мен қызметінің беймәлім тұстары өте көп.

Орыс саяхатшысы Е.К. Мейендорф 820-1821 жылдары «Путешествие из Оренбург в Бухару» еңбегінде: «Қырғыздар (қазақтар) рубасыларын ақсақалдар, билер, батырлар, сұлтандар басқарады. Батырлар – ержүрек, әділетті және бастамашыл адамдар, жойқын шабуылдар мен жорықтар кезінде батырлар атқа қону өнерімен ерекшеленеді» деп жазған (Мейендорф, 1975: 41).

Қазақ хандығының саяси-әскери құрылымын тұрақтандырған Абылай хан іргелес мемлекеттер мен Ресейге бағынышты туыстас халықтарға әрқашан қолдау танытып отырған. Патшалық Ресейге бостандық жолында қозғалыстар ұйымдастырған башқұрт халқының қолбасшы батырларына қамқорлық көрсетті. Оның бірі, башқұрт халқының көрнекті батыры Қарасақал еді.

Өкінішке орай, Қарасақал бастаған башқұрт көтерілісі жеңіліске ұшырады. Көтерілістің жеңіліске ұшыраған Башқұрт ханы Қарасақал Қазақ даласына қашып келіп, қазақтармен тығыз байланыс орнатып, 1740 жылдары Ресей әкімшілігіне едәуір саяси қиындық туғызды (Абылай хан, 2023: 219).

Қожаберген батыр хан Абылайдың тікелей қолдауы мен тапсырмасы арқылы әскери-елшілік қимыл-әрекеттерін орындап отырды. Хан Абылай башқұрт халқымен де бейбіт қарым-қатынас жолын таңдады.

Осылайша, тарихи оқиғаны логикалық талдауымыз, қазақ батыры Қожаберген мен Қарасақал арасында өзара бауырластық сезімдері болғаны анық екендігін көрсетеді. Оған мысал, 1745 жылғы 7 ақпандағы Семей бекінісінен капитан Карачиновтың Ямышев кеңсесіне жолдаған рапорты: *«Февраля-де 4 дня Енисейского полку гранодер Яков Холкин прибыл ис команды от порутчика Александр Левашова. И по прибытии-де скаскою объявил: прошлаго-де 1744 году декабря 23 дня командирован он был ис той крепости Новоучреждаемого драгунского полку каптенармусом Иваном Корниловым для препровождения следующего в Зенгорскую землицу посланца Наурус-Хазы. И следовали от той Семиполатной вперед восемь дней. И на том месте оной посланец за присталью лошадей и за глубоким снегом остановилса и стоял десять дней. И с того места или вперед еще три дни и остановился помянутой посланец в урочище Шеках, понеже снег в есьма велик и протти никак невозможно. А которые посланы в Ургу для конвою и подвод драгун Иван Кучин, салдат Федор Коновалов, и оные еще не возвратились. И по согласию-де оной порутчик с посланцем отпустили помянутого каптенармуса Корнилова с конвоем дватцетью девятью человека. А ему-де приказал оной порутчик от него каптенармуса остаться с четырьмя человеки в казычком улусе у башлыка Кожеберды-баттура. До которого-де по возврате следовали четьре дни. И сказал им: как-де прибудут из Урги драгун и салдат, то-де пришлются к вам в тот улус и с лошадьми, а ежели дожждаться не можете, то-де и вы поезжайте в Русь. Чего ради и жили-де они в том улусе восемь дней, и обождать не могли, и запасу у них не стало, и купить не на што. Того ради он, Холкин, с командою своею и поехал в Семиполатную крепость. А помянутой посланец ушел ли с того места вперед или нет, о том-де известия не слыхали»* (ООМТА. 1-к. 1-т. 2-іс. 83-п.).

Осы құжатта драгун И. Кучин және Ф. Коновалов атты сарбаздар Қожаберген батырдың ұлысында болғаны белгілі болды. Осы аталған орыстар жоңғарлардың орталығы Урга деген қаладан келгені айтылады. Олар Қожаберген батырдың ауылынан кетіп, төрт адамдай қалдырып кетеді.

Құжаттың келесі үзіндісі одан да құнды ақпараттарды бізге береді. Қожабергеннің ірі қолбасшы екендігі және үш мыңға жуық қарулы әскері болғандығы туралы мәлімет береді: *«А как он, Холкин, в том улусе остался от помянутого капитанармуса Корнилова, и притом объявил ему показанной казыцкой баишлык Кожеборды-батур, что-де при мне имеется войска три тысячи, и вы-де живите здесь без опасу, и обиды-де никакой от нас вам не будет, а как будет тепло, то-де я отпущу к вам в крепость с торгом сына своего Байтелека, и чтоб у вас в крепости и сыну моему обиды никакой не было. Да оной же-де баишлык Кожаборды батур приказывал ему, Холкину: скажи-де г-дину капитану – ежели Карысакала команды ево люди прикочуют под крепости и будут вам обиды чинить, и будет за ними погоня, то б-де и мне известие подали, хотя, чрез моих людей, то-де и я за ним, Карысакалом, в погоню пойду. Токмо-де оной Карысакал кочует ныне от нас в дальном разстоянии. И мы-де с ним не в миру»* (ООМТА. 1-қ. 1-т. 3-іс. 198-п.). Құжаттан, Холкин деген орыстың әскери адамына Қожаберген батыр менің көшімде тұрақты түрде үш мың әскер бар деп хабарлайды. Екіншіден, қонаққа келген ауылында қалған төрт адам ешкімнен қорықпаса болатындығы мен олардың қамқорлығын қамтамасыз ететіндігін Қожаберген айтады. Үшіншіден, осы әңгімесінде Қожаберген өтініш білдіреді: Жылы күндер болған кезде Семей бекінісіне сауда мақсатымен өзінің ұлы Бәйтелекті (Байтайлақ) жіберетіндігін айтады және сол бекіністе оның баласына қамқорлық танытып, қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өтінеді. Төртіншіден, Абылай Холкинға мынадай бір қызықты ұсыныс жасайды: «Егер де, Ресей империясынан бас сауғалап, тығылып жүрген Қарасақал өз адамдарымен бекіністің маңайына келсе, сендерді ренжітсе, егер де сіздер оның соңына қудалау жасасаңыздар, Қожабергенге де ақпарат берсеңіздер..... Хабарларды маған тура немесе менің адамдарым арқылы жеткізуге болады. Солай жасасаңыздар мен Қарасақалды қуып жетуге дайынмын» дейді. Осыдан басқа, Қожабергеннің айтуы бойынша, Қарасақал бізден алыс жерде көшіп-қонып жүреді және Қожабергеннің бір айтқаны «мен онымен текетірестемін» деп мәлімдейді. Ресей жағы мен Қожабергеннің татулығы мен сауда қатынастарына рұқсат алу үшін Ресей билігіне қолдау көрсеткенін білдіргісі келеді. Құжатты талдау нәтижесі, Қожаберген батыр өзінің дипломат саясаткер екендігін көрсетеді. Қазақтың Абылай, Қабанбай қатарлы мәртебелі тұлғаларымен қатар Қарасақалды да қолдап тұрғаны білінеді, дегенмен де, осы тұста Ресей тарапына теріс ақпарат бергені көрініп тұр. Үш мың әскерімен Қожаберген Қарасақалды ұстап беру мүмкіндігі мол еді. Алайда, Қожаберген ешқашан мұндай қадамға бармады. Себебі, қазақтар башқұрттарды бауыр, түркі тілдес халықтар деп танып, құрметпен қараған.

Башқұрттар мен қазақтар түркітілдес, бір-біріне туыстас халықтар. Башқұрттардың шаруашылық қызметі, тілі, діні және мәдениеті қазақтармен ұқсас болды. Сол кезеңде башқұрт-қазақ байланыстарының кең таралған қатынас нысандары неке еді. Башқұрт және қазақ батырлары арасында күрес, ат бәйгесі, садақ ату жарыстарында бірлескен дәстүрлі шаралар кеңінен таралды. Орыс билігі екі бауырлас халықты олардың патшалыққа қарсы бірлескен әрекеттерін болдырмау мақсатында екі халық арасына алауыздық туғызуға тырысты. Көптеген башқұрттар Орынбор жасақтарынан төнетін қауіпке қарамай қазақ даласынан пана іздеді (Кабульдинов, 2018: 140).

Батыр Қожабергенмен қатар оның ұрпақтары арасынан бәйбішеден туған ұлы Байтайлақтың есімі тарихи деректерде көп аталады. Қожабергеннің ұлы Байтайлақ туралы деректерге мұқият назар аударсақ, оның Цин патшалығымен қатар қазақ-орыс қатынастарында белсенді де абыройлы адам болғандығына көз жеткіземіз.

Мәнжу құжаттарында Байтайлақты Қожабергеннің елшісі ретінде Цин әкери лагеріне маңызды хабарларды жеткізіп отырған бұл адамды Қожаберген батырдың ұлы деп анық айтылады: Келесі күні, яғни 7-күні (1757 жылдың 21 тамызы – авт.), айдаһар уақытында, Далишан Қожабергеннің Байтайлақ есімді ұлы және Қара Барақтың інісі Мәми сынды 10 адамды Нарит асуы арқылы осында бастап әкеліпті. Сонда Қожабергеннің ұлы Байтайлақ былай деді: «Абылай әскер бастап осында келіп, ұлы армияларыңызбен қауышқан екен. Ол өзі барша қазақты бастап ұлы Еженмен қарым-қатынас орнатқандығы туралы хабарды хат арқылы біздің барлық ру-тайпаларымызға жеткізген. Осыдан хабардар болған соң біздің Қожабергеніміз әскер бастап қашқан Әмірсананы тұтқындауға шықты. Ол мені сіздер, цзюнцзюнь-ұлықтармен кездесіп, сіздерге сәлем

беруге жіберіп отыр. Бізде хат жазатын адам жоқ, сондықтан мұнда біз өзіміз келіп, өз ауымыз бен өз тілімізді сенім хат ретінде пайдаланбақпыз»... (Еженханұлы, 2017: 161).

Берілген құжаттағы деректерді талдар болсақ, біріншіден, бұл тұста қазақ жылқысының қасиеті мен табиғи ерекшелігіне қытайлардың қызығушылық танытқан. Қытай-қазақ сауда қатынастары тарихында Цин империясы қазақ жылқыларына аса қызығушылық білдіріп, «Жылқыға – Жібек» саудасын іске асырғаны белгілі. Қазақ жылқысының ірі іздерін байқаған қытай қарауылшылары әскери лауазымы жоғары Далишан, Жакучи және Бинтуға жүз әскерімен Багин асуына барып торуылдау туралы бұйрық түседі. Қытай әскері бұл адамдардың Қожаберген батыр мен Қара Барақ бастаған 700 қазақ әскері екендігін мәлімдейді. Қожаберген мен Қара Барақтан бөлек Қожабергеннің ұлы Байтайлақ та бар. Осы тұста батыр Қожабергенмен қатар оның ұлы Байтайлақтың да қазақ халқының тағдырын шешуде дипломатиялық қызмет атқарғандығын аңғаруға болады.

Р. Зұрғанбайұлының «Шыбарайғыр – Қожаберген батыр» жинағында Байтайлақты Қожабергеннің бәйбішемінен тараған ұлы деп айтады: «Жәнібек ұлы Қожаберген. Бұл кісі – Шыбарайғыр руының ұраны, қолына қазағымның қасиетті төрт туының біреуін ұстаған, алып батыр адам. Осы Қожаберген батырдан Байтайлақ, Қалыбай, Тоқбура, Малкелді, Ертісбай, (бұлар – бәйбіше аталады). Кененбай, Кенет, Мәті (Бабура аталады). Жандәулет, Шындәулет, Рыстанбет, Меңдібай, Бөгенбай, Кенжебай, Қазақбай, (Бұлар Жүзік аталады) (Зұрғанбайұлы, 1996: 75).

Бұдан шығатын түйін, Қожаберген өзінің ұлы Байтайлақты сенімді адамы ретінде қытай және орыс қатынастарында белсенді араластырғаны көрінеді. Байтайлақтың да әкесі қатарлы екіжақты елшілік және сауда қатынастарын реттей алар қабілеті бар тұлға болғандығын атап өту қажет.

Жоғарыдағы құжаттан тағы бір үзінді талдар болсақ, «*А по возврате ис того улуса в Семиполатную крепость наезжали в том пути войска ево. Кочуют в разных местах в урочище по Чар-Гурбану пятнатцеть юрт. И проехав помянутыя юрты встретилса-де с ними казак, имя ему Аблай, которой объявил о себе, что помянутому баишыку Кожеберды-батуру брат, а кочую-де я против Семиполатной крепости в камне в пятьдесят юртах и буду-де в Семиполатную крепость нынешним временем с торгом*» (ООМТА. 1-к. 1-т. 2-іс. 83-п.).

Қожаберген қарамағындағы адамдар әр жерде шашыраңқы түрде көшіп-қонып жүрген. Мысалы, Шар Гурбан деген жерде он бес үй көшіп-қонып күн кешті. Сол ауылдың Абылай атты бір қазағы Қожаберген батырға туыс аға болып саналады. Қожабергеннің осы аталған Абылай атты ағайын бауыры Семей бекінісі жанында елу киіз үймен көшпелі өмір сүреді екен. Келешекте күн жылығанда Семей бекінісіне сауда жасауға келетіндігін білдіреді. Ал осы тұста, орыстар тарапынан Қожаберген ұлыстарына барғанда қысым шабуылдар жасалды ма деген сұрақ туындайды. Қожаберген ауылында болған орыстарға сапарда да, жолда да ешкім тиіспеген. Осы уақытта Қожаберген батыр өзі жақтаған халықтар мен батырларға қамқорлық танытқан. Әрине, осындай қамқорлықты, қауіпсіздікті көрген және сезінген орыс әскері өкілдері жауап ретінде келешекке саудамен келетін Қожаберген батырдың адамдарын жақсы қарсы алуға ниет білдіреді. Осы жағдайға талданып жатқан құжаттың үзіндісі осыған дәлел: «*Ежели предписанныя Казачьей орды люди в оную Семиполатную или другую крепость с торгом прибудут, то оным для торгу в жилье тех крепостей впуск чинить ли или приказать быть им вне крепостей*» (ООМТА. 1-к. 1-т. 1-іс. 198-п.). Құжатта қазақтарды қарсы алып, тек қана бір мәселе - бекініс ішіне немесе сыртына қалдыру мәселесін шешу қажеттілігі еді.

Құжатта кездескен Абылай атты қазақтың Қожаберген батырға туыс екендігін, батырдың ата-тек шежіресіне үңіліп талдасақ...

Абақ керей – Асанберді, Құттыберді, Аллаберді

Құттыберді – Жаппас – Мәнжол – Кенел - **Шыбарайғыр (Келбағыс)**

Шыбарайғыр (Келбағыс) – Жаната, Жаркәбіз

Жаната – Шотпан, Тоғыз

Шотпан – Толым- Жауғаш – Өтес, Түлек

Өтес- Жаншоры, Жиеншора

Түлек- Тоғызақ

Жаншора – Мұрат, Қанымбике, Жәнібек

Жәнібек – Қожаберген

Қожаберген – Бәйбіше, Байбура, Жүзік

Қанымбике – Алманбет, Тоқпанбет, Байманбет
Жиеншора – Аққұртқа, Жиенабыз
Аққұртқа – **Бөлек**, Қызылқұрт (Досымбет), Сәркөз (Есімбет)
Жаркәбіз – Өтеғұл, Меңлі, Балта
Өтеғұл – Кәлпе (Есенаман), Қосай
Қосай – Орыс, Тағыс
Орыс – Қаржау-Бөрте
Тағыс – Бәйкісі

Балта - Құтымбет, Айтымбет, Мұрынбет (Абақ керей Шыбарайғыр руы шежіресі, 2015: 407).

Жоғарыда көрсетілген Абақ керей Шыбарайғыр шежіресіне назар аударсақ, Бөлек пен Қожабергеннің үшінші аталары туысады. Деректе беріліп отырған Қожаберген батырдың туыс бауыры деп аталған Аблай Беляков оның Бөлек атты туысынан тараған ұрпағы екендігін растап отыр.

Қазақ ордасынан Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батырдың туыс ағасы Абылай өзімен бірге үш адаммен сауда жасау мақсатында келгендігі туралы деректе: *«Того ж-де февраля 5 числа в девятом часу дни прибыли в тою крепость из зарешной стороны реки Иртыша Казачьей орды Аблай Беляков Коже-Берды-батур брат и при нем казыков три человека. Которые-де ему, капитану, между прочем объявили: приехали-де во оную крепость сказать да и для торгу. А стоят-де против Усть-Каменогорской крепости в камню в пятидесяти юртах. А войска-де при нем двести человек»* (ООМТА. 1-к. 1-т. 3-іс. 202-п.) делінген. Құжаттан біз Қожабергеннің ұлысы Өскемен бекінісінде тұрақтағаны, қыстауында 50 киіз үй мен 200 сарбазды құрайтын тұрақты әскері болғандығын анықтаймыз. Тұрақты әскерді жасақтау және қамтамасыз ету көшпелі өмір салтын ұстанатын халықта өте сирек кездесетін жағдай. Тұрақты әскерді жасақтау әлсіз немесе ауқатсыз адамның қолынан келе бермейді. Осы тұста біз Қожаберген батырдың қолбасшылық қасиеті мен өзінің ұлы Байтайлақпен қатар бауыры Абылайды да сауда қатынастарына белсенді араластырғандығына көз жеткіземіз.

Қожабергеннің қарамағына қарасты елдің Өскемен бекінісінен Ертіс өзенінің арғы бетіндегі Шар-Гурбан өзені маңында тұрақтағанына тарихи деректер дәлел бола алады.

1744 жылдың қыс мезгілінде Қожаберген батырдың ауылы жоңғар қарауылдарына жақын Шар өзенінің маңында орналасқан (РМКАА. 248-к. 113-т. 383-іс. 1039-п.). Дерекке сүйеніп тарқатар болсақ, қазақ ауылдары мен ойраттардың қоныстары бір-бірімен шекаралас, аралас-құралас жатқандықтан Керей болысының старшыны, батыры Қожабергенді ойраттармен шатастыруы әбден мүмкін жағдай еді. Тіпті, Давацидің билік еткен аймағы қазақ ауылдарымен көршілес жатқандықтан, оның қазақ билеушілерінен пана сұрауы да қиынға соқпайтыны анық.

Керей тайпасының батыры Қожабергеннің Семей қаласының оңтүстік-шығыс аймағындағы Шар өзені жағалауында әскерімен тұрақтағанын орыс тарихшысы Г.Н. Потанин жазып қалдырған: *«Ходжа-бергенъ (монг. мэргэнъ, стрелок) былъ богатырь кирейскаго рода въ прошломъ столетіи; обыкновенно кочевал на реке Чаръ-гурбанъ къ юго-востоку отъ г. Семипалатинска и участвовалъ въ набегахъ на калмыцкія кочевья, когда Джунгарское ханство рушилось подъ ударами Китайцев; но здесь, очевидно, следуетъ разуместь какое-то легендарное лицо; у Киргизъ въ обычае давать новорожденнымъ имена древнихъ предковъ, отчего въ легендахъ происходитъ путаница* (Г.Н. Потанин, 1881: 35). Мұнда Керей тайпасының батыры Қожаберген Семей қаласының оңтүстік-шығыс бетіндегі Шар өзенінің жағалауында көшпелі өмір сүріп, қытай әскерінің соққысынан жеңіліс тапқан қалмақ әскері жақтасы ретінде күрескені айтылады.

Қожаберген батырдың дипломатиялық қызметінің көрінісі ретінде Семей бекінісінде сауда жасау әрекеті өз нәтижесіне жетті. Осыған дәлел, 1745 жылғы 12 наурызда полковник Я.С. Павлуцкийдің Сібір әскери шебінің басшысы генерал-майор Х. Киндерманның хатынан білуге болады. *«Секретной ордер вашего превосходительства минувшаго февраля от 13 на представление г-дина полковника Зарина (а надежно, что в такой же силе и от меня уже представление вашимъ превосходительствомъ получено) о допущении киргиз-кайсаковъ к Семиполатной крепости Гожебердеева сына и с ево киргиз-кайсаками торговать, а о не допущении оныхъ в город, и о нечинении имъ озлобления, и о разведывании между разговорами о намеренияхъ зенгорского владельца, и что кому от техъ киргисцовъ объявлено о чемъ будетъ, то секретно стоящей»* (ООМТА. 1-к. 1-т. 1-іс. 344-п.), *в той Семиполатной крепости капитан Карачинцов немедленно репортовалъ вашему превосходительству, и о подтверждении, чтобъ в той крепости караулъ и фарпосты во всякой*

предосторожности находились, дабы, паче чаяния, от показанных киргизцов злых поступок не могло произойти, и пока оные киргисцы для торгу в Семиполатной находитьца будут иметь в день, так и в ночь в том городе сверх караула при афицере пекет и в воротах караул умножить, и те ворота, кроме калитки не отворять, и в ночное время закладывать покрепче, и о умножении круг крепости часовых, а которого числа те киргизцы в каком числе людей и с каким товаром придут, о том к вашему превосходительству репортовать, сего марта «11» дня получен» (ООМТА. 1-к. 1-т. 1-ис. 345-п.).

Осы құжатта біз Қожаберген батыр адамдарына Семей бекінісі маңайында сауда жасауға рұқсат берілгенін көреміз. Біріншіден, Қожаберген адамдарын сауда қатынастарында қала ішіне кіргізбей, қала сыртында ұстауды бұйырғанын аңғарамыз. Екіншіден, оларды ызаландырмау туралы нұсқау берілген. Себебі, қазақтардың саны көп, олар өшігіп, бекініске шабуыл жасайды деп сескенді. Бұрындары Семей әскери шебінде мұндай қақтығыстар орын алған. Мысалы, 1754-1755 жылдары қыс мезгілінде Сұлтанмәмет сұлтанның 200 шақты адамы Коряков бекінісіне шабуыл жасағаны белгілі. Үшіншіден, бекіністе орналастырылған маңайдағы форпостарда әскери күш барлық жағынан дайын болу жөнінде нұсқау берілген. Төртіншіден, қазақтар Семей бекінісі маңайында сауда қатынастарын ұйымдастырғанда әскери топтан басқа жеке офицерлер мен карауылдар санын көбейтуді, сондай ақ олардың қақпа маңайында тұруына бұйрық беріледі. Сонымен қатар есікті түн мезгілінде ашпау туралы, карауылдар санын көбейту туралы айтылады. Бесіншіден, Қожаберген адамдары саудаға аттанғанда алдын ала қанша адам кеткендігі туралы бақылау орнатылған. Әрине, Ресей жағының қазақтарға деген сенімсіздігі бар екенін байқамау мүмкін емес. Сенімсіздер ішінде Қожаберген және оның адамдары да бар деген сөз. Сол заманның құжаттарын талдар болсақ, Ертістің қыр жағындағы қазақтарды архив құжаттарында «жау» («неприятель») деп атайды. Әр жеті күнде бір рет Ертіс шебіндегі бекініс басшылары Тобольск қаласына шекара бүтіндігі мен қазақтардың малдарының Ертіс шебіне өтпегендігі туралы баяндап отырған.

Осы құжат Қожаберген батырдың сауда қатынастарындағы епті дипломат екендігін көрсетеді. Біріншіден, Қожаберген батыр Абылай, Әбілпейіз сұлтандар сияқты беделді тұлға болғандығын білдіреді. Себебі, XVIII ғасырдың 40-жылдары Ресей империясымен жоғары дипломатиялық байланысқа тек қана қазақтың беделді сұлтандары мен хандары араласып отырған. Ал, Қожабергеннің баласын Семей бекінісіне жіберіп, сауда қатынастарына ықпал еткендігінің белгісі Қожабергеннің басқа да сұлтан-төрелермен қатар абыройының жоғарылығын білдіреді. Екіншіден, Қожаберген батырдың қазақ-жоңғар арасындағы соғыста алып империямен бейбіт өмір сүріп, қақтығыстарды қолдамай, сауда жолын таңдағанын көрсетеді. Үшіншіден, батырдың сауда байланыстары арқылы Ресей империясымен қарым-қатынасқа шыққандығы байқалады.

1760 жылғы 22 желтоқсанда Семей бекінісінің Ертіс желісінен генерал-майор Щетневтен түскен хабарламада, осы желтоқсан айының 19 күні Семей бекінісіне Орта Жүз Абақ Керей болысының старшинасы Қожаберген батыр, үш адаммен, олар Мамет Янгулов, Алдаяр Арказаяв, Болбок Хонбашев, олармен бірге жиырма шақты адам, олар Ертіс өзенінен төмен, Семей бекінісінің жартысынан Озерная станциясына дейін, елу версталық қашықтықта, Ертіс өзенінен алыс емес жерде тұрақтады, ал олардың ұлысы Долон форпостынан, тіпті Жоңғар жеріндегі шатқалдарда көшпелі қоныстары орналасты (ОрОМА. 3-к. 1-т. 58-іс. 209-210-пп.).

Ғалым Ж. Нода «Ресей империясы мен Цин империясы арасындағы қазақ хандықтары» кітабында XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ сұлтандарының Ресей империясы мен Цин патшалығы арасындағы халықаралық қатынастарын зерттейді. Зерттеуші қазақ сұлтаны Уәлидің Цин императорына жолдаған хатындағы ұсынады: «Сіз Цин патшалығының билеушісі, орыстармен бізді жауластыру туралы ниетіңізді жазыпсыз. Алайда, менің әкем Абылай көзі тірісінде орыстар халыққа да, оған да, тіпті Ордаға да зияндық жасамады, сондайақ екі тарап та бейбіт түрде өзара байланыстарды реттеп отырды. Оның үстіне, әкем қайтыс болғаннан кейін біз, оның ұрпақтары, әрдайым орыстармен бейбіт әрі тұрақты қарым-қатынас орнатуымызды қатаң талап етті» делінген (Noda, 2016: 74).

Көріп отырғанымыздай, Цин императорының қазақ-орыс қатынастарында алауыздық туғызу мақсатындағы пиғылын қазақ ақсүйектері қолдамай, екіжақты бейбіт саясатты қолдаған. Абылайдың тікелей идеясымен қазақтың беделді сұлтандары мен Қожаберген қатарлы батырлары да осы саяси тактиканы міндетті қағида санаған. Дегенмен, Ресей империясы қазақ ақсүйектері мен Цин

ұлықтары арасындағы қатынастарды басты назар ұстады, бұл дегеніміз осы дәуірдегі тарих сахнасындағы саяси сахнадағы ірі империялардың бақталастығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері. Қырғыздардың (қазақтар) айтуына сүйенсек, қырғыздар шамамен XVIII ғасырдың 40-жылдарында белгілі бір қозғалыс орын алып, нәтижесінде олардың көп бөлігі оңтүстік-батыстан және батыс аймақтардан Өскемен уезіне қарай жылжып, сол аймақтан өздеріне кең жайылымдарға қоныстанды. Қырғыздардың бұл қоныс аударуын XVIII ғасырдың 20-жылдарында жоңғар шапқыншылығының ықпалы деп түсінуіміз керек. Жоңғардың кері қозғалысы кезінде Жоңғар хандығының жеңілісінен кейін олар босатқан жерлерге қырғыздардың кері толқыны құйылды, бұл ретте оларға тиесілі емес жаңа жерлерді иемденген еді. Олар Алтайдан батысқа қарай кең жолақпен жүріп, өз жолдарында кездескен қырғыздарды ығыстырды. Осы жерлердің бір бөлігіне Қытай үстемдік етті, сондықтан қырғыздар оған рулық тармақтан жылына бір жылқы мөлшерінде алым төлеуге мәжбүр болды, мысалы, Ертістің шығысындағы аумақты алып жатқан бүкіл Қаратай Дәулет әулеті небәрі 10 жылқы төледі (Материалы по киргизскому землепользованию, 1905: 4-5).

Ресей империясы саясатына бағынышты сыңай танытқан Абылай XVIII ғасырдың 50-ші жылдарында Цин патшалығымен дипломатиялық қатынастарды сақтауға тырысты. Бұл саяси айла-амал Ресей үстемдігін тежеп, Қытайдың әскери күшінен сақтануға мүмкіндіктер берді. Әрине, қазақ даласының шығыс шекарасына жауапты Абылайдың сенімді сардары Қожаберген де бұл саясаттың қолдаушысы ретінде оған қолдау білдірді.

Ойрат ханзадасы Әмірсана мен қазақ батыры Қожабергеннің достық қатынастары және өзара ынтымақтастығы арқасында ірі шайқастарға қатысқаны туралы деректерде айтылады.

1756 жылдың көктемінде қазақ әскери күші қытай әскерлеріне қарсы Жоңғар жеріне шабуыл ұйымдастырды. Қытай билеушісі де бұл қадамға жауап беруді бұйырды. Орта жүз иелігіне екі бағытта – оңтүстік және шығыс қанаттан кіру көзделіп, Абылай жағында бас сауғалап жүрген Әмірсананы да тұтқындау мақсат етілді. Қытай әскеріне қарсы қазақ-жоңғар әскерлерін басқарып Әмірсана мен Қожаберген батыр әскерін жасақтады. Ал, оңтүстік шебінен төнген жау әскеріне қарсы Абылай әскері жабдықталды. Цин әскерлеріне қарсы бірнеше шабуылдармен тойтарыс берген қазақ әскерлері олардың қазақ даласына енуіне қарсылық көрсете білді (Кабульдинов, 2023: 35).

Моңғол тарихшысы Ч. Далайдың еңбегінде 1756 жылдың 2 тамызында Қожаберген әскері Дардана мен Фудэнің қолбасшылығындағы әскерімен Ярла мен Нұра маңында соғысқандығы айтылады. Қиян-кескі ұрыс мерзімі жеті күнге созылды. Екі жақтың да әскерлері үлкен қырғынға ұшырайды. Алайда, тағы да 5000 шақты манчжур әскері қосымша әскери күш ретінде тартылып, Дардана әскеріне қосылуы себебінен Қожаберген мен Әмірсана бастаған әскер кері шегінуге мәжбүр болады. Қожабергенмен бірге жанкешті күрес жүргізген Әмірсананы байқаған Дардана ызаға булығып, оны қалай да тезірек қолға түсіруді көздеді. Бұдан кейін олардың әскері Хадаханың әскерімен Абылай ханның ордасына жақын тұста Баянауыл тауларында кездесті. Алайда, 100 адамы өлім құшқан соң, ол бірден әскерін жинап, қашып кетті. Манчжурлардың қолына түскен әскери тұтқынның айтуынша, Абылай күресті бастамас бұрын-ақ әскерін жинап, жанұшыра қашып кетті деген ақпарат жеткендігін мәлімдейді. Алайда, ол Абылай манчжур әскерінен қорыққанынан емес, ауыр жарақат алған соң кері қайтты» дегенді мәлімдейді. Сондай-ақ, Әмірсананың бұл шайқастарда оны танымас үшін арнайы киімде жүргендігі айтылады (Далай, 2002: 334).

1756 жылы Қазақ-Цин соғысында Қожаберген ойрат нояны Әмірсанамен бірге қол бастағаны туралы деректер көптеп кездеседі. Қожаберген мәнжу-қытай басқыншыларына қарсы Баянауыл, Қу, Қарқаралы тауларының аңғарында болған қанды ұрыстарда Бөгенбай, Жауғаш сияқты батырлармен қатар ерекше көзге түседі. 1758 жылы сәуір айында махачиндермен соғысып, Ертістен Аярақ көліне дейінгі аралықты 1000 әскермен шолып шықты. 1766 жылы Үржар, Тарбағатай жайлаулары үшін қытайлармен шайқасқан. Одан кейінгі қытай құжаттарында Қожаберген есімі Қабанбай, Дәулетбай батырлармен, Әбілпейіз сұлтанмен қатар «көрнекті», «беделді қазақтар» қатарына аталады (Қазақтың ханы Абылай, 2011: 478).

Біздің ойымызша, бұл әрекеттердің барлығы Абылай хан мен Әмірсананың жақсы жоспарланған әрекеттерінің оң жемісі деп топшылаймыз. Ол қазақ даласынан аман-есен кетіп, қытайлықтар оны ала алмайтын Ресей аумағына өте алды. Бұл істе Әмірсанаға оның жауынгер досы, қазақ батыры Қожаберген Жәнібекұлы үлкен көмек көрсетті. Олар бірнеше рет бірлескен жорықтарда Цин әскерінің жасақтарын жойды, ал жоспарланған операциялар әрқашан қатаң құпияда болғанын атап өтуге болады. Тіпті жеке отрядтың жауынгерлері, соның ішінде Дасырце мен

Цибакан Абылай хан, Әмірсана мен Қожаберген батырдың жоспарлары туралы бейхабар еді (Ошан, Борбасов, Оралова, 2024: 443).

Осы тұрғыдан алғанда, башқұрт халқының қолбасшы батыры Қарасақал мен қазақ батыры Қожабергеннің арасындағы өзара бейбіт тұрғыдағы достық сезімдері Ресей билігіне беймәлім болды деп болжауға негіз бар. Себебі, Қожаберген батыр көп мәлімдемелерінде Қарасақал батырмен ара қатынасының жақсы еместігін ескертіп отырған. Осылайша, екі тұлға да орыс билігінің озбырлығынан осындай саяси тактиканы қолданып, қорған еткен. Дегенмен, туыстас халықтардың ірі батырлары бір-бірін ешқандай жағдайға орыс әскери қолбасшыларына ұстап бермеген, сатқындық танытпаған. Осы орайда, басқыншылардан бас сауғалап, қазақ даласындағы хан-сұлтандары мен батырларынан пана іздеген Қарасақал мен ойрат ханзадасының тарихи тағдырларының бір екендігіне көз жеткіземіз. Бұл тұста, біз Қожаберген қатарлы қазақ батырларының халықаралық саяси аренадағы шебер дипломат және бейбіт өмірді қолдаған тұлғалар болғандығын байқаймыз.

Қорытынды. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық қатынастарында беделді тұлға ретінде танылған Қожаберген батырдың орыс билігімен әскери-елшілік қызметі өзіндік ерекшелікке ие еді. Батыр қазақ-қытай қарым-қатынастары тұсында қазақ даласының шығыс шекарасын қорғады. Дегенмен, Абылайдың сенімді сардары Қожаберген батырдың қазақ-орыс байланыстарындағы ықпалы айтарлықтай дәрежеге жетті. Айта кетерлік жәйт, қазақ-орыс қатынастарына тиісті архив құжаттары орыс сарайына қызмет етушілердің жазып қалдырған ақпараттары болғандықтан, олардың барлығы идеологияға негізделген. Мысалы, зерттеуде қолданылған архив деректерінде қазақтарды жау, бұзық, қанішер халық ретінде сипаттаған көріністер, оның үстіне қазақтарды өздеріне бағынышты бодан болған деген теріс тұжырымдар бары анық. Қожаберген батыр Абылай, Әбілпейіз сұлтандар қатарлы мықты беделге ие болған, себебі, XVIII ғасырдың 40-шы жылдары Ресей империясымен дипломатиялық байланысқа көп жағдайларда тек қана қазақ сұлтандары мен хандары шығып отырған. Алайда, Қожаберген өзінің ұлы Байтайлақты Семей бекінісіне жіберіп, сауда қатынастарына араластыруға деген әрекеті хан Абылайдың ұтымды саясатының жақтасы ретінде оның бейбіт саясатты қолдағандығын көрсетеді.

Айта кету қажет, Қожаберген батыр Цин ұлықтары, жоңғар нояндарымен қатар орыс қолбасшылары мен бауырлас халықтардың көсемдерімен де дипломатиялық ынтымақтастық орната білген мықты саяси стратег екендігі анық. Қазақ сұлтандары мен батырларының бауырлас халықтармен бейбіт байланыстарының тұрақсыздығы сол кезеңдегі алмағайып саяси шиеленіскен саяси жаугершілік жағдайға байланысты еді деп түйіндейміз.

Деректер

РМКАА – Ресей мемлекеттік көне актілер архиві
ОрОМА – Орынбор облысы мемлекеттік архиві
ООМТА – Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архиві

Әдебиеттер

Абақ керей Шыбарайғыр, 2015 – Абақ керей Шыбарайғыр руы шежіресі. Үрімжі, Ерентау мәдениет-медия серіктестігі, 2015. 1060 б.

Абылай хан, 2023 – Абылай хан және іргелес мемлекеттер мен халықтар. Ж. Ошан, З. Қабылдинов және басқалар. Алматы: Радуга, 2023. 344 б.

Далай, 2002 – Далай Ч. Ойрад Монголын Түүх. Тэргүүн боть. Улаанбаатар хот, 2002. 334 б.

Еженханұлы, 2017 – Еженханұлы Б. Қожаберген батыр (1756-1767 жылдарда қалыптасқан мәнжу қытай мұрағат құжаттары негізінде). Алматы: Арыс, 2017. 496 б.

Зұрғанбайұлы, 1996 – Зұрғанбайұлы Р. Шыбарайғыр Қожаберген батыр. Өлгей, 1996. 160 б.

Кабульдинов, 2018 – Кабульдинов З.Е. Султанмамет султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Издание 1-ое. Алматы, 2018. 304 с.

Кабульдинов, 2023 – Кабульдинов З.Е. Абылай хан и Россия. Монография. Алматы: ИП «Мадияр», 2023. 296 с.

КРО, 1961 – Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сост. Ф.Н. Киреев, А.К. Алейникова и др. Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1961. 742 с.

Қазақтың ханы Абылай, 2011 – Қазақтың ханы Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі: Құраст.: З.С. Тайшыбай. Ғылыми басылым. Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. Т1. 640 б.

Материалы по киргизскому землепользованию, 1905 – Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Устькаменогорский уезд, т. 9. С.-Петербург, 1905. 167 с.

Мейендорф, 1975 – Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. /Перевод с французского. Предисловие Н.А. Халфина. М.: Наука, 1975. 180 с.

Ошан, Борбасов, Оралова, 2012 – Ошан, Борбасов, Оралова. Хан Абылай, нойон Амурсана и Кожабержен батыр (1750-1757 гг.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. No 2. С. 432-449

Потанин, 1881 – Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Выпуск II. Материалы этнографические. С. Петербург: Типография В. Киршбаума, 1881. 181 с.

Хафизова, 2019 – Хафизова К.Ш. Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019. 480 с.

Noda – Noda J. The Kazakh Khanates Between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian International Relations During the Eighteenth and Nineteenth Centuries. Brill Academic Publishers, 2016. 370 p. (Islamic Area Studies 3).

Sources

OOMTA – Omby oblystyk memlekettik tarihi arhivi [State Historical Archive of the Omsk Region]

OrOMA – Orynbor oblysy memlekettik arhivi [State Archive of the Orenburg Region]

RMKAA – Resej memlekettik kōne aktiler arhivi [The Russian State Archive of Ancient Acts]

References

Abak kerey Shyibaraygyr, 2015 – Abak kerey Shyibaraygyr ruyi shejiresi [Abak Kerey Shybaraigy family chronicle]. Yrimji, Erentau madeniet-mediya seriktestigi, 2015. 1060 p.

Abylai han, 2023 – Abylai han zhane irgeles memleketter men halyktar [Abylai Khan and neighboring states and peoples]. Zh. Oshan, Z. Kabyldinov zhane baskalar. Almaty: Raduga, 2023. 344 p. (In Kaz.).

Dalai, 2002 – Dalai Ch. Oirad Mongolyn Түүх. Tergүүн bot'. [Oirad Mongolian History] Ulaanbaatar hot, 2002. 334 p. (In Mongolian).

Zyrganbaiuly, 1996 – Zyrganbaiuly R. Shybaraigy Kozhabergen batyr [Shybaraygyr Kozhabergen batyr]. Olgei, 1996. 160 p. (In Kaz.).

Ezhenhanyly, 2017 – Ezhenhanyly B. Kozhabergen batyr (1756-1767 zhyldarda kalyptaskan manzhu-kytai myragat kyzhattary negizinde) [Kozhabergen batyr (on the basis of Manju-Chinese archive documents formed in 1756-1767)]. Almaty: Arys, 2017. 496 p. (In Kaz.).

Kabuldinov, 2018 – Kabuldinov Z.E. Sultanmamet sultan: gosudarstvennyy deyatel, diplomat i batyr [Sultanmamet Sultan: statesman, diplomat and warrior]. Izdanie 1-oe. Almaty, 2018. 304 s. (In Russ.).

Kabuldinov, 2023 – Kabuldinov Z.E. Abylay han i Rossiya [Abylai Khan and Russia]. Monografiya. Almaty: IP «Madiyar», 2023. 296 s. (In Russ.).

KRO, 1961 – Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI-XVIII vekah [Kazakh-Russian relations in the 16th-18th centuries]. Sost.: F.N. Kireev, A.K. Aleynikova i dr. Izd. Akademii nauk Kazahskoy SSR. Alma-ata, 1961. 743 p. (In Russ.).

Kazaktyn hany Abylai, 2011 – Kazaktyn hany Abylai: Dauiri, omiri men kyzmeti. [Kazakh khan Abylai: era, life and activities]. T1. Kyrast.: Z.S. Taishybai. Gylmy basylym. Almaty: El-shezhire KK, 2011. 640 p. (In Kaz.).

Materialyi po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, 1905 – Materialyi po kirgizskomu zemlepolzovaniyu, sobrannyye i razrabotannyye ekspeditsiy po issledovaniyu stepnykh oblastey [Materials on Kyrgyz land use, collected and developed by the expedition for the study of steppe regions]. Semipalatinskaya oblast. Ustkamenogorskiy uезд, t. 9. S.-Peterburg, 1905. 167 s. (In Russ.).

Meyendorf, 1975 – Meyendorf E.K. Puteshestvie iz Orenburga v Buharu [Journey from Orenburg to Bukhara]. /Perevod s frantsuzskogo. Predislovie N.A. Halfina. M.: Nauka, 1975. 180 s. (In Russ.).

Oshan, Borbasov, Oralova, 2012 – Oshan Zh., Borbasov S., Oralova A. Han Abylay, noyon Amursana i Kojabergen batyr (1750-1757 gg.) [Khan Abylai, Noyon Amursana and Kozhabergen batyr (1750-1757)] // Otan tarihy. 2024. T. 27. No 2. S. 432-449. (In Russ.).


Potantin, 1881 – Potantin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoi Mongolii [Sketches of Northwestern Mongolia]. Vypusk II. Materialy etnograficheskie. S. Peterburg: Tipografiya V. Kirshbauma, 1881. 181 s. (In Russ.).

Hafizova, 2019 – Hafizova K.Sh. Stepnye vlastiteli i ih diplomatiya v XVIII-XIX vekah [Steppe rulers and their diplomacy in the 18th-19th centuries]. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK, 2019. 480 s. (In Russ.).

Noda – Noda J. The Kazakh Khanates Between the Russian and Qing Empires: Central Eurasian International Relations During the Eighteenth and Nineteenth Centuries. Brill Academic Publishers, 2016. 370 p. (Islamic Area Studies 3). (In Eng.).



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 212–224
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_212-224

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕ

Мухтарбек Карпыкович Каримов¹, Еркін Ерланович Рахметуллин^{2*}, Алма Фазылағамовна Даутова³

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор
<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: karimov_51@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
Гуманитарлық ғылымдар магистрі, ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

*Корреспондент-автор

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
(20А-үй, Глинка көш., 071412 Семей, Қазақстан Республикасы)
педагогикалық ғылымдар магистрі, оқытушы
<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Каримов М.Қ., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* XX ғасырдың басында қазақ даласында орын алған саяси және экономикалық өзгерістердің тарихи алғышарттары қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ қоғамын қамтыған өзгерістер кезеңіндегі Шәкәрім Құдайбердіұлының тұлғалық болмысын көрсету, Алаш қозғалысындағы қайраткерлік қызметін зерделеу. *Әдістері мен материалдары.* Зерттеу барысында өңірлік архив маериалдары мен құжаттар жинағы, сондай-ақ, аталған мәселеге тікелей қатысты ғылыми еңбектер пайдаланылды. Шәкәрімнің Алашорда кезеңіне қатысты құжаттар көп емес. Алайда Абай облысы мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар тұлғаның қайраткерлік қырын аша түседі. Зерттеуде тарих ғылымында кеңінен қолданылатын сараптау, талдау және жүйелеу әдістері негізге алынды. *Нәтижелер.* Адамзат қоғамына ауқымды және түбегейлі өзгерістер әкелген XX ғасырдың алатын орны ерекше. Бұл кезеңнің Ресейдің отарлық аймағы болып саналатын Қазақстан үшін де маңызы үлкен болды. Осы кезеңдегі қоғамның барлық жақтарын қамтыған үдерістердің жүруі алдыңғы қатарлы қазақ азаматтарының ой-санасына және содан туындайтын іс-қимылдарына тікелей әсер етті. Солардың алдыңғы қатарында Шәкәрім Құдайбердіұлы да болды. Біріншіден, оның қоғамдық-саяси істерге араласуынан көрініс береді. Екіншіден, Шәкәрімнің Алаш қайраткерлерімен үндес болып, ұлтты

«оятуға» бағытталған шығармашылығы. Қолда бар деректерді жан-жақты сараптау және зерттеуді тарихи салыстыру әдісімен қарастыру, зерттеліп отырған кезеңнің жалпы сұлабасын және қайраткердің қызметін объективті түрде көрсетуге мүмкіндік береді. *Қорытынды.* Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының XX ғасырдың басындағы қайраткерлік қызметіне ғылыми талдау жасалып, Алаш қозғалысы тұсындағы ұстанымдарына деректік тұрғыда баға берілді.

Түйін сөздер: Ресей, Қазақстан, Семей, қазақ зиялылары, Дума, земство, «Қазақ», «Айқап», Алашорда, Алаш соты, Ә. Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шәкәрімнің Саятқорасы: тарихи және этно-археологиялық зерттеу» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды. (ЖТН: AP23489475)

Дәйексөз үшін: Каримов М.Қ., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф. Шәкәрім Құдайбердіұлы XX ғасырдың бірінші ширегіндегі саяси өзгерістер кезеңінде // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 212-224-бб. (қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_212-224

ШАКАРИМ КУДАЙБЕРДЫУЛЫ В ПЕРИОД ПОЛИТИЧЕСКИХ ПЕРЕМЕН ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XX ВЕКА

Мухтарбек Карныкович Каримов¹, Еркін Ерланович Рахметуллин^{2}, Алма Фазылағзамовна Даутова³*

¹ Университет имени Шакарима города Семей
(20а, ул. Глинки., 071412 Семей, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, профессор
<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: karimov_51@mail.ru

² Университет имени Шакарима города Семей
(20а, ул. Глинки., 071412 Семей, Республика Казахстан)
Магистр гуманитарных наук, научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

*Автор-Корреспондент

³ Университет имени Шакарима города Семей
(Д. 20а, ул. Глинки., 071412 Семей, Республика Казахстан)
Магистр педагогических наук, преподаватель
<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Каримов М.К., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф., 2025

Аннотация. *Введение.* Рассматриваются исторические предпосылки политических и экономических преобразований, произошедших в казахской степи в начале XX века. *Цель и задачи исследования.* Показать личность Шакарима Кудайбердыулы в период перемен, охвативших казахское общество в первой четверти XX века, изучить его яркую деятельность в движении Алаш. *Методы и материалы.* В ходе исследования были использованы сборники региональных архивных материалов и документов, а также научные труды, непосредственно относящиеся к данной проблеме. Документов, относящихся к алашскому периоду Шакарима, не так много. Однако документы, хранящиеся в Государственном архиве Абайской области, раскрывают деятельную сторону личности. В исследовании были взяты за основу методы анализа и систематизации, широко используемые в исторической науке. *Результаты.* XX век, принесший масштабные и кардинальные изменения человеческому обществу, занимает особое место. Этот период также имел большое значение для Казахстана, который являлся колониальным регионом России. Протекание процессов, охватывающих все стороны общества в этот период, напрямую повлияло на мышление и вытекающие из этого действия передовых казахских граждан. В первом ряду был Шакарим Кудайбердыулы. Во-первых, это проявляется в его вмешательстве в общественно-политические дела. Во-вторых, творчество

Шакарима, созвучное деятелям Алаша, направлено на «пробуждение» нации. Всесторонняя экспертиза имеющихся данных и рассмотрение исследования методом исторического сопоставления позволяет объективно отразить общую картину исследуемого периода и деятельности деятеля. *Заключение.* В статье проведен научный анализ деятельности Шакарима Кудайбердыулы в начале XX века, дана актуальная оценка позиций движения Алаш.

Ключевые слова: Россия, Казахстан, Семей, казахская интеллигенция, Дума, земство, «Казах», «Айқап», Алашорда, Алашский суд, А. Букейханов, Шакарим Кудайбердыулы.

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования «Саяткора Шакарима: исторические и этно-археологические исследования» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. (ИРН: AP23489475)

Для цитирования: Каримов М.К., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф. Шакарим Кудайбердыулы в период политических перемен первой четверти XX века // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 212-224 (на каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_212-224

SHAKARIM KUDAIBERDYULY DURING THE POLITICAL CHANGES OF THE FIRST QUARTER OF THE TWENTIETH CENTURY

Mukhtarbek K.¹ Karimov, Yerkin Y. Rakhmetullin^{2*}, Alma F. Dautova³

¹Shakarim University of Semey

(20a, Glinki STR. 071412 Semey, Republic Of Kazakhstan)

Candidate of historical sciences, professor

<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>. E-mail: karimov_51@mail.ru

²Shakarim University of Semey

(20a, Glinki STR. 071412 Semey, Republic Of Kazakhstan)

Master of Humanities, researcher

<https://orcid.org/0000-0001-6170-6996>. E-mail: alash.azamaty@mail.ru

*Corresponding author

³Shakarim University of Semey

(20a, Glinki STR. 071412 Semey, Republic Of Kazakhstan)

Master of Pedagogical Sciences, teacher

<https://orcid.org/0000-0002-1608-1488>. E-mail: dautova_alma@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Karimov M.K., Rakhmetullin E.E., Dautova A.F., 2025

Annotation. Introduction. The historical prerequisites for the political and economic changes that took place in the Kazakh steppes at the beginning of the twentieth century are considered. *Purpose and objectives of the study.* To show the personality of Shakarim Kudaiberdyuly during the period of changes that covered the Kazakh society in the first quarter of the twentieth century, to study his activity in the Alash movement. *Methods and materials.* In the course of the study, collections of regional archival documents and documents were used, as well as scientific works directly related to this issue. There are not many documents related to the alashorda period of shakarim. However, the documents stored in the state archive of the Abay region reveal the figure of the person. The study took as a basis the methods of examination, analysis and systematization, which are widely used in historical science. *Results.* The twentieth century, which brought large-scale and radical changes to human society, plays a special role. This period was also of great importance for Kazakhstan, which is considered a colonial region of Russia. The course of processes that covered all aspects of society during this period had a direct impact on the thinking and actions of advanced Kazakh citizens. Shakarim Kudaiberdyuly was among them. First of all, it is reflected in his involvement in socio-political affairs. Secondly, Shakarim's work is in harmony with Alash figures and is aimed at "awakening" the nation. A comprehensive analysis of the available data and consideration of the study by the method of historical comparison allow us to objectively reflect the

general outline of the period under study and the activities of the figure. *Conclusion.* The article provides a scientific analysis of Shakarim Kudaiberdiyuly's work at the beginning of the twentieth century, as well as a factual assessment of his positions in the Alash movement.

Keywords: Russia, Kazakhstan, Semey, Kazakh intelligentsia, Duma, zemstvo, «Kazakh», «Aikap», Alashorda, Alash court, A. Bukeikhanov, Shakarim Kudaiberdiyuly.

Acknowledgments. The article was carried out within the framework of the grant financing project «Sayatkora Shakarim: historical and ethno-archaeological research» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan. (IRN: AP23489475)

For citation: Karimov M.K., Rakhmetullin E.E., Dautova A.F. Shakarim Kudaiberdiyuly during the political changes of the first quarter of the twentieth century // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 212-224 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_212-224

Кіріспе. XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ қоғамындағы жүріп жатқан үрдістерді еске алғанда, оның бүкіл адамзаттық кеңістікті қамтыған сол кезеңдегі жан-жақты өзгерістерден отарлық жағдайдағы Қазақ елінің де тыс қалмағанын айтуымыз керек.

Аталған кезеңде Қазақстан сияқты Ресей империясының отарланған шеткері аудандары XX ғасырдың басында дүниежүзінде қарқынды дамып жатқан капиталистік қатынастарға тартыла бастады. Бұл Қазақстанды Ресей орталықтарымен байланыстырған және өлкедегі нарық қатынастарының дамуын жеделдеткен теміржол желісінің өсуінен де көрінді. 1917 жылға дейін Қазақстан территориясында салынған теміржолдардың жалпы ұзындығы 2365 шақырым болған. Теміржолдар желісінің өсуімен тікелей байланысты, бұрынғы сауда тұрақтары - «меновые дворы» дегендердің орнына келген жәрмеңкелік сауданы, енді бұдан былай капиталистік сауданың жоғары түрі – тұрақты сауда ығыстырды.

Жалпы осы кезеңдегі экономикалық өзгерістерге банк-несие жүйесінің де дамуы оң әсерін тигізді. Мәселен, Қазақстанның Ертіс өңірінің экономикалық дамуында Семей қаласының алған орны үлкен болғаны белгілі. Ол тек қана мал мен мал өнімдері саудасының және ұн өндірудің ғана ірі орталығы болып қойған жоқ, Семей арқылы Моңғолиямен және Қытайдың батыс өлкелерімен кең сауда айналысы жасалынды. Сондықтанда, империя көлеміндегі бес ең ірі банктер монополиясы филиалдарының Семейде болуы кездейсоқ емес (Фридман, 1974: 19).

XIX ғасырдың екінші жартысынан былай қарай Қазақстанға белсенді түрде ене бастаған орыс капиталының өндіріске, оның ішінде тау-кен өнеркәсібіне бағытталғаны белгілі. Ал XX ғасырдың басында өнеркәсіптің дамуы жаңа сипатқа ие болды. Енді шикізатты өңдейтін шаруашылықтың дамуына үлкен көңіл бөлінді. Бірақта өлкенің экономикалық дамуына біршама әсер еткен осы үрдіс патша өкіметінің Дала өлкесіндегі отарлық саясатының күшеюімен қатар жүрді.

Осы кезеңде патша өкіметі қоныстанушылар қорының пайдасына қазақтардың жерлерін тартып алуды одан әрі жеделдете түсті.. Қазақстандағы переселен қозғалысының ауқымының күрт өсуін мына цифрлар көрсетеді: егер 1893-1905 жылдарда жергілікті халықтан 4 млн. десятинаға дейін, 1906-1912 жылдар арасында 17 млн.десятина, ал 1917 жылға қарай қазақ тұрғындардан 45 млн. десятина немесе өлкедегі жердің, оның ішінде ең шұрайлы 1/5 бөлігі тартып алынды (Очерки, 1974: 41). 1904 жылы Сібір казак войскосының «мәңгілік меншігіне» Ертіс өзенінің екі жағалауындағы он шақырымдық алап берілді.

Өлкеге қоныс аударған переселендердің сандық ауқымына қарасақ: 1906-1916 жылдары Ақмола, Семей, Торғай, Орал сияқты далалық облыстарға – 1068 мың орыс және украин шаруаларының қоныс аударып келгенін көреміз. Бұл көрсеткіш, 291 мың переселен көшіп келген 1896-1905 жылдармен салыстырғанда әлде қайда жоғары болғанын байқаймыз. Жалпы орыс тұрғындары өлкеде 1897-1916 жылдар арасында 4,5 есеге: 347,6 мың адамнан 1548 мыңға дейін көбейген. Ал қазақтардың жалпы санының өсуі барды жоғы 16,2 пайыз болған (Жиренчин, 1996: 148).

Қазақ даласында кен орындары мен қазба байлықтарды, кәсіпорындарды шетелдік кәсіпкерлер арзанға сатып алып, әкете бастады. Кәсіпорындарда жұмысшыларды, әсіресе, кәсіби деңгейі төмен қазақтарды шеттету тоқтаған жоқ. Сондай-ақ, патшалық билік отарлық аудандардағы халықты шоқындыру мақсатында өлкедегі православиялық миссиялардың қызметін күшейте түсті.

Қазақстанда орын алып жатқан осы ахуалдар жергілікті халықтың ашу-ызасын тудырды. Аса ірі көтерілістер орын алмаса да, наразылықтар әр жерде болып жатты. Ірі қозғалыстар мен

көтерілістер болмаса да, толқулар әр жерден көрініс беріп жатты. Осының барлығы Дала өлкесіндегі қоғамдық-саяси жағдайды ушықтыруға негіз болып қана қоймай, кең ауқымды халық наразылықтарының туындауына түрткі болды.

Зерттеу әдістері. Осы мақалаға дерек көзі ретінде Абай облысы мемлекеттік архивінің 37 қорындағы істер алынды. Бұларда Шәкәрім Құдайбердіұлының 1917 жылы 14 қарашада Семей уездік земствосына Шыңғыс болысынан мүше болып сайланғаны және 1918 жылдың сәуірінде Семей облыстық земство жүйесінің әкімшілік басқару және сот жүйесін құру қаралғанда, оның Облыстық қазақ сотының мүшесі болғаны айтылған. Мақаланы дайындау барысында ғылыми айналымда бар және қолданылып жүрген материалдар жинағы, сол сияқты «Қазақ» газеті мен Императорлық Орыс Географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің Жазбалары бетіндегі деректер де пайдаланылды.

Мақаланы жазуда авторлар тарихтың өткендегісін сараптайтын жалпы ғылыми әдісті, логикалық әдісті, сараптау әдісін, сол сияқты деректерді сараптау және жүйелеу, тарихи реттілік әдісін пайдаланды.

Талқылау. XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ қоғамындағы қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістерге арналған іргелі ғылыми еңбектерде Шәкәрім Құдайбердіұлының есімі мен қызметі туралы деректер айтылмайды. Тек Кеңес Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» (Нұрпейісов, 1995) еңбегіндегі «Алаш қозғалысына мүше болғандар мен ниеттестер тізімі» деп аталатын бөлімінде Шәкәрім Құдайбердіұлы есімі кездеседі. Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына қатысты зерттеулер филология және философия саласы бойынша баршылық. Қайраткердің аталмыш кезеңдегі қоғамдық-саяси өмірдегі қызметі Е. Сыдықовтың «Шәкәрім және Алашорда» (Сыдықов, 2008) және ЖЗЛ сериясы бойынша шыққан «Шакарим» (Сыдықов, 2012) зерттеулерінде біршама көрініс береді. Осы жерде айта кететін жағдай, Шәкәрім Құдайбердіұлының XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі атқарған қызметінің біртұтас түрде зерттелмеуі. Сондықтан, айтып отырған олқылықты реттеу үшін осы мақала арқылы үлес қосуға тырыстық.

Нәтижелер. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында бой көрсеткен ұлт-азаттық қозғалыстың өзіне тән ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл қозғалыстың тууы қазақ даласына әкімшілік-территориялық басқару жүйесі енгізіліп, Ресей империясының толықтай отарына айналған уақытымен сәйкес келді. Екіншіден, бұл қозғалыстың басында қазақтың мүддесін революциялық жолмен емес, эволюциялық бағытта шешуді көздейтін қазақтың зиялы азаматтары тұрды. Үшіншіден, қазақ зиялылары қазақ халқының мұң-мұқтажын саяси күрес жолымен шешуге үлкен басымдық берді.

Қазақ оқығандары ұлт-азаттық қозғалысты өрістетуге барасында таптық күресті емес, қазақ халқын ұйыстыратын демократиялық қағидаларға негізделген айқын міндеттерді күн тәртібіне шығарды. Бұлардың саяси көзқарастары жалпы демократиялық бостандықтардың қамтамасыз етілуін, әсіресе жиналыстар мен митингілерді өткізуді, қоғамдастықтар ұйымдастыруды, сөз, баспасөз бостандығы, жариялылық, жеке тұлғалар дербестігіне қолсұғушылықтың болмауы, олардың құқық-арының аяқасты жасалмауы, жергілікті өзін-өзі басқаруды (земствоны) енгізу, сот реформасын жүргізу, ана тілінде оқыту, қазақ тілінде оқу орындарын ашу, шіркеуді мемлекеттен бөлу, әйел теңдігі сияқты және т.б. ұстанымдарды қамтыды. Сол сияқты, отаршылдық жүйенің кедергілеріне тікелей куә болған, соған көңілдері толмайтын, білімге құлаш ұрған қазақ жастарының Ресейдің жоғары оқу орындары шоғырланған орталық қалаларға келулері, ондағы университеттерде оқитын ұлт өкілдерінен шыққан білім алушылармен етене араласуы олардың саяси көзқарастарының қалыптасуына айрықша ықпалын тигізді (Қойгелдиев, 2008: 112).

XX ғасырдың басында патшалық Ресей қоғамында қордаланған әлеуметтік-экономикалық ахуал, шешілмеген мәселелердің салдары қалыптасқан шиеленіскен жағдайдың ақыры 1905-1906 жылдары орын алған бірінші орыс буржуазиялық төңкерісіне әкелгені белгілі. Ресей қоғамындағы көптеген түйткілді мәселелердің бетін ашып берген және қалыптасқан жағдайды дер кезінде түзетпейінше, жағдай оңалмайтындығын ұқтырған бұл төңкерістің қазақ ортасына да, қазақ зиялыларына да әсері байқалды.

Сол сияқты, осы кезеңде қазақ өлкесінде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың сөз жоқ, қазақ қоғамындағы алдыңғы қатарлы азаматтардың дүниетанымдық болмыстарына, іс-қимылдарына әсер еткені анық. Солардың бірі, сол аталмыш кезеңде ел таныған қайраткерге айналған Шәкәрім Құдайбердіұлы еді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының XX ғасырдың басынан бергі және 1919 жылға дейінгі аралықтағы өмір жолына үңілгенде, біз оның замана туғызған өзгерістер мен оқиғалардың бел ортасында жүрген тұлға болғанын байқаймыз.

Алаш қозғалысының дүниеге келуінің бастамасы болып есептелетін 1905 жылы 22 шілде айында Қарқаралы уезінде дәстүрлі түрде өтетін Қоянды-Ботов жәрменкесінде 12,767 адам қол қойған, қазақ қоғамының өзекті мәселелері көтерілген патшаның атына құзырхат жолданғанда, осы оқиғаның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының болғаны немесе болмағаны туралы мәселенің әлі күнге дейін басы ашық. Бұған байланысты архив деректері немесе ауызекі айтылған деректер кездеспейді.

Десекте, Шәкәрім сияқты ел алдында жүретін, айтар ойы бар тұлғаның патша атына петицияны жіберуде елден бөлек қалыс қалуы мүмкін емес деп ойлаймыз. Сонымен бірге, Қарқаралыдағы жәрменке өтетін Қоянды мен Шәкәрімнің мекені Шыңғыстаудың арасы да алыс емес, іргелес. Болашақта мұны анықтау қажеттілік және ол алдағы уақыттардың еншісінде. Жалпы Қарқаралы петициясының қабылдануы, қазақ халқын отарлық қысымдарға қарсы күреске бастап шығатын жаңа әлеуметтік топ – қазақ оқығандарының тарихи аренаға шыққандықтарын да көрсетті.

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының XX ғасырдың басында жаңа мазмұнға ие болуының тағы бір көрінісі – қазақтардың Ресей мемлекеттік Думасына қатысулары болды. 1905 жылы 6 тамызда II Николай патша Ресейдегі революциялық және т.б. қоғамдағы өзгерістерді қалайтын күштердің қысымымен империяның заң шығарушы және өкілетті органы ретінде Мемлекеттік Дума құру туралы манифеске қол қойды. Манифесте сонымен бірге Мемлекеттік Думаға сайлаудың принциптері де анықталды. Осымен қатар сайлау туралы Ереже де жарияланды. Ресей мемлекеттік Думасы – парламенттің төменгі палатасы болып есептелді (Государственная дума, 1906-1917). Жалпы Мемлекеттік Думаның өз тарихында барды жоғы төрт рет қана шақырылғаны белгілі.

Патшаның Мемлекеттік Дума құру туралы манифесінде Ресей империясының бірқатар халықтарының (оның ішінде қазақтар бар) сайлануға құқықтары жоқ болып шықты. Жергілікті билік органдарына сайлау науқанының алғашқы күнінен-ақ қазақтарды «белгілі тұрағы жоқ көшпелі және қаңғыбас бұратана халық» ретінде сайлауға қатыстырылмауларына айрықша нұсқау берілді. Бұл жағдай халықтың заңды наразылығын туғызды. Жергілікті жерлерде халық өздерінің өкілдерін Ресейдің мемлекеттік Думасына қатыстыруды батыл талап етті. Мәселен, 1905 жылы жазда Қарқаралы уезінің құрметті қазақтарының императорға жазған петицияларында: «Біздің малшаруашылығымен айналысатынымыз рас, мал бағып, көшіп жүретініміз де рас. Бірақ кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөнжосықсыз қаңғып жүрмейміз. Осы үшін ғана мемлекет билігіне сайлану сияқты аса маңызды саяси құқықтан айрылуды қалай түсінеміз?» дей келе, «Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана, біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз» дейді (Движение Алаш, 2011: 117-118). Қатты наразылық патша үкіметін халықтың талабына құлақ асуға мәжбүр етті. Нәтижесінде, қазақтар сайлауға қатысатын болды.

Думаның депутаттарын сайлау тікелей емес, куриялар жүйесі бойынша: жериелерінен, қалалықтардан, шаруалардан және жұмысшылардан таңдаушыларды сайлау арқылы іске асырылды. Көшпелі халықтың өз орталарынан таңдаушылары болуы тиіс болды. Қазақ өлкесі үш сайлау бөліктеріне бөлінді, соның бірі – Семей облысындағы сайлаудың да өзіндік ерекшеліктері болды. Осы тақырыпқа қатысты көптеген толықтырулар мен өзгертулер «Семипалатинские областные ведомости» газеті беттерінде 1905 жылдың 3 қыркүйегінен бастап жарияланып тұрды. Тек, 1906 жылы 18 наурызда ғана облыс көлемінде тұрақты пайдаланылатын Ереже жарияланды. Далалық облыстар қазақтары үшін екі сатылы сайлау рәсімі белгіленді. Бұл бойынша көшпелі қазақ тұрғындар I Мемлекеттік Думаға Семей облысының бес уезінен бір ғана депутатты сайлай алатын болды. Ережеге сәйкес сол бір депутатты сайлайтын облыстық жиналысқа қатысу үшін, әрбір болыстан екі таңдаушы сайланады делініді. Мемлекеттік Думаға сайлау бойынша жұмыс жасайтын облыстық, уездік, қалалық комиссиялардың құрамдары анықталды.

«Семипалатинские областные ведомости» газетінің 1906 жылғы 27 сәуіріндегі санына 23 сәуірде Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысында таңдаушыларды сайлаудың өткені айтылған. Бұл сайлауға Тоқырауын болысының қазағы ретінде сайлаушы болу құқығын алу үшін Әлихан Бөкейханов қатысқан. Бірақ, көп кедергілерден кейін ғана, 1906 жылдың 31 мамырында Әлихан Бөкейхановтың Тоқырауын болысының №7 ауылынан таңдаушы екендігі та-нылды. Бұл

«Семипалатинские областные ведомости» газетінің 1906 жылғы 4 маусымында жарияланды (Алаш туы, 2015: 10).

1906 жылы 10 маусымда, сағат 12-де «Халық үйіне» Семейге уездерден жиналған таңдаушылардың бірінші жиналысы басталады. Жиналысқа келуге тиіс 184 таңдаушының 176 ғана тіркелген. Жиналыстың төрағасы болып Павлодар уезінің Сейтен болысының басқарушысы Темірғалы Нүрекенов сайланады. Жиналыс 5 күнге, маусымның 10-нан 14-не дейін созылған. Бірінші болып, өзін сайлауға ұсынған «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасы негізінде Әлихан Бөкейханов сөз сөйлейді. Сол сияқты осы күндері басқада шешендер сөз алады. Бұлар екі немесе үш реттен де сөйлепті. Олар халықтың тағдырлық мәселелерін көтерген. Солардың бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы болған. Бұл деректер жергілікті «Семипалатинский листок» газетінің 1906 жылғы 13 маусымдағы санында берілген (Бөкейханов, 1994: 14). Бұған қарағанда, біздер Шәкәрім Құдайбердіұлының да Дума депутатын сайлауға Семей уезінің Шыңғыстаудағы бес болысының бірінен таңдашы болып қатысқанын көреміз. Жиналыста Өскемен уезінен келген таңдаушы Қайрамбай Тоқтыбаев Мемлекеттік Думаның мүшелігіне сайлануға Әлихан Бөкейхановты ұсынады. Дауыс беру барысында Әлихан Бөкейханов барлық таңдаушылардың дауысын бір өзі алады.

Әлихан Бөкейхановты бір кісідей сайлайтын жағдайды қалыптастырудың өзі де оңай болмаған сияқты. Байқасақ, сол күндерде бес уезден келген таңдаушылармен, оларды бірауызды жасау үшін Шәкәрім сияқты аса беделді адамдардың түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін көреміз. Шәкәрім Құдайбердіұлы да, кейбір т.б. қайраткерлер де Мемлекеттік Думаға депутат болуға өздерін ұсынуға болушы еді. Бірақ олар халықтың тағдыры қыл үстінде тұрғанын жақсы түсініп, өз амбицияларынан бас тартып, ертең Дума мінбесінен туған халқын қорғай алатын, саяси күрестің мектебінен өткен ортақ тұлғаны ұсынған. Мемлекеттік Думаға депутат болуға ойы бар, Әлихан Бөкейхановқа қарсылас бола алатын Айтбакин Әміре Дүрменұлын да райынан қайтарған. Ол Әлекеңнің өз естелігінде жақсы айтылған. Сол жолы Жанасемейдегі Мұса Шормановтың үйінде Әміре Айтбакинді жақтауы мүмкін Зайсан, Өскемен, Баянауыл, Семей уездерінен келген таңдаушылардың өкілдерімен кездесіп, оларға өзінің жәй адам емес екендігін танытып, Қайранбай ақсақалдың батасын алады. (Сұлусары болысынан келген таңдаушы Қайранбай Тоқтыбаев халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі - Әди Шәріповтың үлкен әкесі. «Осы таныстықтарынан кейін Әлихан Бөкейханов біздікіне қонақ болып келген көрінеді, атамызбен достықтары жарасыпты» деп, Әди Шәріповтың бүгіндері көзі тірі зайыбы Клара Жағыпарқызы айтады).

Ал II Мемлекеттік Думаға депутаттарды сайлау барысында оған кімді ұсыну туралы тағыда ақылдасу болған сияқты. Әлихан Бөкейханов аттарын атап алты адамды ұсынады: Ахмет, Кәкітай, Шәкәрім, Қасен, Омарбек және Темірғали. Осы жерде Әлекеңнің Шәкәрімді де ұсынғанын көреміз. Бірақ, Шәкәрім және басқалар бар Павлодар уезі Сейтен болысының басқарушысы Темірғалы Нүрекеновтың кандидатурасына тоқталады. Бірақ осы тұжырымға тоқтамай өз кандидатураларын ұсынғандар болыпты, олар Көлбай Төгісов пен Кәкітай Ысқақов. Әлекеңнің сөзімен айтқанда «екеуі де бүктелді» Осыған байлаысты: «Сонда ісі ағат болғанын Кәкіш мойнына алған еді. Ер жігіттің белгісі адасқанын мойнына алғаны, «шын сөзге жан пида» деп Шәкәрім айтқандай», дейді («Қазақ» газеті, 1998: 134).

Осы бір ұлтты селт еткізіп оятқан кезеңнен былай қарай Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылықпен айналысуға бет бұрғанын көреміз. Оның сол бір тарихи кезеңде жарық көрген өлеңдері, поэмалары және тарихқа қатысты шығармалары ұлт руханиятын байытқан аса бағалы еңбектер. Біз осыларға қарай отыра оның «Оян қазақ!» деп ұран көтерген Міржақып Дулатов тәрізді Алаш қайраткерлерімен үндестігін байқаймыз. Бұл да ұлт болашағы үшін күрес екендігі сөзсіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ қоғамындағы ағартушылық-демократиялық ізденістердің нәтижесі – қазақ журнал, газеттерінің шыға бастауын қуана қарсы алды. Оның мақалалары мен еңбектері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінен орын алды. 1913 жылы Орынборда алғаш «Қазақ» газеті дүниеге келгенде, оған Шәкәрім қажының «Қазақ құтты болсын!» деген құттықтау өлеңі басылды («Қазақ» газеті, 1998: 27).

1911 жылы Орынборда Шәкәрім Құдайбердіұлының тарих саласы бойын-ша жазған бірден-бір іргелі зерттеуі – «Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі» жарық көрді және оған біршама тоқталуды жөн көрдік. Еңбектің жазылуына қазақ халқының шығу тегіне арналған Абайдың «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» үлкен ықпалы болғанын байқауға болады. Қазақ халқының шығу тегін діни және т.б. аңыздарға ғана апарып тіреуге қарсы болған, оның ғылыми негізде

тұжырымдалуын ойлаған Абайдың көзқарасының Шәкәрім еңбегінде жалғастығын тапқанын көреміз. Шәкәрім еңбекті жазбас бұрын, осы салада айтарлықтай көп ізденген. Ол өзінің қажылық сапарының барысында Осман империясы жеріндегі ғылыми еңбектер мол сақталған кітапханалардағы араб, парсы, шағатай, түрік тілдеріндегі түрік дүниесіне, оның ішінде қазаққа қатысты деректермен танысқан. Сол сияқты ол, белгілі түріктанушы батыс және орыс ғалымдарының еңбектерін де жанжақты зерттеген. Шәкәрім қажының бұл еңбегі шежіре деп, дәстүрлі атаумен аталғанымен оның кәдімгіше шежіре емес, қазақ тарихына арналған үлкен зерттеу екенін көруге болады. Сонымен бірге еңбекті бүгінгі күнгі ресми қазақ тарихы тұрғысынан қарасақ та үлкен алшақтықты көрмейміз. Шәкәрім Құдайбердіұлы әлі қалыптаспаған қазақ тарихының алдында тұрған үш мәселеге көңіл аударған. Олар: қазақтың халық болып қалыптасуы, қазақ хандығының құрылу тарихы және хандар генеологиясы. Бұл мәселелер әлі күнге дейін өзектіліктерін жоймаған тақырыптар. Ол шығыс пен батыс ғалымдарының еңбектерін кең пайдалана отыра, оларды ой елегінен де өткізген. Мәселен, Шәкәрім қажы өзінің Әбілғазы Баһадүр ханның шежіресіндегі оның көне түрік кезеңіне жататын кейбір пікірлерімен келіспейтіндігін айтады. Жалпы ең- бектің ғылыми тілде жазылғанын да айту керек. Еңбектің өн бойында зерттеушінің тың пікірлері айтылған. Мысалы, ол ертедегі түрікке христиан, будда, зәрдәшт діндері де белгілі болған дей отыра, «түріктердің өз діні болды» дейді (Құдайбердіұлы, 2018: 41). Ол біз білетін тәңірлік дін. Сол сияқты «қалмақ» деген атаудың Моңғолия жерінен Шыңғысхан наймандарды, керейлерді, қоңыраттарды, жалайырларды ығыстырып шығарғанда, солардан қалып қойғандарды айтқан және олар түрік нәсілді еді деп, кесіп айтады.

Сонымен бірге еңбекті жазу барысында Шәкәрім Құдайбердіұлы далалықтардың ауызекі тарихнамалық деректерін де орынды пайдаланған. Мәселен, қазақ хандығының тууы қарсаңындағы Әбілхайыр хандығындағы саяси ахуалды біз бүгінгі ресми тарих арқылы білеміз. Ал Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайырға қарсы бас көтерулеріне әкелген себеп ретінде қарақыпшақ Қобыландының арғын Ақжол биді жекпе-жекте мерт қылуы, олардың ханнан Қобыландыны жазалауды сұрауы, елдің бас батырын Әбілхайырдың бермеуі, елдің осыдан кейінгі бүлінуін дерек ретінде нанымды келтірген (Құдайбердіұлы, 2018: 67).

Шәкәрім Құдайбердіұлының осы еңбегінде қазақ хандарының генеологиялық таратылуы ерекше тұрады. Бұл тұрғыда келгенде оның 16 ғасырда жасаған Әбілғазы Баһадүр ханның белгілі еңбегіне сүйенгені байқалады. Сол сияқты ол өзінің осы сүбелі еңбегінде қазақтың көне тарихының мәселелеріне де көңіл бөлген. Н. Аристовқа сүйене отыра, ежелгі хундарды бұлар «қытай сөзінше түрік жұрты, бір мезгіл оларды хун, яки хунну» деген дейді (Құдайбердіұлы, 2018: 31). Ал қазіргі тарих ғылымындағы көзқарас бойынша ежелгі хундардың негізінен түріктер екендігінің нақты айқындалуы зерттеушінің көзқарасының дұрыстығын көрсетеді.

Зерттеуші сонымен қатар ертедегі Шығыс Қазақстанды, Оңтүстік Сібірді, Солтүстік және Батыс Моңғолияны мекендеген жалайыр, найман, керей си-яқты тайпаларға тоқталады. Бұлар туралы ол: «ақырында тамам моғолды түгендеп алғанда отырықты болып қалған түріктер көшіп қашуға жерін қимай, бірталай ел моғолға қарап қалды. 1300 жылы шамасында ол қалғандар ониют, жалайыр, найман, керей дегендер әртүрлі рудан еді. Сол себептен олар қаламақ деп аталды» дейді (Құдайбердіұлы, 2018: 51). Бұл жерде екі мәселеге көңіл аударуды жөн көрдік. Біріншісі, жалайыр, найман, керей, оңғыт және т.б. тайпаларды кейбір зерттеушілердің моңғолға жатқызып келуі. Бұл пікір бүгінде бар және кейбір қазақстандық тарихшылар да ұстанады. Ал Шәкәрім осы тайпаларды еш ауытқымай түрік деген. Білмесе, зерттемесе бұлай кесіп айтпас еді. Екіншісі, қалмақ және ойрат атауларының шығу мәселесі, яғни этимологиясы, бұл да көңілге қонады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ ру-тайпаларының көші-қон, яғни тарихи географиясының мәселелеріне де көңіл бөлген. XVIII ғ. екінші жартысының 50-60-шы жылдарында Абылай хан және дарабоз қолбасшы Қабанбай бастаған қазақ әскерінің ежелгі түрік-қазақ жерлерін жоңғарлардан босатуы, Ертіс бойына, Алтайға, Тарбағатайға, Жетісуға қазақ рулары көшінің лықылдаған судай келуі, сол жерлерге орналасулары тарихи шындық. Зерттеуші осыған да көңіл аударып: «Ұлы жүз қазағы күн батыс Алатаудан Қаратал өзеніне шейін өз орнын алды, орта жүзден керей мен найман Тарбағатайға келіп, ақырында Қытай жеріне де кіріп, найманың шеті Ебінор басына шейін барып, керей Қараертіске барды» дейді (Құдайбердіұлы, 2018: 97).

Сонымен бірге, мұнда зерттеуші Қазақ жеріне жапсарлас жатқан Сібір аймағының түрік нәсілді ежелгі халықтарына да көңіл бөлген. Шәкәрім қажы оларды телеүіт, саха, енисей түріктері деп көрсеткен. Ол, зерттеушінің «Қалмақ һәм телеүіт» деп аталатын тарауында «алтайлықтар» деген

этнониммен бір ұлтқа қолдан біріктірілген, бүгінгі Ресей Алтайындағы ұсақ халықтарға тоқталады. Шәкәрім бұларды біріктіріп алтай ұлты немесе алтайлықтар деп мүлде айтпайды. Ресей Федерациясының Алтай республикасында тұратын алтайлықтардың осығанға дейін өздерін ұлт ретінде айқындап келген атауларынан бас тартып, өз халықтарының ежелгі атына көшуге ұмтылуларының куәсіміз. Алтай этносы кеңестік дәуірде қолдан жасалынып, оған сандары аз болса да өз алдыларына жеке халықтар болып келген тубалар, челкан, құмандын, алтай-кижи, телес, телеңгит және телеуіт сияқты субэтникалық топтардың енгізілгені белгілі. Ал Шәкәрім осы Алтай халықтарын ежелгі түріктердің тікелей жалғасты ұрпағы дейді (Құдайбердіұлы, 2018: 219). Сол сияқты Шәкәрім якуттардың нағыз этнонимдерінің саха деп аталатынын да қазақ зерттеушілерінен бірінші болып айтқан.

Еңбекпен жіті таныса отыра, Шәкәрім Құдайбердіұлының зерттеу бағытындағы қызығушылығының аса ауқымды болғанын көреміз. Осы еңбекті парактағанда, оның ішінен біздер хотын халқы туралы айтқандарын оқимыз. Онда ол: «Қырғызнұр мен Обсанұр деген екі көлдің арасында түрікше сөйлейтін бір ел бар. Оны моғалдар хотон дейді. Бұлар түріктен қалмақтар алғандардың нәсілі» деп көрсетеді (Құдайбердіұлы, 2018: 217). Бүгінгі Моңғол Ұлысының Убсунұр аймағында хотон деп аталатын халық тұрады. Олардың жалпы саны 12 мыңның үстінде көрінеді. Хотындар батыс моңғол, яғни дүрбет (жоңғар) тілінде сөйлейді. Тегі Шәкәрім қажы зерттеген кезеңде бұлар өздерінің бұрынғы түрік тіліін сақтап жүрулері әбден мүмкін, өйткені ғалым оны біліп жазып отырған сияқты. Сол сияқты бұлар еретеректе ислам дінін ұстанған.

Жалпы хотындардың тегі әлі толық зерттелмеген. Хотындарды кезінде Моңғолияны және Алтай өңірін зерттеген Г.Потанин, В.Бартольд, Г.Грум-Гржумайло, В.Владимирцов сияқты ғалымдар да жазған, оларда бұлардың моңғолданған түріктер екендіктерін атап көрсеткен. Сонымен бірге оларға байланысты хотындардың өздерінің де, сол сияқты қазақтардың да аңыздары сақталған. Қазақ аңызы бойынша, қазақтың біраз бөлігін жоңғарлар тұтқынға алады, еркектерін қырып тастайды, солардан тек бір әйел киімін киген еркек қана аман қалыпты. Жоңғарлар оны біліп қойып, сен кімсің дегенде, мен қатынмын депті дейді. Халық аңызы хотын этнонимінің этимологиясын осылай шығарады.

Шәкәрім қажы қызықтырған хотындар туралы Үлкен Кеңес энциклопедиясында: «Хотындар Моңғолиядағы түріктенген этникалық топ. Дүрбеттер арасында тұрады. Еретеректе исламды ұстанған. XII-XVIII ғ. бірінші жартысында манжур-шығыс тіркістан халықтары арасындағы соғыста қолға түскендер. Тілі дүрбеттерге жақын» деген мәліметтер берілген. Хотындар тарихына қатысты белгілі моңғолиялық этнограф-ғалым, т.ғ.д. марқұм Бикұмар Камалашұлының «Еуразия орталығы» журналына жарияланған «Хотын деген халық бар» атты мақаласы өзінің терең мазмұнымен қызықты. Зерттеуші хотындардың кімдерден шыққандарын басып айту қиын, ол одан әрі зерттеуді талап етеді дейді. Бикұмар хотындардың ішінде ұйғұрлар да, өзбектер де, қырғыздар да, сол сияқты қазақтар да болған деген өз болжауын айтады. Сол сияқты олардың қазақтардағыдай сүйекке бөлінетіндерін айтып, ру атауларын көрсетеді және көбіне олардың «сырт бейнесі қоңқы танау, көк, жасыл көз, сұңғақ бой-лы, жирен шаш, аққұба түсті келеді» деп антропологиясын сипаттайды (Камалаш, 2006: 16). Шәкәрім Құдайбердіұлының осы бір көлемі шағын болса да, маңызы үлкен еңбегіне көңіл аудара отыра, оның еліміз тарихын қазақтан шыққан алғашқы зерттеушінің бірі болғанын көреміз.

1902 жылы 31 наурызда (13 сәуір) Семейде Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің ашылғаны белгілі. Шәкәрім Құдайбердіұлы Географиялық қоғамның Семей бөлімшесіне алғашқылардың бірі болып мүшелікке алынғаны осы ұйымның Жазбаларының 1912 жылғы 6 санында бөлімшенің мүшелері берілген «Действительные члены» деген тізбеде: «Киргиз Буглинской волости Семипалатинского уезда Худайбердинъ Шакаримъ» деп көрсетілген. Біз осы деректен Шәкәрімнің географиялық қоғамға 1902-1907 жылдарда толық мүше болғанын көреміз (Записки, 1912: 90).

Ал 1907 жылдан былайғы жылдардағы Императорлық Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің Жазбаларындағы жыл сайынғы мәліметтерде Шәкәрім аты кездеспейді, соған қарағанда ол өз еркімен жұмысын тоқтатқан болар дейміз.

1917 жылғы Ақпан революциясы қалай болғанда да Ресей халқына кең де-мократиялық еркіндіктер берген тарихи оқиға болды. Уақытша үкіметтің 1917 жылдың 3 наурызындағы қабылдаған декларациясында айтылған демократиялық қоғамға тән бостандықтар бүкіл елдегі өзгерістерге кең жол ашты. Міне осы мүмкіндіктерді Әлихан Бөкейханов бастаған күрескерлер де өз

мүдделеріне пайдалануға ұмтылды. Енді 1905-1907 жылдары құра алмаған ұлттық партияны құруға және т.б. ойға алғандарды іске асыруға заңдық негіздегі мүмкіндіктер туды. Соны өзгерістерге ұмтылу бүкіл қазақ жерін қамтыды. Азғана уақыттың ішінде жер-жерлерде маңызды мәселелерді көтерген қазақ сиездері өтті, қазақ комитеттері құрылды, земство мекемелерін құру қажеттігі айтыла бастады. Осылардың қорытындысы сияқты Орынборда бүкіл қазақ сиездері өтіп, нәтижесінде дүниеге Алаш партиясының келгені, қазақ мемлекеттілігі – Алаш автономиясының жариялануы және оның үкіметі – Алашорданың құрылуы сол кезеңнің шындығы болатын. Міне осы бір түбегейлі өзгерістер кезеңінде болып жатқан оқиғалар кез-келген саналы азаматты бейжәй қалдыра алмайтындай жағдай еді.

Ақпан төңкерісінен кейін Қазақ өлкесіндегі қолға алынған маңызды іс – земство мекемелерін құру болды. Бұған көзі ашық қазақ азаматтары және оларға жол көрсеткен алаш қайраткерлері де мүдделі еді. XIX ғ. 60-шы жылдарынан былай қарай Ресейде біршама кең жүрген земство, яғни жергілікті жерлерге басқару тетіктерін беру реформасы Қазақстанды үстіртін ғана қамтыды, тіпті болмады деуге болады. Қазақ жеріндегі басқару жүйесі жоғарыдан берілетін бұйрыққа негізделіп құрылды, яғни вертикалды басқару болды. Ал Уақытша үкімет өзінің 1917 жылы 17 маусымдағы Қаулысымен Семей, Ақмола, Жетісу, Торғай, Орал облыстарында земстволық мекемелерді құруға жол ашты.

Алаш қайраткерлерінің земствоны құруға қатты мүдделі болуларының басты себебінде жергілікті басқаруға, бұрын одан мүлде шеттетілген қазақ азаматтарын көптеп енгізу жатты. Жергілікті басқару мекемелеріне қазақтар көптеп келген жағдайда, олардың болашақ автономиялық үкімет пен елдегі қалың қазақты байланыстыратын көпір болатынына сенді және осы мәселе алаңдатты. Аталмыш кезеңде сол кездегі Семей облысында да земство мекемелерін құруға үлкен мән берілді. Мұндағы осы қозғалыстың басында Райымжан Мәрсеков бастаған азаматтар тұрды. Қолда бар деректерге үңілгенде, осы маңызды мәселені іске асыруда Шәкәрім Құдайбердіұлының да сырт қалмағанын көреміз. Сол кездегі Шәкәрім Құдайбердіұлының іс-әрекетіне қарай отыра, оның да Ақпан төңкерісі әкелген қоғамдағы өзгерістерді үлкен түсіністікпен қолдады және өзінде оларға біршама белсене араласты дей аламыз. Белгілі алаштанушы ғалым Қайым Мұхаметқановтың айтуынша: «... Шәкәрім бастатқан Абай шәкірттері Алаш партиясын, оның басшыларын қазақ халқының нағыз жанашыр қамқоры деп таныған, шексіз сенген» (Шәкәрімтану мәселелері, 2007: 89).

Абай облысының Семейдегі архивінде 1917 жылы 14 қарашада Семей уездік земствосына сайлау өткендігі туралы құжаттар сақталған. Ондағы Семей уездік земствосына сайланғандардың тізімінде Шәкәрім «Худайбердинъ Шакарим, Чингизской волости» деп, реттік саны 23 болып көрсетілген (Абай облысы мемлекеттік архиві. Қор – 37, тізбе – 01, іс – 5.). Осы жерде айтатын бір нәрсе, сайланған 40 адамның дені қазақтардан тұрған. Тек төртеу-бесеуі ғана басқа ұлт өкілдерінен болған. «Неге бұлай болды?» деген орыс азаматтары тарапынан әңгіме туғанда Р.Мәрсеков, А. Қозыбағаровтар бұлай болуының себебінде уезде қазақтардың санының тура осыған сәйкес басым болғандығы жатқанын айтқан. Бұған ешкімде қарсы уәж айта алмаған. Земство төрағасы болып Ахметжан Қозыбағаров сайланған.

1918 жылдың қаңтар айында Алашорда үкіметінің Семейге қоныс аударғаны белгілі. Бұл жағдай, облыс жеріндегі және Семейдегі қоғамдық-саяси өмірді одан әрі жандандырды. Алашорда үкіметінің алдында тұрған басты мәселенің бірі – елді қорғай алатын әскерді құру мәселесі тұрды. Бұл тұрғыдан келгенде Алаш басшылығының нақты тұжырымы, яғни доктринасы болды деп айта аламыз. Оған дәлел, алаш басшыларының «Қазақ» газетіндегі ойлары, Алаш партиясының бағдарламасында Алаш милициясына қатысты тараудың болуы, сол сиезде бұл мәселенің күн тәртібіне қойылуы, Халел Ғаббасұлының арнайы баяндама жасауы, Алашорда құрамында қарулы күштерге басшылық жасайтын, соғыс министрлігінің құзыры берілген «Алаш Әскери кеңесінің» болуы (Алаш-Орда, 1992: 90).

Алашорда үкіметі Семейге қоныс тепкеннен кейін, мұнда Алаш милициясын құруды бастағанын көреміз. Таяу маңдағы уездердің болыстарынан жастарды әкеліп, оларды соғыс ісіне үйретуді қолға алады. Қазақтан әскери маманның тапшылығы сезілген. Семейдегі қазақ милициясын Семей педсеминариясының оқушысы, солардың командирі, прапорщик шеніндегі Қазы Нұрмұхаметов үйретуді бастайды. (Тегі бұрын әскерде болмаған Қазыға прапорщик шенін Алашорда үкіметі Семей әскери гарнизонының басшылығымен келісіп, қысқа курстан өткіздіртіп алғанба деп те ойлаймыз. Осыдан бес жылдай бұрын біз іздеп тапқан Қазының қарындасы Нұрфатима, ағасының әйелінің орыс қызы және оның әкесінің генерал болғанын айтқан еді).

1918 жылдың 6 наурызында Алаш қаласында әскерді ойнатып жатқан Қазыны, Омбыдан Семей Совдепіне көмекке келген большевик А.Звездовтың қызыл әскерлері арнайы Ертістен өтіп келіп, атып кетеді. Бұл қанды оқиғаның Алашорда үкіметі мен Алаш әскері үшін қатер екенін саналы азаматтар сезді. Сондықтан Қазының қазасына үлкен саяси мән берілді. Жерлеу рәсіміне жүректері Алаш деп соқан азаматтардың барлығы жиналды, жан тебіренер сөздер сөйленді. Алаштың жас азаматын ақтық сапарға шығарып салып тұрып айтқан Шәкәрім Құдайбердіұлының: «Мұны өлді демендер. Бұл күні һәм мұнан соңғы азаматтар мына мен сияқты болып «ұлттым деңдер» деп, өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Қарағым, Қазы, өліміңе өкінбе! Арманың жоқ, құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек» деген жалынды сөзі көпшіліктің жүрегінде жатталды (Мұхаметқанов, 1992).

Алашорда кезеңіндегі Шәкәрім Құдайбердіұлының қайраткерлік қызметінің бір жағы, ұзақ уақыт болмаса да, Алаш сотының қызметімен байланыс-ты. 1918 жылдың сәуір айында өткен Семей облыстық земствосының бірінші төтенше жиналысында ең алдымен әкімшілік басқару және сот жүйесін құру қаралған. Облыстық қазақ сотының төрағасы болып Мұқыш Боштаев, орынбасары Иманбек Тарабаев, мүшелері Шәкәрім Құдайбердіұлы, Смахан Бөкейханов, ал кандидаттыққа А.Андамасов пен Теміржанов сайланады (АОМА. Қор – 37, тізбе – 01, іс – 26.). Міне сол күндердің бірінде Шәкәрім Құдайбердіұлының қазақ соты ретіндегі қызметінде, оның одан арғы ұстанымдарына әсер еткен жағдай орын алады. Семейде тұратын Белгібай деген байдың жасынан біреуге айттырып қойған қызы Ғабдолла Қоскеев деген мұғалім жігітпен қашып кетеді. Артынан іздестірген қуғыншылар ақыры екі жасты тауып алып, жігітті қатты сабап тастайды. Осы жағдайда қыз бен жігіттің ісі сотта қаралып шешілетін болады. Міне осы кезде қыздың бұрынғы айттырылған жағынан кісілер келіп Шәкәрімнен қызды сүйгеніне қоспай, өздеріне беруді сұрап, қазақтың небір аталы сөздерін айтады. Шәкәрім оларға бұл істі сот, ар сотына қарай әділ шешеді деп жауап береді. Сол сияқты, қыз бен жігітті жақтағандар да Шәкәрімге келіп кетеді. Оларға да Шәкәрімнің айтқаны жаңағы жауап болады. Шәкәрімге қатты батқаны, істі ұшықтырмай бұрынғы жағына қарай шешіңіз деген кейбір Алаш азаматтарының сөзі болады. Ол бәрінен түңілгендей жағдайда болады. Қаражан Үкібаевтың мектепке жалдаған үйінде сот басталады. Сотты Шәкәрім жүргізеді де, екі жағында Мұқыш Поштаев пен Сымахан Бөкейханов отырадды. Сот алқасы екі жақты да тыңдай келе, үкім шығаруды кеңесуге жеке бөлмеге шығады. Олар қайта ішке кірген соң, Мұқыш Поштаев бас жағын: «Біздің сот – ар соты, адамгершіліктен аспай әділін айтамыз» дей келіп, бірін бірі сүйген жастарға еркіндік берген үкімді оқиды. Сол жерде ел атқамінерлері Шәкәрімге ауыр сөздер айтады. Міне осы жерде әңгіменің одан әрі қалай өрбігенін білу үшін Ахат Шәкәрімұлының естелігіне жүгінейік. Ахат ақсақал: «Кешке әкей қатты күйзеліп келді. Аңқау, ақ көңіл Үдері қажы: «Қарағым, ауырып келдің бе? Өңің қашып кетіпті!» дегенде әкей: «Мен босқа әуре болып жүр екем! Басшылыардың елді ел қылатын түрі жоқ! Баяғы күндестік, баяғы мәнсапқұмарлық, өзімшілдік! Баяғы адалда жақтау жоқ! Сорлы елге, сор жауыны сорғалағаннан басқа түк жоқ! Бұлардан үміт, қайыр жоқтығына көзім жетті. Ел оқығандары ғой, елді адал жолға бастайды бұлар деп сеніппін! Қателесіппін» - деді. Менің әкейге қатты жаным ашыды. «Енді бұлардың арасынан кетсеңізші», - дегеннен басқа айта алмадым. Осы түнде әкей: «Партия құрған өңкей қырт», «Тыныштық жоқ, тыным жоқ», - деп басталатын өлеңдерін қолма-қол ашу үстінде жазды. Ертеңінде Божков деген доктырды шақырытып алып, іші ауырды деген қағазды алды да, атын жеккізіп, Жаңасемемейдегі Абдрахман байдың үйіндегі Алаш кеңсесіне келіп кірді. Мен, Дүйсенбі екеуіміз қақпа алдында, арбада отырдық. Өлден уақытта әкей шығып: «Ертең елге қайтатын болдық. Бүгін керек-жарақ аламыз», - деді. Сүйтіп әкей ауылға қайтып кетті», - дейді (Шәкәрімтану мәселелері, 2007: 182).

Қорытынды. Сонымен, Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірінің XX ғасырдың бірінші ширегіндегі бір кезеңі аяқталып, оның бұдан кейінгі өмірі 1919 жылы Семей өңірінде берік орнаған кеңестік кезеңмен жалғасты. Кеңестік билік орнағаннан кейінгі кезеңде Шәкәрім қажының қалыптасқан жағдайда, алдыларына қойған мақсаттарына жету үшін түрлі айла-шарғыларға, қысымға баруы мүмкін жаңа биліктің табиғатын ойшыл жақсы түсінген. Шәкәрім қажы өзінің жан-дүниесіне жақпаған жаңа билік іске асыра бастаған іс-әрекеттерден аулақ болуы үшін ештеңеге араласпай, тек шығармашылықпен айналысуды мақсат етті. Осы мақсатпен ол өзінің одан арғы өмірін бейтарап жағдайда иендегі «Саятқорада» жалғастыруды дұрыс деп тапты. Және оны жаңа кеңестік билік те түсінеді деп ойлады. Бірақ бүкіл идеологиясы тап күресіне, тап жауларын құртуға құрылған тоталитарлық жүйе тұрғысында бұлай ойлау қиял болар еді.

Дереккөздер

АО МА – Абай облысы мемлекеттік архиві, Семей қ.

Әдебиеттер

- Алаш туы, 2015 – *Алаш туы* тігілген өңір. Алашорданың 100 жылдығына орай / Құраст. М.Қ. Каримов, М.Қ. Асылбеков, Н.С. Нанбекова. Семей, 2015. 311 б.
- Алаш Орда, 1992 – *Алаш Орда*: сборник документов / составитель Н. Мартыненко; ответственный за выпуск Г. Мурзахметов. Алма-Ата: «Айқап», 1992. 192 с.
- Бөкейханов, 1994 – *Бөкейханов Ә. Шығармалар*. Алматы: Қазақстан, 1994. 384 б.
- Государственная дума, 1906-1917 – *Государственная дума*, 1906-1917 Российской империи 1906-1917 гг. (историческая справка) – [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://duma.tomsk.ru/content/gosudarstvennaja_duma_rossijskoj_imperii_19061917_gg_istoricheskaja_spravka
- Движение Алаш, 2011 – *Движение Алаш*. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Т.1. Алматы: «Ел-шежіре», 2011. 428 с.
- Жиренчин, 1996 – *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. Алматы: «Жеті жарғы», 1996. 352 с.
- Записки, 1912 – *Записки* Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Выпуск 6. Семипалатинск, 1912.
- Камалаш, 2006 – *Камалаш Б.* Қотын деген халық бар // Евразия орталығы/Центр Евразии. № 3(4). 2006.
- «Қазақ» газеті, 1998 – *«Қазақ» газеті* / Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 560 б.
- Қойгелдиев, 2008 – *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Т.1. Алматы: «Мектеп», 2008. 480 б.
- Мұхаметқанов, 1992 – *Мұхаметқанов Қ.* Алаш сиезінің ақиқаты // «Жас Алаш». 1992, 17 сәуір.
- Нұрпейісов, 1995 – *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
- Очерки, 1974 – *Очерки* экономической истории Каз.ССР (1860-1970 гг.). / Под ред. С.Б. Баишева. – Алма-Ата: «Казахстан», 1974. 360 с.
- Сыдыков, 2012 – *Сыдыков Е.* Шакарим. М.: Молодая гвардия, 2012. 351 с.
- Сыдықов, 2008 – *Сыдықов Е.* Шәкәрім және Алашорда. Ғылыми жинақ: Шәкәрім әлемі сериясы. Алматы: Раритет, 2008. 184 б.
- Шәкәрімтану мәселелері, 2007 – *Шәкәрімтану мәселелері*: Сериялық ғылыми жинақ. Т.1. / құраст. Т. Шаңбай; жауап. ред. Е. Сыдықов. Алматы: Раритет, 2007. 448 б.
- Құдайбердіұлы, 2018 – *Құдайбердіұлы Шаһкәрім*. Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі / Құраст.: А.Аспенбетов, А.Смағұлова, М. Өндірқан. Семей, 2018. 238 б.
- Фридман, 1974 – *Фридман Ц.* Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. Алма-Ата, 1974. 175 с.

Sources

АО МА – Abai oblysy memlekettik arhivi [State Archive of Abai Region], Semey


References

- Alash tuy, 2015 – *Alash tuy* tigilgen onir [The region where the Alash flag was erected]. Alashordanyng 100 zhyldygyna oraj / Qurast. M.Q. Karimov, M.Q. Asylbekov, N.S. Nanbekova. Semej, 2015. 311 p. (In Kaz.).
- Alash Orda, 1992 – *Alash Orda*: sbornik dokumentov [Alashorda. Collection of documents] / sostavitel' N. Martynenko; otvetstvennyj za vypusk G. Murzahmetov. Alma-Ata: «Ajqap», 1992. 192 p. (In Russ.).
- Bokejhanov, 1994 – *Bokejhanov A.* Shygarmalar [A. Bukeikhanov. Works]. Almaty: Qazaqstan, 1994. 384 p. (In Kaz.).
- Dvizhenie Alash, 2011 – *Dvizhenie Alash*. Sbornik materialov sudebnyh processov nad alashevcami [The Alash movement. Collection of materials from the trials of the Alashevites]. Trehtomnik. T.1. Almaty: «El-shezhire», 2011. 428 p. (In Russ.).
- Fridman, 1974 – *Fridman C.* Banki i kredit v dorevoljucionnom Kazahstane [Banks and credit in pre-revolutionary Kazakhstan]. Alma-Ata, 1974. 175 p. (In Russ.).
- Zhirenchin, 1996 – *Zhirenchin K.A.* Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX – nachale XX vekov [Political development of Kazakhstan in the nineteenth and early twentieth centuries]. Almaty: «Zheti zhargy», 1996. 352 p. (In Russ.).
- Gosudarstvennaja дума, 1906-1917 – *Gosudarstvennaja дума*, 1906-1917 Rossijskoj imperii 1906-1917 gg. [The State Duma of the Russian Empire 1906-1917]. (istoricheskaja spravka) – [Jelektronды resurs]. – Kіru rezhimі: https://duma.tomsk.ru/content/gosudarstvennaja_duma_rossijskoj_imperii_19061917_gg_istoricheskaja_spravka [in Russian].
- Kamalash, 2006 – *Kamalash B.* Qotyn degen halyq bar [There is a people in Kotyn] // Evrazija ortalыgy/Centr Evrazii. 2006. № 3(4) (In Kaz.).

- Muhametqanov, 1992 – *Muhametqanov Q. Alash siezining aqiqaty* [The truth of Alash] // «Zhas Alash». 1992. 17 sauir. (In Kaz.).
- Nurpejisoov, 1995 – *Nurpejisoov K. Alash ham Alashorda* [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).
- Ocherki, 1974 – *Ocherki jekonomicheskoy istorii Kaz.SSR (1860-1970 gg.)* [Essays on the economic history of the Kazakh SSR] / Pod red. S.B. Baisheva. Alma-Ata: «Kazakhstan», 1974. 360 p. (In Russ.).
- Sydykov, 2012 – *Sydykov E. Shakarim* [Shakarim]. M.: Molodaja gvardija, 2012. 351 p. (In Russ.).
- Sydyqov, 2008 – *Sydyqov E. Shakarim zhane Alashorda* [Shakarim and Alashorda]. Gylymi zhinaq: Shakarim alemi serijasy. Almaty: Raritet, 2008. 184 p. (In Kaz.).
- Shakarimtanu maseleleri, 2007 – *Shakarimtanu maseleleri* [Problems of shakarimology]: Serijalyq gylymi zhinaq. T.1. / qurast. T. Shangbaj; zhauap. red. E. Sydyqov. Almaty: Raritet, 2007. 448 p. (In Kaz.).
- «Qazaq» gazeti, 1998 – *«Qazaq» gazeti* [“Kazakh” newspaper] / A. Nysanbaev. Almaty: «Qazaq jenciklopedijasy» Bas redakcijasy, 1998. 560 b. (In Kaz.).
- Qojgeldiev, 2008 – *Qojgeldiev M. Alash qozgalysy* [Alash movement]. T.1. Almaty: «Mektep», 2008. 480 p. (In Kaz.).
- Qudajberdiuly, 2018 – *Qudajberdiuly Shahkarim. Turik, qyrgyz, qazaq ham hanlar shezhiresi* [Chronicles of Turkish, Kyrgyz, Kazakh and Khans] / Qurast.: A.Aspenbetov, A.Smagylova, M. Ondirqan. Semej, 2018. 238 p. (In Kaz.).
- Zapiski, 1912 – *Zapiski Semipalatinskogo podotdela Zapadno-Sibirskogo otdela IRGO* [Notes of the Semipalatinsk Sub-department of the West Siberian Department of the Imperial Russian Geographical Society]. Vypusk 6. Semipalatinsk, 1912. (In Russ.).



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 225–239
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_225-239

БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҰТҚЫРЛЫҒЫ: КАДР ЖӘНЕ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ РЕТТЕЛУІНІҢ ШЕШІМІ

Гаухар Шермухамедқызы Қапбарова,^{1*} Әуезхан Кадыржанұлы Шашаев² Гулжан Жаксымбетқызы Орынбасарова³

¹Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (13-үй, Байтұрсынов к., Шымкент қ., 160012. Қазақстан). PhD докторант.
ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259> E-mail: goha1986-01@mail.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, (28-үй, Шевченко к., Алматы қ., 050000. Қазақстан). Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevauezhan@mail.ru

³Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті (13-үй, Байтұрсынов к., Шымкент қ., 160012. Қазақстан).). Тарих ғылымдарының кандидаты.
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4131-9152>. E-mail: orynbasarova.74@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2025

© Қапбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Орынбасарова Г.Ж., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Бұл мақалада Қазақстандағы жастар көші-қонының негізгі арналары – «білім беру және еңбек миграциясы» мәселелерін қарастыра отырып, Қазақстанның мамандарға деген тапшылығы айқын көрініс беретін аймақтарында қандай шешімдер қабылдау қажеттігін зерттеу негізіне алу мақсаты қойылған. Зерттеудің өзектілігін айқындайтын білім мен еңбек көші-қоны «уақытша» көші-қон арналары болып көрінгенімен, тәжірибе көрсеткендей, бұл білім алу үшін алыс аймақтарға (Мыс.: Солтүстік аудандарға) бағытталған көші-қонының нәтижесінде, кейіннен олар қазақ жастарының тұрақты тұруға шешім қабылдауына да зор әсері бар. Әдетте, университеттер мен колледждерде оқу бірнеше жылға созылады. Сонымен қатар, оқу немесе жұмыс кезінде эмигрант жергілікті мәдениетпен танысып, тілді үйренеді. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің методологиялық негізіне: қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер, оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңашылдық қағидаттарға бағытталған әдіс-тәсілдер жүйесі алынды. *Нәтижелер.* Мақаладағы алынған нәтижелер мен талқылау барысында қоғамдағы білім және көші-қон процесінің маңызды аспектілері көрсетіледі. Қазақстандағы жастардың білім алуы, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және көші-қон үрдістері өзара тығыз байланысты. «Серпін-2050» бағдарламасының мысалында жоғары білімнің маңыздылығы, жастардың біліктілігін арттыру және жұмысқа орналасу мәселелері айқын көрініс тапқан. Бағдарламаның кемшіліктері мен әкімшілік кедергілер де бар, бұл түлектердің жұмысқа орналасу мәселесін қиындатуда. Тұжырым: шетелде білім алу үрдісі де қоғамның дамуына әсер етеді, әсіресе Қазақстаннан кеткен жастардың санының артуы мәселесі көп назар аударуды талап етеді. Олардың шетелде алған білімдерін өз

елінде пайдалану мүмкіндігінің аздығы көші-қонның теріс сальдосына әсер етеді, әрі бұл үрдіс алдағы жылдары да жалғасуы мүмкін. Жастарды шетелде білім алуға шақыру және олардың қайта оралуына жағдай жасау — Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін маңызды мәселе. *Қорытынды.* Шетелдік білім алу тәжірибесі білім деңгейін көтеріп, елге оралған жастардың жаңа идеялар мен инновациялар алып келуі мүмкін. Бірақ сонымен қатар, олардың елде жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен еңбек нарығына бейімделуін жеңілдету үшін нақты шаралар қажет.

Түйін сөздер: көші-қон процесі, миграция, жастардың білім көші-қоны, серпін, репатриант, адаптация, студенттік қоғамдастық.

Дәйексөз үшін: Қапбарова Г.Ш., Шашаев Ә.К., Орынбасарова Г.Ж. Білім берудегі көші-қон ұтқырлығы: кадр және еңбек миграциясының реттелуінің шешімі // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 225-239-бб. (қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_225-239

МОБИЛЬНОСТЬ МИГРАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ: РЕШЕНИЯ ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ КАДРОВОЙ И ТРУДОВОЙ МИГРАЦИИ

Гаухар Шермухамедовна Капбарова,¹ Әуезхан Кадыржанович Шашаев², Гүлжан Жаксымбетовна Орынбасарова³

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова, (д.13 ул.Байтурсынова, 160012, Шымкент, Казахстан). PhD докторант
ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259> E-mail: goha1986-01@mail.ru

²Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, (д.28, ул. Шевченко, 050000, Алматы, Казахстан). Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120> E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени Озбекали Жанибекова, (д.13 ул.Байтурсынова, 160012, Шымкент, Казахстан). Кандидат исторических наук
ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4131-9152> E-mail: orynbasarova.74@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Орынбасарова Г.Ж., 2025

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматриваются основные направления молодежной миграции в Казахстане – вопросы «образовательной и трудовой миграции», какие решения необходимо принять в регионах Казахстана, где остро ощущается нехватка специалистов. Актуальность исследования заключается в том, что образовательная и трудовая миграция, хотя и воспринимаются как «временные» миграционные направления, на практике, как показывает опыт, оказывают большое влияние на решение молодежи о постоянном проживании в других регионах, например, на севере страны. Обычно обучение в университетах и колледжах длится несколько лет. Кроме того, в процессе учебы или работы эмигрант знакомится с местной культурой, изучает язык. *Материалы и методы.* Методологической основой исследования стали изменения, происходящие в социальной, экономической и политической жизни общества, а также система методов и подходов, ориентированных на инновационные принципы в процессе образования. *Результаты.* Результаты и обсуждения, представленные в статье, освещают важнейшие аспекты образования и миграции в обществе. Образование, социально-экономическое положение молодежи и миграционные процессы в Казахстане взаимосвязаны. На примере программы «Серпін-2050» явно показана важность высшего образования, повышения квалификации молодежи и проблемы трудоустройства. Также выявлены недостатки программы и административные барьеры, которые усложняют вопросы трудоустройства выпускников. Процесс обучения за рубежом оказывает влияние на развитие общества, особенно проблема роста числа молодежи, покидающей страну, требует большого внимания. Ограниченные возможности использования полученных за рубежом знаний в Казахстане влияют на отрицательное сальдо миграции, и эта тенденция может продолжиться в ближайшие годы. Привлечение молодежи к обучению за рубежом и создание условий для их возвращения являются важными вопросами для

социального и экономического развития Казахстана. *Заключение.* Опыт обучения за рубежом может повысить уровень образования и способствовать возвращению молодежи с новыми идеями и инновациями. Однако для того, чтобы облегчить их трудоустройство и адаптацию на рынке труда, необходимы конкретные меры.

Ключевые слова: миграционный процесс, миграция, образовательная миграция молодежи, Серпін, репатриант, адаптация, студенческое сообщество.

Для цитирования: Капбарова Г.Ш., Шашаев А.К., Орынбасарова Г.Ж. Мобильность миграции в сфере образования: пути регулирования кадровой и трудовой миграции // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 225-239 (на каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_225-239

THE MOBILITY OF MIGRATION IN EDUCATION: A SOLUTION FOR REGULATING LABOR AND WORKFORCE MIGRATION

Gaukhar Kapbarova¹, Auezkhan Shashaev², Gulzhan Orynbasarova³

¹South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, (13, A.Baitursynova str., 160012. Shymkent, Kazakhstan). PhD doctoral student.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8476-4259>. E-mail: goha1986-01@mail.ru

² Institute of History and Ethnology named of Ch.Ch. Valikhanov, (28, Shevchenko str., 050000. Almaty, Kazakhstan). Leading Researcher, Associate Professor.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4902-0120>. E-mail: shashaevaezhan@mail.ru

³South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali Zhanibekov, (13, A.Baitursynova str., 160012. Shymkent, Kazakhstan). Leading Researcher

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4131-9152>. E-mail: orynbasarova.74@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Kapbarova G, Shashaev A., Orynbasarova G.2025

Abstract. Introduction. This article discusses the main channels of youth migration in Kazakhstan, focusing on the issues of "education and labor migration," with the aim of examining the solutions needed in regions of Kazakhstan where there is a clear shortage of specialists. The relevance of the research demonstrates that education and labor migration, although perceived as "temporary" migration channels, significantly influence the decision of Kazakh youth to settle permanently in other regions, especially those migrating to distant areas (e.g., northern regions) for educational purposes. Typically, university and college education programs last several years. Moreover, during their studies or employment, migrants often become acquainted with the local culture and language. *Materials and Methods.* The methodological foundation of the research is based on changes in the socio-economic and political life of society, as well as methods and approaches aimed at innovative principles in the educational process. *Results.* The results and discussions in the article highlight the important aspects of education and migration processes in society. Youth education, socio-economic conditions, and migration processes in Kazakhstan are closely interconnected. The 'Serpín-2050' program clearly demonstrates the importance of higher education, the improvement of youth qualifications, and the addressing of employment issues. The program also has shortcomings and administrative barriers that complicate the employment of graduates. The process of studying abroad also impacts the development of society, especially as the increasing number of young people leaving Kazakhstan requires significant attention. The limited opportunities for them to apply their foreign education in their home country influence the negative migration balance, and this trend may continue in the coming years. Encouraging youth to study abroad and creating conditions for their return is an important issue for Kazakhstan's social and economic development. *Conclusion:* The experience of studying abroad can raise the level of education and bring new ideas and innovations when young people return to the country. However, specific measures are needed to facilitate their employment opportunities and adaptation to the labor market.

Keywords: migration process, migration, youth educational migration, Serpin, repatriates, adaptation, student community.

For citation: Kapbarova G, Shashaev A., Orynbasarova G. Mobility of migration in education: regulation of workforce and labor migration // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp. 225-239 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_225-239

Кіріспе. Зерттеу міндеттеріне орай мақалада Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне, көші-қон процестеріне, және білім саласындағы мәселелерге байланысты өзекті бағыттарына талдау жасалды. Орталық Азия елдеріндегі миграция мен жастардың шетелде білім алу мәселесі, сондай-ақ ішкі көші-қон мен «Серпін» сияқты бағдарламалардың әсерлері, осы тақырыптың маңызды бөлігі болып табылады. Қазақстанның жоғары оқу орындары мен білім беру жүйесі жастар үшін маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Шетелде білім алу, әсіресе жастардың сыртқы миграциясын арттыруда маңызды факторларға айналғаны анық. Мұндай бағдарлама, әсіресе, жастарға шетелде тәжірибе жинап, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Серпін-2050» сияқты жобалар арқылы еліміздегі әртүрлі аймақтардағы жастарды жұмыс күші аз аймақтарға тарту мен білікті мамандарды даярлау көзделеді. Бірақ мұндай бағдарламалардың табысты болуы үшін оларды жақсы ұйымдастыру мен жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу қажет. «Серпін», «Дипломмен ауылға», «Болашақ» бағдарламасына қатысты қиындықтар мен кемшіліктер, оның ұзақ мерзімді нәтижелері мен әлеуметтік әсері туралы айтқанда, бұл көші-қон мен білім беру саласындағы ұлттық саясаттың тиімділігін арттыру үшін маңызды қортындылар береді. Бағдарламаның орындалуын жеңілдету, түлектерді жұмысқа орналастыру және олардың кәсіби әлеуетін толыққанды пайдалануды қамтамасыз ету үшін әкімдіктер мен басқа да мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіруі қажет. Мемлекет ішіндегі және халықаралық көші-қон үрдістерінің теріс сальдосы да ойландыратын мәселе болып отыр. Қазақстаннан кетіп жатқан жастардың көбі жақсы білім алып, тәжірибе жинақтаған азаматтар болса да, елде олардың кәсіби әлеуетін толықтай қолдану мүмкіндіктері шектеулі болуы мүмкін. Білім беру мен көші-қон саласындағы саясаттың трансформациясы қажеттілігін атап өту маңызды. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде қайта қарау және барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып шешім қабылдауды қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми талдаулар барысында оқиғаларды немесе оқиғалар тізбегін, немесе жағдайларды, институттарды құжаттарға сүйене отырып қалпына келтіру дегеніміз шынайылықтың ерекше бір түріне жүгінуді білдіреді, яғни басқамен салыстырмалы түрде неғұрлым жоққа шығарылмайды. Бұл мәтінде білім көші-қоны, жастардың жоғары оқу орындарында білім алу үрдісі және жалпы көші-қон мәселелері туралы бірнеше негізгі тұжырымдар жасалады. Алынған материалдарда Қазақстанның жастар саясатын және көші-қон үрдістерін талдаған кезде, нақты жастар топтарының қала мен ауыл арасындағы көші-қоны, шетелде білім алу үрдісі, және мемлекеттік «Серпін-2050», «Дипломмен ауылға», «Болашақ» бағдарламалары аясында білім алу мәселелері бар. Мәтінде келтірілген кейбір маңызды тақырыптар: Қазақстанның ішкі көші-қоны мен эмиграциясы, әсіресе жастар арасында; Қазақстандық білім көші-қоны мен жастардың шетелде білім алу тенденциялары; «Серпін-2050» бағдарламасы аясында техникалық және кәсіптік білім беру арқылы жастарды жұмыс күшіне даярлау; Білім беру сапасының және жастардың шетелде оқуын аяқтағаннан кейін қайтып келмеу мәселелеріне тоқталар болсақ көш-қон ұғымына қатысты мәселеде, оны тарихтағы салмақты және салыстырмалы тұрақты негіздегі өркениет аймағының тұтас кеңістігі түрінде қабылауға жетелейтінін көреміз, яғни әлеуметтік тарихи үрдістердің терең ұғынылатындығы, тарихи таным өресінде өрбігендігін анық байқаймыз.

Тарихнамалық талдауда қазақ миграциясын және репатрианттардың адаптациясын зерттеумен Қазақстанның көптеген ғалымдары айналысқан. А.А. Айталы өз еңбегінде қазіргі заманғы қазақ миграциясының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайын, сондай-ақ оның Ресей қоғамына интеграциясын Ресей Федерациясының диаспораларға қатысты ұлттық саясаты, этносаралық қатынастардың саяси және заңнамалық негіздері, сондай-ақ Ресейдегі қазақ диаспорасының ерекшеліктері мен оның қазіргі кездегі мәселелері тұрғысынан С. А. Белановский өзінің: «Методика и техника интервьюирования» деп аталатын зерттеуінде концептуалды-салыстырмалы талдау жасаған (Белановский, 1993: 32).

Түркиядағы қазақтар, көптеген параметрлері бойынша туыстас этнокеңістікке түскенде, адаптациялық мәдени стратегияларды таңдауда сыртқы қысымнан қатты әсерленген жоқ. Кәсіптік тәжірибелердегі өзгерістер (көшпелі мал шаруашылығынан бас тарту) біртіндеп этносты тарихи

отанымен байланыстыратын негізгі кеңістіктік-уақыттық белгілерді менталдық жадыдан ығыстырды. Этникалық сәйкестіктің негізгі белгілеріне тег және ру-тайпаға тиесілілік болды. И.Сванбергтің пікірінше, Түркиядағы қазақтар арасында аккультурация және ассимиляция процестері қайтымсыз. Қазақтардың көшпелі малшылар ретінде қалыптасқан менталдық картасының ерекшеліктері, олардың әлеуметтік және саяси бағдарлары өмір салтымен тікелей байланысты. Этникалық қазақтар – Қытай мен Түркия қоғамдарының (этникалық азшылық ретінде) бір бөлігі, олар моноэтникалық құраммен азаматтық қоғам қалыптастыруда күрделі және қайшылықты процестерді бастан кешіруде, бұл оларды өмір сүрудің белгілі бір стратегиясын таңдауға мәжбүр етеді (Брук, 1974: 208).

Салыстырмалы түрде, Швейцарияның антрополог профессоры, Цюрих университетінің оқытушысы Петер Финке, көптеген жылдар бойы Моңғолиядағы қазақтардың өмір сүру жүйесін зерттеп, сондай-ақ Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аударған қазақтардың миграциясының алғышарттары мен мотивациясын, сонымен қатар репатрианттардың тарихи отанында экономикалық және әлеуметтік бейімделуі жолында кездесетін кедергілерді зерттеген. Шетелдік зерттеушілер Қазақстанда этникалық репатриация саясатын жүзеге асыруда әлі де болса алға жылжу туралы айту ерте екенін, сондай-ақ елдегі қазақтар мен репатрианттар арасында мәдени айырмашылықтардың бар екенін атап өтеді. Моңғолиядағы этникалық топтарды зерттеуде және олардың қазіргі Қазақстанға репатриациясындағы этатистік көзқарас, сондай-ақ мемлекетпен құқықтық қатынастар мәселелері Қазақстандық ғалым Зардыхан Қиянатұлының еңбектерінде де қолданылған. Автор 1990-жылдардан бастап оралмандарға қатысты қабылданған заңдар туралы ой-пікір білдіріп, репатрианттар Қазақстанға көшіп келгенде кездесетін құқықтық актілердегі кемшіліктерді көрсетеді (Договор о дружественных..., 1993).

Мақалада зерттеудің *әдіснамалық негізіне* қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін нақты зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынды. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және тағы басқа тәсілдерін басшылыққа ала отырып жастардың білім алу бағытындағы көш-қонын зерттеудің тиімді тәсілдерін негіздеу жүзеге асырылды.

Зерттеу әдістерінің негізін мәтіндік-салыстырмалы және тарихи-салыстырмалы тәсілдер мен сыни талдау құрайды. Соның ішінде, мақалада тарихи шындықтың дерекке енуі және бейнеленуі, тарихи деректің әлеуметтік табиғаты, ондағы субъективтілік деңгейі, тарихи деректерді сыныптау, деректердің ғылыми құндылығын анықтау қағидадары және тәсілдері негізге алынды.

Зерттеу нәтижелері. Жоғары білім берудің жаһандануының ең жарқын ерекшеліктерінің бірі шетелде оқитын студенттер санының қарқынды өсуі. Бүкіл әлемдік көрсеткіш бойынша өз елінен тыс жерде оқитын студенттер 1,3 миллионнан екі есе өсті. 1995-2007 жылдар аралығында 3,0 миллионға дейін жеткен болатын (OECD, 2009). Шетелге аттанған студенттердің көпшілігі университеттерде оқиды, ал кәсіптік-техникалық оқу орындарында, қарқынды тілдік бағдарламаларда (әсіресе ағылшын тілінде) және орта мектептерде олардың үлесі азырақ.

Әлемде шетелде білім алып жүрген студенттердің саны бойынша ең үздік 15 елдің қатарында Қытай 1 млн-нан астам студентімен көш бастап тұр. Қазақстан болса, тізімнің соңғы қатарында, шамамен 78 мың студентпен орналасқан. Дегенмен, егер шетелде оқитын студенттердің саны елдің жалпы тұрғындарының санына қарай есептелетін болса, онда Сирия, Өзбекстан және Қазақстан әлемдегі ең жоғары көрсеткіштерге ие елдердің үштігіне кіреді. Әр 250 қазақстандықтың бірі шетелде білім алуда. ЖІӨ деңгейін саралағанда, Сирия, Непал, Өзбекстан және Қазақстан сынды экономикалық көрсеткіштері төмен елдер, дегенімен, өз жастарына шетелде сапалы білім алуға мүмкіндік беру үшін белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Мысалы, 2022 жылғы Дүниежүзілік банк мәліметтері бойынша, Қазақстанның ЖІӨ деңгейі әлемде 54-орында, бірақ шетелде білім алатын студенттер саны бойынша бұл ел ТОП-15 елдің қатарына кіреді. Қазақстанда шетелде білім алатын студенттердің саны тұрақты түрде азайып барады. 2019-2022 жылдары олардың саны 12 пайызға немесе 11 мың адамға кеміген. Бұл үрдіс Қазақстандағы жоғары білім жүйесінің жақсара бастағанын көрсетеді. Қазақстан ЖІӨ мен халық санының төмен болуына қарамастан, шетелде білім алатын студенттер саны бойынша әлемнің үздік төрттігіне кіреді. Алайда, егер ел ішінде білім сапасын арттыруға көңіл бөлінбесе, шетелде оқитын студенттер санының одан әрі азаюы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы Орталық Азиядағы көшбасшылық үшін күресте елдің жоғары білікті мамандарды қайта даярлауға деген қауіптер тудыруы мүмкін (Еске салайық: әрбір: 250 қазақстандық шетелде білім алып жатыр).

Жаңа қоғамды сипаттайтын негізгі құрылым - білім жинақтауының ірге тасы ретінде университеттерді атап өте аламыз. Өйткені, қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінде болып жатқан өзгерістер білім мен білім алу үрдісін өзекті етеді. Осыған орай, бүгінде жастар қазақстандық жоғары оқу орындарының қабырғасында ғана емес, шетелде де білім алудың маңыздылығын насихаттауда.

Орталық Азия елдерінде миграциялық үрдістерді реттеу негізінен ұлттық деңгейде жүзеге асырылады. Бір ерекшелік – қабылдаушы елдермен сирек екіжақты келісімдер бар, мысалы әдетте Ресеймен. Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанда жастардың көші-қоны басымырақ. Бұл ретте Қырғызстанда процесті феминизациялау үрдісі тіркеледі.

Зерттеуге алынған елдерде жастар ұғымын анықтауға екі тәсіл қолданылады. Қазақстан мен Қырғызстанда заңнамалық деңгейде жастар деп - 14 пен 28 жас аралығындағылар алынады. Осыған ұқсас түсінік осы елдердің статистикалық есептерінде де жазылған. Сонымен, «жастар» деген түсінікке Қазақстанда 14-28 жас аралығындағылар жатқызылады (Садовская, 2013: 570).

Білім көші-қонынан бөлек соңғы жылдарда Қазақстаннан сыртқа кетіп жатқан көш үрдісі де бар, ол – еңбек көші-қоны. Статистика комитетінің деректеріне сүйенсек, жыл сайын 14-28 жас аралығындағы 8 мыңға жуық жас жұмыс іздеп шетел асады екен. Сарапшылардың айтуынша, мұның бірнеше себебі бар. Тұрақты жұмыстың болмауы, болған күннің өзінде жалақысының мардымсыздығы, ең өзектісі – баспана мәселесі жастардың «жайлы өмір» іздеп шетел асуына өз «септігін» тигізіп отыр.

Қазақстан жастарының көпшілігі Батыс елдеріне сапалы білім алуға үшін ұмтылады. Қазақстанда кейінгі жылдары Батыс елдерінде оқу кеңінен таралған құбылысқа айналып барады, оның себебі білімін және ағылшын тілін жетілдіру мен сирек мамандықтарды игеру. Бұл үрдістің себебі де айқын: елде жүзеге асырылып жатқан «Болашақ» бағдарламасы мен басқа да білім алу мүмкіндіктері Батыс елдеріндегі білім жүйесіне жастардың тартылуына жол ашып отыр.

2014 жылдан бастап иммиграция көлемінің төмендеп, эмиграция ағыны өсе бастады, өткен жылдарда алғаш рет жастардың сыртқы көші-қонының теріс сальдосы тіркелді, ол тек қана сақталып қана қоймай, осы уақытқа дейін артып келеді. Қазақстаннан кететін ең үлкен топ - жастар. 2015 жылы кеткендердің жартысына жуығы 30 жасқа дейінгі адамдар. Сондай ақ 30-40 жастағы азаматтар белсенді түрде кетіп жатыр.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін ішкі көші –қондық үрдіс те жандана түскен еді. 1995 жылға дейін қаладан ауылдық жерлерге қоныс аударушылар саны өсіп, нәтижесінде ауылдағы халықтың саны көбейсе, ал 1995 жылдан кейін керісінше болды. Бұл кезеңде ауылдан қалаға көшушілер саны арта түсті. Халықтың жаппай ауылдарын тастап қалаға көшудегі мақсаттары жұмыс табу болатын (Кушербаев, 1996: 107).

Қалаға көшіп келушілердің арасында жастар көптеп кездесті. Одақ тараған соң көптеген ірі өнеркәсіптер тоқтап, соның салдарынан қала тұрғындарының саны күрт төмендеп кеткен болатын. Кеңес Одағы тарағаннан кейін елдің ішкі экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, саяси қайта құрулар көптеген кәсіпорындардың қайта ашылуына алып келді. Осындай жағдайлардың салдарынан көшу - қону үрдісі жылдам жүрді. 1998-1999 жылдар аралығында ауылдағы әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтар, өнеркәсіп орындарының жабылуы салдарынан Қазақстанның алыс жатқан аудандарынан көші-қондық үрдіске 900 мыңдай адам тартылды. Ішкі көші-қондық үрдісте негізінен алғашқы орында жұмыс жасындағылар тұрды. Олардың ішінде әсіресе қазақтар: қала халқы 755 мыңға кемісе, ал ауылдық жерлерде - 490 мыңға кеміген. Мұндай жағдай Қазақстанда урбанизация үрдісінің өсіп отырғанын көрсетті. Көшкендерге қарағанда келгендер саны жағынан ерекше орын алатын Жетісу аймағындағы Алматы қаласы, Ақмола облысы мен Астана қаласы (Астана статусы өзгеруіне байланысты) Маңғыстау облысы (Мұнай өндіру, жалақы жоғары) алдыңғы қатарға шықты. Жұмысқа жарамды адамдарынан айырылып жатқан аймақтарға: Шығыс Қазақстан облысы, Қызылорда облысы және Оңтүстік Қазақстанды жатқызуға болады. Халықтың орналасу жағдайына келер болсақ, халық тығыз орналасқан аймақтарға Оңтүстік Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанды жатқызсақ, ал халқы аз орналасқан аймаққа Орталық Қазақстанды жатқыза аламыз. Бұл жағдайдың негізгі себебіне ауа райының қолайсыздығы да әсер ететіндігін атап өткеніміз жөн. Яғни ішкі көші-қондық үрдіске байланысты мынадай қорытынды жасауға болады: халықтың жиі орын алмастыруының басты себебіне жұмыссыздық пен экологиялық жағдайдың ықпалы басымдылыққа ие болып табылады. Қазақстан Республикасының тұрғындарының әлеуметтік жағдайының әр түрлілігін 1999 жылғы санақ қортындысы айқын

көрсетеді. Қазақстан Республикасында тұратын халықтың жалпы саны -14953,1 мың болса, оның 4573,2 мыңы яғни (30,6 %) балалар мен жас өспірімдер, 8619,2 мыңы (57,6%) - еңбекке жарамды жастағы адамдар болса, ал 1760,7 мың адам (11,8%) еңбекке қабілетті жастан асқандар болып келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Адам құқықтары жөніндегі комиссия» 2012 жылдың маусым айында оралмандар (қазіргі уақытта қандастар деп аталады), босқындар және азаматтығы жоқ адамдар туралы алғашқы сараптамалық есебін жариялады. Бұл есеп бойынша, 1991 жылдан 2011 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстанға 221,3 мың отбасы немесе 860,4 мың этникалық қазақ қоныс аударған. Олардың ішінде 127,7 мыңы көші-қон квотасы арқылы келсе, 94,2 мыңы өздігінен қоныс аударып, квотадан тыс көшкендер болып табылады.

Көшіп келгендердің негізгі бөлігі, яғни 439 мың 430 адам (51%) 2004-2008 жылдары келген. Егер жылдар бойынша бөлсек, келушілердің саны келесідей болады:

1991-1996 жылдарда – 104 009 адам (12,1%)

1997-2001 жылдарда – 82 335 адам (9,6%)

2002-2006 жылдарда – 384 106 адам (44,8%)

2007-2011 жылдарда – 287 710 адам (33,5%)

Келгендердің ішінде еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі 54,1%, ал 18 жасқа дейінгі балалардың үлесі 41,2% құрайды. Яғни, Қазақстанға көшіп келгендердің басым бөлігі жастар мен еңбекке жарамды азаматтардан тұрады (Капбарова, 2024: 382).

Оңтүстік Қазақстан облысына 2005 жылға мемлекет тарапынан алыс және жақын шет елдерден көшіп келу квотасы бойынша қоныс аударуға 2710 оралман(қандастар) отбасыларына орын белгіленген, оның ішінде 2550 - Өзбекістанға, 100 - Түркменстанға, 50 -ТМД елдеріне, 10 – Түркияға берілді. ОҚО-сы бойынша көші-қон басқармасы жанындағы көшіп келу квотасына енгізу жөніндегі 2005 жылдың 04 сәуір және 15 маусымында өткен комиссия отырыстарында 2670 отбасы (15 247 адам) квотаға еніп, 2005 жылға бөлінген квота 98,5 пайызға орындалды, орташа отбасылық коэффициенті – 5,71-ге тең болды, ТМД елдеріне бөлінген квотаның 40 орны орындалмады. Осы жылдың 21 қыркүйегіне дейін квотаға еніп тиісті қаражаттарын алған оралман отбасыларының саны – 2 289 отбасы (оның ішінде 223 – Өзбекстан, 43 – Түркменстан, 5 – ТМД елдері, 10 - Түркия), отбасы құрамындағы адам саны – 13 154 (ТОМА. 1454-қ., 1-т., 5-о., 39-іс, 66-п.). Көші-қон процесіне әсер еткен ол әр түрлі себептермен босқын аталған адамдар, босқын адамдардың кадр мәселесіне әсері бар. Босқындардың білім деңгейі мен кәсіби біліктілігі әртүрлі болуы мүмкін. Бірқатар босқындар жоғары білім алған, бірақ жұмыс тәжірибесі шектеулі немесе өз елінде алған білімі мен дағдыларын жаңа ортада тиімді қолдана алмауы мүмкін. Бұл кадрлар тапшылығы мен жұмыссыздық деңгейін арттыруға әсер етуі мүмкін. Ал, егер босқындардың арасында жоғары білікті мамандар, инженерлер, дәрігерлер және басқа да кәсіби мамандар болса, олар қоғамға пайда әкеліп, кадр тапшылығын толтыра алады.

2005 жылғы мәлімет бойынша Оңтүстік Қазақстан облысындағы арнайы органдарға тіркелген босқындар саны төмендегідей:

Кесте 1. Босқындардың әлеуметтік-демографиялық құрамы. (ТОМА. 1454-қ., 66-п.).

Көрсеткіштер	Барлық адам саны	Оның ішінде	
		ер	әйел
Босқындар саны	102	68	34
Оның ішінде қалада	101	67	34
Ауылда	1	1	
Білімі жоғары	10	8	2
Орта мамандандырылған	4	2	2
Орта жалпы	17	12	5
Бастауыш білім	14	8	6
Білім алмаған	20	10	9
Көшіп келуге дейінгі қызметтегілер	8	8	
Тіркеуде тұрған босқындардың ұлттық құрамы:			
Қазари	61	42	19
Пуштум	18	11	7

Таджики	10	8	2
Басқа ұлттар	13	7	6

Жоғарыдағы кестеде (Кесте-1) көш-қон үрдісі барысындағы босқындардың 2005 жылдар барысындағы статистикалық мәліметері арқылы Оңтүстік Қазақстандағы демографиялық ахуалдың барысы анықталды. Босқындардың жұмыс күшіне қосылуы кейбір жергілікті тұрғындар арасында мәдени және әлеуметтік ықпалдастыққа әкелуі мүмкін. Жаңа мәдениет және тілдер кадрлар нарығында өзгешеліктер тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, босқындардың жұмысқа тұруы әлеуметтік интеграцияға әсер етіп, жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынастарды қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Жалпы алғанда, босқындар кадр мәселесіне әртүрлі ықпал етеді, және бұл әсер елдің экономикалық жағдайы мен миграциялық саясаттарына тікелей байланысты.

«Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасы 2014 жылы қолға алынды. Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасынан кейін «Серпін» жобасының идеясы дүниеге келді. Алғашында бұл жобаға 2050 грант бөлінді. 2015 жылы – 6200, 2016 жылы 4312 жас «Серпін» бағдарламасы бойынша білімін шыңдады.

Білім көші-қонына әсер еткен - «Серпін-2050», «Дипломмен ауылға», «Болашақ» әлеуметтік жобалары. «Серпін-2050» - 2014 жылдан бастап іске қосылып, қазіргі таңда еліміздегі ең танымал әлеуметтік бастамалардың біріне айналды. «Серпін» бағдарламасы индустриалды-инновациялық жобаларға қажетті мамандарды даярлап, жұмыс күші көп аймақтардағы жастарға сұранысқа ие кәсіби білім беруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл жоба жастарды жұмыс күші тапшы аймақтардағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша оқуға шақырады. Бағдарлама техникалық және кәсіптік білім берудің мәртебесін көтеріп, жастардың жұмысшы мамандықтарын игеруге деген оң көзқарасын қалыптастырады. Осылайша, «Серпін» жобасы жастардың әлеуетін арттырып, жұмыссыздық мәселесін шешуге көмектесті. Сонымен қатар, жастарға сапалы білім алу мен тұрақты жұмыс табу үшін үлкен мүмкіндік беретін. «Серпін» жобасына қатысатын түлектер грант бойынша шәкіртақы алып, жатақханамен қамтамасыз етілетін. Бұл жобаға Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстарының ауылдық аймақтарының түлектері қатыса алатын. «Серпін» бағдарламасы арқылы төрт негізгі бағытта білім алуға мүмкіндік бар: педагогикалық ғылымдар, инженерлік-техникалық мамандықтар, ақпараттық технологиялар және ауылшаруашылығы. Бағдарламаға негізінен оңтүстік өңірдің ауыл жастары қатысты. Оқу аяқталғаннан кейін грант өтеу мерзімі 3 жылдан 2 жылға дейін қысқартылып, өтеу орындары 11 аймаққа дейін кеңейтілді.

Жобаның мақсаты еліміздегі еңбек ресурсы басым аймақ жастарын жұмыс күші аз аймаққа тарту болатын. Ал жоғары оқу орындарындағы гранттар техникалық ғылым, ауыл шаруашылығы, білім мен медицина саласын қамтиды.

ҚР Президенті осынау жоба аясында елдегі қай саланы дамыту керегін айтқан еді. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – дамыған Қазақстанның іргетасы болатынын айқындады. Осылайша бір жағынан жаңа жұмыс орындары ашылса, екінші жағынан халық саны аз облыстарға жастарды шақыру басталды (Серпін бағдарламасы, 2020). Бұл жоба техникалық және кәсіптік білім беру арқылы жастарды сұранысқа ие мамандықтар бойынша даярлап, жұмыссыздық мәселесін шешуге ықпал етуге тиіс еді. Түлектер грант, шәкіртақы, жатақхана сияқты әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етілді. Бағдарлама педагогика, инженерлік-техникалық мамандықтар, ақпараттық технологиялар және ауыл шаруашылығы бағыттарында жастарға білім алуға мүмкіндік берді. «Серпін» жобасы жастарға сапалы білім мен тұрақты жұмыс табу үшін мүмкіндік жасады, сондай-ақ еліміздегі өңірлік еңбек ресурстарына теңдікті қамтамасыз етуге ықпал етті. Бірақ «Серпін» бағдарламасының өзіндік кемшіліктері мен қиындықтары бар болатын.

Бағдарламаға екі жыл қатарынан талдау жүргізілді. Бірінші жылы бір орынға 5 адамнан, екінші жылы 7 адамнан таласты. Жақсы басталды, бірақ өкінішке қарай мемлекеттік органдардың ортасында байланыс болмай қалды. Соңында «Серпін» арқылы ешкім оқымайтын, қызықпайтын және сұранысы жоқ мамандықтарды бере салатын болды. Ал оқуын аяқтағандарды әкімдіктер қабылдағысы келмейді. Жұмыс тауып беру жағы қиын болды. Сөйтіп, студенттер өз облыстарына қайта кетті. «Ең сорақысы балаларды жұмысқа орналаспағандары үшін сотқа да тартты. Қазіргі кезде қаншама түлектер сол үшін 3 млн. Теңгеден асатын айыппұл төлеп жатыр. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, басқа ЖОО-да грантпен оқуын аяқтағандар қай өңірге барса да жұмыс істеуге құқығы

бар. Ал «серпінмен» оқыса, «неге оқыдың?», «кімге сендің?» деп міндеттеп, сотқа беріп, жағдайларын қиындату орын алып отыр. Қазір, жыл сайын бұл бағдарламамен бөлінетін гранттар саны көбейіп келеді, бірақ ешкім бармайды. Қорқады баруға. Мемлекеттік деңгейде осы мәселені қайта көтеру қажет. ҚР Президенті 2020-2021 жылдары бұл мәселені көтерді. Бірақ ол сөз күйінде қалып қойды. Менің ойымша біз жергілікті әкімдіктермен байланысып, түлектерді жұмысқа орналастыруды міндеттейік. Гранттарды өңірлерде жетіспей жатқан мамандықтарға берейік» - деді Мұрат Әбеннов. «Серпін» ұлттық білім беру және инновация палатасының төрағасы Мұрат Әбенновтың қаузаған тақырыбын мұқия тыңдаған Тама Дүйсенова, бұл мәселе бақылауда екенін айтты (Дүйсенова, 2024).

«Серпін» бағдарламасы бойынша жыл сайын 6200 грант бөлінгенімен, еліміздің солтүстігінде мұғалімдер жетіспеушілігі толастамай тұр. 2020 жылы 4000 түлек ауыл квотасымен грант жеңіп алған. Бірақ, солтүстіктегі өңірлерге жіберілмеген. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі мектепке дейінгі педагогтердің тапшылығы бұл бағдарламаның жоспарға сәйкес келмеуін көрсетеді. Бағдарлама бойынша оқу бітірген жастардың тек бестен бір бөлігі ғана солтүстік өңірде жұмыс істеп жатыр.

Бағдарламаның тиімсіз болуының себебі бірнешеу. Біріншіден, жас мамандарға тиісті дәрежеде жағдай жасалмаған. Екінші себеп өңірлердегі демографиялық жағдаймен де байланысты болуы мүмкін. Өйткені мектепке дейінгі ұйымдарда бала саны аз болса, сәйкесінше, ондағы педагогтер саны да аз. Халықтың табиғи өсімі түсінігі негізінде статистиканы қарастырып көрейік. Мысалы, 2020 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы халықтың табиғи өсімі 633 болса, Түркістан облысында 48 378 болған. Үшіншіден, қазір «Серпін-2050» жобасы бойынша оқу орнын бітірген түлектердің тек бестен бірі (19%) ғана тиісті еңбек ету кезеңді өтеуде. Деректерге сүйенсек, шарттық міндеттемелердің бұзылуына байланысты 2020 жылы республикалық бюджетке 1,7 млрд теңге аударылған. Әр 5 түлектің екеуі (41%) өтеу кезеңінен босатылған болса, қалған екеуі (41%) өтемейді екен. Бұл – бес түлектің біреуі ғана «Серпін-2050» жобасы бойынша алған грантын өтеп жатыр деген сөз. Жоғарыда аталған себептерге байланысты, солтүстік өңірдегі педагогтер санының аздығы айтылған үш проблемаға әкеліп соғуда.

Айта кету керек, 2021 жылдың басында грантты өтеу туралы талаптар жеңілдетілді. 2021 жылғы деректерге сүйенсек, министрлік «Серпін» бағдарламасы түлектерінің еңбекпен өтеу мерзімін үш жылдан екі жылға дейін азайту үшін «Білім туралы заңға» өзгерістер енгізуді жоспарлаған болатын. Енді жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін түлектер мамандық бойынша тиісті кезеңді тек мемлекеттік ұйымдарда ғана емес, жекеменшік ұйымдарда да өтей алады (Қазақстандық жастарды білім..., 2022).

«Дипломмен ауылға» жобасы Қазақстан Республикасында ішкі көші-қонды ынталандыру мақсатында енгізілген мемлекеттік бағдарлама болып табылады. Бұл жоба ауылдық елді мекендерде өмір сүруге және жұмыс істеуге жағдай жасау үшін жас мамандарды тартуды көздейді. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығына сәйкес, 2023 жылғы 1 сәуірден бастап «Дипломмен ауылға» жобасының сенімді агенті ретінде «Отбасы банк» тағайындалды, бұл жобаның іске асырылуын тиімді және реттелген түрде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Жоба аясында ауылдық жерлерде жұмыс істейтін жас мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін кредиттер берілетін және көтерме жәрдемақылар төленетін болады. Бағдарламаға ауылдық аймақтарға жаңадан келген немесе бұрыннан тұрып жатқан, сондай-ақ белгілі бір кәсіптер бойынша жұмыс істейтін кез келген жастағы қазақстандықтар қатыса алады. Бұл бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, сондай-ақ ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен олардың орынбасарларын қоспағанда) қатысу мүмкіндігіне ие.

Аталған бағдарламаның негізгі мақсаты — ауылдық жерлерде еңбек ететін мамандардың өмір сүру жағдайларын жақсарту, олардың кәсіби және әлеуметтік белсенділігін арттыру, сонымен қатар ауылды аймақтарда тұрғын үй мәселесін шешу болып табылады. Бұған дейін «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында тұрғын үй сатып алу үшін берілетін кредиттің ең жоғары сомасы 1500 АЕК (5,5 миллион теңге) болатын, ал 2023 жылдан бастап оның мөлшері 2000 АЕК-ке (7 миллион 384 мың теңге) дейін артты. (Дипломмен ауылға» бағдарламасы: 0,01 проценттік кредиттің сомасы ұлғайды). Бұл шара еліміздегі ішкі көші-қонды реттеуге, жастарды ауылдық жерлерде жұмыс істеуге ынталандыруға және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға бағытталған. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында тұрғын үй алуға арналған несие

мөлшерінің арттырылуы жастар мен жас мамандар үшін үлкен мүмкіндіктер ашады, сондай-ақ ауылды жерлерде кәсіби қызметкерлердің тапшылығын жоюға ықпал етеді.

Халықаралық «Болашақ» стипендиясы: Қазақстандағы кадрлар даярлау жүйесіндегі маңызды бағдарлама. Халықаралық «Болашақ» стипендиясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы № 1394 Қаулысымен құрылған және еліміздің кадрлар мен мамандар даярлау жүйесіне айтарлықтай үлес қосқан бағдарлама болып табылады. Аталған стипендияның негізгі мақсаты – қазақстандық жастарға әлемнің жетекші оқу орындарында білім алу мүмкіндігін беру, оларды магистратура, докторантура (PhD), медициналық ғылым кандидаты, клиникалық ординатура және резидентура бағдарламалары бойынша кәсіби біліктілігін арттыру мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Сонымен қатар, бұл бағдарлама шетелде іс-тәжірибеден өту арқылы мамандардың біліктілігін шыңдауды да қамтиды. 1994-2020 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша барлығы 14 156 стипендия берілген. Осы кезеңдегі стипендиялардың 785-і 1994-2004 жылдар аралығында тағайындалса, қалған 13 371 стипендия 2005-2020 жылдарда бөлінген. Бұл санаттың ішінде 3379 стипендия бакалавриат, 7379 стипендия магистратура, 35 стипендия аспирантура (докторантура), 87 стипендия клиникалық ординатура, 366 стипендия докторантура және 2125 стипендия тағылымдама бағдарламасы бойынша тағайындалған. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттары әртүрлі елдердегі жоғары оқу орындарында білім алуды таңдайды. Стипендия иегерлерінің 45,5%-ы Ұлыбритания мен Ирландияда білім алуды таңдайды, ал 26%-ы АҚШ пен Канадаға барады. Еуропа елдері 12,9%-ды, Азия елдері 8%-ды және Ресейде білім алу 7,6% стипендия иегерлері тарапынан таңдалған.

Бағдарлама стипендиясының алған мамандардың салалық бөлінісіне келетін болсақ, 11 121 стипендия иегерінің 54,8%-ы гуманитарлық мамандықтар бойынша білім алған, 36,2%-ы техникалық салаларға бағытталған, 7,2%-ы медициналық мамандықтарға, ал 1,8%-ы шығармашылық мамандықтарға ие болған. Бұл мәліметтер стипендияның әртүрлі салалардағы білім беруді дамытуға және Қазақстанның әртүрлі сала мамандарын даярлауға ықпал ететінін көрсетеді. «Болашақ» стипендиясы Қазақстандағы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарып, шетелде оқып келген мамандардың біліктілігін арттыруға ықпал етіп, Қазақстанның әртүрлі салаларында кәсіби кадрлардың санын көбейтуге бағытталған. Бағдарлама аясында білім алған мамандар өздерінің кәсіби тәжірибесін еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу үшін пайдаланады. Сонымен қатар, бұл бағдарлама халықаралық білім беру алаңында Қазақстанның білім деңгейін арттырып, еліміздің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін көтеруге мүмкіндік береді. («Болашақ» бағдарламасы: тарихы мен даму кезеңдері)

Сонымен қатар шет елге көшу үрдісі көбеюде. 2021 жылдың тоғыз айында 25 мың қазақстандық басқа мемлекетке қоныс аударып, Қазақстанға жеті мың адам көшіп келген. Қазақстан азаматтарының көбі қоныс аударған елдер арасында Ресей, Германия мен Польша тізім басында тұр. Кейінгі кезде Түркияға көшетіндер де көбейген. Ресми дерек бойынша, жыл басынан бері 74 азамат «бауырлас елге» көшуді ұйғарған. Бірақ бұл статистика шынайы жағдайды көрсетпейді және мұның өз себебі бар. Көп жылдан бері қазақстандықтар жиі қоныс аударатын мемлекеттер арасында Ресей көш бастап тұр. 2021 жылы көрші мемлекетке 21 мың адам көшкен. Ресми статистика бойынша, екінші орында тұрған Германия биыл 2400 қазақстандықты қабылдаған. Одан кейінгі орындарда Польша, АҚШ, Беларусь пен Израиль тұр. Ресми статистика адамдардың қалауы жөнінде толық ақпарат бере алмайды, өйткені көбі шетелге азаматтық алған соң бір-ақ көшеді. Елден кеткендердің көбі – 30-40 жас аралығындағы еңбекке жарамды, білімді, мобильді кәсіби біліктілігі, мақсаты мен ақшасы бар адамдар. Шетелден жұмыс тапқан студенттер, экономиканың негізгі тірегі саналатын 30-40 жас аралығындағы азаматтар да осы топқа кіреді. Олардың көбі, әсіресе АҚШ, Канада, Австралия мен Еуропаға кетіп жатқандар – дамыған нарықта сұранысқа ие, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар. Елде бұл азаматтарға сұраныс болып, өзін дамытуға мүмкіндік берілсе, олар Қазақстанда жұмыс орнын ашып, бизнес жобаларды, өндірістік кәсіпорындар мен мемлекеттік сектордағы бағдарламаларды басқарар еді. Көші-қон сальдосы (шетелге кеткендер мен Қазақстанға қоныс аударғандар арасындағы айырмашылық) соңғы рет 2012 жылы оң болған. Қазақстанда ең жоғарғы эмиграция көрсеткіші 2019 жылы тіркелген, ол кезде елден 34 мың адам шет мемлекетке кеткен. 2020 жылғы карантин кезінде 20 мың азамат шетелге қоныс аударған (Қазақстан: иммиграция..., 2021).

Жыл сайын шетелге кететін қазақстандықтардың саны артып келеді. 2012 жылдан бері Қазақстанда көші-қонның теріс айырмасы байқалады. Жыл сайын елден мыңдаған адам кетеді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, 2019 жылы елден 45 231 адам кеткен, көші-қонның теріс айырмасы 32 973 адамды құрады (2018 жылы – 29 109 адам). Елден кеткен азаматтардың басым бөлігін жастар құрайды. ЮНЕСКО-ның мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылы Қазақстанның 89 292 азаматы 55 шет елдің университеттерінде оқиды (бұл Қазақстандағы студенттердің жалпы санының 13%-ын құрайды), оның ішінде Ресей Федерациясында 71 368 адам, Түркияда 2191 адам, Қырғызстанда 2083 адам, АҚШ-та 1792 адам және т.б. Бірқатар ғалымдар талантты қазақстандықтардың шетелде оқуын аяқтағаннан кейін қайтып келмеу және кету қаупі бар екенін айтады. Сонымен қатар ғалымдардың жүргізген зерттеуі шетелдік жоғары оқу орындарының түлектері алған білімдері мен құзыреттерін Қазақстанда толық көлемде қолданбайтынын көрсетіп отыр. Түлектердің тек 21,7%-ы ғана Қазақстанда өздерінің зияткерлік әлеуетін іске асыра алған, бұл өз кезегінде қазақстандықтардың басқа елдерге қоныс аудару ниетіне әсер етеді. Мәселен, зерттеуге қатысушылардың 60,5%-ы басқа елге тұрақты тұру үшін көшіп кетуге дайын. Бұл үрдіс білім беру көші-қоны саласында әзірленген мемлекеттік саясаттың жоқ екенін көрсетеді. Сонымен қатар ғалымдар көші-қоннан болатын бастапқы жоғалтып алудан қорықпау керектігін де айтады, өйткені кейіннен бұл «жоғалту» артықшылықтарға айналуы әбден мүмкін. Бұл тұрғыда көші-қонның сыртқы әсерлерін дұрыс тану, сондай-ақ шетелдегі отандастарымыздың әлеуетін оңынан пайдалана білу маңызды (Білім беру көші-қоны..., 2024).

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2021 жылдың басында Қазақстан Республикасындағы жастардың саны (14-28 жас) 3 739 883 адамды құрады, бұл Қазақстан Республикасындағы жалпы халық санының 19,8 пайызын құрайды. Оның 2 101 838 адамы немесе 56,2 пайызы қала жастары, 1 638 045 адам немесе 43,8 пайызы ауыл жастары (Численность молодежи..., 2021).

2024 жылы Қазақстанда 11-сыныпты 186 мың түлек бітірді. ЮНЕСКО Статистика институтының жаңартылған мәліметтері бойынша Қазақстан шетелде оқитын студенттер саны бойынша әлемде тоғызыншы орында (91,2 мың студент).

Дүние жүзіндегі халқы ең көп екі ел Қытай мен Үндістанда шетелде оқитын студенттер саны ең көп. Осылайша, бір миллионнан астам (1,021 мың) қытайлық студенттер шетелде білім алады, ал үнді студенттерінің саны шамамен жартысы (508,2 мың) болды. Одан кейін Вьетнам (137 мың), Германия (126,4 мың) және Өзбекстан (109,9 мың) біраз артта қалды. Алайда, егер шетелде оқитын студенттердің тиісті кезеңдегі халыққа арақатынасын есептесек, онда Қазақстан 0,48% үлесі бар қаралатын елдер арасында бірінші орында тұр, деп хабарлайды Ұлттық инвесторлар қауымдастығы (Қазіргі уақытта..., 2024).

2004 жылы миграциялық көбею 0,6 мың адамды құрады. Яғни 2004 жылы облысқа 14,3 мың адам қоныс аударды, ал бізден кеткендер 13,7 мың адам болды. 4,1 мың адам Қазақстанның басқа облыстарынан және 10 мың адам ТМД елдерінен және 0,2 мың адам алыс шет елдерден Оңтүстік Қазақстан облысына көшіп келді. Оңтүстік Қазақстан өңірге көшіп келушілер 2003 жылға қарағанда Қазақстанның басқа аудандарынан 7,3%, ТМД елдерінен 0,3%, алыс шет елдерден 3,8%-ға көбейді (Исмаилов, 2007: 32). Ал, Оңтүстік Қазақстан өңірінен ТМД елдеріне 1,3 мың адам көшіп кетті. Қазақстаннан басқа да аудандарына 11,6 мың адам және алыс шет елдерге 0,2 мың адам көшіп кетті. Нәтижесінде 2003 жылға қарағанда ТМД-ға көшіп кету 25,8% -ға және алыс шет елдерге 29,6% -ға төмендеді. Бірақ та басқа аудандарға ауысу 36,2%-ға көбейді. Облыс ішінде 14,8 мың адам көшіп қонған. Миграциялық сальдоның абсолюттік өлшемінің қорытындысы мынадай болды: алыс шет елдерге — 20 (кері), ТМД – 8153 (оң), облыс арасында көшу-7475 (кері). Миграциялық сальдоның жалпы қорытындысына оралмандардың көшіп келуі, облыс арасындағы көші-қонның сонымен қатар табиғи өсімнің де елеулі әсері бар. Жалпы алғанда халықтың көшіп-қонуының себептерінің бірі әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты, мысал келтірер болсақ: өмір сүру деңгейінің нашарлауы, халықтың табыс көзінің төмендеуі, жұмыссыздық және тағы басқалар. Кеңестік кезеңдегі экономикалық байланыстардың үзілуі өндірістің өнімділігі мен тауар өткізу аймағының тарылып, төмендей түсуіне алып келді. Міне осындай жағдайлардан көптеген әлеуметтік мәселелер туындай бастады. Оңтүстік өңірінде әсіресе ауылдық аймақтарында жұмыссыздық артты. Экономикалық дағдарыс кезінде дәстүрлі жұмысшы күші қажет етілмей, жұмыссыздық көбейе түсті. Жұмыс іздеген халық әдетте тек республика ішінде қоныс аударды.

Халықтың өз туыстарына қосылу, ата мекеніне көшу үдерістері миграциялық ахуалына да әсер етті. Миграциялық үдерістер нәтижесінде облыс халқының абсолютті саны өсуімен қатар этникалық құрамы да өзгеріске ұшырады. Алыс-жақын шетелдерден қазақтардың қайтадан өз

отандарына оралуына байланысты орыс, неміс, украин, белорус ұлттарының саны азайды. Өзге ұлттардың көшуіне Х.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ғалымдары әлеуметтік зерттеулер де жүргізіп көрді. Ондағы зерттеулерге сүйенсек, орыс халқының эмиграциясына берген сипаттамасында олардың көшуінің басты себебі, балаларының болашағына сенімсіздігі (41,4%) болса, ал екінші себеп ретінде жалақының төмендігі (48,6%) көрсетіледі (Токмаганбетова, 2006: 103). Сондай-ақ, қазақы ауылдарда туу көрсеткішінің жоғары деңгейі сақталып отыр, ол туудың 72% құрайды (1992-2004 жылдар аралығында 400 мың адамға өсті) сондай-ақ, алыс-жақын шет елдерден қоныс аударушылардың ауылдық жерлерге көшіп келуі де ауыл тұрғындарының санын арттырды. Оңтүстік Қазақстан облысының көші-қон және демография департаментінің 1992-2004 жылдар аралығындағы мәліметтеріне сүйенсек, 30815 отбасы немесе 109 мың адам көшіп келген (Демографический потенциал, 2005: 61). Халық санының азая бастауы әсіресе, ауылдық жерлерде қатты байқалды. Дәстүрлі мал шаруашылығы дамыған аймақтарда жергілікті ұлт өкілдері басым болып келеді, ондай аймақтарға Отырар, Шардара, Төлеби Бәйдібек, Созақ, Түркістан сияқты аудандар жатады. Өндірісті және қалалық жерлер маңындағы аумақтарда славян тобындағы халықтар мен қазақтар тұрады. Ал, егіншілік, бау-бақшалы өңірлерде өзбек ұлты тұрғындар санының 65% құрайды (Численность, 1991: 101). Шымкент, Ленгер, Ақсукеңт қалаларында орыстар, қазақтар, өзбектер (көбіне қала шегіндегі аймақтарды) мекен етеді.

Республикамыздың басқа аймақтарына қарағанда ұлттық салтымыз бен тіліміз жақсы сақталған қазақы оңтүстік өңірге алыс-жақын шет елдерінен қандастарымыз көптеп қоныс аударуда. 1992-2005 жылдар аралығында нақты деректер бойынша Қазақстанға 116668 қоныс аударушылар көшіп келсе, оған Елбасының «Оралмандардың 2005-2007 жылдарда көшіп келу квотасы туралы» жарлығы ықпал етті. Елбасының осындай жарлығының негізінде Оңтүстік Қазақстан облысына 2006 жылы – 2710, ал 2007 жылы – 2615 квота белгіленген. Бүгінгі күні квота бойынша көшіп келген оралмандарға белгіленген қаржы негізінде уақтылы көмек те көрсетіліп отыр. Қоныс аударып жатқан оралмандардың (қандастардың) ең көп қоныстанған аумағы Шымкент, Түркістан қалалары мен Мақтарал, Сарыағаш, Сайрам, Қазығұрт аудандары болды.

Қорытынды. Интеграциялық үдерістер мен халықтың ішкі және сыртқы қозғалысы туралы қоғамдық пікірді талдау жастардың қалауын анықтап, заманауи әлемдік саясат пен елдер ішіндегі әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени байланыстарды дамыту үшін қажет. Мұндай зерттеудің нәтижелері жастарымен жұмысты кезең-кезеңімен жоспарлауға негіз бола алады посткеңестік кеңістік және еуразиялық интеграцияның одан әрі дамуы, жаһандану жағдайында елдердің экономикалық өркендеуі үшін және бәсекеге қабілетті сауда қатынастары үшін де қажет.

Жастардың басты мақсаты - жоғары білім алу, өзін-өзі жетілдіру, заманауи дағдыларды дамыту, сайып келгенде бәсекеге қабілетті болу және үлкен компаниялардан жұмысқа шақырту ұсыныстарына ие болу. Көші-қон мәліметі бойынша білім алу үрдісінде алынған тәжірибені студенттер ұмытылмас өмір сәті ретінде қарастырады және болашаққа жарқын жол ашады деп санайды. Қоғамның жан-жақты дамуы осындай жас мамандардың тәжірибесіне негізделетіні анық.

Қоғамның өзгеруі, білім жүйесінің маңыздылығы және көші-қон үрдістері арасындағы байланысты толық әрі жан-жақты зерттеу өте маңызды. Жоғары оқу орындарындағы білім беру үрдісі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқаратын фактор болып табылады. Мұндай өзгерістердің артында жастардың сыртқа көшуі, шетелде білім алу мен жұмыс істейтін жас мамандардың көбейуі сияқты үрдістер бар. Әлеуметтік жобалар, мысалы, «Серпін-2050» жастарды оқыту бағдарламасы жұмысқа орналастыру және аймақтар арасындағы теңсіздікті жою үшін өте маңызды. Бұл бағдарламалар көптеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталғанымен, кейбір кемшіліктер мен қиындықтар да байқалатынын жоғарыда талдап көрсеттік. Түлектердің жұмысқа орналасуы, грантты өтеу мәселелері мен бағдарламалардың тиімділігі туралы зерттеулер мен талдаулар қажеттілігі негізделді.

Білім көші-қоны да осы мәселелердің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанда жастардың шетелде білім алу үрдісі артып келеді. Қазірде көптеген жастар шетелде оқып, білім алып, кейін өз елдеріне оралу немесе басқа елдерге көшу туралы шешім қабылдайды. Бұл үрдіс көптеген себептерге байланысты, оның ішінде әлеуметтік жағдай, жұмыс орны мен білім деңгейінің сәйкестігі. Бұған қоса, көші-қон сальдосы да Қазақстанның дамуына әсер ететін маңызды көрсеткіш. Елден кететін азаматтардың көпшілігі білімді, мобильді және жоғары білікті мамандар болып табылады. Олардың басқа елдерге көшуі Қазақстанның кадрлық ресурстарын жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай үрдістер ұлттық білім беру саясатын қайта қарауды талап етеді. Жалпы,

білім мен көші-қонның өзара байланысы және жастардың елден кетуі туралы мәселелерді жүйелі түрде зерттеп, оларды тиімді шешу үшін арнайы саясат қажет екендігі айқын.

Дереккөздер

ТОМА - Түркістан облысының мемлекеттік архиві.

Әдебиеттер

- Әрбір 250 қазақстандық..., 2025 – Әрбір 250 қазақстандық шетелде білім алып жатыр. 2025. 10.01. URL: <https://inbusiness.kz/kz/last/arbir-250-kazakstandyk-shetelde-bilim-alypp-zhatyr> (дата обращения: 17.02.2025).
- Белановский, 1993 – *Белановский С. А.* Методика и техника интервьюирования. М., 1993. С. 32.
- «Болашақ» бағдарламасы, 2025 – «Болашақ» бағдарламасы: тарихы мен даму кезеңдері. 2025. URL: <https://www.eurasian-research.org/publication/bolasak-programi-tarihcesi-ve-guncel-gelismeler/?lang=mn> (дата обращения: 30.03.2025).
- Брук, 1974 – *Брук С. И.* Миграция населения // Большая советская энциклопедия. – 3-е изд. М., 1974. С. 208.
- Білім беру көші-қоны..., 2025 – Білім беру көші-қоны саласындағы саясатты трансформациялау. URL: <https://www.apa.kz/bilim-beru-koeshi-qony-salasyndaghy-sayasatty-transformaciyalau> (дата обращения: 17.02.2025).
- Договор о дружественных отношениях..., 1993 – Договор о дружественных отношениях и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Монголией (Улан-Батор, 22.10.93 г.). URL: <http://mfa.gov.kz> (дата обращения: 17.02.2025).
- Демографический потенциал..., 2005 – Демографический потенциал Южно-Казахстанской области (статистический сборник). Шымкент, 2005. С. 61.
- Дипломмен ауылға бағдарламасы, 2024 – Дипломмен ауылға бағдарламасы: 0,01 проценттік кредиттің сомасы ұлғайды. URL: <https://sputnik.kz/20240116/diplommen-auylga-bagdarlamasy-001-protsepttik-kreditin-somasy-ulgaydy-41598215.html> (дата обращения: 30.03.2025).
- Исмаилов.ю 2007 – *Исмаилов А. И.* Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи-географиялық очеркі. Оқу құралы. Шымкент, 2007. 48 б.
- Капбарова, 2024 – *Капбарова Г.Ш.* Оңтүстік Қазақстан облысындағы көші-қон үдерістерінің динамикасы (1991-2023 жж.) // Отан тарихы. 2024. № 27 (2). 382 б.
- Кушербаев, 1996 – *Кушербаев К. Е.* Динамика этнической структуры населения Казахстана // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. 1996. № 4. С. 107-126.
- Қазақстандық жастарды..., 2022 – Қазақстандық жастарды білім беру жүйесінде қалай ынталандыру керек? 2022. 25.05. URL: <https://kazgazeta.kz/news/125828> (дата обращения: 17.02.2025).
- Қазақстан: иммиграция в Турцию, 2021 – Қазақстан: иммиграция в Турцию. 2021. 02.12. URL: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-immigration-to-turkey/31589783.html> (дата обращения: 17.02.2025).
- Қазіргі уақытта..., 2024 – Қазіргі уақытта қанша қазақстандық студенттер шетелде білім алуда? URL: https://standard.kz/ru/post/2024_07_skolko-kazaxstanskix-studentov-ucitsia-za-rubezom-387 (дата обращения: 17.02.2025).
- OECD, 2009; UNESCO, 2009 – OECD, 2009; UNESCO, 2009.
- Садовская, 2013 – *Садовская Е. Ю.* Международная трудовая миграция в Центральной Азии в начале XXI века. М.: Восточная книга, 2013. 570 с.
- Серпін бағдарламасы, 2020 – Серпін бағдарламасы: 3 мың грант неге игерілмей қалды? 2020. 16.09. URL: <https://www.lat.egemen.kz/article/248866-serpin-baghdarlamasy-3-mynh-grant-nege-igerilmey-qaldy> (дата обращения: 17.02.2025).
- Дүйсенова, 2024 – *Дүйсенова Т.* Серпін бағдарламасының қайта жандануын айтты. 2024. 14.03. URL: <https://ernur.kz/kazakhstan/tamara-duisenova-serpin-baghdarlamasy-nyn-kaita-zhandanatynyn-aiitty> (дата обращения: 17.02.2025).
- Токмаганбетова, 2006 – *Токмаганбетова Р.Д.* Отчет. Эколого-демографическое обследование сельских территории Республики Казахстан (Южно-Казахстанская область) // Эколого-демографическая оценка сельских территории Южно-Казахстанской области. Астана, 2006. С. 103-154.
- Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (Бұдан әрі қарай – ТОМА). 1454-қ., 1-т., 5-о., 39-іс, 66-п.
- ТОМА. 1454-қ., 1-т., 5-о., 39-іс, 250-п.
- Шетелге кетудің..., 2019 – Шетелге кетудің негізгі себептері неде? 2019. 31.01. URL: <https://egemen.kz/article/181453-shetelge-ketudinh-negizgi-sebepteri-nede> (дата обращения: 17.02.2025).
- Численность, естественное..., 1991 – Численность, естественное движение и миграция населения КазССР в 1990 г. Алма-Ата: РИИЦ, 1991. С. 101 (14).
- Численность молодежи..., 2022 – Численность молодежи Республики Казахстан (2020-2021 годы). URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/38259/file/ru/> (дата обращения: 17.02.2025).

Sources

TOMA – Tүrkistan oblysynyң memlekettik arhivi [State Archive of Turkestan region]

References

- Arbir 250 qazaq..., 2025 – Arbir 250 qazaqstandyq shetelde bilim alyp jatyr [Arbir: 250 Kazakhstan citizens are studying abroad]. 2025. 10.01. URL: <https://inbusiness.kz/kz/last/arbirt250-kazakstandyk-shetelde-bilim-alyp-zhatyr> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Belanovskij, 1993 – *Belanovskij S. A.* Metodika i texnika interv'ju [Methodology and techniques of interviewing]. M., 1993. P. 32. [in Russian]
- «Bolashak» baghdarlamasy, 2025 – «Bolashak» baghdarlamasy: tárihy men damu kezenderi ["Bolashak" Program: History and Stages of Development]. 2025. URL: <https://www.eurasianresearch.org/publication/bolasak-programi-tarihcesi-ve-guncel-gelismeler/?lang=mn> [in Kazakh] (accessed: 30.03.2025).
- Bruk, 1974 – *Bruk S. I.* Migracija naselenija [Migration of population]. Bol'shaja sovetskaja enciklopediya. 3-e izd. M., 1974. P. 208. [in Russian]
- Bilim berý köşigi-qony..., 2025 – Bilim berý köşigi-qony salasyndagy sayasatty transformaciyalau [Transformation of policies in the education sector]. URL: <https://www.apa.kz/bilim-beru-koeshi-qony-salasyndaghy-sayasatty-transformaciyalau> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Dogovor o družestvennyx..., 1993 – Dogovor o družestvennyx otnoshenijax i sotrudničestve meždu Respublikoj Kazakhstan i Mongoliej (Ulan-Bator, 22.10.93 g.) [Agreement on Friendly Relations and Cooperation between the Republic of Kazakhstan and Mongolia (Ulan-Bator, 22.10.93)]. URL: <http://mfa.gov.kz> [in Russian] (accessed: 17.02.2025).
- Demograficheckij potencial..., 2005 – Demograficheckij potencial Južno-Kazaxstanskoj oblasti (statističeskij sbornik) [Demographic potential of the South Kazakhstan region (statistical collection)]. Šımkent, 2005. P. 61. [in Russian]
- Diplommen auylgħa" baghdarlamasy, 2024 – Diplommen auylgħa" baghdarlamasy: 0,01 protsenttik kreditting somasy ulghajdy [Diploma to the Village" program: The amount of the 0.01 percent loan has increased]. URL: <https://sputnik.kz/20240116/diplommen-auylga-baghdarlamasy-001-protsenttik-kreditin-somasy-ulgaydy-41598215.html> [in Kazakh] (accessed: 30.03.2025).
- Ismailov, 2007 – *Ismailov A. I.* Öñtüstik Qazaqstan oblysynyñ tarihy-geografıalyq oçerki [Historical-geographical outline of South Kazakhstan region]. Oqu quraly. Šımkent, 2007. 48 b. (32, 33 b.). [in Kazakh]
- Kapbarova, 2024 – *Kapbarova G.Sh.* Ontüstik Qazaqstan oblysyndagy köši-qon üderisteriniñ dinamikasy (1991-2023 jz.) [Dynamics of migration processes in the South Kazakhstan region (1991-2023)] // Otan tarihy. 2024. № 27 (2). 382 p. [in Kazakh]
- Kusherbaev, 1996 – *Kusherbaev K. E.* Dinamika etničeskoj struktury naselenija Kazakhstana [Dynamics of the ethnic structure of the population of Kazakhstan]. Jevrazijskoye soobščestvo: jekonomika, politika, bezopasnost'. 1996. № 4. Pp. 107-126. [in Russian]
- Qazaqstandyq jastarğa..., 2022 – Qazaqstandyq jastarğa bilim berý jüzesinde qalay yntalandyru kerek? [How should Kazakhstan's youth be motivated in the education system?]. 2022. 25.05. URL: <https://kazgazeta.kz/news/125828> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Qazaqstan: immigraçiya..., 2021 – Qazaqstan: immigraçiya v Turciyu [Kazakhstan: immigration to Turkey]. 2021. 02.12. URL: <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-immigration-to-turkey/31589783.html> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Qazirgi waqyta..., 2024 – Qazirgi waqyta qanşa qazaqstandyq studentter shetelde bilim aluda? [How many Kazakhstan students are studying abroad now?]. URL: https://standard.kz/ru/post/2024_07_skolko-kazaxstanskix-studentov-ucitsia-za-rubezom-387 [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- OECD, 2009; UNESCO, 2009. – OECD, 2009; UNESCO, 2009.
- Sadovskaja, 2013 – *Sadovskaja E. Ju.* Meždunarodnaja trudovaja migracija v Central'noj Azii v nachale XXI veka [International labor migration in Central Asia at the beginning of the 21st century]. M.: Vostočnaja kniga, 2013. 570 p. [in Russian]
- Serpin baghdarlamasy..., 2020 – Serpin baghdarlamasy: 3 mynh grant nege igerilmey qaldy? [Serpin program: Why 3 thousand grants were not used?]. 2020. 16.09. URL: <https://www.lat.egemen.kz/article/248866-serpin-baghdarlamasy-3-mynh-grant-nege-igerilmey-qaldy> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Düyseñova, 2024 – *Düyseñova T.* Serpin baghdarlamasyñ qayta zhandañatynyn aitty [Tamara Duyseva: She announced the revival of the Serpin program]. 2024. 14.03. URL: <https://ernur.kz/kazakstan/tamara-duisenova-serpin-baghdarlamasyñ-kaita-zhandanatynyn-aitty> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).
- Tokmagambetova, 2006 – *Tokmagambetova R.D.* Otçet: Ekologo-demografičeskoe obsledovanie selskix territorij Respubliki Kazakhstan (Južno-Kazaxstanskaja oblast') [Report: Ecological-demographic survey of rural areas of the Republic of Kazakhstan (South Kazakhstan region)]. Ekologo-demografičeskaja otsenka selskix territorij Južno-Kazaxstanskoj oblasti, Astana, 2006. Pp. 103-154. [in Russian]
- Turkistan oblystyq memlekettik arxivi (Budan äri qaray – TOMA) 1454-q., 1-t., 5-o., 39- is, 66. [in Kazakh]

TOMA. 1454-q., 1-t., 5-o., 39-is, 250. [in Kazakh]

Šhetelge ketudiñ..., 2019 – Šhetelge ketudiñ negizgi sebepteri nede? [What are the main reasons for emigration?]. 2019. 31.01. URL: <https://egemen.kz/article/181453-shetelge-ketudinh-negizgi-sebepteri-nede> [in Kazakh] (accessed: 17.02.2025).


Chislenost', estestvennoe..., 1991 – Chislenost', estestvennoe dvizhienie i migracija naselenija KazSSR v 1990 g. [Population size, natural movement and migration of the population of the Kazakh SSR in 1990]. Alma-Ata: RIIÇ, 1991. P. 101(14). [in Russian]

Chislenost' molodezhi, 2022 – Chislenost' molodezhi Respubliki Kazakhstan (2020-2021 gody) [Youth population of the Republic of Kazakhstan (2020-2021)]. URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/38259/file/ru/> [in Russian] (accessed: 17.02.2025).

АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОГРАФИЯ / ARCHEOLOGY. ETHNOGRAPHY



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 240–250
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_240-250

ЖЕТІСУ ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕГІНШІЛІГІ

Әмина Жағыппарқызы Ахантаева^{1*}

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (8-үй, Абай даңғылы, 005010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
<https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. E-mail: amina.68.kz@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Ахантаева Ә., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Жетісу өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігі этнографиялық тұрғыдан зерттелді. Жетісу өңірі қазақтары дәстүрлі егіншілікпен ерте заманнан айналысқандығы, сонымен қатар, олар көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын қатар алып жүргендігі талданды. Бұл аймақтың табиғи ерекшеліктері мен тарихи жағдайлары егіншіліктің дамуына және қалыптасуына үлкен ықпал еткендігі көрсетілді. Қазақ халқының егіншілік кәсібі тек материалдық мәдениеттің негізін қалаумен ғана шектелмей, сонымен қатар рухани дүниесін де байытты. Мақалада Жетісу өңірінің егіншілік тарихы, қолданылған әдіс-тәсілдер, өндірілген өнімдер мен еңбек ұйымдастыру ерекшеліктері, сондай-ақ мәдени аспектілер қарастырылған. *Мақсаты мен міндеті.* Жетісу аймағын мекен еткен қазақтардың егіншілік дәстүрінің тарихи маңызын анықтау және оның рухани, материалдық мәдениетке әсерін сараптау болып табылады. Жетісу өңірінде егіншіліктің дамуы мен оның мәдениетке ықпалын зерттеу; егіншілікке қатысты маусымдық жұмыс ұйымдастыруды талдау; егіншілік әдістері мен құралдарын қарастыру. *Нәтиже.* Жетісу қазақтарының егіншілігі тарихи тұрғыдан өте бай тәжірибеге ие. Бұл аймақта егіншілік тек экономикалық қызметтің бір бөлігі деп қарамаймыз, халықтың мәдениеті мен руханиятының ажырамас бөлігі болды. Діқаншылықта қолданылған әдіс-тәсілдер, егін шаруашылығына тән еңбек құралдары мен технологиялар ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, аймақтың мәдени ерекшеліктеріне ықпал етті. Сонымен қатар, егіншіліктің маусымдық өзгерістері мен ауқымды еңбектің ұйымдастырылуы халықтың әлеуметтік өміріне, әдет-ғұрыптарына, тіпті аңыз-әпсаналарына да әсер еткен. Жетісу өңірінде егіншілікпен қатар жартылай отырықшылықты шаруашылық түрі кең таралған, бұл өз кезегінде тұрақты қыстаулардың қолданылуын және ауыл шаруашылығына тән мәдениеттің қалыптасуын қамтамасыз етті. *Қорытынды.* Жетісу өңірінің егіншілігі – қазақ халқының шаруашылық және мәдени өмірінің маңызды құрамдас бөлігі. Ауыл шаруашылығының негізі болып табылатын егіншілік, ұлттық дүниетанымды қалыптастыруда, дәстүрлерді сақтау мен дамытуда үлкен рөл атқарды. Бұл зерттеу Жетісу қазақтарының егіншілік тарихы мен мәдениетінің терең әрі көпқырлы екенін көрсетіп, сол кезеңдердегі шаруашылықтың ерекшеліктерін ашады.

Түйін сөздер: Этнография, Жетісу, «жеті өзен», қазақ, Ұлы жүз, егіншілік, отырықшылық, астық, бидай, тары.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «XIX-XX ғасыр басындағы Жетісу қазақтарының егіншілік мәдениеті: жаңа архив және тарихи-этнографиялық деректер бойынша» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған (ИРН АР23488973).

Дәйексөз үшін: Ахантаева Ә.Ж. Жетісу өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігі // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 240-250-бб. (қаз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_240-250

ТРАДИЦИОННОЕ ЗЕМЛЕДЕЛИЕ КАЗАХОВ ЖЕТЫСУСКОГО РЕГИОНА

Амина Жагиппаровна Ахантаева^{1*}

¹Казахский национальный аграрный исследовательский университет (Республика Казахстан, 005010, Алматы, проспект Абая, дом 8)

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

<https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. Электронная почта: amina.68.kz@mail.ru.

* Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ш. Валиханова, 2025

© Ахантаева А., 2025

Аннотация. *Введение.* С этнографической точки зрения изучено традиционное хозяйство казахов Жетысуского региона. Проанализировано, что казахи Жетысуского региона издревле занимаются традиционным земледелием, и в то же время ведут кочевой и полукочевой образ жизни. Показано, что природные особенности и исторические условия этого региона оказали большое влияние на развитие и становление сельского хозяйства. Земледельческая профессия казахского народа не только заложила основу материальной культуры, но и обогатила его духовный мир. В статье рассматривается история развития сельского хозяйства в Жетысуском регионе, применяемые методы, производимая продукция и особенности организации труда, а также культурные аспекты. *Цель и задачи.* Целью является определение исторического значения земледельческой традиции казахов, населявших Семиречье, и анализ ее влияния на духовную и материальную культуру. Изучение развития сельского хозяйства в Семиреченском крае и его влияния на культуру; анализ организации сезонных работ, связанных с сельским хозяйством; обзор методов и орудий ведения сельского хозяйства. *Результат.* Сельское хозяйство казахов Семиречья имеет очень богатый исторический опыт. В этом регионе сельское хозяйство считалось не просто видом экономической деятельности, но и неотъемлемой частью культуры и духовности народа. Методы и приемы, используемые в сельском хозяйстве, орудия труда и технологии, характерные для сельского хозяйства, передавались из поколения в поколение, способствуя формированию культурных особенностей региона. Кроме того, сезонные изменения в сельском хозяйстве и организация массового труда влияли на социальную жизнь, обычаи и даже легенды народа. В регионе Жетысу, наряду с земледелием, было распространено полукочевое земледелие, что в свою очередь обеспечивало использование постоянных зимовок и формирование специфической для земледелия культуры. *Заключение.* Сельское хозяйство в Жетысуском регионе является важной составляющей экономической и культурной жизни казахского народа. Земледелие, являющееся основой сельского хозяйства, сыграло большую роль в формировании национального мировоззрения, сохранении и развитии традиций. В исследовании показана глубокая и многогранная земледельческая история и культура казахов Семиречья, раскрыты особенности хозяйства в эти периоды.

Ключевые слова: этнография, Жетысу, «Семь рек», казахи, Великая Орда, земледелие, оседлый образ жизни, зерновые, пшеница, просо.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Земледельческая культура казахов Жетысу в XIX – начале XX века: по данным новых архивных и историко-этнографических материалов» (ИРН АР23488973).

Для цитирования: Ахантаева А.Ж. Традиционное земледелие казахов жетысуского региона // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. С. 240-250 (на каз.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_240-250

TRADITIONAL AGRICULTURE OF THE KAZAKHS OF THE ZHETYSU REGION

Amina Z. Akhantaeva^{1*}

Kazakh National Agrarian Research University (8, Abay Ave., 005010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of historical sciences, associate professor.

<https://orcid.org/0000-0003-1078-5182>. E-mail: amina.68.kz@mail.ru.

* Corresponding author

© Institute of historical Ethnology by Sh.Ualikhanov, 2025

© Akhantaeva A., 2025

Abstract. Introduction. The traditional economy of the Kazakhs of the Zhetysu region has been studied from an ethnographic point of view. It has been analyzed that the Kazakhs of the Zhetysu region have been engaged in traditional agriculture since ancient times, and at the same time lead a nomadic and semi-nomadic lifestyle. It has been shown that the natural features and historical conditions of this region have had a great influence on the development and formation of agriculture. The agricultural profession of the Kazakh people not only laid the foundation for material culture, but also enriched its spiritual world. The article considers the history of the development of agriculture in the Zhetysu region, the methods used, the products manufactured and the features of labor organization, as well as cultural aspects. *Purpose and objectives.* The purpose is to determine the historical significance of the agricultural tradition of the Kazakhs who inhabited Semirechye and to analyze its influence on the spiritual and material culture. Study of the development of agriculture in the Semirechye region and its influence on culture; analysis of the organization of seasonal work related to agriculture; review of methods and tools of farming. *Result.* The agriculture of the Kazakhs of Semirechye has a very rich historical experience. In this region, agriculture was considered not just a type of economic activity, but also an integral part of the culture and spirituality of the people. The methods and techniques used in agriculture, tools and technologies characteristic of agriculture were passed down from generation to generation, contributing to the formation of the cultural characteristics of the region. In addition, seasonal changes in agriculture and the organization of mass labor influenced the social life, customs and even legends of the people. In the Zhetysu region, along with agriculture, semi-sedentary agriculture was widespread, which in turn ensured the use of permanent wintering and the formation of a culture specific to agriculture. *Conclusion.* Agriculture in the Zhetysu region is an important component of the economic and cultural life of the Kazakh people. Agriculture, which is the basis of agriculture, played a major role in the formation of the national worldview, the preservation and development of traditions. The study shows the deep and multifaceted agricultural history and culture of the Kazakhs of Semirechye, and reveals the features of the economy during these periods.

Keywords: Ethnography, Zhetysu, "Seven Rivers", Kazakhs, the Great Horde, agriculture, sedentary lifestyle, cereals, wheat, millet.

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the grant-funded project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, titled «The agricultural culture of the Zhetysu Kazakhs in the early XIX-XX centuries: according to new archival and historical-ethnographic data» (IRN AP23488973).

For citation: Akhantaeva A.Zh. Traditional agriculture of the kazakhs of the zhetysu region // Otan tarihy. 2025. Vol. 28. № 1. Pp.240-250 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_240-250

Кіріспе. Жетісу өңірі – табиғаты әсем, тарихы терең, қазақ халқының қалыптасуы мен дамуында айрықша орны бар өлке. Ғасырлар бойы көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар Жетісу жерінде егіншілікпен де айналысып, отырықшылық мәдениетін қалыптастыра білді. Бұл өңірдің табиғи-климаттық жағдайлары, су көздерінің молдығы егіншіліктің дамуына қолайлы жағдай жасады. Осыған орай, Жетісу өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігі – халқымыздың материалдық

және рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл шаруашылық түрі ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, жергілікті халықтың өмір сүру салтымен, әдет-ғұрыптарымен, дүниетанымымен тығыз байланысты болды.

Бұл ғылыми еңбекте Жетісу өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігінің тарихын, даму жолдарын, қолданылған құрал-жабдықтарды, егілетін дақылдарды және егіншіліктің халықтық мәдениеттегі орнын қарастырамыз. Бұл зерттеу қазақ халқының шаруашылық қызметінің бір қырын ашып, тарихымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағатындағы Ф. 383 – Управления киргизами Сырдарьинской линии. Форт Перовский (1853–1867) қорында; Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатындағы Ф.И-17 – Сырь-Дарьинское областное управление; Ф.И-715 Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края қорларында және Өзбекстан Республикасының Ташкент қаласындағы Әлішер Науаи атындағы Ұлттық кітапхананың қолжазбалар мен сирек кітаптар қорында құнды тарихи құжаттар сақталған, әсіресе Түркістан Генерал губернаторының басшылығымен шығарылған «Туркестанский сборник» жинағының орны ерекше. Басты деректік негізін автордың «Жетісу өңірі қазақтарының дәстүрлі шаруашылықтары» тақырыбына сай 2024 ж. ел арасынан жинаған этнографиялық материалдар құрайды. Автор (Ә.А.) қазақ халқының мал, егіншілік шаруашылығына байланысты байланысты әдет-ғұрыптар мен жора-жосындар, аңыз-әпсаналарға байланысты қызықты, этнографиялық деректер, халықтық тәжірибені сипаттап көрсететін материалдар жинақталды. Зерттеу барысында егіншілік шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен ырымдар бүгінгі күнге дейін тарихи сабақтастығын жалғастырып келе жатырғандығын көреміз. Жұмысты жазуда объективтілік, тарихилық қағидаларымен қатар, жүйелілік және салысырмалы талдау әдіс тәсілдері басшылыққа алынды.

Талқылау. Жетісуда егіншіліктің ежелден келе жатқан дәстүрі болған, әсіресе ол моңғол шапқыншылығына дейінгі уақытта өзінің гүлденуіне жетті. Моңғол-татарлардың шапқыншылығынан кейін Қазақстанда егіншілік құлдырады. Қазақ хандығының құрылу кезеңінде егіншілік ошақтары қайта жандана бастады. XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақ халқының едәуір топтарының, әсіресе оңтүстік аудандарда және Жетісуда егіншілікке қарқынды түрде көшуі басталады.

Жетісу қазақтарының тұрмысы мен шаруашылығы, оның ішінде егіншілігі, әлеуметтік жағдайы, жер көлемі туралы қазақ этнографиясы мен тарихына қатысты мол мұра қалдырған Ш.Уәлихановтың маңызды мәліметтері құнды. Ш. Уәлиханов «Егіншік туралы», «Алаш» зерттеу орталығының қазақ руларының тарихын зерттеулерінің нәтижесінде жарық көрген «Қазақстан тарихы» этникалық зерттеулерде. «Жалайыр» – атты еңбектің тарихи маңызы зор. Бұл еңбекте Жетісу өңірін мекендеген жалайыр руларының егіншілікпен айналысқандығын тарихи және этнографиялық тұрғыдан өте жақсы мәліметтер келтірген. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов қазақ халқының суландыру жүйесі және егіншілікке пайдалануға жүргізілген ирригациялық суландыру жүйелері, технологиясы туралы қызықты мәліметтер келтіреді.

С.Е. Әжіғалидың құрастырумен жарық көрген «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Байғабатова Н. «Казахи Жетысу во второй половине XIX – начале XX в. (историко – этнографическое исследование)», Бисембаева Л. «Жетісу қазақтарының өмірі» атты ғылыми зерттеу еңбектерінің Жетісу қазақтарының жер шаруашылығына байланысты тарихи этнографиялық тұрғыдан жазылған құнды мәліметтерді кездестіреміз.

Румянцев П.П. «Киргизский народ в прошлом и настоящем», «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. Копальский уезд. Киргизское хозяйство)» еңбектерінің құндылығы «Жетісу» атауының шығу тарихынан бастап, осы өлкені мекендеген қазақтардың жер шаруашылығы, егіншілікті мал шаруашылығымен қатар алып жүргендігі, тұрмыс тіршілігі жөнінде терең мағлұматтар береді.

Никольский А.М. «Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область», Трегубов А.Л. «Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях» осы зерттеу еңбектерінде Жетісу қазақтарының егіншілік кәсіппен ертеден айналысып келе жатқандығын айтады. Гинс Г.К. «В киргизских аулах: очерки из поездки по Семиречью», Краснов А.Н. «Очерк быта Семиреченских киргиз: читано в собрании Отделения Этнографии 27 марта 1887 г.», Янушкевич А. «Дневники и письма из путешествия по казахским степям» еңбектерінде Жетісу тұрғындарының шаруашылығы, тұрмысы, коныс аударушылар мен жергілікті халықтардың, өзара қарым-қатынасы және күнделікті өмірі, тұрмыс тіршілігіне қатысты құнды мәліметтер қалдырған.

«Обзор Семиреченской области за» бұл еңбектердің статистикалық комитетінің түрлі сандық мәліметтер беруімен құнды болып табылады.

Л.Мейер «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» (Мейер, 1865), қазақ халқының астықтың, бау-бақша өнімдерінің жақсы өсіретіндігін, сонымен қатар олар жылқы малына арнайы қызыл, сары жүгері де өсіретінін айтады.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ халқының тарихында XIX - XX ғасырлар кезеңі өте күрделі және ерекше оқиғаларға толы болды, Ресей империясының пәрменді шараларының бірі қазақ жерлерін отарлау бойынша орыстандыру саясатын кеңейту мақсатында орыс шаруаларын шұрайлы жерімізге қоныстандыру арқылы қазақ халқының болашағына қауіп төндірді. Сондай жеріміздің бірі – Жетісу.

Жетісу – Қазақстанның көзартарлық, өзіндік өлкесі... Қашанда көне және ортағасырлар тарихының өне бойы қазақ халқының мәдениетінің дамуының негізгі ошақтарының бірі болды. Дәл осы жерде ерте тайпалық бірлестіктердің құрылуы мен тіршілік кешуі, көші-қон мәдениеті пен көне өркениеттер араласу процесі қарқынды жүрді. Жетісу ең әуелгі тарихи-этнографиялық аймақ, бұл аймақ қазақтардың ежелгі атажұрттарының тарихы мен мәдениетінің маңызды сәттерімен байланысты болып келеді (Қазақ халқының, 2005: 175).

Енді Жетісудың географиялық атауына тоқталатын болсақ, оның нақтылығы жеті өзенге байланысты пайда болғанын көрсетеді. Бірақ қайсыларына байланысты аталғанын дәл басып айту қиын. Жердің атауына мұрындық болған «жеті су» зерттеушілердің пікірлерінше әрқелкі анықталады. Әдетте, бұл мынандай 10 ауданнан тұрады: Ақсу, Аягөз, Басқан, Іле, Қаратал, Көксу, Қызылғак, Лепсі, Сарқан, Биен (Байғабатова, 2004: 52-53).

Бірақ XX ғ. басындағы П.П. Румянцевтің экспедициясының материалдары бойынша «жеті өзен»: Қаратал, Көксу, Қызылағаш, Лепсі, Сарқан, Биен, Ақсу өзендеріне қатысты айтылатынын дәлелдейді (Румянцев, 1913: 192). Түздік сұраулардың негізінде «Жетісудың» басқа да жорамалдары белгілі. Мысалы, Іле өзені және оған сол жағынан келіп құятын арналар: Шарын, Шелек, Түрген, Есік, Талғар, Қаскелең жатады. Көптеген информаторлар Жетісу деген топоним Балқаш көліне құятын бүкіл өзендерге байланысты шыққан деп есептейді. Тарихи әдебиеттерге Жетісудың бұл атағын Шу өзенін қоса, үлкен аумақты алып жатқан территориясымен байланыстырып келтіріп кеткеніміз де маңызды «Жетісу» топонимін нақты «жеті өзен» деген ұғымында емес, «көпсулы», «сулы өлке» мағынасында түсіну қажет шығар. Қазақстанда қасиетті саналатын «жеті» саны бұл анықтамада «көп» дегенді білдіруі мүмкін. Жетісуды «жер жаннаты – Жетісу», «жерұйық» деп те түсінген. Географиялық жағынан алғанда Жетісу Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан (Қазақ халқының, 2005: 175).

Жетісу өлкесінде жартылай отырықшы шаруашылық түрі басым болып, онда ертеден тұрақты қыстаулар пайдаланылып, шөп шабу және кейбір жерлерде егіншілік дамыды. Жетісудың үй шаруашылық материалдық мәдениеті – қоныс және баспана түрлері, киім-кешектері тұрмыстық өзгешеліктерінен аңғарылады. Мәселен, жергілікті қазақтардың киіз үйінің жамбас және кереге сықырлауықтарында өзінің ерекшелігі байқалады. Киіз үйдің жамбасы оның көбінше жағының керегеге бекітілетін төменгі жағы тек жай ғана иілген түріне келетіндіктен, сол себепті күмбезі шошақ және биік болып келеді. Жетісудың экологиялық ерекшеліктеріне – жауын-шашынның көп болуына байланысты судың тез ағып түсуіне бейімделген.

Негізінен суармалы егіншілік Шығыс Қазақстан, Жетісу, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймақтарында жақсы дамыды. Қазақстанның өзге аудандарында тәлімі егін шаруашылығы кеңінен етек алды. Қазақтар негізінен бидай, тары, сұлы, күріш және жүгері дақылдарын екті. Шымкент және Перовск уездерінде мақта, Верный уезінде азын-аулақ темекі, Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында бақша дақылдары - қарбыз, асқабақ, пияз бен сәбіз өсірілді. Орыс-украин халықтарымен қатар көршілес тұратын қазақтар аздап болса да картоп, қияр және басқа да көкөніс түрлерін егумен айналысты. Мал азықтық дақылдардан жоңышқа егу кеңінен етек алды. Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қазақтар өз шаруашылықтарында бау-бақша дақылдарын өсірумен айналысты.

Жалпы қазақ дикандарының егіншілік кәсіпте өмірлері оңай болған жоқ. Егінші дегеніміз – күндіз де, түнде де жұмыс басты, тынышытықты білмейтін дамыл таппайтын шаруа адамы. Күндіз ол егін алқабында жүріп егісті шымшықтан (торғайдан), ал түнімен жаз бойғы еңбегін малдан қориды. Ол өзінің жалаңаш денесін ешқашан да бүркемейтін сияқты, сондықтан да диканшының денесі жазда күнге қақталып, қара қайыстай болып күйіп кетеді. Қазақ диканының қорегі көшпелі ауылдағы шаруалардыңкінен нашар, оның күні бойғы тамағы екі тостаған айран, тіске басар басқа

ештеңе болмайды. Қазақтардың егіншілік құрал-жабдықтары талапқа сай болмағанымен Ұлы жүздің топырағы құнарлы жерлері диқандардың еңбегін ақтап, үнемі ғажап өнім береді (Уәлиханов, 1985: 96).

1867 жылдың 11 шілдесінен бастап Жетісу облысы Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына кірді. Облыс территориясының 260 291 кв. верст жері құрақ жерлер, 92 688 кв. верст жерін сулы аймақтар алып жатты. Әкімшілік жағынан 6 уезге бөлінді (Қазақстан тарихы этникалық, 2008: 7). 1897 Бүкілресейлік санақ нәтижесі бойынша Жетісу облысында 990107 адам болған, соның ішінде қазақтар саны – 770383 адам болған (Обзор Семиреченской за 1897, 1898: 4).

Жетісу өңірінде негізінен Ұлы жүз, Орта жүз рулары мен қырғыздар қоныстанған. Жетісу өңіріндегі қазақтардың отырықшылыққа ойыса бастауы XIX ғасырдың 50 жылдарына саяды. XIX ғасырдың аяқ кезінен қазақ шаруашылықтарының отырықшылану үрдісінің Қазақстанның басқа өңіріне қарағанда Жетісу өңірінде белсенді жүруіне, бұл өңірге орыс қоныстанушыларының толассыз келуі әсер етті (Румянцев, 1910: 54). Бірақ XIX ғасырдың ортасына дейін қазақтар егіншілікпен айналыспады деген сөз емес, жергілікті Лепсі және Қапал уезінің қазақтары да егіншілікпен Жетісуға орыстар келместен көп уақыт бұрын айналысқанын көрсетеді (Румянцев, 1913: 187). Оны кзінде Жетісу мен Сыр өңірінде бұрыннан қалған арық, каналдардың іздерінен көруімізге болады. Мұрағат деректері ертеден егіншіліктің дамығандығы жөнінде де дәлелдейді: «...: «...Жаңадарияның төменгі ағысында кездесетін көптеген арықтар мен каналдардың орын іздері осында ірі егіншілік аймағының болғандығын айғақтайды...» (ЦГА РУз. Ф.И-715. Оп 1. Д. 24. Л. 220). Бұл өңір қазақтары егіншілікті мал шаруашылығымен алып жүрген. Мысалы, Лепсі уезі қазақтарының 76,31% бір мезгілде мал шаруашылығымен, әрі егіншіліктен айналысқан, 22,62% тек мал шаруашылығымен кесіп етсе, қалған 0,32% малы жоқ таза егіншілер, 0,75% не малы жоқ, не егіні жоқ қазақтар болған (Румянцев, 1911: 294). Бұл көрсеткіш Қапал уезінің, қазақтарында: 80,96% мал бағумен қатар диқаншылықпен де қатар айналысқан; 17,67% таза мал шаруашылығымен; 0,57% малы жоқ егіншілер, ал 0,80% не малы, не егіні жоқтар (Румянцев, 1913: 144) болған.

1910 жылдары Қапал шаруашылықтардың 72 пайыздайы көшпелі мал шаруашылығымен, 28 пайызы егіншілікпен айналысқан. Қапалдағы қазақтардың 82 пайызы егіншілікпенен қосалқы түрде, яғни барлық шаруашылықтың бестен төрт бөлігі айналысты. Қапалдықтар егіншілікті 1835-1845 жылдар аралығынан қолға ала бастаған. Егіншіліктің суармалы түрі өріс алып, өзен, арық суларын егістікке шығыр арқылы көтерген. Әсіресе, Қаратал өзенінен тартылған арық бойындағы, Қаратал өзенінің төменгі ағысы бойындағы жалайырлар шығырларды көбірек қолданған. Қапалдық қазақтар шөп шабуды қосалқы кәсіп қылған. Шөп шабуды XIX ғасырдың бас кезінен кәсіп ете бастаған (Материалы по обследованию, 1913: 192).

Егіншілікпен айналысуда дәстүрлілік тұрмыстық салттарда да көрініс тапқан, үйсіндердің салты бойынша, келіннің дүниесінің ішінде келі мен келсаптың болуы міндетті болған, келіннің пысықтығын үй шарушылығына ептілігін тарыны келіге түгізіп сынынан өткізген (АӨЖМ).

Көшпелі-қазақ дастарханының шырайын келтірер бір парасы ұсақталған тары, қуырған бидай, түйілген жарма, жүгері, наут, шекер, құрт, ірімшік, жент сияқтылар. Мұндай тағам түрлерін жасауда келі ең бірінші қажет мүлік (Сейдімбек, 1997: 283).

Жетісу өңіріндегі адамдардың өмір сүруіне өте ыңғайлы жерлердің бірі Лепсі өзенінің өңірі болды. Лепсы уезді – Жетісу облысы, Лепсы өзенінің жоғарғы ағысында, Жоңғар Алатауының негізгі тізбегінің таулы алқабында орналасқан, 1855 жылы Жоғарғы-Лепсы ауылы құрылды, ол 1883 жылы Лепсі қаласы болып өзгертілді, халық саны 3.488. Халық негізінен егіншілікпен айналысады; егістік жерлер қаладан 15 версты қашықтықта орналасқан.; жаздық қара бидай мен бидай, сұлы, арпа және картоп егеді. Тұрғындар негізінен егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысады. 1893 жылы 90.973 десятина жерге астық ексе, 4.070 десятинаға – май, жіп және жемшөп дайындайтын өсімдіктерді еккен. Негізгі астық – жаздық бидай мен сұлы. Көкөніс өсірумен негізінен орыс халқы айналысады. 1893 жылы бақша өсіретін жер көлемі 500 десятина болды. Кәдімгі көкөністер, қарбыз және қауын өсіріледі (Брокгауз, Ефрон, 1898: 574).

Қамау өзені бойындағы қазақтардың ешқандай тынайтқыш қолданбай-ақ, құрғақшылыққа қарамай, жасанды суландыру жүйесі арқылы бірнеше жыл қатарынан мол өнім алып отырғанын орыс зерттеушілері көргенін айтады (Краснова, 1887:10) бұл жерде қазақтар диқаншылық кәсібіті сонау ерте кезден меңгеріп, айналысқандығын көруімізге болады.

XIX ғасырдың ортасында Жетісу жерін мекендеген қазақтардың егіншілігі, суландыру жүйелерінің жақсы дамығандығы туралы Шоқан Уәлиханов өзінің зерттеулерінде өте жақсы жазып

қалдырған. «... Қазақтардың егіншілік құрал-жабдықтары талапқа сай болмағанымен Ұлы жүздің топырағы құнарлы жерлері диқандардың еңбегін ақтап, үнемі ғажап өнім береді. Басын Күнгей Алатауы мен Кіші Алатаудан және Алтын Емел тауларынан алатын көптеген өзендердің арқасында Россияда тіптен белгісіз тоған, арық құрылымы арқылы суландыру жақсы дамыған. Бұл жерлерде жауын сирек жауады, шілдеде ауаның температурасы 40°R жетеді. Осы кезде арықтар арқылы егінді оқтын-оқтын суарып тұрмаса күйіп кетуі мүмкін, сол себепті суландыру ісі мұнда мүлтіксіз, жақсы жолға қойылған. Еңбек сүйгіш диқандар күзге таман ауылшаруашылық өніміне шаш етекпен батып, қарқ болып қалады. Егістікке дейінгі жота-қырқалар мен сай-салалардан асып жатқан арықтарды өз көзіңізбен көрмесеңіз, сене қою да қиын болар еді. Қазақ диқаншының епті қолы өзеннен су тартып үстіртке шығарады. Арықтың бір шақырымнан соң отыз сажын биікке қалай көтерілгенін сүйсіне де, таңдана да қарамасқа шараң қалмайды. Су қандай тереңнен жатса да қарамасқа шараң қалмайды. Су қандай тереңнен жатса да қарамай, оны егістікке шығару қазақ диқаншының қолынан келеді (Уәлиханов, 1985: 96).

Жетісу облысы қоныстандыру ісінің менгерушісі С.Н. Велецкий жазба есебінде осы қазақ өлкесінің суландыру жүйесінің орыс мұжықтары қоныс аударғаннан қаншама бұрын қазылып жергілікті халықтың пайдаланып келе жатқанын айтады: «Іле бойында арықтар өте көп, оларды тұрғындар егіншілік жұмыстары үшін пайдаланып отыр. Ол арықтар өлкеге орыстар келгенге дейін кеп уақыт бұрын болған. Облыстаты орыстардың мекендері және барлық егістік алқап-тары осы ескі суландыру жүйесінің бойында орналасқан, ол арықтар бұрын қазақтардың меншігінде болған» (ҚРОМА Қ. 19. т.1. іс 139) – деп мәлімдейді.

Мұны орыс саяхатшысы, ғалым А.М.Никольскийдің мына тұжырымы растай түседі: «Іле бойындағы, Қамау және Қаратал өзенінің төменгі жағындағы қазақтар жыл бойы бір жерде отырады, жазда егіншілікпен айналысады. Лепсі өзенінің, бойындағы ескі арық, іздеріне қарап, бұрын егінші тұрғындар тұрғанын түсінуге болады. Сонғы кезде өзен суларының тартылып кеткені байқалуда, сондықтан өзеннен арық тартып, одан су шығару мүмкін болмағандықтан қазақтар осы Лепсі бойы және Іленің төменгі жағы сияқты көптеген егістік жерлерін тастап кетуге межбүр болған. Қамау туындары бидай, тары, қарбыз, қауын егеді. Егістік арықтар арқылы және шығыр арқылы суарылады» (Никольский, 1885: 80).

Егіншіліктің Ұлы жүзде шынында қолға алынуы XVII ғасырда өмір сүрген жаныстан шыққан, сол рудың басты адамдарының бірі – Байқабыл есімімен байланысты. Өз туыстарынан қашып кеп Байқабылды паналаған бір қалмақтың жәрдемімен ол жерге алғаш рет соқа салды. Жаныс руы дерінің осы күнге дейін қазақтар ішіндегі ең алғаш егіншілік кәсіппен айналысқандығын айтады. Ақсақал, ел ағаларының сезіне қарағанда, бидай бұл елге қырғыздар арқылы, ескі заманнан егіншіліктің кәсіп еткен Қашқар жұртынан XVII ғасырдың басында әкелінеді.

Ұлы жүзде өнімнің мынандай түрлері белгілі: бидай, тары, күзде жылқы бордақылау үшін, тұқымын қытайдан алдырған жоңышқа. Кейініректе қытайдан әкелінген бұршақ, арпа, жасымық, зығыр, жүгері, күнжұт (Уәлиханов, 1985: 96).

Қарабидай мен мақта егуді де қолға алмақ мақсаттағы ауқатты, жаңа кәсіпке ынталанған қазақтар болған, бірақ тамыздың соңында олардың өнімі пісіп үлгермей, қырау түсіп, суық ұратын тәжірибе көрсеткен.

Ш. Уәлиханов ұлы жүз қазақтарының егіншілік кәсіпте қандай еңбек құралдарын пайдаланғаны туралы да айтып кетеді: «... Қазақстанға қажетті болатын тереңдік темір тісі түрленнен гөрі үлкен ағаш соқа болып келеді. Темір тістің бір жағы ағашқа бекітіледі де, жерді екі еңгізе алады. Қазақстан жеріндегі қазақтар сияқты соқаға дөңгелек орнатпайды, онымен тіптен таныс та емес». Ташкент жақтан дөңгелексіз диірмен жасау өнері де мұнда келіп жеткен, қарапайым диірменнің құрылысы туралы түсініктер де қазақтар арасында аз емес. Алматы, Талғар өзендері ағатын үлкен Алатаудың аңғарынан ескі диірмендердің тастары да табылған. Осының бәрі ерте заманнан пайдаланылған диірменнің қалдықтары екені белгілі.

Қазақтардың орағы имек болып келеді, көбінесе пышаққа ұқсас болады. Егін бітік өнім берген жылдарда, бір қазақ өз жерінің төрттен үшін, демек, бір күнде 25-30 бау орып түсіреді. Бидайды өгіздермен бастырады. Тақыр жерге жайылған астық үстінен ұзақ күнге отағаларды айдап, астықты бастырады. Қырманды тақыр жерлерге жасайды. Қырман жасайтын жер алдын ала суарылып, тапталады, сонан соң кептіріледі. Өзінің жағдайына байланысты диқан қазақ қырманды өгіздер ұстайды, олардың санының алтыдан кем болғаны көрген емес.

Бастырылған астықты әдеттегідей желге суырады, ұшырып тазартады. Егер жел жоқ болса, диқан өзінің көне әдісін жасайды: біреуі бастырылған бидайды жоғарыға қарай шашып тұрады, ал екі-үшеуі қаптармен желпіп, жасанды жел жасайды. Бұл амал жоқтықтың шарасы, бірақ егер жақсы күн болса, көбінесе шаруа қазақ сабыр сақтап, жел тұрғанын күтеді, бұл жердің желі оны көп күттірмейді, артынан-ақ соғады.

Астықтың бидай болсын, тары болсын қысқа жететіндей мөлшерін қазақ ауылға алып келеді, содан соң ол шаруа әйелінің қарамағына көшеді. Диканның әйелі астықты шойын қазанда қуырып, кебегінен тазартып, келіге түйіп, қуырады. Түйіліп, қуырылған таза астықты жүнімен тоқылған мықты, арнаулы қаптарға қаптайды. Бүкіл өсірген өнімінен қалған шикі тарыны жерге көмеді. Тары қыс бойы жер астында сақталады немесе қыста қажет болғанға дейін жатады».

Басқа жерлерге қарағанда, Ұлы жүзде жеміс ағаштары мен бау-бақша өсіру жақсы дамыған. Жүзім, өрік, алма т.б. жеміс-жидек ағаштарын өсіру қазақтарға сол өсімдіктерді жақсы өсіру тәжірибесі жинақталған Ташкенттен немесе Қытайдың батыс өлкесінен: Құлжа, Қашқар өңірлерінен келген болса керек (Уәлиханов, 1985: 96).

Жетісу өлкесін мекендеген қазақтар бау-бақша өсірумен қарқынды түрде айналысты деп айта алмаймыз: «... Бау-бақша өсірумен қазақтар жаппай айналыса бастаған деп түсінуге болмайды. Бұл дақылдарды өсірумен өздерін шала қазақпыз деп атайтын ташкенттен шыққандар айналысады. Қазақтар оларға жерлерін беріп, барынша жәрдемдеседі, жеміс-жидек өсіруді үйренеді. Бақша салу қазақтар арасында да жақсы қолға алынған деп айтуға болады, бұл да ташкенттіктерден келген кәсіп. Бақша дақылдарын отырғызған атыздар-тізбектері қазақтарға біздердегідей үлкен емес, кішкене, ұзындығы екі аршын*, ені бір жарым аршын (аршын – **ұзындықтың өлшемі бірлігі**. 1 аршын = 71,12 см.) болады. Айдалған жерге егілген дақылдарды бақшаның бороздасымен де иір-иір атыз-тізбектерді қуалап кішкене арықтармен суара береді. Қарбыз, қияр отырғызылған атыз-тізбектерге тыңайтқыш қолданбай-ақ, сәбіз, бұршақ тәрізді тіге береді, тек қияр мен қарбыздың алшақтауғып егеді».

Бақша дақылдарының ішінен белгілісі: Қытайдан әкелінген қияр, оның ұзындығы жарты метрден асады, өзінің порымы әркілы болып келеді. Бұл жерлерде, қиярдың тұқымы көбіне пісіп жетпейді, өзі жіңішке әрі біздің жақтың қиярындай дәмді емес. Ташкент, Жәркент, Қоқан қауындары өте дәмді және ірі, пошымы асқабақтай. Қарбыздары да жақсы, оның тұқымы Ташкенттен, біразы Қытайдан әкелінген. Бұл жерде мен қызғылт қарбызды кере алмадым. Қызғылт қарбыздар тәтті болады, түсі сарғыш, құрамында канты көп. Салмағы 15 қадақтан 45 қадаққа дейін жетеді. Ең үлкен қарбыздардың қалың қабықтары асқабақтікіне ұқсас.

Бұдан басқа мұнда шишаларға ұқсас қытай асқабақ кеңінен мәлім. Мойны ұзын болғандықтан қазақтар ыдыс орнына пайдаланды, сұйық заттарды сақтайды, бұршақ, тарна, сары сәбіз, шалқан, қытай темекісінен де салып қояды. Оны қазақтар «қауақ» деп атады.

Дикандардың құралы темір күрек немесе кетпен, егістіктің ойлы-қырлы тұстарына су шығару мақсатында, кейде арық бармайтын, су жетпейтін бөліктерге суды қолмен тасып жеткізуге тура келді. Егістікте суарылмаған алақандайда жер қалмауы тиіс. Қазақ диқанының қажырлы төзімдікті талап ететін еңбегін жер шұқыған қытайлардың қорлық характерімен ғана салыстыруға болар еді.

Дикандар жерді жыртып егін егу науқанына қар еріп, күн жылығаннан кейін кірісетін болған. Қазақ жерінің өзіндік ерекшеліктеріне қарай әр аймақта егін егу науқаны әртүрлі кезеңде басталатын болған. Мысльға оңтүстік пен Жетісу жерінде қар еріп күн жылынған уақытта солтүстік пен шығыста әлі қар ерімеуі мүмкін сондықтан дикандар табиғат артықшылықтарымен санасуға тура келді. Егін егуге дайындықты бастайтын уақыт ақпан айының 19 мен наурыздың 20-на түспа түс келетін – Үт мезгілі деп есептеген. Осыған байланысты Сыр бойы қазақтарында мынандай мақал бар: «Үйге ит кірді – сарттың к...не құрт кірді» (АӨЖМ).

Егін салатын жерді тазартып, жыртып, алқапты егін егуге дайындайтын күнді ақсақалдар өзара алдын-ала кеңесіп барып айтатын болған. Көбіне ол аптаның сәрсенбісі немесе сәтті күндерінің бірі болуға тиіс болған. Сәтті күндерге сәрсенбі, бейсенбі, сенбі (аз-кем кейбір мәліметтер бойынша, дүйсенбі де сәтті күнге жатқан).

Жер жыртуды бастар алдында жер иесі, ауылдың үлкен құрметті ақсақалдарының бірінің үйінде көже қайнатылып, дайындалып қазанымен ауылдың сыртына дөңестеу жерге дастарқан жасалынып, ақсақалдарды шақыратын болған дәм татылып, ас желініп болғаннан кейін жер жыртуды бастайтынын хабарлаған. Ақсақалдар оған: «Құдай бере берсін! Диқан баба келе берсін (дари берсін), береке берсін!» – деп бата-тілектерін білдірген. Әдетте ауылдың адамдары (егіншілері)

жер жыртуға бір күнде кіріскен. Дикан бабаға арнап қос көже пісіріп, ауыл болып жаппай дәм татысқан. Көжені ішіп болып, Дикан бабаның аруағына бағыштап Құраннан сүре оқып және «Дикан баба қолдай гөр!» деп жалбарынып, сыйынған (АӨЖМ).

Қазақ халқы малынан айырылып көшерге малы жоқ кедейлік қамытын кейген уақытта көбісі егіншілікке түпкілікті көшкен болатын. Байлар әлі де жаз шығысымен бұрынғыдай жайлауға көшіп кететін. Ал күзде егін піскен кезде жайлаудан түсіп, егінші халықтан қыста тұтыну үшін астық сатып алатын. Оған төмендегі жетісулық, ақын Бактыбай Жолбарысулы (1835-1903) мен Жалайыр ішіндегі күтім болыстың тоқалы Кербикенің айтысынан да көз жеткізуімізге болады:

Кербике:

Бактыбай қайдан келдің ешкінді айдап,
Ойда жатқан жатақсың сорын қайнап.
Біз болсақ көк жайлауға көшіп барып,
Қымыз ішіп жатырмыз бие байлап.
Қуа берген ауылыңа ешкінді айдап,
Сиырыңды мінбейсін ашамайлап.
Мандайыңда бағын жоқ сорлысын ғой,
Біздер құсап жүрмейсін гул-гул жайнап.

Бактыбай:

Сен барасың жайлауға малыңды айдап,
Қымыз ішіп келерсің гул-гул жайнап.
Күздігуні болғанда Шубарға кеп,
Бидай сурап жүрерсін тілін шайнап (Бисембаева, 2019: 47).

Сүмбіленің көкке шығуымен сабақтас, айналадағы табиғатта ірі өзгерістер байқалады. Ол кез жаздың аяғы, күздің басы. Күн сайын түн ұзара береді. Өсімдік сарғайып, шөп пен егін піседі. Сүмбіле туған шақта бәрі де піседі деп диханшылар да тұжырымдаған (Байбатша, 1998: 124)

Қазақтың фольклорымен этнографиясын терең зерттеген, қаламгер-ғалым - Ақселеу Сейдімбек «Қазақ әлемі» атты еңбегінде диканшылыққа байланысты халық арасындағы ырымдардың кейбір уақытта дәл келіп жататынын айтады. Көктемнің күні құбылмалы, егер Ұлыс мерекесінде жауын-шашын болса, оны да жақсылықтың нышанына балап, «күс қанатын желпіді», «нұр жауды», «келер жыл берекелі болады» деп отыратын дәстүр бар (Сейдімбек, 1997: 228). Дикан ата болжамы: «Көктемде құмырсқа илеуіне дикан ата үш тал ши шаншыды. Оның бірі-ұзын, кеудеқағар. Екіншісі - орташа, кіндіктен аспайды. Үшіншісі - тізеден ғана келетін қысқа ши. Егер құмырсқа кеуде қағар ши^{1*} басына көп шықса, онда (бидай битік шығады. Орташа шиге шықса орталау, ал тізе қағар аласа шиге көбірек шықса, астықтың шығымыдылығы аз болмақ (Сейдімбек, 1997: 266).

Жетісу өңіріне қоныс аударған орыс-казактар, орыс мұжықтары қазақ егіншілері сияқты жандарын қыянап егін еккісі келмеді, суғармалы егіншілікпен таныс емес ауып келгендерге онымен айналысу қиынға түсті, орыс-казактарды шаруашылық жасаудан гөрі әскери міндеттері алаңдата берді. Сондықтан азықты қамбаға жеткізушілер негізінен егіншілер болды. Мысалы, 1859–1860 жылдары жаппас руынан және қыпшақ тайпасынан шыққан егіншілер әскери бөлімдерге 5000 пұт (ЦГА РК. Ф. 383. Оп.1. Д. 109. Л. 4), ал 1862–64 жылдар 25000 пұт (Терентьев, 1874: 14) аршылған арпаны жеткізіп берді.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Жетісу халқының егіншілікпен айналысу тарихының терең тамырлары бар. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұрпақтан ұрпаққа дәстүрлі егіншілікке байланысты мұраларды зерттеп, сақтап қалдыру маңызды. Ата-бабаларымыздың мұрасы, әсіресе ауылшаруашылығына байланысты салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, наным-сенімдер және шаруашылық жүргізудің әдіс-тәсілдері уақыт өте келе кейбір дәстүрлер ұмытылып бара жатыр. Оларды сақтап қалу немесе қайта жаңғырту болашақ ұрпаққа рухани және материалдық мұраны табыстауымыз керек. Бұл үшін зерттеу, зерделеу, жазып қалдыру және практикалық тұрғыда қолдану қажет.

Дереккөздер

АЭМ – Автордың экспедициялық материалдарынан
ҚРОМА – Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

¹ Ши – астық тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, биіктігі 50–220 см.

ӨРОМА – Өзбекстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві

Әдебиеттер

- Байбатша, 1998 – *Байбатша* Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы. Алматы: Санат 1998. 192 б.
- Байгабатова, 2004 – *Байгабатова Н.* Казахи Жетысу во второй половине XIX – начале XX в. (историко – этнографическое исследование): Дисс.канд.ист.наук. Алматы, 2004. С. 52-53.
- Бисембаева, 2019 – *Бисембаева Л.А.* Жетісу облысы ауыл және село тұрғындарының күнделікті өмірі (1867-1917 жж.). Тарих, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.
- Гинс, 1913 – *Гинс Г.К.* В киргизских аулах: очерки из поездки по Семиречью. Б.м.: б.и., 1913. 332 с.
- Краснов, 1887 – *Краснов А.Н.* Очерк быта Семиреченских киргиз: читано в собрании Отделения Этнографии 27 марта 1887 г. СПб.: Тип. А.С. Суворина, 1887. 46 с.
- Қазақ халқының дәстүрлері, 2005 – *Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары.* т.1. /Құраст. С.Әжіғали. Алматы: Арыс, 2005. 328 б.
- Қазақстан тарихы этникалық, 2008 – *Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде.* Т. III : Жалайыр. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 400 б.
- Лепсинск, 1898 – *Лепсинск;* Сергиопольская станица // Энциклопедический словарь. СПб.; Изд. Ф.А.Брокгауз, И.А.Ефрон, 1898. Т. 17а. С. 574–753; Там же, 1900. Т. 29а. С. 652.
- Недзвецкий, 1903 – *Недзвецкий В.Е.* Плуг, его устройство и управление им. (Доклад читанный в годичном собрании Семиреченского общества сельского хозяйства 19 февраля, 1903 г. членом общества В.Е. Недзвецкого). Верный, 1903. 22 с.
- Недзвецкий, 1913 – *Недзвецкий В.Е.* Административные устройство, оседлые пункты и кочевые волости Семиреченской области (по сведениям на 1 января 1913 г.) Верный: Типо-Литография М.И. Обухова, 1913. 209 с.
- Никольский, 1885 – *Никольский А.М.* Путешествие на озеро Балхаш и в Семиреченскую область. СПб., 1885. 84 с. + 59 с.
- Обзор Семиреченской области, 1898 – *Обзор Семиреченской области за 1897 год.* Верный, 1898. 4 с.
- Обзор Семиреченской области, 1900 – *Обзор Семиреченский области за 1900 год.* Верный, 1901. 9 с.
- Румянцев, 1910 – *Румянцев П.П.* Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб. 1910. 54 с., Чжунгарского-Семиреченский приграничный район. 84 с.
- Румянцев, 1911 – *Румянцев П.П.* Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством П.П.Румянцева) Т.І. Лепсинский уезд. Выпуск І. Киргизское хозяйство. СПб.: 1911. 819 с.
- Румянцев, 1913 – *Румянцев П.П.* Материалы по обследованию туземного и русского старожильского хозяйства и землепользования в Семиреченской области (собранные и разработанные под руководством; Румянцева П.П. Копальский уезд. Киргизское хозяйства СПб.,1913. Т.ІІ. 529 с.; Копальский уезд. 192 с.; Сонда. 206 с.
- Сейдімбек, 1997 – *Сейдімбек А.* Қазақ әлем. Алматы: Санат. 1997. 464 б.
- Смирнов, 1914 – *Смирнов Б.В.* В степях Туркестана. М.: Изд. книж. склада М.В. Клюкина, 1914. 64 с.
- Терентьев, 1874 – *Терентьев М.А.* Статистические очерки Среднеазиатской России. СПб., 1874. 129 с. - 18 приложений.
- Трегубов, 1910 – *Трегубов А.Л.* Переселенческое дело в Семипалатинской и Семиреченской областях. СПб., 1910. 78 с.
- Уәлиханов, 1985 – *Уәлиханов Ш.* Егіншік туралы / Тандамалы. 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985. 560 б.
- ЦГА РК. Ф. 383. Оп.1. Д. 109. Л. 4. - ЦГА РК. Ф. 383. Оп.1. Д. 109. Л. 4.
- ЦГА РУз. Ф.И-715. Оп 1. Д. 24. Л. 220. - ЦГА РУз. Ф.И-715. Оп 1. Д. 24. Л. 220.
- Янушкевич, 2005 – *Янушкевич А.* Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алматы: Международный клуб Абая, 2005. 236 с.

Sources

- AJeM – Avtordyn jekspedicijalyq materialdarynan [From the author's expedition materials]
- KROMA – Qazaqstan Respublikasynyn Ortalyq Memlekettik Arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]
- ӨРОМА – Ozbekstan Respublikasynyn Ortalyq Memlekettik Arhivi [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]


References

- Baigabatova, 2004 – *Baigabatova N.* Kazakhi Zhetysu vo vtoroy polovine XIX – nachale XX v. (istoriko – etnograficheskoe issledovanie): Diss.kand.ist.nauk [Kazakhs of Zhetysu in the Second Half of the 19th – Early 20th Century (historical and ethnographic research): PhD dissertation in history.]. Almaty, 2004. Pp. 52-53. [In Kaz.].

- Baybatsha, 1998 – *Baybatsha A.* Kazakh dalasynyn ezhelgi tarikhy [The Ancient History of the Kazakh Steppe]. Almaty: Sanat, 1998. 192 p. [In Kaz.].
- Bisembayeva, 2019 – *Bisembayeva L.A.* Zhetisu oblasti auyly zhane selo turgyndarynyn kundelikti omiri (1867-1917 zhzh.). Tarikh, filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu ushin dayyndalghan dissertatsiya. [Everyday Life of Rural and Village Residents of Zhetisu Oblast (1867-1917). PhD dissertation in history and philosophy.] [In Kaz.].
- Gins, 1913 – *Gins G.K.* V kirgizskikh aulakh: ocherki iz poezdki po Semirechyu [In Kyrgyz Auls: Sketches from a Trip Across Semirechye]. B.m.: b.i., 1913. 332 p. [In Rus.].
- Kazakhstan Tarikhy Etnikalyq, 2008 – *Kazakhstan Tarikhy Etnikalyq Zertteulerde*. T. III: Zhalayyr [History of Kazakhstan: Ethnic Studies. Vol. III: Zhalayyr]. Almaty: «Alash» Tarikhi-Zertteu Ortalygy, 2008. 400 p. [In Kaz.].
- Krasnov, 1887 – *Krasnov A.N.* Ocherk byta Semirechenskikh kirgiz: chitano v sobranii Otdeleniya Etnografii 27 marta 1887 g. [A Sketch of the Life of the Semirechensk Kyrgyz: Read at the Meeting of the Ethnography Department on March 27, 1887]. SPb.: Tip. A.S. Suvorina, 1887. 46 p. [In Rus.].
- Lepsinsk, 1898 – *Lepsinsk*; Sergiopolskaya stanitsa // Entsiklopedicheskiy slovar [Lepsinsk; Sergiopol Stanitsa // Encyclopedic Dictionary]. SPb.; Izd. F.A. Brokgauz, I.A. Efron, 1898. T. 17a. S. 574–753; Tam zhe, 1900. T. 29a. P. 652. [In Rus.].
- Nedzvetsky, 1903 – *Nedzvetsky V.E.* Plug, ego ustroystvo i upravlenie im. (Doklad chitannyy v godichnom sobranii Semirechenskogo obshchestva selskogo khozyaystva 19 fevralya 1903 g. chlenom obshchestva V.E. Nedzvetskogo) [The Plow, Its Design, and Management (Report read at the annual meeting of the Semirechensk Agricultural Society on February 19, 1903, by society member V.E. Nedzvetsky)]. Vernyy, 1903. 22 p. [In Rus.].
- Nedzvetsky, 1913 – *Nedzvetsky V.E.* Administrativnoe ustroystvo, osedlye punkty i kochevye volosti Semirechenskoy oblasti (po svedeniyam na 1 yanvarya 1913 g.) [Administrative Structure, Settled Points, and Nomadic Volosts of Semirechenskaya Oblast (as of January 1, 1913)]. Vernyy: Tipo-Litografiya M.I. Obukhova, 1913. 209 p. [In Rus.].
- Nikolsky, 1885 – *Nikolsky A.M.* Puteshestvie na ozero Balkhash i v Semirechenskuyu oblast [Journey to Lake Balkhash and Semirechenskaya Oblast]. SPb., 1885. – 84 s. + 59 s. [In Rus.].
- Obzor Semirechenskoy Oblasti, 1898 – *Obzor Semirechenskoy Oblasti za 1897 god* [Review of Semirechenskaya Oblast for 1897.]. Vernyy, 1898. – 4 p.; *Obzor Semirechenskoy Oblasti za 1900 god*. Vernyy, 1901 [Review of Semirechenskaya Oblast for 1900.]. 9 p. [In Rus.].
- Qazaq halqynyn dasturleri, 2005 – *Qazaq halqynyn dasturleri men adet-gurpytary*. t.1. [Traditions and customs of the Kazakh people. t.1] / Qurast. S.Ajigali. Almaty: Arys. 2005. 328 p. (In Kaz.).
- Rumjantsev, 1910 – *Rumjantsev P.P.* Kirgizskiy narod v proshlom i nastoyashchem [The Kyrgyz People in the Past and Present.]. SPb. 1910. 54 p., Chzhungarskogo-Semirechenskiy prigranichnyy rayon [Dzhungar-Semirechensk Border Region]. 84 p. [In Rus.].
- Rumjantsev, 1911 – *Rumjantsev P.P.* Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhilcheskogo khozyaystva i zemlepolzovaniya v Semirechenskoy oblasti (sobrannyye i razrabotannyye pod rukovodstvom P.P. Rumjantseva). T. I. Lepsinskiy uезд. Vypusk I. Kirgizskoe khozyaystvo [Materials on the Study of Indigenous and Russian Settler Households and Land Use in Semirechenskaya Oblast (collected and processed under the supervision of P.P. Rumyantsev). Vol. I. Lepsinsk District. Issue I. Kyrgyz Households]. SPb., 1911. 819 p. [In Rus.].
- Rumjantsev, 1913 – *Rumjantsev P.P.* Materialy po obsledovaniyu tuzemnogo i russkogo starozhilcheskogo khozyaystva i zemlepolzovaniya v Semirechenskoy oblasti (sobrannyye i razrabotannyye pod rukovodstvom P.P. Rumjantseva). Kopalskiy uезд. Kirgizskoe khozyaystvo [Materials on the Study of Indigenous and Russian Settler Households and Land Use in Semirechenskaya Oblast (collected and processed under the supervision of P.P. Rumyantsev). Kopal District: Kyrgyz Households. St. Petersburg, 1913. Vol. II. 529 pages; Kopal District]. SPb., 1913. T. II. 529 s.; Kopalskiy uезд. 192 p.; Sonda. 206 p. [In Rus.].
- Seidimbek, 1997 – *Seidimbek A.* Kazakh alem [The Kazakh World]. Almaty: Sanat, 1997. 464 p. [In Kaz.].
- Smirnov, 1914 – *Smirnov B.V.* V stepyakh Turkestana [In the Steppes of Turkestan.]. Moskva: Izd. knizh. sklada M.V. Klyukina, 1914. 64 p. [In Rus.].
- Terentyev, 1874 – *Terentyev M.A.* Statisticheskie ocherki Sredneaziatskoy Rossii [Statistical Essays on Central Asian Russia]. SPb., 1874. 129 p. 18 prilozheniy. [In Rus.].
- Tregubov, 1910 – *Tregubov A.L.* Pereselencheskoe delo v Semipalatinskoy i Semirechenskoy oblastiakh [The Resettlement Issue in Semipalatinsk and Semirechenskaya Oblasts]. Sankt-Peterburg, 1910. 78 p. [In Rus.].
- TsGA RK. F. 383. Op.1. D. 109. L. 4.[Central State Archive of Kazakhstan, F. 383, Op. 1, D. 109, L. 4] [In Rus.].
- TsGA RUz. F.I-715. Op 1. D. 24. L. 220.[Central State Archive of Uzbekistan, F.I-715, Op. 1, D. 24, L. 220] [In Rus.].
- Valikhanov, 1985 – *Valikhanov Sh.Sh.* Eginshilik tyralu. Zhazushy [On Agriculture / Selected Works.]. 1985. – 560 p. [In Kaz.].
- Yanushkevich, 2005 – *Yanushkevich A.* Dnevnik i pisma iz puteshestviya po kazakhskim stepyam [Diaries and Letters from a Journey Through the Kazakh Steppes]. Almaty: Mezhdunarodnyy klub Abaya, 2005. 236 p. [In Rus.].



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 1. Pp. 251–264
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_1_251-264

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН МАЙШАМДАР

Багдаулет Сапарбайұлы Сиздигов¹, Маралбек Қазымбекұлы Амантуров², Көпжасар Мұстафаұлы Жетібаев³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

PhD доктор, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-1781-1155>. E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (№26 Б.Саттарханов даңғылы, 161200 Түркістан, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, директор

<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сиздигов Б.С., Амантуров М.Қ., Жетібаев К.М., 2025

Аңдатпа. *Kipisne.* Тарихта мыңдаған жылдар бұрын оттың пайда болуымен адам баласының өмір сүру салтында үлкен өзгерістер орын алды. Алғашқы адамдар үнгірлерде немесе ашық алаңдарда отты жағып жылынғандығы, жабайы аңдардан қорғанғандығы, жан-жануарлардың еттерін пісіргендігі, сонымен қатар жарық ретінде пайдаланғандығы белгілі. Адам баласы отты игеруінің арқасында алғашқыда алауды жарықтандыру мақсатында пайдаланса, уақыт өте келе алаудың ұзақ уақыт жанып тұрмайтындығын білген адам баласы майшамдарды ойлап табып, жарықтандыру мақсатында пайдаланды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Мақалада қазба жұмыстары барысында табылатын саздан жасалынған жәдігерлердің бір бөлігін құрайтын майшамдардың пайда болу тарихын және майшам сөзінің мағынасын зерттеп, ғылыми тұрғыдан талдау жасалынды. *Нәтижелер.* Қазба жұмыстары барысында сирек табылатын «майшам» сөзі «жарықтандырған» және «жарқыраған» мағынасын білдіретін грек тілінде «Lykhnos», латын тілінде «Candela», «Lychnus» және «Lucerna», арап тілінде «Kandil» деп аталғандығы белгілі. Ал қазақ тілінде «май» және «шам» сөздерінің қосындысынан «майшам» сөзі құралған. Яғни бұл сөз маймен жанатын шам деген мағынаны беретіндігі әбден анық. Кейбір еңбектерді шырағдан деп те қолданылатындығы белгілі. *Қорытынды.* Алғашқы майшамдардың Мезопотамияда б.з.д. VIII-VI мыңыншы жылдықта пайда болғандығы анықталды. Сонымен қатар Сығанақ қаласынан табылған майшамдарды зерттеп, талдап, өзіндік ерекшеліктерін анықтап, ғылыми айналымға енгізілді.

Түйін сөздер: Сығанак, Ұлы Жібек жолы, ортағасырлық қалалар, майшам, шырағдан, жазба деректер, археологиялық деректер.

Алғыс айту. Мақала «Келес өңірінде орналасқан ежелгі Күлтөбе қалашығында археологиялық және пәнаралық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP19678134).

Дәйексөз үшін: Сиздигов Б.С., Амантуров М.Қ., Жетібаев К.М. Ортағасырлық Сығанак қаласынан табылған майшамдар // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 1. 251-264-бб. (қаз.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_251-264

СВЕТИЛЬНИКИ, ОБНАРУЖЕННЫЕ В СРЕДНЕВЕКОВОМ ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК

Багдаулет Сапарбаевич Сиздигов¹, Маралбек Касымбекович Амантуров², Копжасар Мустафаевич Жетібаев³

¹Международный казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)

PhD доктор, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz

²Международный казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)

научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-1781-1155>. E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

³Международный казахско-турецкого университета имени Х.А. Ясави (д. №26, проспект Б.Саттарханов, 161200 Туркестан, Казахстан)

кандидат исторических наук, профессор, директор

<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сиздигов Б.С., Амантуров М.Қ., Жетібаев К.М., 2025

Аннотация. *Введение.* Тысячу лет назад в истории человечества с появлением огня произошли большие изменения в образе жизни человека. Известно, что первые люди согревались, разжигая костры в пещерах или на открытых площадках, защищались от диких животных, готовили мясо животных, а также использовали его в качестве освещения. Благодаря освоению огня люди сначала использовали костер в целях освещения, а со временем, узнав, что костер не горит долго, люди изобрели светильники и использовали их в целях освещения. *Цель и задачи исследования* – в статье был проведен научный анализ, изучив историю возникновения и значение слова «светильники», составляющих часть артефактов из глины, обнаруженных в ходе раскопок. *Результаты.* Известно, что слово «светильник», редко встречающегося в ходе раскопок, по-гречески назывался «Lykhnos», что означает «освещенный» и «сияющий», по-латыни «Candela» «Lychnus» и «Lucerna», по-арабски «Kandil». А казахское языке слово «майшам» образовано от слов «май» и «шам». То есть совершенно очевидно, что это слово означает светильник, который горит маслом. Известно, что в некоторых произведениях он упоминается как подсвечник. *Заключение.* Установлено, что первые светильники появились в Месопотамии в VIII-VI тыс. до н.э. Кроме того, были изучены и проанализированы светильники, найденные в городище Сығанак, выявлены их специфические особенности и введены в научный оборот.

Ключевые слова: Сығанак, Великий Шелковый путь, средневековые города, светильники, подсвечник, письменные данные, археологические данные.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках научного проекта «Проведение археологических и междисциплинарных исследования на древнем городище Култөбе расположенном в Келеском регионе» (регистрационный номер: AP19678134).

Для цитирования: Сиздигов Б.С., Амантуров М.К., Жетібәев К.М. Светильники обнаруженные в средневековом городище Сыганак // Отечественная история. 2025. Т. 28. № 1. С. 251-264 (каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_251-264

LAMPS DISCOVERED IN THE MEDIEVAL SETTLEMENT OF SYGANAK

Bagdaulet S. Sizdikov ¹, Maralbek K. Amanturov ², Kopzhasar M. Zhetibayev ³

¹Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (№26 B.Sattarhanov St., Turkestan 161200, Republic of Kazakhstan)
PhD, Leading Research Associate
<https://orcid.org/0000-0001-8115-5810>. E-mail: sizdikov.bagdaulet@ayu.edu.kz

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (№26 B.Sattarhanov St., Turkestan 161200, Republic of Kazakhstan)
Researcher
<https://orcid.org/0000-0002-1781-1155>. E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

³Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (№26 B.Sattarhanov St., Turkestan 161200, Republic of Kazakhstan)
Dr. Sciences (History), Professor, Director
<https://orcid.org/0000-0002-1241-3676>. E-mail: kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz

©Valikhanov IHE, 2025

© Sizdikov B.S., Amanturov M.K., Zhetibayev K.M., 2025

Abstract. Introduction. Thousands of years ago in the history of mankind, there were big changes in the human lifestyle with the appearance of fire. It is known that the first people warmed themselves by lighting bonfires in caves or in open areas, protected themselves from wild animals, cooked animal meat, and also used it as lighting. Thanks to the mastery of fire, the people first used bonfires for lighting purposes, and in the meantime, having learned that bonfires did not burn for long, then the people invented lamps and used them for lighting purposes. *The purpose and tasks of the study* – the scientific analysis was carried out, studying the history of the origin and meaning of the word “lamps”, which are part of the clay artifacts discovered during the excavations. *Results.* It is known that the word “lamp”, rarely encountered during excavations, in Greek was called “Lykhnos”, which means “illuminated” and “shining”, in Latin “Candela”, “Lychnus” and “Lucerna”, in Arabic “Kandil”. The Kazakh language word “maisham” is formed from the words “mai” and “sham”. It is quite obvious that this word means a lamp that burns with oil. It is mentioned as candlestick in some works. *Conclusion.* It is established that the first lamps appeared in Mesopotamia in 8th -6th cc. BC. In addition, the lamps found in the settlement of Syganak were studied and analyzed, their specific features were revealed and introduced into scientific circulation.

Keywords: Syganak, the Great Silk Road, medieval cities, lamps, candlesticks, written data, archaeological data.

Acknowledgments. The article was prepared on the basis of the scientific project «Carrying out archaeological and interdisciplinary research on the ancient settlement of Kultobe located in the Keles region» (Registration number AP19678134).

For citation: Sizdikov B.S., Amanturov M.K., Zhetibayev K.M. Lamps discovered in the medieval settlement of Syganak // Otan tarikhy. 2025. T. 28. № 1. Pp. 251-264 (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_1_251-264

Кіріспе. Сырдария өзенінің ортаңғы ағысында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Сығанак қаласы орта ғасырлардан бері мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамыған маңызды орталықтардың бірі ретінде танылды (Мурғабәев т.б., 2022: 206; Kozha, Nurzhanov, Kripko, 2021: 900-901). Тарихи деректерге сүйенсек, бұл өңірде б.з.б. VII–II ғасырларда сақ тайпалық одағына кіретін массагет тайпалары қоныстанғаны белгілі.

Ал б.з.б. II ғасырдан б.з. V ғасырына дейін бұл аумақ қаңлы мемлекетінің иелігінде болды (Агеева, Пацевич, 1958: 206-208).

Қала аты алғаш рет X ғасырдың соңында жазылған «Худуд-әл Әләм» тарихи қолжазбасында «Сунах» түрінде кездеседі (Якубовский, 1929: 123-159). Түркі халықтарының алғашқы сөздігін жазған М.Қашқаридың «Диани лұғат-ит-түрік» жазбасында «Сығанақ» деген аттың кездесуін негізге ала отырып, қала атының XI ғасырда Сығанақ деп аталғандығын аңғаруға болады (Махмұт Қашқари, 1997). XI-XII ғасырлардағы араб, парсы және түркі жазба деректерінде қала атының жиі кездесуі, қаланың бұл уақытта дамығандығын көрсетеді (Жолдасбаев, 2010: 6).

Сығанақ қаласының гүлденіп, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарының біріне айналған кезеңі XII–XIII ғасырларға сәйкес келеді. Бұл уақытта қала Мұхаммед Хорезмшахтың иелігінде болғаны белгілі. XIII ғасырдың басында Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы қаланы жеті күн бойы қоршауға алып, қалың қолымен жаулап алған. Нәтижесінде қамал қабырғалары қиратылып, қала моңғол иелігіне өтті. 2022 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында қаланың оңтүстік қамал қабырғасына салынған стратиграфиялық кесіндіден анықталған қамал қабырғасының құландылары дәл осы моңғол шапқыншылығы кезеңіне сәйкес келетіні анықталды. XIII ғасырдағы жазба деректерде де Сығанақтың Жошы әскері тарапынан жаулап алынғаны жайлы мәліметтер кездеседі, бұл зерттеулердің нәтижесін растай түседі (Ата-Мелик Джувейни, 2004: 58). XIII ғасырда Орталық Азияға саяхат жасаған Армян патшасы Гетумның жазбаларында, Сырдарияның ортаңғы ағысындағы бернеше қалалар баяндалған. Аталмыш тарихи деректерде Сығанақ қаласының аты «Сгнах» деген атпен көрсетілген (Гандзакеци, 1976). Сығанақ қаласы XIV ғасырда Ақ Орданың, XV ғасырда Темір империясының құрамында болғандығы белгілі. «Тарих-и Абу-л-хайр-хани» жазбасында 1446 жылы көшпелі өзбек мемлекетінің ханы Әбілқайыр хан Сығанақ қаласын басып алу мақсатында үлкен қолымен келгенде қала халқы еш қарсылықсыз берілген (Материалы, 1969: 159). Осылайша қала XV ғасырдың ортасында Әбілқайыр хандығының иелігіне өткендігі белгілі.

Археологиялық зерттеулердің нәтижелері XIV ғасырда Сығанақ қаласының Сырдария өзенінің ортаңғы ағысындағы маңызды әрі гүлденген орталықтардың бірі болғанын көрсетеді. Мұны дәлелдейтін факторлар – ірі орталықтарға тән сәулеттік ғимараттар, мешіттер, кесенелер және басқа да құрылыстардың бой көтеруі. Сол кезеңде қала Қаратудың теріскейіндегі көшпенді халықтар мен Ұлы Жібек жолы бойымен сауда жүргізген көпестер арасындағы айырбас саудасының басты орталықтарының бірі болған. Осы себепті қалада болған Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақты «Дешті-Қыпшақтың сауда айлағы» деп атаған (Фазлаллах Ибн Рузбихан, 1976: 116-117; Жолдасбаев, 2010: 8). Сығанақта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қытай фарфоры мен кашиндік ыдыс бөліктерінің табылуы, жоғарыдағы деректерді қуаттай түседі. Орта ғасырларда қытайдың керамикалық бұйымдары аса қымбат саналып, кашиндік саздан жасалған ыдыстар сырттан әкелінген құнды заттардың қатарына кіргені белгілі. Мұндай бағалы бұйымдарды негізінен қала билеушілері немесе бай адамдар ғана тұтынған. Осылайша, археологиялық зерттеулер барысында табылған қытай фарфоры мен кашиндік ыдыстар Сығанақ қаласының XIV–XVI ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарының бірі болғанын дәлелдейді. Осыған байланысты, XIV–XVI ғасырларда қала мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамып, Сырдарияның ортаңғы ағысындағы маңызды орталықтардың бірі ретінде кеңінен танылды.

Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарының бірі болған Сығанақ қаласы үшін қазақ хандары мен Шайбанидтер әулетінен шыққан билеушілер арасында күрес XV ғасырдың соңына дейін жалғасып, нәтижесінде қала қазақ хандарының қарамағына өткендігі белгілі (Нагаминэ, 2020: 533-551). Бұл деректерді В.В. Бартольд тапқан тарихи құжаттар да растайды. Аталған құжатта Сығанақ қаласы 1543-1544 жылдары Әбу-л-Ғазы Абд ар-Рахим хан баһадүр сұлтанның, 1598 жылы Әбу-л-Ғазы Абдаллах ханның, 1634 жылы Әбу-л-Ғазы Ұбайдалла ханның, XVII ғасырдың соңында Есім сұлтанның, XVIII ғасырдың ортасында қазақ ханы Барактың, ал 1762–1798 жылдары Сәмекеұлы II Есім ханның билігінде болғаны көрсетілген (Николаас Витсен, 2006: 67; Ерофеева, 1997: 81). Бұл деректерге сүйене отырып, XIV-XVII ғасырларда қала маңында көптеген хандар мен сұлтандардың жерленгенін ескере келе, Сығанақ қаласының Сырдарияның ортаңғы ағысындағы маңызды саяси әрі қасиетті орталықтардың бірі болғанын байқауға болады.

Қала аумағында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері XIX ғасырдың соңында ондағы тіршіліктің тоқтағанын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл кезеңде қала орны маңындағы тұрғындардың зиратына айналғаны байқалады.

2003 жылдан бастап Сығанақ қаласын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті кешенді түрде зерттеп келеді. Бүгінгі күнге дейін жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде қаланың басты кіреберісі саналатын шығыс қақпасы, қамал қабырғалары, тұрғын үй махаллалары, орталық мешіт, сондай-ақ қала аумағындағы кесенелер мен ханака ашылып, зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді (1-2-сурет) (Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013: 77–78; Syzdykov, Zhetibayev, Bahtybayev, 2021: 43). Алайда, қала орнынан табылған сазда жасалған жәдігерлер, соның ішінде саздан жасалған майшамдар әліде болса зеріттеуді қажет етеді. Себебі, саздан жасалған ыдыстар, майшамдар мәдени қабаттардың хронологиясын, қала халқының өндірісін, сауда қатынасын анықтауға негіз болуда.



1-фотосурет. Сығанақ қаласының әуеден көрінісі.

[Fig. 1. Aerial view of Syganak city]

Археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеп табылатын «майшам» сөзінің мағынасына тоқталар болсақ, жарықтандырған және жарқыраған мағынасында қолданылатын грек тілінді «Lykhnos», латын тілінде «Candela», «Lychnus» және «Lucerna», арап тілінде «Kindil» деп аталған [Waltres 1914: 12; Metin 2012: 16; Yorulmaz 2020: 98]. Ал қазақ тіліде «май» және «шам» сөздерінің қосындысынан «майшам» сөзі құралған. Яғни бұл сөз маймен жанатын шам деген мағынаны беретіндігі әбден анық.

Мақалада Ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған саздан жасалынған жәдігерлердің бір бөлігін құрайтын майшамдарды зерттеп, майшам түрлерін анықтап, талдап, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Сонымен қатар майшамның пайда болу тарихына және майшам сөзінің мағынасы жайында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми тұрғыдан талдау жұмыстарын жүргіздік.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында қала орнында жүргізілген археологиялық зерттеулермен қатар жазба дерек көздері де негізге алынды. Жазба деректер арқылы қаланың ежелгі тарихы, атауы және қаланы билеген хандар туралы мәліметтер жинақталса, археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың құрылыс қабаттары, сәулеттік ерекшеліктері және материалдық мәдениеті жайлы маңызды мағлұматтар алуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мақалада тарих ғылымдарының докторы, профессор С. Жолдасбаевтың Сығанақ қаласы туралы жариялаған еңбектері негізгі дерек көздерінің бірі ретінде пайдаланылды.




2-фотосурет. Қазба жұмыстары барысында ашылған нысандардың көрінісі.

[Fig. 2. View of objects discovered during the excavation works]

Мақалада саздан жасалынған жәдігерлердің бір бөлігін құрайтын майшамдарды зерттеліп, майшам түрлері, жасалу технологиялары анықтлды. Майшам тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, майшамның пайда болу тарихы және майшам сөзінің мағынасы жайында құнды деректер топтастырылды. Салыстырмалы талдау жұмыстарының нәтижесінде, майшамдардың хронологиясы анықталып, ғылыми тұрғыдан талдау жұмыстары жүргізілді.

Талқылау. *Майшамның пайда болу тарихы.* Тарихта мыңдаған жылдар бұрын оттың пайда болуымен адам баласының тұрмыс-тіршілігінде үлкен өзгерістер орын алғандығы белгілі. Алғашқы адамдар үңгірлерде немесе ашық алаңдарда отты жағып жылынғандығы, жабайы аңдардан қорғанғандығы, жан-жануарлардың еттерін пісіргендігі, сонымен қатар жарық ретінде пайдаланғандығы белгілі. Адам баласы отты игеруінің арқасында алғашқыда ағашты майға малау арқылы алауды пайдаланып жарықтандырды, содан соң жарықтандыру мақсатында майшамдарды пайдаланғандығы белгілі. Алаудың ұзақ уақыт жанып тұрмайтындығын білген адам баласы ежелгі дәуірде майшамды ойлап тапқан. Зерттеуші ғалымдардың бір бөлігі майшамды діни мақсатта пайда болғандығын алға тартса, бұған қарсы зерттеушілердің бір бөлігі майшамды қарапайым, оңай жарықтандыру мақсатында пайда болған деп түсіндіреді [Çokaу, 1996: 4].



1-сурет. Микен сарайынан табылған майшам.
[Fig. 1. A lamp found in a Mycenaean palace]

2-сурет. Афина қаласынан табылған майшам.
[Fig. 2. Lamp found in Athens]

3-сурет. Күлтөбе қалашығынан табылған майшам.
[Fig. 3. Lamp found in Kultobe town]

Майшамның адам баласы тарапынан қолданылу тарихына көз жүгіртер болсақ, тарихта майшамды ең алғаш рет тас дәуірінен бастап қолданғандығы жайында мағлұматтар кездесуде. Ол кездері адамдар майшамды тастан жасағандығы белгілі [Bailey 1963: 17; Bailey 1972: 17]. Адам баласы б.з.д. VIII-VI мыңыншы жылдары теңіз ұлуы қабығын майшам ретінде пайдаланғандығы жайында да деректер кездесуде. Бұған дәлел ретінде Палестинадан табылған ұлуы қабығының ортасындағы спирал іспеттес бөлігіне пілтені орналастыру арқылы майшам ретінде пайдаланғандығы белгілі. Месопотамиядағы Ур кезеңіне жататын жерлеу орындардан табылған алтын және күмістен жасалған майшамдарды және Бабил кезеңіне жататын тасқа бейнеленген рельефтерден үйрек іспеттес арнайы жасалған құрбандық тастардың үстінде майшамдардың бейнеленгендігін негізге ала отырып, Қосөзен аймағында майшамдардың Шумерлілер кезеңінде қолданыста болғандығы анықталуда [Kinal 1960: 155]. Тарихта Мысыр және Микен өркениетінде сазда жасалған майшамдардың қола дәуірінде қолданыста болғандығы белгілі. Бұған Мысыр және Микен сарайларының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған қолда пошымдалып жасалған майшамдар дәлел болуда (1-сурет) [Bailey 1963: 18]. Афина қаласының б.з.д VII ғасырға жататын мәдени қабатынан қолда пошымдалып жасалған тостаған іспеттес майшамдар көптеп табылған. Бұл майшамдардың іші таяз тостаған пішімінде, ернеуінің бір бөлігіне пілтенің ыңғайлы тұруын қамтамасыз ету мақсатында аздап алға шығыңқы етпі жасаған (2-сурет) [Çokaу, 1996: 16]. Мұндай үлгідегі қолда пошымдалып жасалған майшам Түркістандағы Күлтөбе қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қаланың б.з. алғашқы ғасырларына жататын мәдени қабатынан табылған (3-сурет) [Торгоев, Кулиш, Ержигитова 1996: 114-169].

Жоғарыда келтірілген деректерден ежелгі дәуірлерде майшамдардың қолда пошымдалып жасалғандығы белгілі, б.з.д. VI ғасырда Месопотамияда майшамдар шарқта жасала бастайды [Kassab-Tezgör, Sezer 1995: 27; Yorulmaz 2020: 99]. Майшамды шарықтан алу барысында майшам табанын жіп немесе өткір бір құралмен кесіп алған іздері майшамның шарықта жасалғандығын анықтап беруде. Шарықта жасалған майшамның май сақтаушы бөлігі шарықта шеңбер пішінді етіп жасалынып, оған бөлек жасалған пілте орналастыруға ыңғайлы тұмысығы мен тұтқасы жапыстырылатын болған [Çokaу, 1996: 13]. Ал б.з.д. III ғасырда майшамдар қалыпта жасала бастайды. Осылайша майшамдардың кейбіреулері қолда пошымдалып жасалынса, кейбіреулері шарықта және қалыпта жасалына бастағандығы белгілі [Yorulmaz 2020: 99].

Ерте кезеңдерде майшамдарда жануар майын қолданған болса [Bailey 1963: 17], кейінгі уақыттарда жануар майымен қатар құс, балық және өсімдік майлары қолданылған [Shier 1978: 7; Özgül 2012: 10]. Сонмен қатар ерте уақыттарда оттың жалынын арттыру мақсатында және отқа сарғыш түс беру мақсатында майға тұз қосқандығы белгілі [Çokaу, 1996: 12-13]. Антикалық жазушы Павсаний Атхена Полиас ғибадатханасын сипаттаған кезде, құдай ана құрметіне жағылған майшамның алтаннан жасалғандығын және оттың «Carpasian Ketenі» деп аталатын мата арқылы

жанып тұрғандығын баяндайды [Çокау, 1996: 12]. Бұл деректерді негізге ала отырып, ежелгі дәуірлерде май сорып тұратын қасиетке ие майшам пілтесі ретінде кетен, мата немесе мақта қолданылғандығын айта аламыз.

Зерттеу нәтижелері. *Сығанақ майшамдары.* Ортағасырлық Сығанақ қаласында 2003-2022 жылдар аралығындағы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде сырлы, сырсыз, бүтін, сынық деген сияқты көптеген майшамдар табылды.

1. Сығанақ қаласының шығыс қақпаның кіреберіс оң жағындағы №9 қазба орнында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында саздан жасалған екі дана майшам табылды. Майшамдардың бірі сырлы, екіншісі сырсыз болып келуде. сырлы майшамның майқұяры цилиндр пішінді, тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып ауыз ернеуіне қарай тарыла жасалған. Майқұярының диаметрі 5,5 см, биіктігі 6,5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 4 см. Тұмсығының ұзындығы 6 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Ақ түске қара түспен «зебра» тәрізді өрнек түсірілген. Тұтқа жасалмаған. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ қиыршық тас, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады (4-сурет).

2. Аталмыш қазба орнынан табылған сырсыз майшам жартылай сақталған майқұяры цилиндр пішінді, тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Ауызы кең. Майқұярының диаметрі 7,5 см, биіктігі 4,5 см. Тұмсығының ұзындығы 7,5 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5-0,7 см. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ қиыршық тас қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады (5-сурет).

3. Сығанақ қаласының солтүстік қақпасын ашып зерттеу мақсатында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында екі дана сырсыз майшам табылды. Майшамның бірінің майқұяры цилиндр пішінді, тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып ауыз ернеуіне қарай тарыла жасалған. Майқұярының диаметрі 6 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 4 см, биіктігі 4,5 см. Тұмсығының ұзындығы 5,5 см, биіктігі 1-2,5 см. Тұтқасы қазан тұтқасы тәрізді болғанымен вертикаль орналастырылған. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Күйдіргеннен кейін қызғыш түске енген. Құрамына ұсақ қиыршық тас, слюда қосылған. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Майшамның ауызы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Сақталуы жақсы. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады (6-сурет).

4. Аталмыш қазба орнынан табылған екінші майшамның тек майқұярының бөлігі ғана табылған. Майқұярының бүйірі томпайтыла жасалған майшамның ауыз ернеуі біршама кең. Тегіс табанды. Тұмсығы сақталмаған. Майқұярының диаметрі 6 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 4 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Өрнексіз шәйнек тұтқасы тәрізді тұтқасының көлемі 4x2x1 см. Сапалы саз балшықтан жасалып, біркелкі күйдірілген. Құрамына ұсақ қиыршық тас, слюда қосылған. Күйдіргеннен кейін қызғыш-қоңыр түске енген. Құрамына ұсақ қиыршық тас, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған (7-сурет).

5. Сығанақ қаласының шығыс қақпасын ашып зерттеу мақсатында жүргізілген қазба жұмыстары барысында саздан жасалған ерекше майшамның бір бөлігі табылды. Төрттұмсықты майшамның бір тұмсығы мен майқұярының жартысы сақталған. Сырланбаған. Жартылай сақталған майқұяры төрт бұрышты ал іші цилиндр тәрізді. Тегіс табанды, ауыз ернеуі кең, төрт тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 6 см, биіктігі 4,5 см. Тұмсығының ұзындығы 7,5

см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5-0,7 см. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмысықтары арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады (8-сурет).

6. Сығанақ қаласының шығыс қақпасының ішкі бөлігін ашып зерттеу мақсатында жүргізілген қазба жұмыстары барысында ерекше пішінде жасалған майшам табылды. Майшам сырланған. Майқұяры цилиндр пішінді қырлана жасалып, жоғары қарай тарылтыла келіп ауыз шығарылған. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 7 см, биіктігі 6,5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 3 см. Тұмсығының сақталған ұзындығы 5 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Тұтқа жасалмаған. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан сынған ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмысығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (9-сурет).



4-сурет




5-сурет




6-сурет



7-сурет



8-сурет



9-сурет

4-9-сурет. Сығанақ майшамдары.9
[Fig. 4-9. Lamps of Sganak town]

7. Сығанақ қаласының шахристан бөлігінің батысында салынған стратиграфиялық кесіндіні қазу барысында саздан жасалған майшам табылды. Іші сырты жасыл түспен сырланған. Майқұяры цилиндр пішінді. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 9 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 3 см. Тұмсығының сақталған ұзындығы 3 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Сынған тұтқаның үстінде үшбұрышты, өсімдікті өрнек түсірілген тіреуіш жасалған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмысығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (10-сурет).

8. Сығанақ қаласының шахристан бөлігінің батысында салынған стратиграфиялық кесіндідегі 3 құрлыс қабатынан саздан жасалған майшам табылды. Майшамның іші сырты жасыл түспен сырланған. Майқұяры цилиндр пішінді. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 9 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 3 см. Тұмсығының сақталған ұзындығы 3 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Сынған тұтқаның үстінде үшбұрышты, өсімдікті өрнек түсірілген тіреуіш жасалған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (11-сурет).

9. Сығанақ қаласының шахристан бөлігінің батысында салынған стратиграфиялық кесіндідегі 4 құрлыс қабатынан саздан жасалған майшам табылды. Майшамның іші мен сырты тұтастай сұр түспен сырланып, сыртына көк түсті дақтар түсірілген. Майқұяры цилиндр пішінді қырлана жасалған. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 7,5 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 2,5 см. Тұмсығының ұзындығы 8 см, биіктігі 1-3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5 см. Тұтқа көлемі 3х1,5х1,5 см. Сынған тұтқаның үстінде үшбұрышты, өсімдікті өрнек түсірілген тіреуіш жасалған болуы мүмкін. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, қолмен пошымдау әдісі арқылы жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (12-сурет).

10. Сығанақ қаласының шығыс қақпасының сол қапталындағы қамал қабырғасының ішкі құрылымын анықтау мақсатында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында сазда жасалған майшам табылды. Майшамның іші және сырты тұтастай жасыл түспен сырланған. Майқұяры цилиндр пішінді қырлана жасалып, жоғары қарай тарылтыла келіп ауыз шығарылған. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 6 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 2 см. Тұмсығының сақталған ұзындығы 4 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,6 см. Өрнексіз шәйнек тұтқасы тәрізді тұтқасының көлемі 4х2х1 см. Оттың ұзақ уақыт бойы жануының салдарынан сынған ұштарында оттың күйік іздері сақталған. Тұмсығы сынғаннан кейін де қолданыста болғанға ұқсайды. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, майқұяр бөлігі шарықта жасалып, тұтқа мен тұмсық қондырылған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (13-сурет).

11. Сығанақ қаласының оңтүстік шығыс қақпасынан бастау алып солтүстік-батысқа бағыттала орналасқан магистральды көшенің оң қапталындағы құрлыс қабаттарды ашып зерттеу мақсатында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ерекше үлгіде жасалған майшам табылды. Майшам тұтастай ақшыл түсті бояумен сырланған. Сыры біркелкі емес. Ақшыл түске қоңыр түспен өрнек түсірілген. Беткі бөлігіне ғана қарақошқыл, көк түспе өрнек түсірілген. Майқұяры цилиндр пішінді қырлана жасалып, жоғары қарай тарылтыла келіп ауыз шығарылған. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 8 см, биіктігі 5,5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 3 см. Тұмсығының сақталған ұзындығы 3 см, биіктігі 3 см. Жалпы қалыңдығы 0,5-0,7 см. Тұтқасы аң пішімінде жасалынған. Майшамның аузы арқылы майшам ішінде ауа кіріп, тұмсығы арқылы сыртқа шығатын болған. Бұл ауа айналымы, майшам тұмсығындағы піліктің жанып тұруына себепші болған. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, майқұяр бөлігі шарықта жасалып, тұтқа мен тұмсық қондырылған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майшамның ұзақ уақыт бойы қолданыста болғандығы анықталды. Бұған майшамның тұмсығында сақталған қара түсті оттың күйік іздері дәлел бола алады. Бұйым негізі жақсы сақталғанымен сыры көше бастаған (14-сурет).

12. 2023 жылы Сығанақ қаласының солтүстігінде ашылған мешіт орнында жүргізілген қазба жұмыстары барысында қолда пошымдалып жасалған майшамның майқұяр бөлігі табылды. Майшам сырланбаған. Майқұяры цилиндр пішінді қырлана жасалып, жоғары қарай тарылтыла келіп ауыз шығарылған. Тегіс табанды, бір тұмсықты (пілтелі) болып жасалған. Майқұярының диаметрі 6 см, биіктігі 5 см, ауыз ернеуінің диаметрі 3,5 см. Тұмсығының сақталмаған. Жалпы қалыңдығы 0,6 см. Тұтқасы жоқ. Майшам арнайы дайындалған саз балшықтан, майқұяр бөлігі шарықта жасалған. Құрамына ұсақ дәнді құм, слюда қосылған. Сақталуы орташа (15-сурет).



10-сурет



11-сурет



12-сурет



15-сурет3



14-сурет



17-сурет55

10-15-сурет. Сығанақ майшамдары.0
[Fig. 10-15. Lamps of Sganak town]

Қорытынды. Қорытындылай келе грек тілінде «Lykhnos», латын тілінде «Candela», «Lychnus» және «Lucerna», арап тілінде «Kindil», қазақ тілінде «майшам» деп аталатын жарықтандыру мақсатында қолданылған құрылғыны адам баласы сонау тас дәуірінен бастап қолданып келетіндігі анықталды. Ертеректе майшамдарға жануар майын қолданғандығы, ал кейінгі уақыттарда жануар майымен қатар құс, балық және өсімдік майларын да қолданылғандығы белгілі болды. Сонмен қатар, ежелгі дәуірлерде май сорып тұратын қасиетке ие кетен, мата немесе мақтаны майшам пілтесі ретінде қолданылғандығы анықталды. Бұл пікірімізді антикалық жазушы Павсанийдің Атхена Полиас ғибадатханасындағы майшамның «Carpasian Keteni» деп аталатын мата арқылы жанып тұратындығы қуаттай түсуде.

Палестинадағы зерттеу жұмыстары барысында табылған ұлуы қабықтарынан жасалған майшамдар, адам баласы б.з.д. VIII-VI мыңыншы жылдықта майшамды тастан ғана емес теңіз ұлуы қабығын жасағандығы дәлелдеп беруде. Месопотамияда Шумерлілер кезеңінде майшамдар бағалы металдарда жасала бастағандығы Ур кезеңіне жататын жерлеу орындардан табылған алтын және күмістен жасалған майшамдар және Бабил кезеңіне жататын тасқа рельефтерде бейнеленген майшамдар негіз болуда. Мысыр және Микен сарайларының орнында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында көптеп табылған майшамдар бізге тарихта адамзат баласының қола дәуірінде майшамдарды саздан жасағандығын көрсетуде. Афина қаласының б.з.д VII ғасырға жататын мәдени қабатынан қолда пошымдалып жасалған тостаған іспеттес саздан жасалған майшамдар көптеп табылуы, бұл формадағы майшамдардың ерте темір дәуірінде де кеңінен қолданыста болғандығын білдіруде. Мұндай үлгідегі қолда пошымдалып жасалған, іші таяз, ернеуінің бір бөлігі аздап сыртқа иілген майшамдар Түркістандағы Күлтөбе қалашығында

жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында қаланың б.з. алғашқы ғасырларына жататын мәдени қабатынан табылған.

Сығанақ қаласынан табылған майшамдарға келер болсақ, осы күнге дейін жүргізілген қазба жұмыстары барысында 12 дана майшам табылған. Майшамдардың басып көпшілігі қаланың қақпа маңында жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында табылған. Бұл дегеніміз, қақпа күзетшілерінің майшамға деген қажеттілігін көрсетіп отыр. Себебі күндіз түні қақпаларды күзететін күзетшілер түнде жарыққа мұқтаж болған. Сол себепті қақпа маңындағы зерттеу жұмыстары барысында майшамдар көптеп табылуда. Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде Сығанақ майшамдарының майқұярының пішіні сопақ немесе шеңбер пішінді болып келетіндігі анықталды. Майшамдардың басым бөлігі бір тұмысқты екендігі, бір ғана майшам пайымдауымызша төрт тұмысқты болғандығы анықталуда.

Зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесінде майқұяры мен тұмысғы ұзына бойы бір-бірімен жалғасып жатқан майшамдардың ертеректе қолданыста болғанығы, яғни XII-XIII ғасырларға жататындығы белгілі болды. Себебі бұл майшамдар Сығанақ қаласындағы стратиграфиялық кесіндіні қазу барысында 5-6 құрылыс қабаттардан табылуы және осындай үлгідегі майшамдардың Мерв, Шаш және Сайрам қалаларының XII-XIII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан табылуы негіз болуда [Байтанаев, Ергешбаев, Шаяхметов, 2017: 98-99].

Әдебиеттер

- Bailey, 1963 — *Bailey D.M.* Greek and Roman Pottery Lamps. Londra: 1963.
 Bailey, 1972 — *Bailey D.M.* Greek and Roman Pottery Lamps. Londra: 1972.
 Çokay, 1996 — *Çokay Ş.S.* Antik çağda aydınlatma araçları ve Perge pişmiş toprak kandilleri. Yüksek Lisans Tezi. İstanbul, 1996.
 Kassab-Tezgör, Sezer, 1995 — *Kassab-Tezgör D., Sezer T.* İstanbul Arkeoloji Müzeleri Pişmiş Toprak Kandiller Kataloğu I. Protohistorik, Arkaik, Klasik ve Hellenistik Dönemler. İstanbul, 1995.
 Kinal, 1960 — *Kinal F.* Kaunos Adak Lambaları // *Belleten* XXXIII/130. 1960. Pp. 151-159.
 Kozha, Nurzhanov, Krupko, 2021 — *Kozha M.B., Nurzhanov A.A., Krupko I.* The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky // *Bylye Gody*. 2021. Vol. 16. Iss. 2. Pp. 898-907.
 Metin, 2012 — *Metin H.* Kibyra Kandilleri. Doktora Tezi. Erzurum, 2012.
 Özgül, 2012 — *Özgül M.* Şanlıurfa Müzesi'nden Bir Grup Kandil. Yüksek Lisans Tezi. Erzurum, 2012.
 Shier, 1978 — *Shier L.A.* Terracotta Lamps from Karanis. Mısır, 1978.
 Syzdykov, Zhetibayev, Bahtybayev, 2021 — *Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M.* Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Эл-Фараби атындағы Қазақ Ұлыттық университеті Хабаршысы. «Тарих» сериясы. 2021. № 4 (103). 42-52-66. URL: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>
 Walters, 1914 — *Walters H.B.* Catalogue of the Greek and Roman Lamps in the British Museum. London, 1914.
 Yorulmaz, 2020 — *Yorulmaz L.* Kurul Kalesi Pişmiş Toprak Kandilleri // *Seleucia X*. 2020. Pp. 97-125.
 Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013 — *Zholdasbaev S., Aldabergenova M.* The medieval town of Kazakhstan // *Asian Social Science*. 2013. Vol. 9. Iss. 5. Pp. 73-82.
 Агеева, Пацевич, 1958 — *Агеева Е.И., Пацевич Г.И.* Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // *Труды ИИАЭ АН Каз ССР*. Т. 5. Алматы, 1958. С. 215.
 Байтанаев и др., 2017 — *Байтанаев Б.А., Ергешбаев А.А., Шаяхметов А.Х.* Средневековые светильники-чираги Сайрама // *Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан*. 2017. № 1(311). С. 95-101.
 Джувеини, 2004 — *Ата-Мелик Джувеини.* Чингисхан. История завоевателя мира. Москва: Издательский дом «Магистр-пресс», 2004. С. 58.
 Ерофеева, 1997 — *Ерофеева И.В.* Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середина XIX вв. // *Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. Материалы к летнему Университету по истории и культуре Центральной Азии и Казахстана (4-23 августа 1997 г.)*. Алматы, 1997. С. 46-143.
 Жолдасбаев, 2010 — *Жолдасбаев С.* Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспасы, 2010. 246 б.
 Қашқари, 1997 — *Махмұт Қашқари.* Түрік тілінің сөздігі (Диани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Хант», 1997. I т. 531 б.
 Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алматы: Наука, 1969. С. 651.
 Мургабаев и др., 2022 — *Мургабаев С.С., Малдыбекова Л.Д., Бахтыбаев М.М., Жетибаев К.М., Гурсой М., Сиздинов Б.С.* История орошения Сыганака // *Поволжская Археология*. 2022. № 2 (40). С. 206-214. URL: <https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.206.214>.

Нагаминэ, 2020 — *Нагаминэ Х.* Сыганак как «Порт Дашт-и Кыпчака» и «Города-Мавзолеей»: период от правления левого крыла Джучидов до основания «Казахского ханства» // Золотоордынское обозрение. 2020. 8(5). С. 533-551. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.533-551

Николаас, 2006 — *Николаас Витсен.* Северная и Восточная Тартария // История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Т. 6. Алматы: Санат, 2006. С. 12-152.

Рузбихан, 1976 — *Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфахани.* Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой. Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1976. С. 533.

Торгоев и др., 2020 — *Торгоев А.И., Кулиш В.А., Ержигитова А.А.* Хронология Культобе в г. Туркестане и следы ремесел на поселении // Археология и история Кангюского государства. Ответ. Ред. Яценко С.А. Шымкент: Типография «Элем», 2020. С. 103-124.

Якубовский, 1929 — *Якубовский А.Ю.* Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. Т. 2. Ленинград: Издание Государственной академии истории материальной культуры, 1929. С. 123-159.

References

Ageeva, Pacevich, 1958 — *Ageeva E.I., Pacevich G.I.* Iz istorii osedlyh poseleniy i gorodov Yuzhnogo Kazakhstana [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan] // Proceedings of IIAE AN KazSSR. T. 5. Alma-ta, 1958. P. 215. [In Russian]

Bailey, 1963 — *Bailey D.M.* Greek and Roman Pottery Lamps. Londra, 1963.

Bailey, 1972 — *Bailey D.M.* Greek and Roman Pottery Lamps. Londra, 1972.

Baytanaev i dr., 2017 — *Baytanaev B.A., Ergeshbaev A.A., Shayahmetov A.H.* Srednevekovye svetilniki-chiragi Sayrama [Medieval lamps-chirags of Sairam] // Izvestiya Nacionalnoy Akademii nauk Respubliki Kazakhstan. 2017. № 1(311). Pp. 95-101. [In Russian]

Çokay, 1996 — *Çokay Ş.S.* Antik çağda aydınlatma araçları ve Perge pişmiş toprak kandilleri [Lighting tools and Perge terracotta oil lamps in ancient times]. Yüksek Lisans Tezi. İstanbul, 1996. [In Turkish]

Dzhuvejni, 2004 — *Ata-Melik Dzhuvejni.* Chingishan. Istoriya zavoovatelja mira [Genghis Khan. History of the conqueror of the world]. Moscow: «Izdatel'skiy dom Magistr-press». 2004. P. 58. [In Russian]

Erofeeva, 1997 — *Erofeeva I.V.* Kazahskie hany i hanskie dinastii v XVIII – seredina XIX vv. [Kazakh khans and khan dynasties in the 18th - the middle of the 19th centuries] // Culture and history of Central Asia and Kazakhstan: problems and prospects of research. Materials for the Summer University on the history and culture of Central Asia and Kazakhstan (August 4-23, 1997). Almaty, 1997. Pp. 46–143. [In Russian]

Kashkari, 1997 — *Mahmut Kashkari.* Turik tilinin sozdigi (Diani lugat-it-turik) [Dictionary of the Turkish language]. 3 tomlyk shygarmalar zhinagy. Almaty: Hant, 1997. I tom. P. 531. [In Kaz.]

Kassab-Tezgör, Sezer, 1995 — *Kassab-Tezgör D., Sezer T.* Istanbul Arkeoloji Müzeleri Pişmiş Toprak Kandiller Kataloğu I. Protohistorik, Arkaik, Klasik ve Hellenistik Dönemler [Istanbul Archaeological Museums Terracotta Lamps Catalogue I. Protohistoric, Archaic, Classical and Hellenistic Periods]. İstanbul, 1995. [In Turkish]

Kınal, 1960 — *Kınal F.* Kaunos Adak Lambaları [Kaunos Votive Lamps] // Belleten XXXIII/130. 1960. Pp. 151-159. [In Turkish]

Kozha, Nurzhanov, Krupko, 2021 — *Kozha M.B., Nurzhanov A.A., Krupko I.* The Contribution of Researchers of the Russian Empire to the Study of Antiquities in Kazakhstan: the Case of N.I. Veselovsky // Bylye Gody. 2021. Vol.16. Iss. 2. Pp. 898-907.

Materialy po istorii kazahskih hanstv XV–XVIII vv. [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV-XVIII centuries. (excerpts from Persian and Turkic writings)]. Almaty: Nauka, 1969. P. 651. [In Russian]

Metin, 2012 — *Metin H.* Kibyra Kandilleri [Kibyra Lamps]. Doktora Tezi. Erzurum, 2012. [In Turkish]

Murgabaev i dr., 2022 — *Murgabaev S.S., Maldybekova, L.D., Bahtybaev, M.M., Zhetibaev, K.M., Gursoy, M., Sizdikov, B.S.* History of irrigation Syganaka // *The Volga River Region Archaeology.* 2022. № 2 (40). Pp. 206-214. URL: <https://doi.org/10.24852/pa2022.2.40.206.214>. [In Russian]

Nagamine, 2020 — *Nagamine H.* Syganak kak «Port Dasht-i Kypchaka» i «Goroda-Mavzolej»: period ot pravleniya levogo kryla Dzhuchidov do osnovaniya «Kazahskogo hanstva» [Syganak as the "Port of Dasht-i Kipchak" and "Mausoleum City": the period from the reign of the left wing of the Jochid to the foundation of the "Kazakh Khanate"] // *In Zolotoordynskoe obozerenie* [Golden Horde Review]. 2020. № 8(5). Pp. 533-551. DOI: 10.22378/2313-6197.2020-8-3.533-551 [In Russian].

Nikolaas, 2006 — *Nikolaas Vitsen.* Severnaya i Vostochnaya Tartariya [Northern and Eastern Tartaria] // Istoriya Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII-XX vv. t.6. Almaty: Sanat, 2006. Pp. 12-152. [In Russian]

Özgül, 2012 — *Özgül M.* Şanlıurfa Müzesi'nden Bir Grup Kandil [A Group of Oil Lamps from the Şanlıurfa Museum]. Yüksek Lisans Tezi. Erzurum, 2012. [In Turkish]

Ruzbihan, 1976 — *Fazlallah Ibn Ruzbihan Isfahani.* «Mihman-nama-yi Buhara» [From "Mikhman-nama-yi Bukhara"] Perevod, predislovie i primechaniya R. P. Dzhililovoy. Mockva: Nauka. Glavnaya redakciya vostochnoy literatury, 1976. P. 533. [In Russian]

Shier, 1978 — *Shier L.A.* Terracotta Lamps from Karanis. Mısır, 1978.

Syzdykov, Zhetibayev, Bahtybayev, 2021 — Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak Əl-Farabi atyndary Қазақ Ұлытық университети Хабаршысы. «Тарих» сериясы. 2021. № 4 (103). Pp. 42-52. URL: <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>

Torgoev i dr., 2020 — Torgoev A.I., Kulish V.A., Erzhigitova A.A. Hronologiya Kultobe v g. Turkestane i sledy remesel na poselenii [Chronology of Kultobe in the city of Turkestan and traces of crafts in the settlement] // Arheologiya i istoriya Kangyuskogo gosudarstva. Otvet. Red. Yacenko S.A. Shymketn: Tipografiya «Alem», 2020. Pp. 103-124. [In Russian]

Walters, 1914 — Walters H.B. Catalogue of the Greek and Roman Lamps in the British Museum. London, 1914.

Yakubovski, 1929 — Yakubovski A.Yu. Razvaliny Sygnaka [Ruins of Sygnak] // Soobshheniya GAIMK. T.2. Leningrad: Izdanie Gosudarstvennoy Akademii Istorii Material'noy Kul'tury, 1929. Pp.123-159. [In Russian]

Yorulmaz, 2020 — Yorulmaz L. Kurul Kalesi Pişmiş Toprak Kandilleri [Board Castle Terracotta Lamps] // Seleucia X. 2020. Pp. 97-125. [In Turkish]

Zholdasbaev, 2010 — Zholdasbaev S. Ortagasyrlyk Syganak kalasy (X–XVIII ғғ.) [Medieval city of Syganak (X-XVIII centuries)]. Turkistan: Turan, 2010. P. 224. [In Kaz.]

Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013 — Zholdsbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. 2013. Vol. 9. Iss. 5. Pp. 73–82.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/ CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2025. Т. 28. № 1

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Кабульдинов З.Е.

ОБОСТРЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ КАЗАХОВ В УСЛОВИЯХ МАССОВОЙ
КРЕСТЬЯНСКОЙ КОЛОНИЗАЦИИ В НАЧАЛЕ XX века.....5

Балтабаева К.Н., Аблажей Н.Н.

ДЕЛА ПЕРЕБЕЖЧИКОВ И РЕПАТРИАНТОВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА
1940–1950-х гг. КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ДИАСПОРЫ.....18

Борбасов С.М., Мурзаходжаев Қ.М., Женис Ж.Ж.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЕҢ АУЫР ТРАГЕДИЯ.....29

Асанова С.А., Конкабаева А.Н.

СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ КАК ФАКТОР ИЗМЕНЕНИЯ
СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ.....41

Kasymbekova M.A., Zhenis Zh.Zh., Zhumatay S.

SOME ISSUES RELATED TO THE HISTORY OF THE EMERGENCE
OF THE SUFI ORDER IN CENTRAL ASIA.....52

Aitenov Zh.K., Sailaubayeva N.E., Baishov B.B.

PEASANT COLONIZATION OF THE REGION AND ITS REFLECTION
IN TOPONYMY OF PAVLODAR REGION.....63

Муканова Г.К.

ПРЕРВАННЫЙ НАМАЗ. ИСТОРИЯ РЕПРЕССИЙ МУЛЛ, ИШАНОВ, ХАЗРЕТОВ
И КАЗИЕВ В РАМКАХ «МАЛОГО ОКТЯБРЯ» В КАЗАХСТАНЕ (1920 – 1950 гг.).....76

Сулейменова А.Т.

ҚАЗАҚСТАНДА 1930 жж. ЖҮРГІЗІЛГЕН ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ
НАУҚАНЫ – КІШІ ҚАЗАН РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТРАГЕДИЯСЫ.....91

Омарова Г.А., Уалтаева А.С., Маргулан А.С.

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА АЛМАТЫ
В 1854-1939 гг.105

Абдукадыров Н.М., Кобесова А.С.

ОСМАН БИЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАНДЫҚ ҚАЖЫЛАРҒА ҰСТАНҒАН САЯСАТЫ
(XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....124

Тұрлыбай Б.С., Кенжебаев Ғ.Қ.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨТЕРІЛУІ.....139



Черниенко Д.А., Абенова Г.А.

КАЗАХСКО-РУССКОЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ
В НАУЧНОМ НАСЛЕДИИ Х.А. АРГЫНБАЕВА.....152

Мурзаходжаев Қ. М., Әпендиев Т.Ә., Қуанбай О.Б.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР
(ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР БОЙЫНША
ӨЗАРА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....165

Bazarbayev K., Amirbek A., Kelesh M.

TURKEY IN THE ATATURK ERA IN SOVIET PUBLICATIONS
(BY «PRAVDA» AND «IZVESTIA» NEWSPAPERS).....177

Бисенова Г.А., Отепова Г.Е., Болдыков Ж.Б.

XX ҒАСЫРДЫҢ 40-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҮНДІСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ КӨШІНІҢ
ТАРИХЫ (ҮНДІСТАН ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....186

Оралова А.А., Қара Ә.

ҚАЗАҚ-ОРЫС БАЙЛАНЫСТАРЫНДАҒЫ ҚОЖАБЕРГЕН БАТЫР.....200

Каримов М.К., Рахметуллин Е.Е., Даутова А.Ф.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ
САЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР КЕЗЕҢІНДЕ.....212

Қапбаров Г.Ш., Шашаев Ә.К., Орынбасарова Г.Ж.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӨШІ-ҚОН ҰТҚЫРЛЫҒЫ: КАДР ЖӘНЕ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫНЫҢ
РЕТТЕЛУІНІҢ ШЕШІМІ.....225

АРХЕОЛОГИЯ. ЭТНОГРАФИЯ / ARCHEOLOGY. ETHNOGRAPHY

Ахантаева Ә.

ЖЕТІСУ Өңірі қазақтарының дәстүрлі егіншілігі.....240

Сиздигов Б.С., Амантуров М.Қ., Жетібаев К.М.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН МАЙШАМДАР.....251



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.